Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

ӘОЖ: 378.015.3(043)

Қолжазба құқығында

ПРИМБЕТОВА АЙГУЛЬ ИМАНГАЛИЕВНА

Болашақ педагогтардың экологиялық білімін педагогикалық-психологиялық пәндерді оқыту үрдісінде дамыту

6D010300 – Педагогика және психология

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесші:
Майгельдиева Шарбан Мусабековна
педагогика ғылымдарының
докторы, профессор

Шетелдік кеңесші:
Каргапольцева Наталья
Александровна
педагогика ғылымдарының
докторы, профессор
Орынбор мемлекеттік университеті
(Ресей)

Қазақстан Республикасы
Қызылорда, 2025

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР..... 3
АНЫҚТАМАЛАР..... 4
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР..... 6
КІРІСПЕ..... 7
1 ҚАЗАҚСТАНДА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫНЫҢ ТАРИХИ-ТЕОРИЯЛЫҚ АЛҒЫШАРТТАРЫ..... 20
1.1 Экологиялық білімнің пайда болуының алғышарттары мен тенденциялары..... 20
1.2 Тұрақты даму жағдайында Қазақстанда экологиялық білімнің дамуы..... 42
1.3 Экологиялық білімді дамытудың педагогикалық-психологиялық шарттары..... 64
Бірінші бөлім бойынша тұжырым..... 72
2 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ..... 75
2.1 Экологиялық білімді дамытудың шетелдік тәжірибесі..... 75
2.2 Экологиялық білімді қалыптастыруда педагогикалық - психологиялық диагностикалаудың ерекшеліктері..... 87
2.3 Болашақ педагогтардың экологиялық білімін педагогикалық-психологиялық пәндерді оқыту үрдісінде дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі..... 97
Екінші бөлім бойынша тұжырым..... 113
3 БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМДІ ТИІМДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МЕН ДАМЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ ЖӘНЕ ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҰМЫСТЫҢ МАЗМҰНЫ..... 115
3.1 Болашақ педагогтардың табиғатқа субъективті қарым-қатынасын дамыту..... 115
3.2 Болашақ педагогтардың экологиялық білімін дамытудағы тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың мазмұны және нәтижесі..... 130
3.3 Болашақ педагогтардың экологиялық білімінің даму преспективасы..... 153
Үшінші бөлім бойынша тұжырым..... 157
ҚОРЫТЫНДЫ..... 159
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ..... 164
ҚОСЫМШАЛАР..... 179

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста келесідей нормативтік құжаттарға сәйкес сілтемелер пайдаланылған:

Қазақстан Республикасының 2007 жылы 27 шілдеде № 319-III ҚРЗ бұйрығымен бекітілген «Білім туралы» заңы, Астана, Ақорда және 2011 жылғы 24 қазанында бұйрыққа толықтырулар мен өзгертулер енгізілген № 487–IV ҚРЗ, Астана, Ақорда;

Қазақстан Республикасының жасыл экономикаға көшуі жөніндегі тұжырымдама: Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 30 мамырдағы № 80 Жарлығы;

2030 жылға дейінгі Тұрақты даму мақсаттары. 1-қаңтар 2016 жылғы;

«Қазақстан Республикасының Білім және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы;

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: Іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 1 қыркүйек 2020 жылғы;

Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 5 мамырдағы № 182 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 6 мамырда № 20580;

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 1 қыркүйек 2021жылғы;

Қазақстан Республикасының Экология кодексі. 2024 жылғы 30 сәуірдегі № 24-41-8.81;

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» Қазақстан халқына Жолдауы. 1 қыркүйек 2022 жылғы;

Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы: бек. 28 наурыз 2023 ж., №249.

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылады:

Білім беру – жеке тұлғаның дамуына және қоғамның қалыптасу барысына жинақталған білім, дағды және құндылықтардың қалыптасу үдерісі.

Тәрбие – адамның тұлғалық қасиеттерін, мәдениетін, рухани және әлеуметтік құндылықтарын қалыптастыру мен дамытуға бағытталған жүйелі үдеріс.

Оқыту – білімді, дағдыларды және қабілеттерді дамыту немесе жетілдіру үдерісі. Оқыту жеке адамның интеллектуалдық, әлеуметтік, эмоционалдық және кәсіби деңгейін арттыруға бағытталған.

Оқу үдерісі – білім беру саласындағы жүйелі, жоспарлы және мақсатты әрекеттер жиынтығы, оның негізінде білім алушылар жаңа білім, білік және дағдыларды меңгеріп, дамиды. Бұл үдеріс оқытушы мен білім алушылардың бірлескен әрекетінен тұрады және белгілі бір білім беру бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылады.

Модельдеу – элементтері мен қатынастары белгілі бір табиғи жүйенің (нақты) элементтері мен қатынастарына ұқсас қабылданатын модельді құру, түрлендіру және пайдалану әрекеттерінің жүйесін қамтитын оқыту әдісі.

Қалыптасу – адамның тұлға ретінде даму және жетілу үдерісі, оның ішінде білім алу, тәрбие, және өзін-өзі дамыту арқылы қоғамның қажеттіліктері мен құндылықтарына сәйкес қалыптасуы.

Даму – адамның тұлғалық, интеллектуалдық және рухани әлеуетінің қалыптасу және жетілу үдерісі, оны тәрбие мен оқыту арқылы жүзеге асыру. Бұл үдеріс адамның табиғи қабілеттерін жетілдіруге, оның әлеуметтік өмірге бейімделуіне және өзін-өзі дамытуға бағытталған.

Табиғи оқыту құралдары – табиғаттың табиғи объектілері (пайдалы қазбалар, тірі өсімдіктер мен жануарлар, гербарийлер, тұлыптар, т.б.) түріндегі оқу құралдары.

Білім беру психологиясы – білім беру үдерісінде тұлғаның психологиялық ерекшеліктерін зерттейтін ғылым саласы. Ол оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық аспектілерін қарастырып, білім алушылардың танымдық, эмоциялық және әлеуметтік даму жолдарын зерттейді

Мотивация – адамның белгілі бір іс-әрекетке деген ішкі және сыртқы ынталандыру күші.

Экологияны зерттеудің тарихи тәсілдері – зерттелетін құбылыстардың қалыптасу және даму барысын қадағалап отыруға, олардың даму заңдылықтарын түсінуге мүмкіндік беретін табиғат құбылыстарын зерттеудің уақытша тәсілі.

Экология – қоршаған ортамен тірі организмдердің өзара әрекеттесуі туралы ғылым.

Экологиялық білім – адамның қоршаған ортаға жауапкершілігін қамтамасыз ететін ғылыми және практикалық білім, дағдылар, құндылықтар мен моральдық-этикалық қатынастар жүйесін қалыптастыруға бағытталған

тұлғаның экологиялық санасын оқыту, тәрбиелеу және дамытудың үздіксіз үдерісі.

Экологиялық білім беру – ұрпақтарға адамзат қоғамдастығының, қоғамның, табиғат пен қоршаған ортаның өзара әрекеттесуінің ең тиімді тәсілдерін түсіндіру.

Экологиялық тәрбие – адамның табиғат туралы біліміне сүйене отырып, табиғатқа деген жанашырлығын ояту және табиғатты ең жоғары ұлттық, жалпыадамзаттық құндылық ретінде бағалау.

Экологиялық сана – қоғамның нақты қажеттіліктері мен табиғат мүмкіндіктеріне сәйкес оларды оңтайлы шешу тұрғысынан қоғам мен табиғаттың арақатынасы мәселелерін бейнелейтін көзқарастар, теориялар мен эмоциялар жиынтығы.

Адам экологиясы – табиғи және әлеуметтік ортамен өзара әрекеттесу туралы ғылым.

Экологиялық мәдениет – адамның табиғатқа қатынас мәдениеті, сананың, мінез-құлықтың және іс-әрекеттің барлық салаларын қамтитын және қоршаған табиғатқа қатысты экологиялық білім мен дағдыларды, құндылық бағдарларды, экологиялық ойлауды және табиғаттағы сауатты мінез-құлық пен белсенділікті меңгеруде көрінетін тұлғалық сапа.

Мазмұнды таңдаудың экологиялық принципі – білім беру мазмұнындағы табиғат құбылыстарының, табиғат пен қоғамның өзара байланыстары мен өзара тәуелділіктерін бейнелеу.

Экологиялық білім – білім алушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған педагогика бағытында оқитын әсер ету жүйесі оқушыларды оқыту, тәрбиелеу және дамыту.

«Жасыл университет» – Green Metric World University Ranking көрсеткіштеріне сәйкес келетін университет: экологиялық білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру, қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша курстар өткізу; әр түрлі экологиялық іс-шаралар мен экологиялық фестиваль өткізу; қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша жарияланған еңбектер саны; қоршаған ортаны қорғау бойынша болашақ мұғалімдердің ғылыми-зерттеу және жобалық жұмыстары; заманауи жоғары білім берудің инновациялық дамуының үлгісі.

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ЖББ – жоғары білім беру;
ЖОО – жоғары оқу орны;
БҰҰ – Біріккен Ұлттар Ұйымы;
ТМД – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы;
ТДМ – Тұрақты даму мақсаттары;
АҚШ – Америка Құрама Штаттары;
ББББ – білім беру бағдарламасы;
БТ – бақылау тобы;
ЭТ – эксперименттік тобы;
PhD – философия докторы;
БОӨЖ – Білім алушылардың оқытушымен өзіндік жұмысы;
БӨЖ – Білім алушылардың өзіндік жұмысы.

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Зерттеу жұмысы педагогикалық-психологиялық пәндерді оқыту үрдісінде жоғары оқу орындарында білім алушылардың, яғни болашақ педагогтардың экологиялық білімін дамытуға бағытталады. Қазіргі кезде экологиялық білім беру, тәрбиелеу, экологиялық мәдениетті қалыптастыру мәселелері жеке зерттеуді қажет етеді, өйткені экологияның – адам өміріне әсері зор. Экологиялық білім – бұл білімнің бөлігі емес, қазіргі білім беру процесінің жаңа мәні мен мақсаты. Мектептер мен ЖОО-да өскелең ұрпаққа экологиялық білім беруге тиісті дәрежеде назар аудару қажет, деп ойлаймыз. Әлемдегі, еліміздегі экологиялық білім мәселесі, білім беру үдерісін экологияландыру міндетін алға қойды. Осыған орай елімізде 30 білім беру мекемелеріне «Экомектеп» және «Эко балабақша» жобалары енгізілген болатын. Жоба барысында оған қатысушы мектептер мен балабақшалар экологиялық кеңес құрды, мектептерде «Жануарлар әлемі», «Өсімдіктер әлемі және топырақ», «Ауа», «Су», «Табиғатты пайдалану әліппесі», ал мектепке дейінгі ұйымдар «Экологиялық кітаптармен танысу», «Жануарлар әлемінде», «Экологиялық ойындар», «Шығармашылық», «Табиғатты зерттеушілер» бағыттары бойынша жұмыстар жүргізілуде. Осыларды басшылыққа ала отырып, біз «6В01101 – Педагогика және психология», «6В01405 – Дене шынықтыру және спорт (Мектептегі дене шынықтыру мұғалімі)», «6В01517 – Биология», «6В01516 – Химия-Биология» білім беру бағдарламасының білім алушыларына «Педагогика», «Психология», «Оқушылардың физиологиялық дамуы» пәндерінің мазмұнындағы арнайы тақырыптарды оқыту арқылы экологиялық білімін жетілдіруге тырыстық. Зерттеу барысында арнайы әдістер таңдалып, экологиялық білімінің деңгейлері айқындалды. Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, мәселенің болашағын айқындауға тырыстық және диссертация экологиялық білім беруді дамыту бойынша зерттеулерді жетілдіруге өзіндік үлес қосады, деп сенеміз.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі:

Бүгінгі таңдағы экологиялық дағдарыс жағдайында қоғамның барлық саласында, соның ішінде білім беру жүйесінде экологиялық білім арқылы, экологиялық мәдениетті қалыптастыру маңызды мәселеге айналып отыр. Әсіресе, болашақ педагогтардың экологиялық сауаттылығы мен жауапкершілігін дамыту – олардың кәсіби құзыреттілігінің негізгі құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Педагогикалық-психологиялық пәндер – болашақ педагогтардың дүниетанымын, құндылықтық бағдарларын және кәсіби-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруда жетекші рөл атқарады. Сондықтан бұл пәндер мазмұнына экологиялық компоненттерді кіріктіру – олардың экологиялық білімін жүйелі түрде дамытуға мүмкіндік береді. Бұл мәселенің жеткілікті деңгейде зерттелмегені мен практикалық әдістемесінің толық қалыптаспауы зерттеудің өзектілігін айқындайды.

Болашақ педагогтардың экологиялық білімін қалыптастыру қазіргі білім берудің стратегиялық міндеттерінің бірі.

Қазіргі таңда жаппай экологиялық білімді қалыптастыру мемлекеттік деңгейде қарастырылып отыр. 2020 жылдың шілде айында Үкіметтің кеңейтілген отырысында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Біз балаларға қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану үшін экологиялық білім беру пәнін енгізуіміз қажет», – деді. Яғни, экологиялық білімнің қажеттілігі талқыланды [1].

Ал, 2021 жылы 26 мамыр күні табиғатты қорғауға бағытталған жүйенің маңыздылығы өндіруші салалардағы мәселелер жөніндегі жаһандық дөңгелек үстел отырысында қарастырылып өтті [2].

Білім беру жүйелеріне қатысты бұл мәселе кеңірек контекстке ие болады, оның өзектілігі білім беру жүйелерін дамытудың әлемдік тенденцияларымен анықталады [3].

Қазақстанда экологиялық білім беруді жүзеге асырудың құқықтық негізі келесі нормативтік құжаттарда: «Қазақстан-2050 Стратегиясы дамуының жасыл жолына көшу жөніндегі стратегиялық міндетте» қоғам алдында елде жинақталған экологиялық мәселелерге байланысты «Жасыл экономикаға» көшу қажеттілігі туралы нақты міндет қойылды [4], Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 15 шілдедегі №160-I Заңы қоршаған ортаны қорғау және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелерін реттейтін негізгі құқықтық құжат қабылданған. Бұл заң елдің табиғи ресурстарын ұтымды пайдалануды қамтамасыз етуге және олардың сақталуына бағытталған [5]. Бұл заңның негізгі ережелері: қоршаған ортаны қорғау, табиғи экологиялық жүйелердің тұрақтылығын сақтау, биологиялық әртүрлілікті сақтау, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, қоршаған ортаға зиян келтірудің алдын алу. Осы құжаттың 74-бабында «Экологиялық білім беру» қажеттілігі екендігі туралы айтылған. Экологиялық білім қоғамның тұрақты даму тұжырымдамасын қабылдаумен ерекше мәнге ие болады, оның құндылығы «біздің өміріміздің рухани мағынасын атап көрсетеді» және бүкіл адамзаттың адамгершілік қабілетінің жетілуіне бағытталған. Тұжырымдама Қазақстан Республикасында экологиялық білім беру жүйесін дамыту мақсатында қабылданған және оның негізгі идеялары экологиялық білім беру мен тәрбиенің барлық деңгейлерінде қолданылады [6], Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі бекіткен «Қазақстан Республикасының экологиялық білім беру тұжырымдамасы» [7], «Қазақстан Республикасының экологиялық қауіпсіздік концепциясы» [8], 2007 жылы 9 қаңтарда Қазақстан Республикасының экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қоршаған ортаны қорғау саласындағы құқықтық қатынастарды реттейтін негізгі заңнамалық құжат қабылданған [9].

2024 жылы 2 қыркүйекте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауын жариялады. Жолдауда экологиялық мәселелерге ерекше көңіл бөлінді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев қоршаған ортаны қорғау – елдің тұрақты дамуының басты басымдықтарының бірі екенін атап өтті. Ол экологиялық мәдениетті арттыру, жасыл экономикаға көшу және табиғатты қорғау шараларын күшейту қажеттігін айтты. «Таза Қазақстан»

жалпы ұлттық экологиялық акциясы – осы бағыттағы маңызды бастамалардың бірі. Бұл жоба экологиялық жауапкершілікті арттыруға, табиғатты қорғауға және қоғамды қоршаған ортаны таза ұстауға жұмылдыруға бағытталған. Президенттің айтуынша, бұл бастама халықты біріктіріп, ортақ игілік жолында үлкен серпін беріп отыр. Сондай-ақ, мемлекет экология саласындағы заңнаманы күшейтіп, өнеркәсіптік кәсіпорындардың экологиялық жауапкершілігін арттыру шараларын қолға алуда. Осыған байланысты жасыл технологияларды енгізу, қоршаған ортаны қорғау шараларын қатаңдату және экологиялық ахуалды жақсарту бойынша нақты қадамдар жасалатыны айтылды [10].

Қазақстандағы экологиялық мәселелер білім беру саласында экологиялық мәдениетті қалыптастырудың маңыздылығын арттыруда. Арал теңізінің тартылуы, Семей полигонының зиянды әсерлері, «Байқоңыр» ғарыш айлағының экологиялық әсері, өнеркәсіптік қалдықтардың жиналуы, ауаның ластануы сияқты мәселелер болашақ ұрпақтың экологиялық сана-сезімін дамыту қажеттілігін көрсетеді. Арал теңізінің тартылуы – бұл аймақтағы экологиялық апаттардың бірі, оның нәтижесінде экосистемалар бұзылып, халықтың денсаулығына зор зиян келді. Семей полигонының ядролық сынақтары да аймақтың экологиялық жағдайын нашарлатып, жергілікті тұрғындардың өміріне зиян келтірді. «Байқоңыр» ғарыш айлағынан бөлінетін қалдықтар мен зиянды заттар да экосфераға теріс ықпал етуде. Сонымен қатар, өнеркәсіптік қалдықтар мен ауаның ластануы Қазақстанның көптеген аймақтарында қоршаған ортаның сапасын төмендетіп, тұрғындардың денсаулығына зиян тигізуде.

Бұл мәселелердің шешімін табу үшін экологиялық білім мен мәдениетті арттыру, халықтың экологиялық сана-сезімін қалыптастыру маңызды. Білім беру жүйесінде экологиялық пәндерді енгізу, жастарды табиғаттың қорғаушысы болуға үйрету, экологиялық мәселелерді шешуге бағытталған жобалар мен іс-шаралар ұйымдастыру қажет. Сонда ғана еліміздің болашақ ұрпақтары экологиялық мәселелерді тиімді шешуге қабілетті болады.

Болашақ педагогтардың экологиялық білімін дамытудағы ерекшелігі университетте экологиялық тәрбие жұмыстарының терең қамтылуы және болашақ педагогтар қаланың (ауданның) экологиялық іс-шараларына (экологиялық акциялар, экологиялық конференциялар, экологиялық фестивальдер, экологиялық мәдениетті насихаттау бойынша мектептермен жұмыс, экологиялық қозғалыстар, орталықтар, клубтар, академиялар) кеңінен енгізуді; болашақ педагогтардың туған қаласының (ауданының) экологиялық өміріне араласуы және т.б. қатыстыруды көздейді. Болашақ педагогтар экологиялық білім беру іс-шараларына қатыса отырып, бір жағынан, экологиялық мәдениетті танытатын тұлғалық қасиеттерді қалыптастырса, екінші жағынан, болашақ педагог ұйымның әдістемелік жұмысын және экологиялық тәрбиені іс жүзінде қалай жүргізу керектігін меңгереді.

Экологиялық білім адамның сезімін тәрбиелеуден, экологиялық сананы дамытудан шығады. Сонымен қатар, біріншіден, тұлғаның табиғатқа әсер ету ортасында білім берудің ғылыми жүйесін қалыптастыру, екіншіден, болашақ

педагогтардың адамгершілік дүниетанымын тәрбиелеу, үшіншіден, сараланған іс-әрекетте білім беру мен тәрбиелеуді жүзеге асыруға ықпал ететін нақты факторды дамыту сияқты мәселелерге назар аудару қажет. Біздің басты міндетіміз – экологиялық қызмет: табиғатты қорғау идеяларын насихаттау, болашақ педагогтар арасында жастардың осы мәселелерге қатысты қоршаған ортаны қорғауға деген дүниетанымдық сезімдерін ояту, біздің ұрпақтарымыздың алдындағы жауапкершіліктерін сезіну. Оны іске асыру үшін экологиялық білім мен тәрбиені ғылыми тұрғыдан қамтамасыз ету, қоғамның қатысуымен экологиялық үгітті дамыту қажет деп санаймыз. Сонымен бірге американдық зерттеуші Р.Э.Риклефстің пікірінше: «Егер біз қоршаған ортамен қандай да бір үйлесімділікке қол жеткізгіміз келсе, онда көбіне – көп ол ұсынған шарттарды қабылдауымызға тура келеді...» [11].

Экологиялық білім мен экологиялық сананың қалыптасуы мен дамуының негізгі мазмұнын педагогикалық-психологиялық тұрғыдан зерттеген шетелдік ғалымдар: Э.Г.Геккель [12], Е.А.Макарова [13], С.Д.Дерябо [14], В.А.Ясвин [15] өз еңбектерінде экологиялық білім мен экологиялық сананы жүйелі жүргізу нәтижесінде болашақ педагогтар табиғатты қорғаудың мәні, азаматтық жауапкершілік пен борышты дамытатын және қалыптастыратын педагогика бағытында оқыту мүмкіндігі туралы көбірек түсінікке ие болады.

Қазақстандағы экологиялық білім беру мен тәрбие беруді дамытуға үлес қосқан зерттеушілер: М.Н.Сарыбеков [16], Ә.С.Бейсенова [17], М.М.Рахимжанова [18], Ж.Б.Шілдебаев [19], Г.К.Длимбетова [20], К.Ш.Бакирова [21], Ш.Ш.Хамзина [22], С.М. Каупенова [23], А.Ж.Жакупова [24], З.Ш.Шавалиева [25], М.С.Молдалиев [26], Т.А.Базарбаева [27], Р.С.Сартаева [28], А.А.Есалиев [29], Г.С.Байкушікова [30], Н.М.Стукаленко [31], Б.Ж.Каримова [32], А.Я.Алиева [33], С.У.Абенова [34] т.б. болды.

Экологиялық білім беру мен тәрбие берудің мәселелерін зерттеген шетелдік зерттеушілер: G.Barnwell [35], S.Clayton [36], E.Cuadrado [37], H.Huang [38], C.Hall [39], L.Sauvé [40], J.Dillon [41], A. E. J.Wals [42], H.Lotz-Sisitka [43] т.б. болды.

Экологиялық психологияның дамуына үлес қосқан ғалымдардың еңбектерінде аталды: М.М.Юсупов [44], М.С.Сабрекова [45], Л.Д.Столяренко[46], Е.Ю.Прикот [47], И.Л.Беляева [48], Л.С.Айгубов [49], М.Ш.Алинов [50], Н.Н.Васильева [51], Е.А.Савельева [52], А.А.Иванова [53], Е.В.Самонова [54], С.В.Фролова [55], C.Schelly [56] өз зерттеулерінде болашақ педагогтардың экологиялық санасын қалыптастыру табиғатпен қарым-қатынастағы психологиялық жас ерекшеліктерін ескере отырып ғана нәтижелі болады деп тұжырымдалды.

Болашақ педагогтарға экологиялық білім үздіксіз беріліп отыруы қажет. Себебі педагогтар – қоғамның экологиялық мәдениетін қалыптастырудағы басты тұлғалар. Олар оқушыларға экологиялық сана мен жауапкершілікті сіңіру арқылы болашақ ұрпақтың табиғатқа деген көзқарасын қалыптастырады. Экологиялық білім мен тәрбиені бала игерген кезде ғана қоршаған ортаның қадір-қасиетін бағалайтын, жердің, судың, ауаның, теріс пайдаланудың

ластануына жол бермейтін, өз халқының болашағына қамқорлық жасайтын адамгершілікті азамат тәрбиеленеді.

Ғылыми, философиялық, педагогикалық-психологиялық әдебиеттерді және оқу тәжірибесін талдау келесі қарама-қайшылықтарды анықтады:

- болашақ педагогтарға экологиялық білімді мамандықтарына сәйкес қалыптастыру қажеттілігі мен ЖОО-да экологиялық білім беру мазмұны мен әдістемесінің жеткіліксіз қарастырылуының арасындағы;
- болашақ педагогтарға экологиялық білім берудің жаңа әдістеріне деген қажеттілігі мен инновациялық әлеуметтік-педагогикалық тәжірибесін университеттің оқу үдерісінде жеткіліксіз пайдалануы арасындағы қарама-қайшылық.

Бұл қарама-қайшылықтар біздің зерттеу жұмысымыздың мәселесін анықтады: ЖОО болашақ педагогтардың экологиялық білімін тиімді қалыптастыруға ықпал ететін әдістемелік жүйе қандай?

Осы мәселе біздің зерттеу тақырыбымызды **«Болашақ педагогтардың экологиялық білімін педагогикалық-психологиялық пәндерді оқыту үрдісінде дамыту»** деп анықтауға негіз болды.

Зерттеудің мақсаты – Болашақ педагогтардың экологиялық білімін педагогикалық-психологиялық пәндерді оқыту арқылы дамытуды теориялық, практикалық тұрғыдан негіздеу.

Зерттеу міндеттері:

1. Экологиялық білімнің қалыптасуының тарихи кезеңдерін және шетелдік тәжірибесін талдау, «экологиялық білім», «экологиялық сана», «экологиялық сауаттылық», «экологиялық тәрбие» ұғымдарының мәнін ашу;
2. Тұрақты даму жағдайындағы экологиялық білімнің мазмұнын және педагогикалық-психологиялық шарттарын нақтылау;
3. Экологиялық білімді қалыптастыруды педагогикалық-психологиялық диагностикалаудың ерекшеліктерін сипаттау;
4. Экологиялық білім беруді педагогикалық-психологиялық пәндер негізінде дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін құрастыру;
5. Болашақ педагогтардың экологиялық білімін дамыту бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмыс мазмұны мен нәтижелерін сипаттау;
6. Педагогикалық білім беру бағытындағы білім алушылардың экологиялық білімін дамытудың перспективасын анықтау.

Зерттеу нысаны: Жоғары оқу орындарының педагогикалық үдерісі.

Зерттеу пәні: Педагогикалық білім беру бағдарламасы бағытындағы болашақ педагогтардың педагогикалық-психологиялық пәндер негізінде экологиялық білімін дамыту.

Зерттеу болжамы: *егер*, экологиялық білімді қалыптастырудың тарихи-теориялық, психологиялық, педагогикалық негіздері анықталып, болашақ педагогтардың экологиялық білімдерін қалыптастыру үдерісінің құрылымдық – мазмұндық моделі құрастырылып, ғылыми – тәжірибелік негіздері нақтыланса және оқу үдерісіне ендірілсе, *онда* болашақ педагогтарының экологиялық сауаттылығын қалыптастыру тиімді жүзеге асады, *өйткені* модель, әдістеме құрастыру экологиялық білім беру теориясы мен практикасын негізге алады.

Зерттеу әдістері. Ғылыми әдебиеттерге талдау жасау, нормативтік құжаттарды зерттеу, эмпирикалық әдістер, сауалнама, сұхбат алу, бақылау, эксперимент, статистикалық әдістер.

Зерттеудің жетекші идеясы: Болашақ педагогтардың экологиялық білімінің дамуы Қазақстанның тұрақты даму мақсаттарын жүзеге асыруда «адам – қоғам» және «адам – табиғат» өзара қарым-қатынастарын тиімді экологиялық іс-әрекетке бағыттай алуға ықпал етеді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы: зерттеу мәселесі бойынша теориялық ережелер мен қорытындыларды болашақ педагогтардың экологиялық білімдерін қалыптастыруда педагогика бағытында оқитын мамандықтарға ұсынылды; кәсіби білімді игеруге бағытталған жалпы білім беретін және базалық пәндерді интеграцияланған оқыту технологиясына сәйкес болашақ педагогтардың экологиялық білімін қалыптастыруда және педагогикалық шарттары университеттің аудиториядан тыс жұмысының теориясы мен практикасында жүзеге асырылды; «Педагогика» оқу құралы және «Eco-pedagogy» электрондық оқу құралы оқу үдерісінде және білім беру процесінде кеңінен қолданылуда. Қазіргі таңда педагогикалық білім беру жүйесінде болашақ педагогтардың экологиялық білімдерін қалыптастыру маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Осы орайда, жүргізілген зерттеу нәтижелері болашақ педагогтардың оқу процесінде тиімді қолданылуы мүмкін. Атап айтқанда, зерттеу нәтижелері педагогикалық бағытта оқитын білім алушыларға, оның ішінде 6В01101 – Педагогика және психология, 6В01405 – Дене шынықтыру және спорт (Мектептегі дене шынықтыру мұғалімі), 6В01517 – Биология, 6В01516 – Химия-Биология мамандықтарына бағытталған. Зерттеу нәтижелерін «Педагогика», «Психология», «Оқушылардың физиологиялық дамуы» пәндері бойынша қолдану болашақ педагогтардың теориялық білімін тереңдетіп қана қоймай, олардың экологиялық білімдерін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері: танымның жалпы ғылыми принциптері, экологиялық психология мен педагогиканың тұжырымдамалық негіздері (С.Д.Дерябо, А.В.Гагарин, А.В.Иващенко, В.И.Панов, В.А.Ясвин, т.б.); экологиялық тәрбиенің аксиологиялық аспектілері (А.В.Гагарин, А.В.Иващенко, Г.П.Иванова және т.б.); оқу процесін басқарудың психологиялық-педагогикалық принциптері (Н.Н.Моисеев, А.Г.Асмолов, Ю.К.Бабанский, В.В.Серіков, Г.А.Ягодин), экологиялық білім беру мәселесін шешуге және жеке тұлғаны жалпы ғылыми әдіснамалық деңгейде тәрбиелеуге елеулі үлес қосқан ғалымдардың еңбегі (М.Н.Сарыбеков, Ә.С.Бейсенова, М.А.Лигай, Ж.Б.Шілдебаев, Г.К.Длимбетова, К.Ш.Бакирова, А.Г.Сармурзина, Н.Р.Мажренова, Ж.И.Балтагулова, Ж.Н.Базарбекова, А.Б.Бигалиев, Э.А.Тұрдықұлов, Г.З.Сауытбаева, М.К.Жайлауова, Б.К.Шаушекова, Ж.К.Тлешова, А.Я.Алиева, С.У.Абенова, А.Ж.Жакупова және т.б.)

Зерттеу дереккөздері. Философтардың, психологтардың, педагогтардың, әлеуметтанушылардың, шетелдік және отандық ғалымдар мен экологиялық білім беру саласындағы сарапшылардың еңбектері; жоғары білімнің

мемлекеттік стандарттары, ЖОО-ның оқу жоспарлары мен бағдарламалары, ізденушінің ғылыми-педагогикалық қызметінің тәжірибесі.

Зерттеудің базасы: Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, респондент ретінде (6В01101–Педагогика және психология, 6В01405–Дене шынықтыру және спорт (Мектептегі дене шынықтыру мұғалімі), 6В01517–Биология, 6В01516–Химия-Биология) педагогика бағыты бойынша білім алушылар (болашақ педагогтар) алынды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

1. Экологиялық білімнің қалыптасуының тарихи кезеңдерін және шетелдік тәжірибесін талдау, «экологиялық білім», «экологиялық сана», «экологиялық сауаттылық», «экологиялық тәрбие» ұғымдарының мәні ашылды. *Экологиялық білім* – бұл адамның қоршаған ортаға жауапкершілікті қамтамасыз ететін ғылыми және практикалық білім, дағды, құндылық пен моральдық этикалық қарым-қатынастар жүйесін қалыптастыруға бағытталған тұлғаны оқыту, тәрбиелеу және экологиялық санасын дамытудың үздіксіз процесі. *Экологиялық сана* – бұл қоғамның нақты қажеттіліктері мен табиғат мүмкіндіктеріне сәйкес оларды оңтайлы шешу тұрғысынан қоғам мен табиғаттың арақатынасы мәселелерін бейнелейтін көзқарастар, теориялар мен эмоциялар жиынтығы. *Экологиялық тәрбие* – бұл табиғат туралы білімнен және табиғатты ең жоғары ұлттық, жалпы адамзаттық құндылық деп бағалай отырып табиғатқа деген жанашырлықты адам бойына сіңіру. *Экологиялық сауаттылық* – бұл тұлғаның табиғи орта мен адам арасындағы байланыстарды ұғынып, қоршаған ортаны қорғауға бағытталған білім, білік, дағды және құндылықтар жүйесі негізінде саналы әрекет ете алу қабілеті. Шетелдік тәжірибеде экологиялық білім беруді дамытуда АҚШ, Жапония, Германия сияқты елдерде экологиялық білім беру мазмұны пәнаралық байланыс негізінде ұйымдастырылады. Бұл елдерде болашақ педагогтардың экологиялық санасы мен табиғатқа жауапкершілік көзқарасын дамытуға бағытталған интеграцияланған бағдарламалар әзірленген. Отандық және шетелдік теориялар мен тұжырымдамалар қарастырылып, зерттеулер мен тәжірибелерге талдау жасалды.

2. Тұрақты даму жағдайындағы экологиялық білімнің мазмұнын және педагогикалық-психологиялық шарттары нақтыланды. Классикалық тәсіл негізінде Қазақстанда экологиялық білім беруді дамытудың үш кезеңі анықталды: I – Революцияға дейінгі кезең (XVIII ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басы); II – Кеңестік кезең (1920 жылдан – 1970 жылға дейінгі аралық); III – Заманауи кезең (1990 жылдардың аяғынан бүгінгі күнге дейін). Тұрақты даму жағдайындағы экологиялық білім беру міндеттері төмендегідей түрде сипатталды: табиғат пен қоршаған ортаны қорғау туралы білім мен дағдыларды қалыптастыру; экологиялық мәдениетті дамыту, табиғатқа ұқыптылықпен қарау; табиғаттың экологиялық жүйесін терең түсіну және экологиялық мәселелерге шығармашылықпен қарау.

Болашақ педагогтарда экологиялық білімді қалыптастыруға арналған педагогикалық-психологиялық шарттар: экологиялық тақырыптарды оқу үдерісіне интеграциялау, экологиялық тәрбиені қолдайтын педагогикалық

ортаны қалыптастыру, белсенді оқыту әдістерін қолдану, оқытушылардың рөлі, экологиялық қызметке мотивацияны дамыту, әлеуметтік қатысу және әлеуметтік-мәдени бастамаларды арттыруды қамтиды. Барлық осы шарттар болашақ педагогтарда тұрақты экологиялық сананың және жауапкершіліктің қалыптасуын қамтамасыз ету.

3. Экологиялық білімді қалыптастыруды педагогикалық-психологиялық диагностикалаудың ерекшеліктері сипатталды. Экологиялық білім берудегі *педагогикалық-психологиялық диагностика* – бұл болашақ педагогтардың экологиялық білім мен дағдыларын қалыптастыру үдерісіндегі маңызды құрал. Бұл диагностика экологиялық тәрбие мен білім берудің тиімділігін арттыруға, болашақ педагогтардың экологиялық сауаттылығын бағалауға және олардың табиғатқа деген жауапкершілігін дамытуға бағытталған. Табиғатқа деген көзқарастың қарқындылығын дамыту педагогикалық үдерісте болашақ педагогтардың сезімдер саласындағы табиғат әлеміне (перцептивті-аффективті); танымдық салада (когнитивті); оның практикалық іс-әрекеттерінде (практикалық) және іс-әрекеттерінде (қарқындылықтың іс-қимыл) өзінің көзқарасын көрсету мүмкіндіктерін бағыттайтындығына және кеңейтетіндігіне негізделген. Табиғатқа деген көзқарастың *перцептивті-аффективті* дамытудың жоғары деңгейіне қол жеткізу үшін келтірілген бағдарлар табиғатты эстетикалық және эмоционалдық тұрғыдан қабылдауды тереңдетуге бағытталған. Табиғатқа қарқындылықтың *когнитивті* дамуы болашақ педагогтардың экологиялық ақпаратты өз бетінше іздеудегі белсенділігін өзектендіру. Табиғатқа деген қарқындылықтың *практикалық* дамуы болашақ педагогтардың табиғи тіршілік иелерімен практикалық өзара іс-қимылға, қарым-қатынасқа, яғни олармен субъект-субъектілік өзара іс-қимылға деген ұмтылысын ынталандыру. Табиғатқа деген көзқарас қарқындылығының *мінез-құлық* (іс-әрекет) дамуы болашақ педагогтардың табиғи объектілердің әл-ауқаты үшін қандай да бір қауіп-қатерге төтеп беруге дайындығын көтермелеу арқылы жүзеге асырылады.

4. Экологиялық білім беруді педагогикалық-психологиялық пәндер негізінде дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі құрастырылды. Модель болашақ педагогтардың экологиялық білімін қалыптастырудың бірыңғай процессуалдық схемасы әдетте, төрт өзара байланысты компоненттен тұрады. *Мақсаттық компонент* – педагогтардың экологиялық білімін қалыптастыру және кәсіби даярлығын арттыру. *Мазмұндық-құрылымдылық компонент* педагогикалық және психологиялық пәндер мазмұнында экологиялық білім берудің идеяларымен әдіснамалық негіздерін қамту. *Технологиялық компонент* – дәрістер, семинарлар, практикалық және зертханалық сабақтарда экологиялық тақырыптарды қамтып, экологиялық құндылықтарды бойына сіңіруді қамтамасыз ету. Модельдің технологиялық компоненті болашақ педагогтардың экологиялық білімін қалыптастыру әдістерін, формалары мен нысандарын қамтиды. *Бағалау-критериалды нәтижелік компонент* – педагогтардың экологиялық мәдениетінің дамуы, олардың кәсіби қызметінде экологиялық білім беруді жүзеге асыруға дайындығы, оған экологиялық сауаттылық, экологиялық тәрбие, экологиялық сана мен экологиялық қызмет жатады.

Сонымен қатар, экологиялық білімді қалыптастыру көрсеткіштері және болашақ педагогтардың экологиялық білім деңгейлері (төмен, орташа, жоғары) анықталды.

5. Болашақ педагогтардың экологиялық білімін дамыту бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмыс мазмұны мен нәтижелері сипатталды. Педагогикалық эксперименттің негізгі кезеңдері: анықтаушы (міндеті: 6В01517–Биология, 6В01516–Химия-Биология, 6В01101–Педагогика және психология, 6В01405–Дене шынықтыру және спорт (Мектептегі дене шынықтыру мұғалімі) мамандықтарының болашақ педагогтарының экологиялық білім деңгейін анықтау, қалыптастырушы (Педагогика және психология және 6В01405–Дене шынықтыру және спорт (Мектептегі дене шынықтыру мұғалімі)) міндеті: болашақ педагогтардың экологиялық білімін қалыптастыру, қорытынды міндеттері: бақылау және эксперименттік топтарда экологиялық білімнің әрбір компонентінің қалыптасу деңгейі анықталды; оның компоненттері арқылы экологиялық білімнің қалыптасу көрсеткіштерінің өзгеру динамикасы анықталды; жүргізілген эксперименттік жұмыстың нәтижелілігі негізделді.

6. Педагогикалық білім беру бағытындағы білім алушылардың экологиялық білімін дамытудың преспективасы анықталды. Білім беруді жетілдірудің негізгі перспективалары: болашақ педагогтарды даярлау бағдарламасына экологиялық білімді енгізуі; инновациялық оқыту әдістерін енгізуі; экологиялық бастамаларға белсенді қатысуды ынталандыруы; білім беру саясаты мен оқу бағдарламаларын реформалауы; халықаралық ынтымақтастық және тәжірибе алмасу бағдарламалары экологиялық білімді дамытуға бағытталған маңызды құрал болып табылады. Жоғары оқу орнындағы білім беру үдерісінде болашақ педагогтардың экологиялық білімін дамытудың преспективасы түзіліп, экологиялық білімді дамытуда дайындау жүйесі салыстырмалы талдау негізінде ғылыми-педагогикалық және кәсіби білім беру бағдарламалары жасалып, олардың тиімділігі тәжірибелік-педагогикалық жұмыс барысында дәлелденді.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

1. Экологиялық білім беру – болашақ педагогтың кәсіби құзыреттілігінің ажырамас бөлігі болып табылады және оны педагогикалық-психологиялық пәндер арқылы жүйелі түрде дамыту мүмкіндігі бар.

Экологиялық білім беру теориялары мен нормативтік құжаттар талданып, өзіндік ой қорытылды. Экологиялық білім және экологиялық білім беру ұғымдарына талдау жасалып, кесте түрінде ұсынылды.

Экологиялық білім беру кезеңдері сипатталып, Қазақстандағы негізгі кезеңдер айқындалды. Экологиялық білім беру ұғымдарына берілген анықтамалар талданып, өзіндік тұрғыдан анықтама ұсынылды. Яғни, экологиялық білім беру – жеке тұлғаның экологиялық санасын, табиғатқа жауапкершілікпен қарауын және қоршаған ортаны қорғау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған күрделі педагогикалық және психологиялық үдеріс. Тұрақты даму мақсаттарына сай Қазақстандағы экологиялық білімнің

дамуы, бүгінгі күнде өзекті болды, сондықтан да оқу үдерісіне пәндерді енгізу көзделді.

2. Педагогикалық-психологиялық пәндер мазмұнын экологиялық мазмұнмен кіріктіру болашақ педагогтардың экологиялық ойлауын, құндылық бағдарларын және кәсіби жауапкершілігін арттыруға ықпал етеді. Осыған орай, біз экологиялық білімді дамытудың педагогикалық-психологиялық шарттарын анықтадық, яғни: адам табиғатпен тығыз байланысты; ол табиғатқа оң және теріс әсер етеді, сондықтан да оны басқару қажет. Сонымен қатар, экологиялық білімнің болашағы айқындалды. Экологиялық білім инновациялық технологияларды қолдану, интердисциплинарлық байланыстар арқылы дамиды. Бұл өз кезегінде, адам және табиғат арасындағы гармониялық байланысты қалыптастырудың шарты.

3. Болашақ педагогтардың экологиялық білімін дамытуға бағытталған әдіснамалық тұғырлар – жүйелік тұлғалық-бағдарлы, құндылықтық, іс-әрекеттік, интеграциялық және экологиялық тұғырларға негізделуі тиіс. Осыны негізге ала отырып, болашақ педагогтардың экологиялық білімін педагогикалық-психологиялық пәндерді оқыту үрдісінде дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі құрастырылып, тиімділігі тексерілді. Яғни, экологиялық білім беру тиімділігін арттыру үшін арнайы құрылымдық-мазмұндық модель ұсыну және оны оқу үдерісінде пайдалану жоғары нәтиже береді.

4. Зерттеу барысында болашақ педагогтармен арнайы жұмыстар жүргізіліп, олардың табиғатқа субъективті қарым-қатынасы айқындалды. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері педагогикалық-психологиялық пәндерді экологиялық мазмұнмен байыту болашақ педагогтардың экологиялық құзыреттілігін арттыратынын дәлелдеді. Эксперименттік жұмыс зерттеу барысында екі топқа тәжірибе жүргізілді: 262 респонденттердің экологиялық білім және мінез-құлық деңгейін анықтауға бағытталды, бақылау тобы – 132 респондент, эксперимент тобы – 130 респондент. Эксперименттік жұмыс болашақ педагогтардың экологиялық білімін педагогикалық-психологиялық пәндерді оқыту процесінде дамыту мақсатында ұйымдастырылды. С.Д.Дерябо мен В.А.Ясвиннің «Натурафил» әдістемесіне негізделді, ол жеке тұлғаның табиғатқа қатынасын бағалауға мүмкіндік береді. Сұхбат алу әдісі – болашақ педагогтармен жүргізілді. Бұл әдіс И.В.Журавлева мен Н.В.Лакомованың «Сәлеметсіз бе!» атты жобалық-интервью тәсілін қолдану арқылы жүзеге асырылды. Сұхбат арқылы қатысушылардың экологиялық мәселелерге деген көзқарастары мен эмоционалдық қатынасы анықталды. Бақылау әдісі – экологиялық тәрбие беруге бағытталған оқу үрдісі мен сабақтан тыс іс-шаралар барысында қолданылды. Зерттеу жұмысына байланысты «Экопедагогика» оқу құралы жазылды. Бұл құрал педагогика бағытындағы білім беру бағдарламасында оқитын студенттерге арналған.

5. Экологиялық білімді дамытуда оқу үрдісін экологиялық тәрбиемен ұштастыру, болашақ педагогтардың зерттеу және жобалық әрекетін ынталандыру маңызды орын алады. Жұмыс барысында болашақ педагогтардың экологиялық білімінің даму перспективасы жобаланды. Педагогикалық білім

беру бағытындағы білім алушылардың экологиялық білімін дамытудың преспективасы дәлелденді:

- Болашақ педагогтарды даярлау бағдарламасына экологиялық білімді енгізу;
- Инновациялық оқыту әдістерін енгізу;
- Экологиялық бастамаларға белсенді қатысуды ынталандыру;
- Білім беру саясаты мен оқу бағдарламаларын реформалау;
- Халықаралық ынтымақтастық және алмасу бағдарламалар.

Жоғары оқу орнындағы білім беру үдерісінде болашақ педагогтардың экологиялық білімін дамытудың преспективасы түзіліп, экологиялық білімді дамытуда дайындау жүйесі салыстырмалы талдау негізінде ғылыми-педагогикалық және кәсіби білім беру бағдарламалары жасалып, олардың тиімділігі тәжірибелік-педагогикалық жұмыс барысында дәлелденді.

Зерттеу кезеңдері мен әдістері:

Бірінші кезеңде (2015-2016 жж.) – болашақ педагогтардың экологиялық білімін қалыптастыру проблемасының теориялық тұжырымы негізделді, болашақ педагогтардың экологиялық білімін қалыптастыру проблемасын өзектендірудің эмпирикалық алғышарттары анықталды, экологиялық білім беру саласындағы ғылыми әдебиеттерді және экологиялық қауіпсіздік пен жаһандық дамудың стратегиялары бойынша ресми құжаттар сұрыпталды.

Екінші кезеңде (2016-2017 жж.) – болашақ педагогтардың экологиялық білімін қалыптастырудың бастапқы шарттары айқындалды және диагностиканың нәтижелерін ескере отырып, қазіргі жоғары оқу орындарында болашақ педагогтардың экологиялық білімін қалыптастыру әдістемесі әзірленді және әдістеменің тиімділігіне практикалық тексеру жүргізілді.

Үшінші кезеңде (2017-2025 жж.) – экологиялық білімді қалыптастыру бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмыс аяқталды, эксперименттік және бақылау диагностикасының нәтижелері өңделді және жинақталды, жүргізілген зерттеу бойынша қорытындылар мен ұсынымдар тұжырымдалды, диссертациялық жұмыс талапқа сәйкес рәсімделді.

Зерттеудің жариялануы: Диссертациялық жұмыстың мазмұны 13 еңбекте жарияланды. Оның ішінде 4 мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда, 2 мақала Web of Science және Scopus базасына енген шетелдік басылымдарда, 5 мақала халықаралық ғылыми конференциялар жинақтарында, 1 Отандық ғылыми жетекшімен авторлық бірлестіктегі «Педагогика» оқу құралы және 1 «Ecopedagogy» электрондық оқу құралы жарияланды.

1. Экологиялық білім беру түсінігі мен міндеттері // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. -2016.-№5(40).-265-268 б.
2. Педагогические особенности развития экологического образования и воспитания // Стратегические направления развития образования в Оренбургской области. -2017.С.140-143.
3. Структура и содержание понятия «экологическое образование студента» // European scientific conference. -2018.С.225-227.

4. Білім алушылардың экологиялық білімін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. -2018.-№7(71).-116-121 б.
5. Экологиялық білім беру жүйесінің мазмұндық сипаты // Prospect for the Development of Modern Science. -2019.-387-391 б.
6. Жоғары оқу орындарында студенттердің экологиялық білімін арттыруда инновациялық технологияларды пайдаланудың педагогикалық аспектілері // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. -2019.-№1.-113-116 б.
7. Қазіргі заманғы педагогика ғылымындағы экологиялық білімнің қалыптасуы мен дамуы // Қазақ білім академиясының баяндамалары. -2020.-№2.-98-104 б.
8. The Development Process of the Ecological Education in Independent Kazakhstan // Journal of Intellectual Disability – Diagnosis and Treatment. -2020.-№3.-P.573-579.
9. Review of modern theoretical approaches to the study of ecological consciousness // Modern scientific challenges and trends Collection of Scientific Warsaw. -2022.–P.33-38.
10. Integrating Sustainability into Education: An Exploration of the «Green School-Green College-Green University» Approach // European Journal of Contemporary Education.-2023.- №4.-P.1175-1185.
11. Педагогикалық жоғары оқу орындары білім алушыларының экологиялық мәдениетін қалыптастырудың теориялық-әдістемелік негіздері // ПУТЬ К «ЗЕЛЕНОМУ» СТАТУСУ: ОПЫТ ШКОЛ, КОЛЛЕДЖЕЙ И ВУЗОВ. -2024.-153-160 б.
12. Педагогика // Ш.М.Майгельдиева, А.И.Примбетова. Оқу құралы. Қарағанды: «Sky Systems» ЖК, 2024. -111 б.
13. Ecopedagogy // А.И.Примбетова, А.Д.Оразымбетова. Электрондық оқу құралы. Қызылорда: Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, 2024. -100 б. https://books.korkyt-nb.kz/Eco-pedagogy

Диссертация құрылымы. Диссертация кіріспеден, үш тараудан, 9 тармақшадан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады.

Кіріспе бөлімінде диссертациялық зерттеуге негіз болған қарама-қайшылықтар мен ғылыми мәселелер анықталды, зерттеудің өзектілігі негізделіп, диссертациялық жұмыстың ғылыми аппараты берілді.

«Қазақстанда экологиялық білімнің қалыптасуы мен дамуының тарихи-теориялық алғышарттары» атты бірінші бөлімде экологиялық білімнің пайда болуының алғышарттары зерделеніп, Тұрақты даму жағдайында Қазақстанда экологиялық білімнің даму мәселесі талданды, экологиялық білімді дамытудың педагогикалық-психологиялық шарттары мен зерттеу логикасы негізделді.

«Қазақстандағы экологиялық білімнің қалыптасуы мен дамуын педагогикалық-психологиялық пәндерді оқыту үдерісінде жүзеге асыру» атты екінші бөлімде экологиялық білімді дамытудың шетелдік тәжірибесі зерделенді, экологиялық білімді қалыптастыруды педагогикалық - психологиялық диагностикалаудың ерекшеліктері зерттеліп болашақ

педагогтардың экологиялық білімін педагогикалық-психологиялық пәндерді оқыту үрдісінде дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленді.

«Болашақ педагогтарда экологиялық білімді тиімді қалыптастыру мен дамыту әдістемесі және эксперименттік жұмыстың мазмұны» атты үшінші бөлімде болашақ педагогтардың табиғатқа субъективті қарым-қатынасы анықталып; болашақ педагогтардың экологиялық білімін дамытудағы тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың жүргізілген қажетті сауалнамалар мен сараптамалық сұрау нәтижелері сараланып, болашақ педагогтардың экологиялық білімдерін дайындау және қайта дайындау жүйесінде интеграцияланған оқу пәндері жобаланды; болашақ педагогтардың экологиялық білімдерін дайындаудағы білім берудің жаңартылған мазмұны, білім беру бағдарламасы жасалып, тәжірибеге енгізілді және болашақ педагогтардың экологиялық білімдерін арттырудың даму перспективасы жобаланды.

Қорытындыда диссертациялық зерттеу нәтижелері қорытылып, болашақ педагогтардың экологиялық білімдерін дайындау жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстар берілді.

I ҚАЗАҚСТАНДА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫНЫҢ ТАРИХИ-ТЕОРИЯЛЫҚ АЛҒЫШАРТТАРЫ

1.1 Экологиялық білімнің пайда болуының алғышарттары мен тенденциялары

Қазіргі қоғамның қарқынды дамуы, индустрияландыру және урбанизация үдерістері қоршаған ортаға айтарлықтай әсер етті. Табиғи ресурстардың сарқылуы мен климаттық өзгерістер адамзат алдында жаңа міндеттерді қойды. Осы мәселелерді шешудің бірден-бір жолы – экологиялық білімді дамыту болып табылады.

XX ғасырда ғылыми-техникалық жетістіктер өндірістің кеңеюіне әсер етіп, қоршаған ортаның ластануына әкелді. Бұл жағдай экологиялық мәселелерге назар аударудың қажеттігін арттырды. Сонымен қатар, Чернобыль апаты, Невада-Семей полигоны, Арал теңізінің тартылуы секілді экологиялық апаттар адам мен табиғат арасындағы үйлесімділіктің маңыздылығын дәлелдеді.

Экологиялық білім беру саласында 1972 жылы Стокгольмде өткен Біріккен Ұлттар Ұйымының конференциясы маңызды қадам болды. Ал 1987 жылғы Брундтланд есебінде алғаш рет «тұрақты даму» ұғымы ұсынылып, бұл экологиялық тәрбиенің тұжырымдамалық негізіне айналды.

Цифрлық технологиялардың қолданылуы да бұл үрдісті жеделдетіп отыр.

Қоғам мен табиғат арасындағы қарама-қайшылықтармен сипатталатын қазіргі экологиялық жағдайдың өзектілігі, жаңадан қалыптасқан Қазақстан қоғамында оны жеңудің қиындығы XX ғасырдың аяғында құрлықтағы табиғи экожүйелердің 63 пайызы экологиялық дағдарысқа түсумен ұштасады. Сонымен қатар, кейбір зерттеушілер ғылым мен техниканың, өнеркәсіптің дамуымен байланыстырады [57].

XX ғасыр адамзатқа көптеген жетістіктер алып келді, бірақ сонымен бірге көптеген қиындықтар да болды. Қазіргі экологиялық жағдай жалпыға бірдей алаңдаушылық, дау-дамай, пікірталас тудырады және адамның табиғаты мен ондағы орны туралы әдеттегі көзқарастарды қайта қарауды талап етеді. Табиғат пен қоғам арасындағы қарым-қатынас бүгінде шекті нүктеге жетті және олардың өзара әрекеттесуінің экологиялық мәселелерін тек табиғи, техникалық және гуманитарлық білімнің барлық кешенін қолдану арқылы шешуге болады. Экология, әрине, күрделі, пәнаралық ғылым және оның маңызы тұрақты түрде арта береді. Біз өмір сүретін және әрекет ететін уақыттың өзі экологиялық ғылымның ерекше маңыздылығын көрсетеді: ол көптеген экологиялық сұрақтарға білікті және жеткілікті түрде жауап беруі керек. Бұл балалар өлімінің жоғарылауы, планетадағы адамдардың денсаулығының нашарлауы, климаттың жылынуы, жаңа аурулардың пайда болуы, өсімдіктер мен жануарлардың кейбір түрлерінің жойылуы және жер бетінде жаңа түрлердің пайда болуы және т.б. Қазірдің өзінде қоғамның экологиялық саладағы негізгі қиындықтары көбінесе адамның қоршаған ортаға деген жауапсыз қарым-

қатынасы мінез-құлқына және халықтың ашық экологиялық сауатсыздығына байланысты деп айтуға болады.

Экологияға көптеген ғалымдар өзіндік тұрғыдан анықтама берген. Қазіргі уақытта ең көп кездесетін анықтамаларға тоқталып өтейік, тәжірибелік тұрғыда әрбір экологиялық оқулықтарда Э.Геккельдің анықтамасынан басталады. «Экология» (грек тілінен «ойкос» - үй, тұрғын үй) – ұғымын алғаш рет 1866 жылы неміс биологы Э.Геккельдің «ағзалардың жалпы морфологиясы» атты еңбегінде көрсетілген. Ол экологияны ағзалардың өзара және қоршаған орта арасындағы өзара әрекеттесуін (қатынастарын) зерттейтін биологияның саласы ретінде қарастырды. М.В.Аргунованың [58], Л.Р.Храпальдың [59] пікірінше, шын мәнінде, экология – бұл биоэкология, демографиялық экология, аутэкология, синэкология, ландшафттық экология, химиялық экология, радиоэкология, адам экологиясы, әлеуметтік экологияны және басқа ғылымдарды қамтитын ғылымдар кешені.

Экология – тірі ағзалардың өмір сүру жағдайларын және ағзалар мен олар өмір сүретін орта арасындағы байланысты зерттейтін ғылым. Бастапқыда экология басқа ғылымдармен – химия, физика, геология, география, топырақтану, математикамен тығыз байланысты биологияның құрамдас бөлігі ретінде дамыды деп түсіндіреді М.О.Искакова [60] және К.У.Темиров [61].

Экология (Ғаламдық) – жаратылыстану және әлеуметтік ғылымдар мен табиғат пен қоғамның өзара әрекеттесу деректерін синтездейтін пәнаралық ғылым. Сонымен қатар, жаһандық экологияның міндеттері табиғат пен қоғамдардың өзара әрекеттесу заңдылықтарын зерттеу және осы өзара әрекеттесулерді оңтайландыру [62]. Сонымен қатар, А.Ю.Лукичевтың [63], Т.С.Бакировтың [64] пікірлерінше «Экология – адам үшін оның қоршаған ортасын зерттейтін өмірлік маңызды ғылым» деген анықтама берді. Яғни, экология – адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынастың ғылыми және практикалық мәселелерінің жиынтығы (экологиялық мәселелер).

Біз қарастырған «экология» ұғымының анықтамаларына сүйене отырып, экология – бұл адам мен қоршаған ортаның қарым-қатынасында туындайтын ғылыми және практикалық мәселелерді анықтайтын, шешетін, зерттейтін ғылым және де химия, биология, физикалық география, физика, математика және басқа да жаратылыстану ғылымдарының ажырамас бөлігі деген қорытындыға келдік. Демек, тұрғылықты жердің экологиялық жағдайын, табиғат пен қоғамның даму заңдылықтары мен өзара әрекеттесуін білу үшін біз адамның экологиялық білімін қалыптастыруымыз керек. Бұл жаратылыстану пәндерін оқыту үдерісінде педагогика бағытында оқитын университет түлегінің болашақтағы міндеттерінің бірі. Л.Е.Пистунованың [65], Л.С.Чопенконың [66], А.Жакуповтың [67] пікірлерінше адамның өмір сүруін қамтамасыз ету, оның қажеттіліктерін қанағаттандыру қажеттілігіне байланысты пайда болды деп санайды. Адамзат тарихы барысында көптеген ұрпақтар материалдық мәдениеттің орасан зор әлемін құрды: бұл біздің қалаларымыз, өнеркәсіптік кәсіпорындар, көлік, электр станциялары, зымыран техникасы, спутниктер, азық-түлік, дәрі-дәрмектер және т.б.

Біздің зерттеуіміздің міндеті – экологиялық білімді қалыптастыру мәселесін қарастыру. Енді, біздің зерттеуіміздің кілттік сөзі экологиялық білімге берілген анықтамаларға тоқталып өтейік.

Экологиялық білім адамның белгілі бір білімі мен экологиялық жауапкершіліктің болуын, сондай-ақ, табиғатқа ұқыпты қарау талаптарына сәйкес келетін тәжірибелік әрекеттерін болжайды. Экологиялық білім – бұл адамзаттың табиғатпен өзара әрекеттесуіндегі жауапкершілігін терең түсінуге бағытталған үздіксіз үдеріс. Ол адамда өмір бойы қалыптасып, ұрпақтар арасында берілетін қоғамдық сананы жетілдіруге ықпал етеді. *Экологиялық білім мен ағартушылықтың басты мақсаты – адамдардың экологиялық тұрғыдан дұрыс мінез-құлқын қалыптастыру*, бұл өз кезегінде салауатты өмір салтын насихаттауға, қоғамның рухани дамуына, тұрақты әлеуметтік-экономикалық өсімге, ел мен әрбір азаматтың экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұл үдеріс экологиялық мәдениетті арттыру арқылы табиғат ресурстарын ұтымды пайдалануды және қоршаған ортаны қорғауды көздейді. Экологиялық білім берудің маңыздылығы тек жеке адамның емес, бүкіл қоғамның игілігі үшін табиғатпен үйлесімді өмір сүру дағдыларын қалыптастыруы болып табылады.

Ресей ғалымдары М.В.Аргунова [68] мен Л.Р. Храпальдің [69] пікірлерінше, экологиялық білімді зерттеу екі деңгейде: тұлғаның сапасы ретінде және қоғамның табиғи ортамен қоғамдық сана деңгейінде үйлесімді өзара әрекеттесу арқылы жүзеге асырылады, деп түсіндіреді.

Болашақ педагогтардың экологиялық білімі, А.А.Ниязова [70] мен Е.И.Чердымованың [71] көзқарастары бойынша экологиялық білім қоршаған әлеммен үндестікте өмір сүруге деген ұмтылысқа негізделген деп түсіндірілген.

Экологиялық білімді жалпы адамзат өмірінің бір бөлігі ретінде түсіну «адам – қоршаған орта» жүйесіндегі қатынастардың сипатын анықтайды, деп түсіндіреді А.Ш.Шоканова [72]. Материалдық және рухани құндылықтарды құру және игеру үдерісі адамның қоғам алдындағы табиғат жағдайы мен табиғи ресурстарды жаһандық деңгейде де, оны ұйымдастырудың аймақтық және жергілікті деңгейлерінде де пайдалануы үшін жауапкершілік дәрежесін білдіреді.

Экологиялық білімді қалыптастыруды зерттеу барысында біз оның болашақ педагогтарды қазіргі уақытта ғана емес, сонымен бірге болашақ кәсіби қызметте де табиғи байлықты ұтымды пайдалану мәселелерін шешуде белсенді позицияны қалыптастыруға бағыттайтын кәсіптік білім берудің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылатынын айтуға болады, бұл туралы ЮНЕСКО ұсынған XXI ғасырдағы білім беру жөніндегі халықаралық комиссиясының баяндамасы – заманауи білім берудің басты мақсаттары мен қағидаларын айқындайтын маңызды құжат ретінде білім берудің төрт негізгі қағидасы ұсынылған [73].

1. Бірге өмір сүруді үйрену – бұл қағида әртүрлі мәдениеттер, ұлттар және әлеуметтік топтар арасындағы өзара түсіністік пен құрметке негізделген. Жеке тұлғаны толеранттылыққа, диалогқа және ынтымақтастыққа тәрбиелеу көзделеді.

2. Білімді меңгеруді үйрену – бұл жеке тұлғаның ақпаратты табу, оны түсіну және сыни тұрғыда талдау дағдыларын дамытуға бағытталған. Бұл қағида өмір бойы білім алу және жаңа білімдерді игеру қабілетіне негізделеді.

3. Жұмыс істеуді үйрену – бұл еңбек нарығында табысты болу үшін қажетті кәсіби және практикалық дағдыларды игеруді білдіреді. Бұл қағида командалық жұмыс, инновациялар және кәсіпкерлік қабілеттерін дамытуды қамтиды.

4. Өмір сүруді үйрену – бұл жеке тұлға ретінде дамуы мен өзін-өзі жетілдіруіне бағытталған. Ол денсаулықты сақтау, қарым-қатынасты басқару және жеке мақсаттарға жету қабілеттерін дамыту арқылы өмір сапасын жақсартумен байланыстырылады.

Бұл қағидалар білім беру жүйесін жақсарту мен оны қоғамның тұрақты дамуы үшін маңызды құрал ретінде қолданылады. Экологиялық білім ол қоршаған ортамен байланыста болу дағдыларының бүкіл кешенін сипаттайды. Экологиялық білімнің ортақ идеясы – табиғат пен адамның бірлескен үйлесімді дамуы және табиғатқа материалдық жағынан ғана емес, рухани құндылық ретінде де қарастыруы.

БҰҰ білім саласындағы жетекші халықаралық жобаларының бірі – «экологиялық білім» бағдарламасы. «Зиян келтірмеңіз, жаһандық ойлаңыз, жергілікті жерде әрекет етіңіз» ережесі барлық адамдар үшін міндетті болып табылады (1992) [74]. Эколог ғалым, Ф.Реймерс қоршаған ортада және қоғамда болып жатқан үдерістерді толық түсіндіретін заңдылықтар жүйесін тұжырымдады, атап айтқанда:

1) дамуды мәдени басқару заңы экономикалық дамудың экологиялық шеңбермен шектелуі туралы айтады, қоғам, табиғат және адам арасында болып жатқан терең үдерістерді, өзара іс-қимылды ескере отырып, дамуды басқару қажеттігі;

2) әлеуметтік-экологиялық ауыстыру заңы табиғи ортаның өзіне тән ерекшеліктеріне байланысты және оған әсер етпейтін әртүрлі тәсілдермен адамның материалдық қажеттіліктерінің мүмкін болатын өзгерістер қамтылады;

3) В.И.Вернадский: оған сәйкес биосфера сөзсіз ноосфераға өтеді, онда адам ақыл – ойы адам-табиғат жүйесінің дамуында басым рөл атқарады.

Зерттеу барысында экологиялық білімді қалыптастырудың негізгі компоненттерін бөліп көрсетуге мүмкіндік беретін экологиялық білімнің дамуын тарихи талдауды қарастыру қажеттілігі туындады.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы шекара экологиялық білімнің үлкен әлеуметтік-мәдени қиылысы болды. Әр түрлі әдістер мен стильдер, шығармашылық тұлғалар, мәдени, философиялық, эстетикалық жаңалықтар өмірдің мағыналық кеңістігін басып озды. Экологиялық білім мәселелерін зерттеуде антропология, этнология, жүйелер теориясы, ақпарат теориясы, құрылымдық антропология және структурализм жетістіктері белсенді қолданыла бастады. Адамның өзіндік табиғаты өте жоғары болып шықты. Табиғатқа тұтастай еліктеуден, оның өмір беретін күштерін

құрметтеуден бастап, антропология мұнымен шектелмеді және табиғаттан тыс объектілерді құрметтеуге көшті, деп санайды Е.В.Мартинович [75].

ХХ ғасырдың қазан айынан кейінгі кезеңдегі экологиялық білімнің дамуы ыдыраудың «бірлігі» синтезінің қарама-қарсы тенденциялары басым болды. Бұл тұрғыда, Л.А.Корнилова [76] мен Л.И. Джегистаева [77], «экологиялық білім мен мәдениет халықтың энергиясымен құрылады», деген нақты анықтама берген. Экологиялық мәдениеттің жойылу себебін зиялы қауым мен жеке мәдениеттен шыққан дараландырудан емес, керісінше ұжымшылдықтан көрді. Кеңес өкіметінің алғашқы онжылдықтарында тұлғаның экологиялық мәдени шарттылығының психологиялық аспектілері туралы байыпты зерттеулер жүргізді.

Экологиялық және педагогикалық әдебиеттерді талдау экологиялық білімді қалыптастырудың келесі кезеңдерін бөліп көрсетуге мүмкіндік берді: 60 жылдар қоғам мен табиғаттың өзара әрекеттесуі туралы білім жүйесін, табиғатты қорғау білімі және туған табиғатқа деген патриоттық сезімдерді тәрбиелеудегі практикалық дағдыларды игеру. Бірқатар ғалымдар экологиялық білімді зерттеудің әлеуметтік-ғылыми әдістеріне көшті. Көптеген елдерде табиғатты қорғаудың негізгі идеялары заңмен бекітілді [78], мысалы: «жастардың табиғи байлыққа деген ұқыптылық сезімін және жер қойнауын ұтымды пайдалану дағдыларын тәрбиелеу мақсатында табиғатты қорғау негіздерін оқытуды мектеп бағдарламаларына және жаратылыстану, биология, химия, география оқулықтарына тиісті бөлімдерге енгізу керек».

Бейінін ескере отырып, жоғары оқу орындарында табиғатты қорғау және оның ресурстарын молайтудың міндетті курстары енгізілді. Осыған байланысты бірқатар ғылыми кеңестердің шешімімен педагогика бағытында оқитын жоғары оқу орындарында табиғатты қорғау бойынша факультативтік курстар енгізіле бастады. Институттардың биологиялық, биология-химия және география факультеттерінде болашақ педагогтарға оқытылатын жаратылыстану пәндерінде табиғатты қорғау мәселелеріне көп көңіл бөлінеді. Болашақта олар мектепке дейінгі білім беру факультеттерінде, педагогикалық, географиялық, химия және биология факультеттерінде педагогикалық білім берудің бастапқы кезеңінде арнайы экологиялық курстар ретінде енгізілді.

Экологиялық білімнің қалыптасуы – қоғамның қоршаған ортаға деген көзқарасының өзгеруімен, экологиялық мәселелердің күрделенуімен және адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынастың жаңа деңгейге көтерілуімен тығыз байланысты үдеріс. Төмендегі кестеде экологиялық білімнің негізгі қалыптасу кезеңдері мен ерекшеліктері қысқаша әрі жүйелі түрде сипатталады (1-кесте):

Кесте 1 – Экологиялық білімнің қалыптасу кезеңдері

Кезең	Ерекшеліктері	Маңызы
1	2	3
1970 жылдар	- Экологиялық дағдарыстың күшеюі. - Табиғи ресурстардың шектен тыс пайдаланылуы. - Денсаулыққа зиянды әсері.	- Экология жеке ғылым ретінде қалыптасты. - Экологиялық білім беру қажеттілігі алға шықты.

1-кестенің жалғасы

1972 жыл	- БҰҰ-ның Стокгольмдегі қоршаған орта жөніндегі алғашқы конференциясы.	- Экологиялық саясатқа жол ашты. - Мектеп бағдарламаларына экологиялық білім енгізіле бастады.
1980 жылдар	- «Тұрақты даму» концепциясы қалыптасты. - Ресурстарды тиімді пайдалану мәселесі көтерілді.	- Халықаралық ынтымақтастық күшейді. - Экобілім беру ауқымы кеңейіп, жүйелі түрде енгізіле бастады.
1990 жылдардан кейін	- Экологиялық этика мен сана қалыптаса бастады. - Білім беру жүйесінде тұрақты даму принциптері енді.	- Жеке тұлғаның экологиялық мәдениетін дамытуға басымдық берілді.
Қазіргі кезең	- Климаттың өзгеруі, жаһандық экологиялық мәселелер өзекті. - Цифрлық технологиялар енгізілуде.	- Әр азаматтың экологиялық санасын қалыптастыру маңызды бағыт ретінде қарастырылады.

1970 жылдары жаңа экологиялық білім қалыптаса бастады. Бұл кезең экологиялық дағдарыстың белең алуымен ерекшеленді. Адамзат өнеркәсіптік революцияның қарқынды дамуының салдарынан табиғи ресурстарды шамадан тыс пайдаланып, қоршаған ортаның ластануына себеп болды. Экологияның салдарынан адам денсаулығы бұзылды, аурудың түрлері көбейді. Қазіргі кезде де, көптеген аурулардың себеп-салдары экологияның бұзылуынан болып, медициналық тұрғыдан дәлелденуде. Осыған байланысты экология ғылымы жеке сала ретінде дамып, оның негізінде экологиялық білім беру жүйесі қалыптасты.

Экологиялық білім – өркениетті дағдарыстың шығында пайда болған жүйелік идеялар жиынтығы. XX ғасырдың ортасында қоршаған ортаның ластануы, климаттың өзгеруі және биологиялық әртүрліліктің азаюы сияқты мәселелер өзекті болды. Бұрын ойға келмейтін экологиялық апаттар мен өзгерістер адамдарды қоршаған ортаны қорғау туралы ойлануға мәжбүр етті. 1972 жылы Стокгольмде өткен БҰҰ-ның қоршаған орта жөніндегі бірінші конференциясы экологиялық білім мен саясаттың дамуына серпін берді. Осы кезеңде көптеген елдер экологиялық білім беруді мектеп бағдарламасына енгізе бастады.

1980 жылдары экологиялық мәселелерді түсіну тереңдей түсті. Адамдар табиғи ресурстарды реттеу қажеттігін, табиғатты қорғаудың маңыздылығын түсінді. Осы уақыт ішінде экологиялық білім беру жүйесі кеңейіп, халықаралық деңгейде қоршаған ортаны қорғауға бағытталған шаралар ұйымдастырылды. Тұрақты даму концепциясы қалыптасып, табиғат пен қоғам арасындағы тепе-теңдікті сақтау басты мақсаттардың бірі ретінде қарастырылды.

Экологиялық білім тек ғылыми ғана емес, сонымен қатар моральдық-экологиялық көзқарасты да қамтиды. Табиғатқа деген этикалық көзқарасты дамыту арқылы адамдардың экологиялық сана-сезімі жоғарылады. Бұл экологиялық дамудың ұлттық міндеттерін шешуге және халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға үлкен үлес қосты. Бүгінгі таңда экологиялық

білім беру жаһандық деңгейде қарастырылып, әрбір азаматтың экологиялық мәдениетін қалыптастыру маңызды бағыттардың бірі болып табылады.

1970-1980 жылдары экологиялық білімнің қалыптасуы табиғатты қорғау жолындағы маңызды қадам болды. Бұл кезең экологиялық мәселелерді түсіну мен оларды шешу жолдарын іздестірудің бастамасы болды. Бүгінде экологиялық білім беру тұрақты дамудың ажырамас бөлігіне айналып, болашақ ұрпаққа таза және қауіпсіз қоршаған орта қалдырудың негізгі құралы ретінде қарастырылады.

Отандық ғалымдардың А.Жакупова [79] және Б.К.Әмірашеваның [80] еңбектерінде «...педагогикалық технология – бұл өзара байланысты компоненттердің, оның қатысушыларының кезеңдері мен әрекеттерінің дәйекті және үздіксіз қозғалысы», экологиялық білім беру технологиясын «білім алушының жеке дамуында алға жылжуға және өмір сапасының жаңа деңгейіне шығуға мүмкіндік беретін педагогикалық – психологиялық әдістер мен әдістердің үйлесімі» деп түсінеді. Сонымен қатар, педагогикалық технологиялардың тәрбиелік әлеуетін іске асыру үшін қажетті шарттардың сақталуын көрсетеді. Олардың ішінде: жеке тұлғаны дамытуға біртұтас көзқарасты қолдану; жеке тұлғаның жас және жеке ерекшеліктеріне қатаң назар аудару; аймақтық ерекшеліктерді есепке алу; білім берушінің экологиялық білімін арттыру және т.б.

90 жылдары – жаңа ұғымдарды меңгеру қажеттігі басым болды: экологиялық гуманизм, экологиялық этика, экологияландыру, ресурстық әлеуетті бағалау, эмпатия, өзара қарым-қатынас, табиғаттағы техникалық құралдарды бейімдеу, құнды экологиялық әлеует.

Белгілі зерттеуші А.А.Перфиловтың [81] пікірінше қазіргі қоғам алдында тұрған барлық мәселелер шартты түрде үш топқа бөлінеді: экологиялық, экономикалық және әлеуметтік. Мұндағы экологиялық міндет – бұл табиғи жүйелерге жиынтық жүктеме олардың өзін-өзі қалпына келтіру әлеуетінен аспайтын жағдайға жету деп санайды. Жоғарыдағы автордың пікірінше, бірі әлеуметтік дамуды қамтамасыз ету, оның ішінде білім беруді, экологиялық білімді дамытуды қамтамасыз ету және жеке тұлғаны қалыптастыру үдерістерін оңтайландыру болып табылады. Сонымен қатар, қазіргі уақытта жаһандық білім мен экологиялық білімнің бірігуі жүріп жатқанын атап өтті. Олардың пайымдауынша, «адам экологиясы тұрақты даму тұжырымдамасын жүзеге асыруға және жаңа ойлауды қамтитын идеяларды синтездеуге бағытталған, табиғат пен адамның тең позициясын білдіреді, онда біреудің немесе екіншісінің денсаулығы өзара тәуелді».

XX ғасырдың тоқсаныншы жылдарын ЮНЕСКО мен ЮНЕП экологиялық білім берудің онжылдығы деп жариялады. «Экологиялық білім туралы» жобасында: халықтың экологиялық білім беру мәселелеріне, әсіресе болашақ ұрпаққа ерекше назар аудару қажеттігі көрсетілген. Бірақ «табиғатты адамның рухани өмір саласына, адамдардың санасына қосу – бұл құндылықтар жүйесін өзгертуді, сананы қайта құруды, жалпы адамзаттық мәдениеттің контекстіне жаңа экологиялық білімді енгізуді көздейтін қиын және ұзақ үдеріс, оның қалыптасуы экологиялық дағдарыс жағдайында қоғамның өмір сүруінің

сенімді кепілі болады», дейді отандық ғалымдар К.И.Исламова [82], Л.С.Нұрабаева [83].

2000 жылдар – белсенді экологиялық ұстанымды және дүниетанымдық, адамгершілік, құндылық бағдарларын, оң-экологиялық қызметті қалыптастыру, адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынасты үйлестіру қарастырылды. Жоғары оқу орындарына арналған келесі оқулықтар жарық көрді: А.В.Мироновтың «Экологическое воспитание младших школьников» [84], Қ.Б.Бекішевтың, Қ.Д.Асановтың «Экологияның рухани өрісі» [85], А.Т.Қуатбаевтың «Жалпы экология» [86], М.Д.Мамадияровтың Қ.Н.Налмишованың, Б.Р.Жумагуловаңың «Экологиялық білім және тәрбие» [87], Ж.К.Қабышеваның, А.К.Мурзалимованың, А.Б.Жексенаеваның «Экология және тұрақты даму» [88], А.Ж.Ақбасованың Г.Ә.Саинованың «Экология практикумы» [89], А.Қ.Баешованың «Экология және тұрақты даму» [90], Ж.Б.Шілдебаев, Г.З.Сауытбаева «Экологиялық білім мен тәрбие берудің теориялық негіздері және әдістемесі» [91], Ж.Б.Шілдебаев, М.Б.Аманбаева «Экологияны оқыту технологиясы» [92].

Көрнекті ғалым Е.В.Пономаренконың [93] өз зерттеулерінде экологиялық тәрбие адамның экологиялық білімінің негізін қалайтын мектеп оқушыларының дүниетанымын қалыптастырудың бір бөлігі екенін атап өтті. Сонымен қатар «адам өзінің мінез-құлқының табиғат заңдарына сәйкес келетін көптеген баламаларын көре білуі және өзінің болашағына таңдау жасай білуі керек» дегенге назар аударады. Өмір тек жеке экологиялық білім беру істерімен шектеліп қана қоймай, оларды табиғатты қорғау іс-әрекеттерінің тізбегіне қосып, еңбек тәрбиесімен біріктіруді талап етеді. Мұндай тәрбие істеріндегі уақыттың бір бөлігі экологиялық ағартуға – қажетті білімді, пайымдауды, ұғымдарды, сенімдерді қалыптастыруға бөлінеді. Яғни, экологиялық білім – экологиялық тәрбие берудің тетігі. Экологиялық тәрбие істерінің негізгі мәні – нақты практикалық табиғатты қорғау қызметі болып табылады. Тәрбие – бұл адамның дамуы мен өзін-өзі дамуына, оның әлеуметтік тәжірибесін, білімін, құндылықтары мен қоғам нормаларын игеруіне жағдай жасауы. Тәрбиеге жеке тұлға, топтар мен ұжымдар, отбасы және әлеуметтік институттар қатысады. Тәрбиеге бұқаралық коммуникация құралдары және т.б. әсер етеді.

Экологиялық тәрбие – бұл экологиялық білім беруді дамыту және болашақ педагогтарды тәрбиелеу, экологиялық білімді жинақтау, табиғаттағы іс-әрекет дағдыларын қалыптастыру, табиғаттағы мінез-құлықтың моральдық-эстетикалық нормаларын оятуға, жоғары адамгершілік жеке қасиеттерді игеруге, табиғатты қорғау жұмыстарын жүзеге асыруға бағытталған педагогикалық іс-әрекет.

Жалпы халықтың экологиялық білімін қалыптастыру жүйесін дамытудың өзекті бағыттарының бірі – өскелең ұрпаққа экологиялық тәрбие мен білім беруді дамыту. Бұл тапсырманы жоғары мәдениетке, терең білімге және тәжірибеге ие, сонымен бірге өз білімін үнемі жетілдіріп отыратын оқытушы ғана тиімді орындай алады. Мұндай оқытушы болашақ педагогтарға тек теориялық білім беріп қана қоймай, сонымен бірге мәдени және кәсіби құндылықтарды дарытады [94].

Ресей зерттеушілері А.В.Гришин мен Д.З.Володиннің еңбектерінде экологиялық білім берудің маңыздылығын және оны болашақ педагогтарға жаратылыстану пәндерін оқыту арқылы жүзеге асыру жолдарын қарастырады. Олар экологиялық білімді адамгершілік тәрбиесімен ұштастырудың тиімділігін атап өткен.

Бұл тұрғыда А.В.Гришин [95] экологиялық сананы қалыптастырудың қажеттілігіне баса назар аудара отырып, білім беру үдерісінде табиғатқа деген ұқыпты көзқарас қалыптастыруды ұсынады.

Белгілі зерттеуші Д.З.Володин [96] өз еңбегінде экологиялық-адамгершілік тәрбиенің теориялық негіздерін талдап, оны педагогикалық қызметте қолдану әдістемесін дамытуды ұсынады. Ол педагогтардың экологиялық құзыреттілігін арттыру және олардың болашақ ұрпақты табиғатты қорғау мәдениетіне баулуының маңыздылығын ерекше атап көрсетеді. Экологиялық білім мен тәрбиені болашақ педагогтардың кәсіби дайындығындағы маңызды элемент деп есептейді, бұл олардың болашақта экологиялық мәселелерді шешуге белсенді қатысуына ықпал етеді.

Сонымен қатар, «Оқушылардың экологиялық санасын қалыптастыру тек олардың табиғатқа деген жауапкершілік көзқарасын дамытып қана қоймай, сонымен қатар олардың жалпы мәдениетін, құндылықтарын, өмірлік ұстанымдарын жетілдіруге көмектеседі. Экологиялық білім беруді тиімді жүзеге асыру үшін болашақ педагогтар келесі бағыттарда: теориялық білім – табиғаттың заңдылықтары мен экологиялық жүйелердің өзара байланысын түсіну, практикалық дағдылар – оқушыларды экологиялық жобаларға, табиғат қорғау іс-шараларына, эксперименттер мен бақылауларға тарту, педагогикалық шеберлік – экологиялық білімді қызықты және қолжетімді түрде жеткізу үшін заманауи әдістер мен технологияларды қолдану, жеке үлгі – мұғалімнің өзінің табиғатқа деген құрметі мен экологиялық саналы әрекеті оқушыларға үлгі болу керек» [97] жұмыс жасауы қажет.

Сонымен қатар, экологиялық дағдыны қалыптастыруға байланысты Р.А.Сейтжанова [98] «Педагогикалық жоғары оқу орындарының болашақ педагогтары арасында далалық тәжірибелер кезінде экологиялық дағдыларды қалыптастыру» атты еңбегі арналған.

Экологиялық дағдарыстың алдын алу – біздің қоғамның ең маңызды мәселелерінің бірі. Оның өршуіне ықпал ететін бірнеше себептерді атауға болады. Олардың бірі – өркениеттің стихиялық дамуы және адам қызметінің ауқымының артуы. Біздің ойымызша, адамның стихиялық (кездейсоқ, болжамсыз) және бақыланбайтын әрекеттері экологиялық білімнің негіздерімен қайшы келуі мүмкін. Экологиялық білім адамның табиғатпен қарым-қатынасын түсініп, оның тепе-теңдігін сақтауға бағытталған. Ал стихиялық әрекеттер көбінесе ұзақ мерзімді экологиялық салдарларды ескермейді, бұл табиғи ресурстардың сарқылуына, экожүйелердің бұзылуына және қоршаған ортаның ластануына әкелуі мүмкін.

Сондықтан экологиялық сананы қалыптастыру және жауапкершілік сезімін дамыту өте маңызды. Бұл мақсатта экологиялық білім беру бағдарламалары, қоғамды ақпараттандыру, табиғатты қорғау шаралары және

тұрақты даму мәселелерін насихаттау қажет. Әр адамның саналы әрекеті ғана жаһандық экологиялық мәселелерді шешуге үлес қоса алады.

Сондай-ақ, «Экологиялық білім» және «Экологиялық білім беру» негізгі ұғымдарындағы анықтамалардың айырмашылықтарды анықтау үшін салыстырмалы талдауы 2-кестеде көрсетілген.

Кесте 2 – Экологиялық білім және экологиялық білім беру ұғымдарын талдау

Авторлар	Экологиялық білім	Экологиялық білім беру
1	2	3
Ә.С.Бейсенова, Ж.К.Искакова [99]	Экологиялық білім – жеке тұлғаның экологиялық жауапкершілігі, танымдық-әдеп, эстетикалық көзқарасы, экологиялық білімі, экологиялық мәдениеті мен тәрбиесін дамытып, табиғатты қорғау мен сақтау жолындағы іс-әрекеттерді саналы түрде жүзеге асыруға ықпал етеді.	Экологиялық білім беру – бұл қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану және экологиялық қауіпсіздік мәселелерін шешуге бағытталған ғылыми, тәрбиелік және білім беру үдерістерін біріктіретін кешенді ғылымдардың жиынтығы.
А.Нұрғызарынов, Ж.Шілдебаев [100]	Экологиялық білім – адамзаттың жан-жақты дамуына, табиғатқа деген саналы көзқарас қалыптастыруға, табиғатпен үйлесімді өмір сүрудің маңыздылығын түсініп, қоршаған ортаға зиян келтірмейтін әрекеттерді үйренеді, оның азамат болуына бағытталған.	Экологиялық білім беру –бұл ұрпақтарға адамзат қоғамдастығының, қоғамның, табиғат пен қоршаған ортаның өзара әрекеттесуінің ең тиімді тәсілдерін түсіндіру.
К.Н.Жайлыбай, С.Қ.Райымқұлова [101]	Экологиялық білім – бұл тәрбие, білім беру, даму, қоғам дамуының тарихи анықталған деңгейі, адамның шығармашылық күштері мен қабілеттері, адамдардың өмірі мен қызметін ұйымдастырудың түрлері мен формаларында, олардың қарым-қатынасында, сондай-ақ олар жасаған материалдық және рухани құндылықтарда көрінеді.	Экологиялық білім беру – ерекше қалыптасқан жүйе, болашақ ұрпақтың мүддесі үшін қажеттіліктер мен алғышарттарды сақтау, жердегі адам өмірін жоғары бағалау, ақпараттық-экологиялық қоғамды іске асыру.
А.Е.Манкеш [102]	Экологиялық білім – адам өмірінің тарихи дамып келе жатқан супрабиологиялық бағдарламаларының жүйесі, яғни іс-әрекет, мінез-құлық, қарым-қатынас сияқты барлық көріністерде әлеуметтік өмірдің өзгеруін қамтамасыз етеді.	Экологиялық білім беру, егер оқу пәндерінің мазмұны жалпы адамзаттық және экологиялық құндылықтардың дамуына ықпал етсе ғана мүмкін болады.

2-кестенің жалғасы

1	2	3
О.И.Гаинцева [103]	Экологиялық білім – бұл табиғат пен адам арасындағы қарым-қатынасты түсінуге, қоршаған ортаны қорғау мен табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға бағытталған білім жүйесі. Ол табиғатқа деген ұқыптылықты, экологиялық жауапкершілікті қалыптастыруға және қоршаған ортаға зиян келтірмеу жөніндегі практикалық дағдыларды дамытуға ықпал етеді.	Экологиялық білім беру – бұл табиғат пен қоршаған ортаны сақтау және қорғау туралы білім мен дағдыларды дамытуға бағытталған үдеріс. Оның мақсаты адамдардың экологиялық жауапкершілігін арттыру, табиғат ресурстарын тиімді пайдалану және олардың сақталуына үлес қосу. Экологиялық білім беру мектептерде, жоғары оқу орындарында, түрлі білім беру мекемелерінде жүргізіледі.

Қазіргі уақытта қоғам өз қабілеттерін, іс-әрекеттері мен мінез-құлқын өз бетінше реттей алатын және белсенді түрде дамыта алатын адамдарды өте қажет етеді. Мұндай қасиеттерді қалыптастыру адамдардың өмір салтына келісілген ұмтылысы кезінде ғана мүмкін болады, онда адамның табиғатқа ұқыпты қарауы басымдық танытады. Бұл мінез-құлықты, біздің ойымызша, білім алушының экологиялық білімі мен қоғамның экологиялық білімін тереңдету арқылы тәрбиелеуге болады.

Экологиялық білім туралы айта отырып, оның негізінде адамның табиғатты ең үлкен құндылық ретінде, жалпы адамзаттың және оның әрбір жеке өкілінің өмір сүруінің жалпы шарты ретінде түсінуі негізделгенін атап өткен жөн. Адамзат өркениетінің пайда болуымен жабайы табиғат тағдырына әсер ететін жаңа фактор пайда болды. Ол XX ғасырда орасан зор күшке қол жеткізді және бүгінгі күнге жалғасуда. Қазіргі өркениет өткеннің жағымсыз тенденцияларын жойып қана қоймай, сонымен бірге XXI ғасырға азды-көпті интеллектуалды тұрғыдан дайын болу қажеттілігін баса көрсете отырып, адам өміріне қауіптің одан да күрделі түрлерін жасады, дейді Н.М.Стукаленко [104].

Қазіргі уақытта экологиялық білімді қалыптастыру және дамыту бойынша бірнеше ғылыми бағыттар бар: экологиялық білім берудің, тәрбиенің теориясы, практикасы және даму тенденциялары.

Ғалымдардың зерттеулерін талдау барысында Д.Н.Захлебный, И.Д.Зверев, Б.Г.Иоганзен, И.Т.Суравегина, Н.Б.Шкарбан, А.С.Бейсенова, М.Н.Сарыбеков, Ж.Б.Шілдебаев, А.Е.Манкеш, Г.К.Длимбетова, А.Қ.Саданов, Н.Ш.Сүлейменова, Н.С.Дәменова, Б.Я.Махамедова, Т.А.Базарбаева, Э.С.Бөрібай, Г.А.Мұқанова, К.Ш.Бакирова, Н.М.Стукаленко, Ш.Ш.Хамзина, Б.К.Әмірашева, А.Я.Алиева және т.б., қоғамның табиғатпен өзара әрекеттесуінде қазіргі экологиялық білім тарихының да маңыздылығымен таныстық. Сонымен қатар, бүгінгі таңда сананың жаңа түрі-экологиялық сана қалыптасты деп айтуға болады.

Белгілі зерттеуші И.В.Астраханцеваның [105] еңбегінде «Экология – бұл саясат пен технологияның мәселесі емес, ойлау мәселелері. Экологиялық ойлаудың пәні адам – қоғам – табиғат қатынастары саласындағы моральдық нормалар мен мінез-құлық іс-әрекеттері деген тұжырым жасалған. Адамның табиғатпен қарым-қатынасындағы моральдық ұстаным, ең алдымен гуманистік болуы керек, яғни, адам үшін де, табиғат үшін де басымдық ретінде, ол биосферада қайтымсыз үдерістерді тудырмас үшін табиғи заңдылықтарға қайшы келмеуі керек. Ал, М.С.Сабрекова [106] табиғаттағы барлық құбылыстар мен үдерістердің өзара тәуелділігін түсінуге, өз қызметінің салдарын және болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілікті түсінуге негізделген халықтың жаңа ойлау тәсілін қалыптастыру білім беру жүйелерін қайта құруға негізделген деп санайды.

Экологиялық білімді қалыптастыру, қазіргі өркениетті басқарудың экологиялық мәселелерін әзірлеу және оларды өмірге енгізу – қоғам алдында тұрған негізгі міндеттер. Бұл міндеттерді шешу білімді болашақ педагогтарға жүктеледі, оларда жаратылыстану білімінің ғылыми-әдістемелік негіздері ғана емес, сонымен қатар экологиялық сана, ойлау, жауапкершілік қалыптасуы керек.

Экологиялық сана А.Р.Ерментаева [107] және Е.А.Стерлигованың [108] пікірлерінше, қоғамдық және жеке сананың бір бөлігі, адамның табиғатпен өзара әрекеттесуіндегі білімі, сенімі мен дағдыларының жиынтығы. Бұл педагогтардың, психологтардың, физиктердің, биологтардың, географтардың, химиктердің, әлеуметтанушылардың экологиялық ойлауының дамуына үлкен әсер етті. Ойлаудың бұл әдісін қолдану құндылық пен әдістемелік бағдарлардың нақты жиынтығын жасауға, адам мен табиғаттың қарым – қатынасына қатысты бірқатар мәселелерге басқаша қарауға, адамның табиғаттағы орнын анықтауға, жаңа тұжырымдамалық құралдар мен теориялық талдау бірліктерін құруға мүмкіндік береді деп айтуға болады. Экологиялық сана: экологиялық заңдар мен ережелердің мәнін түсіну; қоғам – табиғат жүйесіндегі қайшылықтарды әлеуметтік заңдылықтардың табиғи заңдарға сәйкес келмеуі ретінде түсіну; жаһандық эко-апат пен жергілікті экокризистің қауіптілігін түсіну; экологиялық императивке сәйкес келетін мақсатты қызмет тәсілін моральдық таңдау дегенді білдіреді.

Экологиялық ойлау А.А.Насонованың [109], В.И.Пановтың [110], пікірлерінше сыртқы жағдайларды, экологиялық мәселелерінің болуы ойлау қабілетінің көмегімен іс-қимыл жоспарын жасауға қалай әкелетінін бақылау. Бұл белгілі бір шындықтан жиі ажыратылған ғылыми білім мен ақыл-ойдан туындайтын білім арасында байланыс орнатуға көмектеседі. Экологиялық ойлаудың пәні адам – қоғам – табиғат қатынастары саласындағы моральдық нормалар мен мінез-құлық моральдары болып табылады.

Экологиялық жауапкершілік – адам мен табиғаттың байланысы мен өзара тәуелділігінің әмбебап түрі. Білім көбінесе саналы жауапкершілікті анықтайды. Жауапкершілік әлеуметтік категория ретінде қарастырылатын арнайы зерттеу пәні.

Әлеуметтік жауапкершіліктің субъективті алғышарты – бұл субъектінің істі біле отырып, шешім қабылдау қабілеті ретінде түсінілетін ерік бостандығы. Ерік бостандығының шарты мен құрамдас бөлігі сыртқы ортаны тану болып табылады, бұл субъектінің белгілі бір жағдайларда гуманистік ниеттерге сүйене отырып, шындыққа деген көзқарастың оңтайлы нұсқасын таңдау міндеті мен құқығының еркін көріну өлшемін болжайды. Шындықты кеңінен түсіну субъектінің оған қатысты табиғаты мен жауапкершілігін қамтиды. Бұл ретте экологиялық жауапкершілік санаты екі нысанда ұсынылады: а) жауапкершілік қоғамның жеке тұлғаның мінез-құлқына реакциясы ретінде; б) жауапкершілік жеке тұлғаның қоғамның негізсіз қажеттіліктеріне жауап беру жүйесінде көрінетін озық көрініс ретінде – жеке жауапкершілік.

Экологиялық білім жеке тұлғаның экологиялық білімі мен мәдениетін қалыптастыру, тұрақты экологиялық дамуға әсер ететін жаңа өмір салтын, жаңа ойлауды, сананы, жауапкершілікті дамыту үшін негіз болып табылады. Бұл аспектіде болашақ педагогтардың әлеуметтік дамудың кемшіліктері мен қайшылықтарын бәрінен бұрын қабылдайтын, өзін-өзі көрсетуге, өзгерістерге, инновацияларға деген ұмтылысымен ерекшеленетін жастардың ең білімді бөлігі ретінде елдің экологиялық қауіпсіздігін қабылдай алатын және өзгерте алатын әлеуметтік күш деп санайды [111].

Белгілі ғалым Л.О.Урекешованың [112] зерттеуінде экологиялық білімді тек білім берудің бір бөлігі ретінде емес, адамның сақталуы мен дамуын қамтамасыз етуге бағытталған жаңа білім беру жүйесінің негізі ретінде қарастырады. Осылайша, экологиялық білім адамның қоршаған ортаға және табиғатқа жауапкершілікпен қарауын қамтамасыз етіп, адамзат өркениетінің жалғасуын және сақталуын қамтамасыз етеді. Ал, үздіксіздік принципі, өз кезегінде экологиялық білімнің маңызды аспектісі болып табылады. Бұл принцип білім алу, тәрбиелеу және даму үдерістерінің үнемі жалғасып, бір-бірімен тығыз байланыста болатынын көрсетеді. Қазіргі қоғамда экологиялық білім мен тәрбие адам өмірінің барлық кезеңдерінде маңызды рөл атқарады, өйткені экология мен табиғатқа деген дұрыс көзқарас пен жауапкершілікті қалыптастыру тек мектепте ғана емес, бүкіл өмір бойы қажет болады.

Қазіргі уақытта, көріп отырғанымыздай, экологиялық мәселелердің жеке тұлға білімімен, мәдениетімен және қоғам мәдениетімен байланысына ерекше назар аударылуда. Педагогикалық зерттеулерде «экологиялық білім», «экологиялық тәрбие» ұғымының мәніне әр түрлі анықтамалар бар және оны оқушыларда, ЖОО болашақ педагогтарда қалыптастырудың ерекшеліктері жан-жақты қарастырылады.

Экологиялық білім әлемдік, соның ішінде біздің отандық ғалымдардың (Ә.С.Бейсенова, Ж.Б.Шілдебаев, М.Н.Сарыбеков, Г.К.Длимбетова, Ж.К.Манкеш, К.Ш.Бакирова, Н.Ш.Сүлейменова, Н.С.Дәменова, Б.Я.Махамедова, Т.А.Базарбаева, Э.С.Бөрібай, Г.А.Мұқанова, Г.З.Сауытбаева, Б.Қ.Шаушекова, А.Я.Алиева, С.У.Абенова және т.б.) ғалымдардың пікірінше адам (қоғам) мен табиғат қатынастарының реттеушісі бола алады, себебі ол жеке тұлғаның экологиялық білімінің негізі әрі болашаққа бағдарланған және қазіргі заманның жаһандық мәселелерін шешумен байланысты. Болашақ

педагогтардың экологиялық білімін қалыптастыру – қазіргі педагогиканың оқу-тәрбие жұмысының өзекті және басым міндеттерінің бірі. Бұл адам мен қоғамның табиғи ортаға деген көзқарасын өзгертуге арналған мақсатты педагогикалық қызмет саласы.

Бұл зерттеуде біз пәндердің мазмұнын, педагогика бағытында оқитын жоғары оқу орындарында болашақ педагогтардың экологиялық білімін қалыптастыратын және дамытатын педагогикалық-психологиялық жағдайларды қарастырамыз. Біздің зерттеуімізді ашу үшін біз ғылыми әдебиеттерде берілген тұжырымдамалық мәліметтерге жүгінеміз.

Экологиялық білім экологиялық мәдениетті қалыптастырудың негізгі құралы. Экологиялық білімді ұдайы жетілдіріп отырсақ, біз қоғам арасындағы жеке және әлеуметтік қарама-қайшылықтарды үздіксіз білім деңгейі арқылы шеше аламыз. Үздіксіз экологиялық білімді қалыптастыру үдерісінде екі іргелес ұғымды анықтауды қарастырады: «экологиялық сана» және «экологиялық мәдениет». Бұл ұғымдардың маңыздылығы адамзаттың қоршаған ортаға деген адамгершілік қарым-қатынасы мен жауапкершілікпен қабылдауын анықтайтын экологиялық білімнің нәтижесі ретінде қарастырылады.

Қазіргі экологиялық білімді анықтаудың жиынтық тәсілі қоғам дамуы, яғни болашақ педагогтардың шығармашылық күштері мен қабілеттерінің деңгейін анықтау ретінде түсіндіріледі, бұл болашақ педагогтардың өмірі мен болашақ қызметін ұйымдастырудың формалары мен ұқсастықтарында, сондай-ақ, олар жасаған материалдық және рухани құндылықтарда көрінеді [113].

Біз «экологиялық білім» ұғымына берілген ғалымдардың пікіріне бірнеше анықтамаларға мазмұндық талдау жасадық, 3-кестеде көрсетілген.

Кесте 3 – «Экологиялық білім» анықтамасының мазмұнын талдау

Авторлар	Анықтама
1	2
Г.К.Длимбетова [114]	Экологиялық білім – бұл тәрбие, білім беру, даму, қоғам дамуының тарихи анықталған деңгейі, адамның шығармашылық күштері мен қабілеттері, бұл адамдардың өмірі мен іс-әрекетін ұйымдастырудың формалары мен ұқсастықтарында, олардың қарым-қатынастарында, сондай-ақ олар жасаған материалдық және рухани құндылықтарда көрінеді.
С.А.Мұхамеджанова [115]	Экологиялық білім – адамзат жасаған материалдық және рухани құндылықтар жиынтығы, сондай-ақ, адамның осы құндылықтарды құру және пайдалану қабілеті.
А.А.Әбдіғаппарова [116]	Экологиялық білімді, яғни ол «...субъектінің табиғи ортаға және әлеуметтік қажеттілікке қатысты еркіндік дәрежесін сипаттайтын саналы іс-әрекетті еркін таңдау туралы растайды».
Ж.М.Ташенова [117]	Экологиялық білім – адам өмірінің тарихи дамып келе жатқан бағдарламаларының жүйесі, яғни іс-әрекеттер, мінез-құлықтар, қарым-қатынастар сияқты барлық көріністерде әлеуметтік өмірдің өзгеруін қамтамасыз етеді.
С.Н.Нелидов [118]	Экологиялық білім – бұл адамдардың сезімдеріне, ақыл-ойларына, көзқарастары мен идеяларына әсер ету тәсілі. Азаматтардың сана деңгейін арттырады, табиғатқа ұқыпты

3-кестенің жалғасы

1	2
	қарауды оятады, оның жай-күйіне алаңдаушылық туғызады, әркімнің табиғи ортадағы моральдық мінез-құлыққа дайындығын қамтамасыз етеді.
Е.А.Игумнова [119]	Экологиялық білім үздіксіз болуы керек және отбасылық, мектепке дейінгі, мектептегі және мектептен кейінгі білім мен тәрбиені қамтуы керек.
Е.Н.Дзятковская [120]	Экологиялық білім – адам (қоғам) мен табиғат қатынастарының реттеушісі, болашаққа бағдарланған және қазіргі заманның жаһандық мәселелерін шешумен, сондай-ақ әлеуметтік дамудың одан әрі ілгерілеуімен байланысты екенін көрсетеді.
С.А.Степанов [121]	Экологиялық білім нәтиже емес, үдеріс: ол игеріледі, жаңа заманауи біліммен жетілдіріледі, сенсорлық тәжірибемен байытылады және тәрбиеленушілерге экологиялық білім құндылықтар, ақпараттар мен технологиялар түрінде таратылады.
A.Zeyer, E.Kelsey [122]	Экологиялық білім – адам (қоғам) мен табиғат қатынастарының реттеушісі, болашаққа бағдарланған және жаһандық шешіммен байланысты қазіргі заманның мәселелерін, сондай-ақ әлеуметтік дамудың одан әрі дамуын ұсынады.
K.Velempini [123]	Экологиялық білім адамның әлеуметтік белсенділігі мен санасының маңызды көрсеткішіне айналады.
G.Barnwell, L.Stroud, M.Watson [124]	Экологиялық білім – бұл қоршаған ортаның жағдайы, оған әсер ететін факторлар, сондай-ақ осы әсерлердің салдары туралы жүйелі білімді меңгеру үдерісі мен нәтижесі. Ол адамның табиғатпен өзара қарым-қатынасы негізінде қалыптасқан дағдылар мен құндылықтарды дамытуды көздейді.
C.N.Blanchet, R.C.Reilly [125]	Экологиялық білім – бұл білім берудің бір бөлігі емес, қазіргі білім беру үдерістерінің жаңа мәні мен мақсаты, адамды сақтау мен дамытудың және адамзат өркениетін жалғастырудың бірегей құралы.

«Экологиялық мәдениет» ұғымы «адамдардың жерді өсіп - өндіруі» деген мағынаны білдіреді. Кең мағынада оны алғаш рет ежелгі римдік спикер және философ Цицерон қолданған, ол мәдениетті оқыту мен тәрбиелеу үрдісінде адамның «экологиялық санасын» өсіруді білдіреді «Экологиялық мәдениет» ұғымы адам жасаған барлық нәрсеге таралды. Философия тұрғысынан экологиялық мәдениет деп, қоғамдық нормалар мен мекемелер жүйесіндегі материалдық және рухани еңбек өнімдерінде, сондай-ақ, адамдардың табиғатқа, өзара және өзіне деген қарым-қатынастарының жиынтығында бейнеленетін адам өмірін ұйымдастырудың және дамытудың ерекше тәсілі ретінде түсіндіріледі. Экологиялық мәдениет әлемі – бұл адамға деген қарым-қатынаста алынған материалдық және рухани құндылықтар әлемі. Экологиялық мәдениет адамның әлеуметтік болмыс ретіндегі даму дәрежесін көрсетеді.

Сонымен, зерттеу жұмысының тұжырымдамалық бағыттарын ашу үшін төмендегі мәселелерге тоқталу орынды:

1. Экологиялық сана тарихы және даму кезеңдері. Адамзаттың қоршаған ортамен байланысы уақыт өткен сайын өзгеріп отырды. Әр тарихи кезеңде экологиялық сана әртүрлі формада дамыды. Осы дамудың негізгі кезеңдерін зерттеп, әр кезеңнің ерекшеліктерін көрсету маңызды. Мысалы, табиғатқа деген көзқарастың аграрлық қоғамда табиғаттың ажырамас бөлігі ретінде қарастырылуы, өнеркәсіптік революциядан кейін табиғатты басқаруға деген көзқарастың өзгеруі және қазіргі уақыттағы экологиялық сана мен жауапкершілік мәселелері.

2. Экологиялық сананың түрлері. Экологиялық сана әртүрлі формада болуы мүмкін. Бұл – табиғатқа қатысты философиялық көзқарастар, қоғамдағы экологиялық мәдениет, сондай-ақ, жеке адамдардың экологиялық ойлау мен әрекет ету деңгейлері. Сананың бұл түрлері әр кезеңде қоғамның мәдени, әлеуметтік және экономикалық жағдайларына сәйкес дамыды.

3. Қоршаған ортаға деген мінез-құлықтың экологиялық негіздері. Экологиялық сана адамзаттың табиғатқа, қоршаған ортаға деген мінез-құлқын анықтайды. Бұл жерде экологиялық мінез-құлықтың қалыптасуында маңызды рөл атқаратын факторлар мен механизмдер талқылануы тиіс. Адамдар табиғатқа әсер ету барысында қандай мотивтермен әрекет етеді, қандай экологиялық нормалар мен құндылықтар басшылыққа алынады.

4. Қазіргі заманғы экологиялық сана. Бүгінгі таңда экологиялық мәселелер, соның ішінде климаттың өзгеруі, экологиялық апаттар, ресурстардың сарқылуы және табиғатты қорғау сияқты мәселелер экологиялық сананың басты аспектілеріне айналды. Қоғамның экологиялық жауапкершілігі мен тұрақты даму концепциясының маңыздылығы осы тұрғыдан қарастырылуы керек.

Осы мәселелерді талқылау арқылы, экологиялық сананың даму жолдарын, оның қоғамдағы рөлін және қазіргі жағдайдағы маңыздылығын тереңірек түсінуге болады.

Ғылыми зерттеулерде экологиялық сананың кейбір анықтамалары берілген. Е.А.Стерлигова [126] мен А.Сейілханның [127] экологиялық сананы жалпы адам санасының бөлігі немесе бөлшегі ретінде қарастырып, табиғатқа деген жалпы адами қарым-қатынасты, сонымен қатар мәдени құндылық ретінде санап, қоршаған ортадағы құбылыстардың адам өміріндегі маңыздылығы және осы табиғи ортадағы адамзаттың орнын көрсететін білімнің іс-әрекет арқылы жүзеге асатынын атап өткен.

Сонымен қатар, «Экологиялық сана» ұғымына ғалымдардың еңбектеріндегі бірнеше анықтамаларға талдау жасалды (4-кесте).

Кесте 4 – «Экологиялық сана» анықтамасының мазмұнын талдау


Авторлар	Анықтама
1	2
В.А.Ясвин [128]	Экологиялық сана – бұл адамның табиғатпен өзара қарым-қатынасындағы жауапкершілігін, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мен қоршаған ортаны қорғауға деген саналы көзқарасын

4-кестенің жалғасы

	білдіретін ұғым. Бұл сана қоршаған ортаға деген құрметті, табиғат байлықтарын сақтау қажеттілігін және экологиялық мәселелерді шешуде белсенді іс-әрекетке дайындықты қамтиды.
О.А.Линенко [129]	Экологиялық сана – бұл адамның қоршаған ортаға деген қарым-қатынасын, табиғатқа жауапкершілікпен қарауын және оның сақталуына, тұрақты дамуына үлес қосуға бағытталған ойлау жүйесі мен құндылықтар жиынтығы.
С.Ф.Сергеев [130]	Экологиялық сана – бұл адамның әлеуметтік болмысының қоршаған табиғи ортамен өзара әрекеттесуінің қоғамдық санадағы көрінісі, оның алғышарты табиғаттың объективті заңдылықтарын білуі.
А.В.Гагарин [131]	Экологиялық сананы «адамның сыртқы әлеммен байланысына, адамзаттың мүддесі үшін осы байланыстардың өзгеру мүмкіндіктері мен салдарына, сондай-ақ, әлеуметтік табиғаты бар қолданыстағы тұжырымдамалар мен идеялардың табиғат құбылыстары мен объектілеріне өзара байланысына және оларға таралуы туралы ұғымдық аппарат түрінде қалыптасқан қатынастар жүйесі».
В.А.Скребец [132]	Қоғамның экологиялық санасы экологиялық дағдарыстардың әсерінен қалыптасады және қоғамдағы қолайсыздықтың, өркениет принциптерін немесе табиғатта көбірек өмір сүру үшін әлеуметтік құрылымды қайта қарастыруға тырысады.
C.K.Yap, C.S.Leow [133]	Экологиялық сананы «адамның, қоғамның қалыптасқан экологиялық жағдайдың санасы, табиғи ортаның байланыстары мен айналымдарын бұзбай, оны жақсартуға ықпал ететіндей әрекет ету қабілеті мен әдеті».
В.С.Лосев [134]	Экологиялық сана – бұл қоғам мен табиғи ортаның арақатынасы мәселелерін көрсететін көзқарастардың, теориялардың, тұжырымдамалардың және әлеуметтік эмоциялардың жиынтығы.
Н.С.Несгораева [135]	Экологиялық сана – әлеуметтік субъектінің (қоғам, топ, тұлға) тіршілік ету ортасына қатынасын көрсететін пікірлер, көңіл-күйлер, идеялар кешені. Оның қалыптасуы – субъектінің табиғатқа қатысты белгілі бір мінез-құлық нормаларын әзірлеу және игеру.

Экологиялық сана – дегеніміз қоғамның нақты қажеттіліктері мен табиғат мүмкіндіктеріне сәйкес оларды оңтайлы шешу тұрғысынан қоғам мен табиғаттың арақатынасы мәселелерін бейнелейтін көзқарастар, теориялар мен эмоциялар жиынтығы.

Сонымен қатар, экологиялық сананың маңыздылығы және түрлерін төмендегі кесте арқылы көрсетеміз (1-сурет).



Сурет 1 – Экологиялық сана түрлерінің функциялары

Батыс экологиялық санасының антропоцентристік бағытын сипаттайды, әсіресе «Адамның эксклюзивтілігі» парадигмасы (Human Exemptionalism Paradigm) тұрғысынан. Бұл парадигма адамның табиғаттан бөлініп, оның заңдарына бағынбайтынын, сондай-ақ, экологиялық мәселелерде адамның еркіндікке ие екенін негіздейді. Мұндай көзқарас адамды табиғаттан жоғары қойған және оның іс-әрекетіне байланысты экологиялық шектеулерден бас тартқан идеология ретінде көрінеді.

Батыс экологиялық санасы, негізінен, адамның табиғаттан үстемдігі мен оның ресурстарды пайдалану мүмкіндіктеріне бағытталған. Бұл сананың ішінде табиғатты қорғауға арналған талпыныстар болса да, олар көбінесе адам мүдделеріне сай келеді, яғни, экологиялық тепе-теңдік көбінесе адамдық қажеттіліктер мен ыңғайлылықтарды сақтау үшін ескеріліп отырады.

Сонымен қатар, бұл антропоцентризм табиғатты тек адам қажеттіліктеріне қызмет ететін ресурс ретінде қарастыруды ұсынады, ал басқа тірі ағзалар мен экосистемалардың өзіндік құндылығын елемейді. Мұндай көзқарастар экологиялық дағдарыстар мен табиғи ресурстардың сарқылуы мәселелерін күрделендіріп, адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынастың қайта қаралу қажеттілігін туындатты.

Осылайша, экологиялық сананың экоцентрлік түрі – бұл өзіне тән әлем туралы идеялар жүйесі, біріншіден экологиялық орындылыққа бағдарлану, табиғат пен адам арасындағы үйлесімді қарым-қатынасты орнықтыруға бағытталған, екіншіден, табиғи объектілерді толыққанды субъект ретінде және серіктес ретінде қабылдау, үшіншіден прагматикалық және прагматикалық емес тепе-теңдікпен табиғатпен өзара әрекеттесу, яғни антроцентристік және экоцентрлік көзқарастар табиғат пен қоршаған ортаға деген адам қатынасының екі түрлі философиялық бағытын білдіреді. Олардың ерекшеліктері мен айырмашылықтары келесі белгілермен сипатталады (5-кесте).

Кесте 5 – Антропоцентристік пен экоцентрлік белгілердің ерекшеліктері мен айырмашылықтары

Антропоцентристік белгілер	Экоцентрлік белгілер
1	2
Адамның орталық болуы: бұл көзқарас бойынша, табиғат пен қоршаған орта тек адам қажеттіліктеріне қызмет ету үшін бар. Яғни, адам барлық тіршілік формаларының ең маңыздысы болып табылады.	Табиғаттың өзіндік құндылығы: экоцентризм табиғаттың өзіндік құндылығын мойындайды, яғни табиғаттың тек адамға емес, барлық тіршілік иелеріне арналған біртұтас жүйе екендігін баса айтады. Адам, экосистеманың бөлігі ретінде, табиғатқа жауапкершілікпен қарайды.
Табиғаттың құндылығы: табиғаттың құндылығы оның адамға қалай пайда әкелетініне байланысты бағаланады. Мысалы, орманның құндылығы оның ағаштарынан алынатын материалдармен немесе оның экосистемалық қызметтерімен өлшенеді.	Барлық тіршілік формаларының маңызы: экоцентризм барлық тіршілік формаларына (жануарлар, өсімдіктер, экосистемалар) тең маңыз береді, әрі оларды қорғауды баса айтады. Бұл көзқарас адам әрекеттерінің табиғатқа зиян тигізбеуін, экологиялық тепе-теңдікті сақтау қажеттілігін жақтайды.
Адамның үстемдігі: антроцентризм адамның табиғатқа үстемдік етуін, оны өз мүдделеріне пайдалануын қолдайды. Бұл тұжырымдаманы көптеген дәстүрлі экономикалық және әлеуметтік жүйелердегі практикадан көруге болады.	Табиғатқа қамқорлық: экоцентризм табиғаттың келешек ұрпақтар үшін қорғауға алынуын талап етеді. Бұл жер шарындағы барлық тіршіліктің өзара байланысын, ал табиғаттың үздіксіздігін сақтауды көздейді.
Антроцентризмде адам барлық жүйенің ортасында тұр, табиғат оның қажеттіліктері.	Экоцентризмде табиғат өз құндылығына ие және адам оның бір бөлігі ғана.
Антроцентристік көзқарас табиғаттың құндылығын адамға беретін пайдасына қарай бағалау.	Экоцентризм табиғатты өздігінен құнды деп санайды, тәуелсіз тұрғыдан.
Антроцентристік көзқарас адам үшін экологиялық өзгерістерді басқаруға бағытталған.	Экоцентризм адам әрекеттері экосистемаға зиян келтірмейтіндей болуға ұмтылады.
Антроцентризм адам қажеттіліктерін бірінші орынға қояды.	Экоцентризм табиғатты сақтауды адамнан жоғары қояды.

Осылайша, экологиялық сананың антропоцентристік түрі – бұл адамның табиғатпен өзара байланысын негіздеуге бағытталған білім жүйесі. Оның басты ерекшеліктері мыналар: 1) адамның табиғаттан жоғары құндылық ретінде қаралуы. Бұл тұжырымда табиғат пен экожүйелер адамның қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін құрал ретінде қабылданады, ал оның құндылығы тек адамзаттың қажеттілігіне байланысты болады; 2) табиғатты біртұтас объект ретінде қабылдау. Алайда, бұл көзқарас табиғаттың барлық аспектілерін бірыңғай жүйе ретінде қарастырса да, оны адамның жан-жақты әрекеттерімен басқаруға болатын объект ретінде түсінеді. Бұл антропоцентризмнің табиғаттың тепе-теңдігін бұзу қаупін тудырады, өйткені адам өз мақсаттарына сай табиғат ресурстарын пайдалануға бағытталған әрекеттер жасайды; 3)

прагматикалық мотивтер мен мақсаттар. Бұл тұрғыда табиғатпен өзара әрекеттесу адамның нақты экономикалық және әлеуметтік мақсаттарына, сондай-ақ, оның өмір сүру жағдайларын жақсартуға бағытталады. Яғни, табиғаттың экологиялық және моральдық құндылықтары туралы ойланудан гөрі, оның материалдық пайдасы басым болады.

Антропоцентристік көзқарас табиғаттың экологиялық тепе-теңдігін қорғауға бағытталған, бірақ адамның қажеттіліктеріне, пайдасына көбірек мән береді.

Сондай-ақ, «экологиялық білім және жауапкершілік» ұғымдары адамның жеке қасиеттерінің себептік-нәтижелі тұтастығын беретін бірін-бірі толықтыратын және өзара байланысты екені байқалады. Экологиялық білім берудің негізгі бағыты, айтылғандай, болашақ педагогтарға табиғатты қорғау және оның сақталуына байланысты білім беру және тәрбиелеу. Бұл бағыт адамның табиғатпен үйлесімді өмір сүруі үшін қажетті экологиялық сананы қалыптастыруды мақсат етеді.

Мұндай білім беру жүйесі экологиялық мәселелерді шешу қабілетін дамытуға бағытталып, адамдарды табиғатқа жауапкершілікпен қарауға тәрбиелейді. Оған қоса, экологиялық білім беруде экологиялық дағдылар мен іс-әрекеттерді үйрету, табиғатты қорғау мен оның ресурстарын тиімді пайдалану да маңызды.

Бұл бағыт, әсіресе, болашақ педагогтар үшін маңызды, себебі олар мектепте экологиялық білім берудің алғашқы негіздерін қалыптастырушы тұлғалар болып табылады. Олардың экологиялық мәселелер бойынша білімдері мен дағдылары өскелең ұрпақтың экологиялық сана-сезімін арттырып, қоғамның табиғатты қорғауға деген көзқарасын қалыптастыруға көмектеседі.

Қазақстанда экологиялық білім мен тәрбие беру туралы заңдар мен стратегиялық құжаттар тұрақты түрде қабылданып, осы бағыттағы жұмыс күшейтіліп келеді. Қазақстан Республикасының Президенті «Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау және тұрақты дамуды қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік стратегиясы туралы» Жарлығында экология саласындағы мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттарының бірі ретінде экологиялық білім мен тәрбиенің дамуына ерекше назар аударылған [136]. Бұл заңдар мен қаулылар экологиялық сауаттылықты арттыру, табиғат қорғау шараларын жетілдіру және қоғамды экологиялық жауапкершілікке тәрбиелеуді мақсат етеді.

Экологиялық білім мен тәрбие беру – бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Мұндай стратегиялық құжаттар экология саласындағы мәселелерді шешу үшін тек білім беру мекемелерінің ғана емес, сонымен бірге қоғамдық ұйымдар мен мемлекеттік органдардың бірлескен, үйлесімді әрекетін қамтамасыз етуге бағытталған. Экологиялық білімді дамыту арқылы балалар мен жастарды табиғатқа ұқыпты қарауға, экологиялық мәдениетті қалыптастыруға және қоршаған ортаны қорғауға белсенді түрде тартуға болады. Бұл болашақ ұрпақтың экологиялық дағдарыстарды болдырмау, табиғатты қорғау және тұрақты даму қағидаларын ұстану үшін жауапкершілігін арттыруға ықпал етеді.

Жоғары оқу орындарында болашақ педагогтарды экологиялық бағытта даярлау – қазіргі заманғы білім беру жүйесіндегі маңызды бағыттардың бірі. Бұл үдеріс экологиялық сана-сезімді дамыту мен кәсіби дағдыларды қалыптастыру арқылы жүзеге асады. Мұндай даярлық мынандай негізгі міндеттерді қамтиды:

- экологиялық сана қалыптастыру: болашақ педагогтардың кәсіби қызметінде экологиялық мәселелерді шешуге қабілеттілік пен жауапкершілікті дамыту. Бұл экологиялық білім беру бағдарламаларын енгізу арқылы жүзеге асады. Олар қоршаған ортаны қорғау негіздерін үйрету, табиғатты тиімді пайдалану мәдениетін қалыптастыру, экологиялық тұрақтылықты қолдауға бағытталған құндылықтарды сіңіру;
- практикалық дағдыларды дамыту: болашақ педагогтарды нақты экологиялық жобаларды әзірлеуге, экологиялық мониторинг жүргізуге және тәжірибелік шешімдер қабылдауға үйрету;
- креативті және инновациялық көзқарас қалыптастыру: экологиялық мәселелерді шешуде жаңашыл идеялар мен шығармашылық көзқарасты дамыту. Бұл тәсілдер болашақ педагогтарды экологиялық білім беру саласында тиімді жұмыс істеуге және экологиялық білімді қалыптастыруға даярлайды. Әрбір тәсіл экологиялық мәселелерді шешудің өзара байланысқан, бірақ әртүрлі аспектілерін қамтиды;
- экологиялық мәселелердің шешімін табуда болашақ педагогтардың рөлі өте зор, өйткені, олар жас ұрпаққа табиғат қорғау және экологиялық жауапкершілік туралы білім береді. Болашақ педагогтар табиғаттың барлық қырларын түсіндіріп, оның экосистемаларының тепе-теңдігі мен адам өміріне әсерін түсіндіре отырып, экологиялық тәрбие беруді жүзеге асырады.

Бүгінгі уақытта Қазақстан Республикасының «Қоршаған ортаны қорғау туралы» Заңына сәйкес Қазақстанда мектепке дейінгі, мектептің, жоғары кәсіптік білім берудің және жоғары оқу орындарының бүкіл үдерісін қамтитын экологиялық білім беру мен тәрбиелеудің әмбебап, жан-жақты және үздіксіз жүйесі құрылды. Қазақстан Республикасының құрылтай субъектілерінің атқарушы органдарына экологиялық білім беруді басым дамыту бойынша шараларды жүзеге асыру ұсынылды. Сондықтан оны ұйымдастыруға және жүзеге асыруға қабілетті мамандарды даярлау қажеттілігі туындады [137].

Сонымен қатар, Ш.Ш.Қарбаева [138], Ж.С.Сихынбаева [139] ғалымдар ұжымы әзірлеген Қазақстан мемлекетінің экологиялық білім берудің ұлттық стратегиясының жобасында қоғамның экологиялық білімі деп материалдық және рухани құндылықтарды құру және игеру үдерісінде қоғам, адам және табиғат арасындағы қатынастардың сипатын білдіретін және анықтайтын ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесі кіретін жалпыадамзаттық білімнің салыстырмалы түрде тәуелсіз бөлігі түсіндіріледі; қоғамның прогрессивті дамуы мақсатында адамды қоршаған табиғи ортаны тұрақты қолдау жөніндегі қызметке қосу шарасы мен тәсілі; адамның қоғам алдындағы және қоғам алдындағы табиғат жағдайы мен табиғи ресурстарды ұқыпты пайдалануы үшін жауапкершілік дәрежесі. Адамның білімі мен ағарту тәсілі экологиялық білімнің даму механизміне, әлем мен ондағы адамның

экологиялық сананы қалыптастыруға айналуы керек. Ол білім берудің антропоцентристік парадигмасының мақсатты пәндік-гуманитарлық негізі өзін-өзі тану практикасы, психологиялық өзін-өзі қорғау, басқаларға қоршаған ортаны қорғауға көмектесу және т.б. кіретін теориялық және практикалық сабақтарды қамтитын «экологиялық білім мен тәрбие» пәндерінің міндетті циклін енгізуді білдіреді деп болжайды. Бұл ретте қоғамның экологиялық білімін дамыту олардың көзқарасы бойынша экологиялық білім беру, тәрбиелеу және ақпараттандыру жүйесі арқылы іске асырылуы тиіс.

Білім берудің экологиялық білімді қалыптастырудағы рөліне сілтеме жасай отырып, біз, әрине, экологиялық білімнің әртүрлі нормалары арқылы таратылатын белгілі бір ережелерді сақтауды насихаттауды ғана білдірмейміз. Айта кету керек, қазіргі педагогикалық әдебиеттерде білім беру жүйесіндегі экологиялық білімнің орнын анықтау тәсілдері жеткіліксіз анықталған. К.И.Исламованың [140], А.А.Нестерованың [141] пікірлерінше тұлғаның экологиялық білімі жоғары оқу орындарында және жалпы білім беру үдерісінде қалыптасады деп мәлімдейді. Сонымен бірге ол үдерістің тиімділігі оның үздіксіздігіне тікелей байланысты. Тек осы жағдайда ғана экологиялық білім сатыларын ұлғайта отырып, табиғатпен қарым-қатынас жасау құзыреттілігін арттыра алады, табиғаттағы жауапты азаматтық көзқарас пен жоғары адамгершілік мінез-құлықты дамыта отырып, әсіресе оның нақты тұратын жерінде және еңбек қызметінде экологиялық білімнің прогрессивті қозғалысын күтуге болады.

Экологиялық білім беруді дамытудың алғышарттарына:

- адамның табиғатпен тығыз байланыстылығы;
- адамның табиғатқа оң және теріс әсерінің нәтижесін басқару қажеттілігі;
- қоғамдық экологиялық сана ғылымның әртүрлі бағыттарының өзара байланыстары арқылы дамытудың ғылыми негізінің анықталуы, жатады.

Экологиялық білім берудің маңыздылығын:

- қоршаған ортаны қорғауда: экологиялық білім адамдардың табиғаттың құндылығы мен оны қорғаудың маңыздылығын терең түсінуіне көмектеседі. Адамдар экожүйенің әрбір элементінің өзара байланысын ұғынып, қоршаған ортаға зиян келтірмей, табиғат ресурстарын тиімді пайдалануға үйренуді анықтайды. Сонымен қатар, экологиялық сауаттылық қоршаған ортаны қорғау шараларын белсенді түрде қолдауға және жүзеге асыруға;
- тұрақты даму қағидатын жүзеге асыруда, қазіргі қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыра отырып, болашақ ұрпақтардың да табиғи ресурстар мен қолайлы қоршаған ортаға қол жеткізу құқығын қамтамасыз ететін даму моделі. Экологиялық білім бұл үдерісте маңызды рөл атқарады, өйткені ол қоршаған ортаға зиянсыз жаңа технологияларды енгізуге және экологиялық жауапкершілікті арттыруға ықпал етеді;
- қоғамдық сананы қалыптастырудың маңызды бөлігі ретінде экологиялық білім адамдардың қоршаған ортаға деген көзқарасын өзгертуге және экологиялық мәселелерді шешуге белсенді қатысуын арттыруға ықпал етіп, мүмкіндік береді.

Экологиялық сана адамзаттың табиғатпен қарым-қатынасындағы жауапкершілікті түсінуге негізделеді.

Экологиялық білімнің болашағы:

1. Жаңа технологиялар: экологиялық білім жаңа технологияларды қолдану арқылы (виртуалды шындық, арнайы қосымшалар) дамытылады.

2. Интердисциплинарлық байланыстар: экологиялық білімнің басқа ғылымдармен (биология, география, химия, физика) тығыз байланыста болады.

3. Тұрақты даму идеясының маңыздылығы: экологиялық білім тұрақты дамудың маңыздылығын түсінуге көмектеседі және экологиялық мәселелерді шешуге бағытталған болуы қажет.

Экологиялық білімнің дамуы – бұл адам мен табиғат арасындағы гармониялық қатынасты қалыптастырудың маңызды шарты. Оның дамуы ғылыми ой-пікірдің прогресімен, қоғамдағы экологиялық сананың өсуімен және жаңа технологиялардың қолданылуымен тығыз байланысты.

1.2 Тұрақты даму жағдайында Қазақстанда экологиялық білімнің дамуы

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде тұрақты даму қағидаларын білім мазмұнына енгізу – уақыт талабы. Әсіресе, химия және биология пәндері сияқты қоршаған орта мен адам денсаулығына тікелей ықпал ететін ғылым саласында бұл мәселе ерекше өзектілікке ие. Осыған байланысты дипломдық және диссертациялық зерттеулерде, сондай-ақ, жоғары оқу орындарының силлабустарында экологиялық қауіпсіздік, ресурс үнемдеу, қалдықтарды басқару, «жасыл химия» және басқа да тұрақты даму мәселелерін қамтитын тақырыптардың жиі кездесуі байқалады.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде «Биология, география және химия» білім беру бағдарламалары 2024–2025 оқу жылында тұрақты даму принциптерін тиімді енгізу мақсатында бірнеше маңызды ғылыми-зерттеу жобалары жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, 6B01515 – «Химия» білім беру бағдарламасы бойынша бітіруші курс студенттерінің дипломдық жұмыстары аясында «Жасыл экологиялық жуғыш құралдар» тақырыбында тәжірибелер жинағын жасау жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар, 7M01517 – «Биология» және 7M01515 – «Химия» білім беру бағдарламалары бойынша бірінші курсқа қабылданған магистранттардың ғылыми-зерттеу бағыттары тұрақты дамуды қолдауға бағытталған жобаларды қамтиды. Олардың арасында мектеп оқушыларының биологиялық білімін «Жасыл клуб» жобасы арқылы дамыту, сондай-ақ «Жасыл химиялық эксперименттер жиынтығы: тиімділігі мен қауіпсіздігі» тақырыбы ерекше орын алады. Бұдан бөлек, 8D01515 – «Химия» білім беру бағдарламасы бойынша докторлық диссертация ретінде «Тұрақты химиялық білім беру: қалдықтарды тиімді басқару контекстіндегі жасыл дағдылар» тақырыбы бекітілген, ол тұрақты даму қағидаларын химиялық білім беру жүйесіне интеграциялаудың өзекті мәселелерін зерттеуге бағытталған. Осылайша, университеттің ғылыми-зерттеу жұмыстары тұрақты даму принциптерін білім беру үдерісіне енгізудің инновациялық жолдарын

дамытуға және жасыл технологиялар мен экологиялық сауаттылықты арттыруға бағытталған кешенді жүйені қалыптастыруға ықпал етуде.

Бүкіл әлем бойынша адамдар білім беру, кедейлікті жою, теңсіздік пен климаттың өзгеруі мәселелеріне қатысты шешімді әрі жауапты көшбасшылықты талап етуде. Тұрақты даму мақсаттарының тұжырымдамасы алғаш рет 2012 жылы өткен Рио-де-Жанейро қаласындағы БҰҰ-ның Тұрақты даму жөніндегі конференциясында (Рио+20) ұсынылды. Бұл бастаманың негізгі мақсаты – тұрақты дамудың үш өлшемін (экологиялық, әлеуметтік және экономикалық) үйлестіретін, баршаға ортақ мақсаттар жиынтығын қалыптастыру болды.

Талаптарды нақты әрекетке айналдыру мақсатында, 2015 жылғы 25 қыркүйекте Нью-Йорк қаласында орналасқан Біріккен Ұлттар Ұйымының штаб-пәтерінде әлем көшбасшылары Тұрақты даму жөніндегі күн тәртібін қабылдады. Аталған күн тәртібі алдағы 15 жыл ішінде жаһандық саясат пен қаржыландыруды бағыттайтын 17 Тұрақты даму мақсаты (ТДМ) мен 169 нақты нысанадан тұратын құжатты бекітті. Бұл мақсаттар «барлық елдер мен мүдделі тараптардың серіктестік негізінде бірлесе әрекет етуі арқылы» іске асырылатын болады. Күн тәртібі кедейлікті барлық жерде және біржола жою жөніндегі тарихи міндеттемеден бастау алады және әлеуметтік, экономикалық және экологиялық өлшемдер бойынша сандық мақсаттарды белгілей отырып, «адамдар, планета және өркендеу» үшін ортақ әрекетке негізделген тұрақты даму шеңберін айқындайды.

Аталған мақсаттар мен нысаналар «әмбебап сипатқа ие және барлық елдер үшін бірдей қолданылатын болады, алайда әр мемлекеттің ұлттық ерекшеліктері, әлеуеті мен даму деңгейі, сондай-ақ ұлттық саясаттары мен басымдықтары ескеріледі». Мақсаттармен бірге оларды бағалауға арналған көрсеткіштер мен мониторинг жүйесі енгізіледі. Бұл көрсеткіштерді ТДМ көрсеткіштері жөніндегі Үкіметаралық және сарапшылар тобы (IAEG-SDGs) әзірлейді және олар өз ұсыныстарын 2016 жылғы наурызда БҰҰ Статистикалық комиссиясының қарауына ұсынатын болады.

Жаңа ТДМ елдерінде 2000 жылдың қыркүйегінде қабылданып, кедейлікпен күреске бағытталған ортақ 15 жылдық күн тәртібін белгілеу арқылы әлем елдерін жұмылдырған Мыңжылдық даму мақсаттарының (МДМ) орнын басады. МДМ шектен тыс кедейлік пен аштықты жою, емделуге болатын, бірақ әлі де қауіпті аурулардың таралуын тоқтату, барлық балалар үшін білім алуға тең мүмкіндік жасау секілді өзекті мәселелер бойынша өлшенетін, жалпыға бірдей келісілген мақсаттар жүйесін ұсынды.

Дегенмен, әлемде миллиондаған адам үшін бұл міндеттер толық орындалған жоқ – біз әлі де аштықты жою, жыныстық теңдікті толық қамтамасыз ету, денсаулық сақтау қызметтерінің сапасын арттыру және әрбір баланың білім алуына мүмкіндік беру бағытында соңғы қадамдарды жасауымыз қажет. ТДМ – МДМ басталған істі толық аяқтап, бірде-бір адамды назардан тыс қалдырмауға тиіс.

МДМ – 2015 жылға дейін жүзеге асырылуға тиіс кедейлікті азайтуға бағытталған 8 мақсаттан тұратын бағдарлама болды. Онда кедейлік пен

аштықты азайту, ауру-сырқаумен күресу, гендерлік теңсіздікті жою, таза су мен санитарияға қол жеткізуді қамтамасыз ету секілді мәселелер қамтылды. МДМ аясында үлкен жетістіктерге қол жеткізілді, бұл – мақсаттар мен нысаналарға негізделген бірыңғай күн тәртібінің тиімділігін көрсетті.

Жаңа ТДМ мен кеңейтілген тұрақты даму күн тәртібі МДМ-ге қарағанда әлдеқайда ауқымды. Олар кедейліктің түпкі себептерін шешуге және бүкіл адамзатқа тиімді даму жолын қамтамасыз етуге бағытталған. БҰҰ Даму бағдарламасында Хелен Кларк: «Бұл келісім – әлемді инклюзивті әрі тұрақты даму жолына түсірудегі маңызды кезең. Егер барлығымыз жұмыла әрекет етсек, азаматтардың бейбіт өмір сүруге, өркендеуге және әл-ауқатқа деген үмітін ақтап, планетамызды сақтай аламыз», – деді. Енді ТДМ МДМ бастаған істі аяқтап, ешкімнің шетте қалмауын қамтамасыз етеді.

Тұрақты даму мақсаты – әлемдік қауымдастық 2030 жылға дейін жүзеге асыруға міндеттенген, өзара байланысты және тұтастай қамтылған жаһандық ұмтылыстар кешені. Мыңжылдық даму мақсаттарының (МДМ) жетістіктеріне сүйене отырып, ТДМ қазіргі кезеңнің аса өзекті жаһандық мәселелерін қамтиды және елдердің ішінде де, арасында да серіктестік негізінде әрекет етуді талап етеді. Бұл мақсаттар тұрақты дамудың үш өлшемін – экономикалық өсім, қоршаған ортаны қорғау және әлеуметтік инклюзияны – теңгерімді түрде ұштастыруға бағытталған (БҰҰ, 2015).

ТДМ күн тәртібі күрделі әрі өзара байланысты мәселелерге жауап береді және мазмұны жағынан бұрынғы МДМ-ден әлдеқайда кең әрі кешенді. Ең бастысы – бұл күн тәртібі жаһандық ынтымақтастықты ұйымдастырудың басты қағидаты ретінде тұрақты дамуды қабылдайды, яғни экономикалық даму, әлеуметтік инклюзия және экологиялық тұрақтылықты үйлестіреді. Осыған байланысты, бұл бастамаға «Тұрақты даму мақсаттары» деген атау беріліп отыр – бұл әлем қауымдастығына жолданған басты үндеу. Сонымен қатар, бұл мақсаттар тек дамушы елдерге ғана емес, барлық мемлекеттерге, соның ішінде дамыған елдерге де қолданылады. 2015 жылдан кейінгі күн тәртібі ресурстарды тұрақты пайдалану мен бейбіт және инклюзивті қоғамдар құруға бағытталған, яғни, әдеттегі тәсілдерден бас тартуды талап етеді (Тұрақты даму шешімдері желісі, 2013). Негізгі бес бағыт бойынша іс-қимыл жасау қажеттігін көрсетеді: адамдар, планета, өркендеу, бейбітшілік және әріптестік. Мақсатқа негізделген жоспарлау халықаралық конвенциялар мен халықаралық құқық құралдарын толықтырып, елдер арасындағы ынтымақтастықты дамытады, барлық мүдделі тараптарды жұмылдырады және нақты әрекетке шабыттандырады [142].

Бұл тұжырымдалған мақсаттар тұрақты дамудың ортақ тұжырымдамасын қалыптастыруға мүмкіндік береді және қоғамның күрделі мәселелерді түсінуіне жол сілтейді. Олар жаһандық қауымдастықты біріктіріп, мүдделі тараптарды жұмылдырады. Әрбір Тұрақты даму мақсатының (ТДМ) айналасында қоғам көшбасшылары, саясаткерлер, мемлекеттік органдар, академиялық қауымдастық өкілдері, үкіметтік емес ұйымдар, діни ұйымдар, халықаралық мекемелер, донорлық ұйымдар мен қорлар ортақ мақсат жолында күш біріктіруге ынталандырылады. Бұл тараптар тұрақты дамуға бағытталған ұзақ

мерзімді тәсілдерді қолдап, міндеттерді нақтылап, есептілікті күшейтуге ықпал етеді (Тұрақты даму шешімдері желісі, 2013).

Білім беру бүкіл әлемде тұрақты дамудың негізгі құрамдас бөлігі ретінде мойындалып отыр. Ол табиғи ресурстарды басқаруда оң өзгерістерге қол жеткізу үшін экологиялық білім берудің тиімді әдістерін қолдана отырып, қоғамның қатысуын кеңейте алады.

Білім беру жаһандық даму мен қоғамның өркендеуіне елеулі үлес қосып келеді және адамдардың өмір сүру сапасын жақсартудағы рөлімен танылған. Сапалы білім қоғамды саяси және экономикалық өмірге белсенді араласуға дайындап, жеке тұлғаларға саналы шешім қабылдау және жауапты әрекет ету дағдыларын береді.

Тұрақты даму 30 жылдан астам уақыт бойы адам мен қоршаған орта жүйелерінің тозуын тоқтатудың тиімді жолы ретінде насихатталып келеді. Дегенмен, бұл ұғым кейде шамадан тыс немесе орынсыз пайдаланылып, бастапқыда көзделген экологиялық мақсаттар назардан тыс қалып, әлеуметтік немесе экономикалық аспектілерге көбірек мән берілуде. Сондықтан бұл үш өлшем – экономикалық, әлеуметтік және экологиялық – саясатты қалыптастыруда тең деңгейде қарастырылуы тиіс.

Бұл мақсат ТДМ-нің барлық бағыттарын қамтиды және олардың ішіндегі ең маңыздысы болып табылады. Тұрақты даму мен адам капиталының дамуына бағытталған барлық білім салалары – тұрақты даму бойынша білім беру, экологиялық білім беру, бейбітшілікке тәрбиелеу, кәсіптік және жоғары білім – қоғамның барлық топтарына қолжетімді болуы тиіс. Экологиялық білім беру (ЭББ) және Тұрақты даму бойынша білім беру (ТДББ) – қоршаған ортаны сақтау мен қорғауға тікелей бағытталған мамандандырылған салалар. Оқу бағдарламаларына экология пәндерін енгізу арқылы бұл салада нақты нәтижелерге қол жеткізуге болады. Мұндай күш-жігер экологиялық сауаттылықты арттырып, қоршаған ортаға деген жауапты көзқарасты қалыптастыруға ықпал етеді.

XXI ғасырдың басы бұл кезеңде елімізде табиғатқа қамқорлық таныту, қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне ерекше көңіл бөлініп, экологиялық сауаттылықты арттыруға бағытталған түрлі шаралар қабылданды. Экологиялық білім беру қоғамдағы табиғатқа деген қарым-қатынасты өзгертуге, жас ұрпақты экологиялық мәдениетке тәрбиелеуге бағытталды.


XX ғасырдың соңында Қазақстанда экологиялық мәселелер, әсіресе Кеңес Одағының құлауы мен егемендік алғаннан кейін, айқын көріне бастады. Семей ядролық полигонының зардаптары, Арал теңізінің тартылуы, Балқаш көлі мен өзге де су айдындарының экологиялық ахуалы қоғамды алаңдатып, осы мәселелерді шешу қажеттілігі туындады. Осыған байланысты мемлекет тарапынан табиғатты қорғау жөніндегі заңдар қабылданып, экологиялық мәселелерге назар аударыла бастады.

Қазіргі уақытта Қазақстанда экологиялық білім беру мектепке дейінгі білім беру мекемелерінен бастап, университеттерге дейінгі барлық оқу орындарында оқытылуда. Оқушылар мен болашақ педагогтар экологиялық мәселелер бойынша теориялық біліммен қатар, практикалық дағдыларды да

игеруде. Жас ұрпақты табиғатты аялауға, оны қорғауға үйрету – экологиялық білім берудің басты міндеттерінің бірі.

Осылайша, XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басында Қазақстандағы экологиялық білім беру жүйесі қалыптасып, тұрақты дамудың негізі қаланды. Бұл бағыттағы жұмыстар жас ұрпақты экологиялық мәдениетке тәрбиелеу арқылы елдің болашағына, экологиялық қауіпсіздігіне үлес қосуда.

Экологиялық білім беру тарихын кезеңдерге зерттеушілер [143] ғылыми білімнің даму кезеңдеріне сәйкес жіктеу тәсілдерін қолданғанын көреміз. Соған сәйкес төмендегі тәсілдерді атап өтуге болады (2 сурет).



Сурет 2 – Экологиялық білім беру тарихын кезеңдерге бөлу тәсілі

Зерттеушілер экологиялық білім беруді кезеңдерге бөлуде көбіне классикалық немесе «объектілік» тәсілді қолданатынын айтады. Тек кейбір зерттеу жұмыстарында ғана білім беруді кезеңдерге бөлуде классикалық емес және постклассикалық тәсілдер қолданылған [144].

Классикалық тәсілде субъект-объектімен салыстырылады.

Білім беруді дамыту кезеңдерін бөлудің классикалық тәсілінің негізіне – мазмұнның өзін дамыту логикасының ішкі қозғаушы күштері емес, оған саяси, идеологиялық, экономикалық және т.б. секілді сыртқы жағдайлар қойылады.

Сонымен, биологиялық (оның құрамында және экологиялық) білім беруді дамытудың классикалық тәсілін сипаттай отырып, О.Н.Пономарева өзінің диссертациялық зерттеуінде талдау үшін қолданылатын критерийлерді әлеуметтік-экономикалық, нормативтік-құқықтық және ұйымдастырушылық тұрғыдан топтастырады [145].


Әлеуметтік-экономикалық критерий белгілі бір уақыт аралығында экологиялық оқыту мен тәрбиелеуге қоғамның объективті білім беру сұраныстарының динамикасын көрсетеді.

Нормативтік-құқықтық критерий білім беру және табиғатты қорғау саласындағы заңнамалық актілердің тарихын белгілейді.

Ұйымдастырушылық критерий экологиялық білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру барысына және мектептің қоршаған ортаны қорғау жөніндегі қызметті ұйымдастыруына сілтеме жасайды.

Жалпы алғанда, экологиялық білім беруді кезең-кезеңімен бөлудің классикалық тәсілі қоғамның түлектерді даярлау деңгейі мен сапасына, білім берудің нормативтік базасына және ғылымның мазмұнына, әдістеріне, даму нысандарына қажеттілігіне байланысты мен оқыту құралдарының құрамының өзгеруін анықтайтын негізгі факторлар болып табылады деген тезиске негізделген.

Классикалық тәсіл негізінде Қазақстанда экологиялық білім беруді дамытудың үш кезеңін анықтауға болады (3-сурет).



Сурет 3 – Экологиялық білім беру тарихының кезеңдерге бөлінуі

I – Революцияға дейінгі кезең – Одақтас елдерде, соның ішінде Казақстанда, жалпы алғанда, жаратылыстану білімінің қалыптасуы. Онда 2 кезеңге бөлінген:

XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың бірінші жартысы – бұл кезең ағартушылық идеяларының кең таралған дәуірі болды. Бұл уақытта білім беру жүйесінде маңызды өзгерістер орын алып, «иллюстрациялық» оқыту әдістері кеңінен қолданылды.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басы эстетикалық тәрбие мен білім беру саласындағы ерекше кезең болды. Бұл уақыт аралығында «зерттеу» әдістерін қолдану кеңінен енгізіліп, қоғамда жаратылыстану-ғылыми және әдеби-гуманистік бағыттар қарқынды дамыды. Эстетикалық тәрбие үшін табиғи объектілерді пайдалану идеясы осы кезеңде үлкен мәнге ие болды. Бұл әдіс адамның табиғатқа деген қызығушылығын арттырып, оны сұлулықты танудың, өнерге және ғылымға деген көзқарасын қалыптастырудың құралы ретінде қарастырды. Жаратылыстану ғылымдары эстетикамен үйлесім тапты,

ал әдебиет пен гуманитарлық білім табиғатқа поэтикалық және философиялық тұрғыдан қарауды дамытты.

Осы бағытта табиғатты бақылау, оны зерттеу, өсімдіктер мен жануарлардың сұлулығын тану сияқты практикалық әрекеттер эстетикалық тәрбие мен ғылыми білімді біріктіруге көмектесті. Бұл кезеңдегі білім беру әдістемесі балалар мен жастарға табиғат арқылы әлемді тануға, көркемдік талғамды қалыптастыруға және адамгершілік құндылықтарды дамытуға бағытталды.

Сол уақытта пайда болған «зерттеу» әдісі білім алушылардың өз бетінше ойлауын, бақылауын және қорытынды жасау қабілетін дамытты. Мұндай тәсіл білім беру жүйесінде үлкен жаңашылдық саналып, қазіргі заманғы педагогика мен ғылымның негізін қалады.

Қазақстанда экологиялық білім беруді дамытудың екінші кеңестік кезеңі – маңызды тарихи оқиғалар мен үрдістерді қамтиды. Бұл кезеңде экологиялық білімнің жаратылыстану ғылымдарында көрініс табуы ерекше болды. Аталған кезең үш негізгі сатыға бөлінеді:

Қазақстанда экологиялық білім беруді дамытудың II – Кеңестік кезең – экологиялық компоненттің жаратылыстану білімінде ерекшеленуімен сипатталады. Бұл кезең үш кезеңге бөлінеді:

-1920-1940 жылдардың ортасы – экологиялық білім беруді экологияландыру үрдісі басталды, басқару органдарының қаулылары табиғатты қорғау ісіне және экологиялық сауаттылыққа ықпал етті, танымдық, практикалық және прагматикалық экологиялық қызметтерге басымдық берілді.

-1940-1970 жылдарға дейін – табиғатты қорғау туралы заңдар мен қаулылар қабылданып, бұл білім берудің мазмұнын реттеуге әсер етті, КСРО-ның басқа елдермен қоршаған ортаны қорғау және экологиялық білім беру саласындағы халықаралық ынтымақтастығы басталды, экологиялық білім беру табиғатты қорғау шараларымен тығыз байланысты болды.

Өткен XX ғасырдың аяғында (1980-1999 жж.) әртүрлі деңгейдегі экологиялық білім берудің мазмұны, формалары мен әдістері көптеген нысанына айналған: (М.Н.Сарыбеков, Р.Басекеева және т.б.). Экологиялық білім беру саласындағы жинақталған тәжірибе оның экологиялық білім беру философиясына, тұрақты даму философиясына сүйену қажеттілігін түсінуге әкелді.

Тұжырымдамалық педагогикалық негіздері С.В.Алексеев, С.Н.Глазачев, В.И.Данилов-Данильян, Н.М.Мамедов, Н.Н.Моисеев, Н.Ф.Реймерс, А.Д.Урсула, А.В.Ябағытов, Г.А.Ягодина және т.б. еңбектерінде әзірленген «Тұрақты даму үшін экологиялық білім» тұжырымдамасы пайда болды.

XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басындағы ғалымдардың көпшілігі экологиялық білімді зерттеу нәтижесі ретінде экоцентрлік сана мен ойдың қалыптасуының, тұлғаның экологиялық мәдениетінің қалыптасуының маңыздылығын мойындайды.

XXI ғасырдың басында тұрақты даму үшін экологиялық білім берудің мақсаты жаңа білім беру парадигмасына көшу арқылы айқындалады. Бұл парадигма қазіргі қоғамда өмір сүру үшін қажетті білім мен дағдыларды

игерумен шектелмей, болашаққа бағытталған, озық және тұрақты даму идеяларын жүзеге асыратын білім беру моделін құруды көздейді. Экологиялық білім берудің негізгі мақсаты – жастардың тез өзгеретін әлеуметтік-экономикалық және экологиялық жағдайларда бейімделу қабілетін арттыру. Бұл олардың қоғамның тұрақты дамуына белсенді қатысуын, сондай-ақ қабылданатын шешімдердің ықтимал салдарын алдын ала бағалап, оларды саналы түрде қабылдай білу қабілетін қалыптастыруға бағытталған [146].

Қазіргі білім беру жүйесінің дамуындағы заманауи кезеңнің ерекшеліктерін сипаттайтын III кезең деп аталған, бұл уақыт аралығы (1990 жылдардың аяғынан қазіргі уақытқа дейін) бірнеше маңызды ерекшеліктерімен танымал:

1. Тұрақты даму идеялары: білім беру жүйесіне халықаралық тұрақты даму концепцияларының енуі. Бұл экологиялық сана мен жауапкершілікті арттыруға бағытталған.

2. Әлемдік интеграция: Қазақстанның білім беру жүйесінің әлемдік стандарттарға сәйкестену үдерісі.

3. Инновациялар мен цифрландыру: білім беру саласында жаңа әдіс-тәсілдер, технологиялар және цифрлық шешімдер кеңінен қолданылуда.

4. Халықаралық стандарттар: оқыту үдерісін әлемдік тәжірибеге сәйкестендіру арқылы бәсекеге қабілеттілікті арттыру.

Экологиялық білім беруді дамытуда маңызды үлес қосып, оның мазмұнын, кезеңдерін зерттеген ғалымдар Н.А.Бирюкова, Е.Н.Дзятковская, А.Н.Захлебный, Б.Г.Иоганзен, О.Н.Пономарева, Л.В.Попова, Е.М.Скурихина және т.б.

Экологиялық білім берудің классикалық емес тәсілі «сезім арқылы-рационалдылық» дилеммасы негізінде құралады, бұл тәсіл танымдық үдерісте эмоционалдық және рационалдық компоненттердің үйлесімді байланысын көздейді. Бұл бағытта білім беру адамның табиғатпен өзара әрекеттесуін тек қана ғылым мен логика тұрғысынан емес, сонымен қатар сезімдер мен эмоционалдық түйсіктер арқылы да түсінуді қамтиды.

Бұл әдістің негізінде әлемдегі барлық заттар мен құбылыстардың өзара байланыстылығы және салыстырмалы қарым-қатынастылығы туралы идея жатыр. Мұндай тәсілде табиғатқа деген эмпатияны дамыту, оның сұлулығы мен нәзіктігін сезіну экологиялық мәселелерді шешуде маңызды рөл атқарады.

Педагогикада классикалық емес кезеңнің теориялары білім беру жүйесінің дәстүрлі шекараларын кеңейтіп, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа әдіснамалық және теориялық негіздерін қалады. Бұл кезеңнің маңызды теориялары танымдық және оқыту үдерістерін терең түсінуге, білім алушылардың психологиялық және әлеуметтік ерекшеліктеріне бейімделуге бағытталған. Л.С.Выготскийдің мәдени-тарихи теориясы жоғары психикалық функциялардың дамуының мәдени-тарихи негіздерін зерттей отырып, таным мен оқытуды әлеуметтік контексте қарастырды. Оның «жақын арадағы даму аймағы» ұғымы оқытудың дамудағы жетекші рөліне ерекше көңіл бөледі. А.Н.Леонтьевтің іс-әрекет теориясы психикалық үдерістер адамның іс-әрекеті арқылы дамиды деп есептеген және оқу мен тәрбие үдерісін тұлғаның іс-

әрекеттік байланыстарымен тығыз байланысты қарастырды. Э.В. Ильенковтың пәндік қызмет дидактикасы оқытуды білім алушылардың нақты әрекет арқылы жаңа білімді меңгеруіне негіздеу қажеттігін көрсетеді. Д.Б.Эльконин мен В.В.Давыдовтың оқу іс-әрекеті теориясы бұл теорияда оқыту баланың жеке тұлғалық және танымдық дамуына негізделіп, оқыту мазмұнын теориялық ойлау дағдыларын дамытуға бағыттайды. П.Я.Гальпериннің ақыл-ой әрекеттерін кезең-кезеңімен қалыптастыру теориясы ақыл-ой әрекеттерін жүйелі түрде және белгілі бір кезеңдер арқылы қалыптастыруды қарастырады, бұл оқытудағы мақсатқа жетуді жеңілдетеді. Проблемалық оқыту теориясы (Дж.Брунер, И.Я.Лернер, А.М.Матюшкин және т.б.) білім алушылардың ойлау белсенділігін арттыру үшін мәселелер туындайтын жағдайларды қолдану арқылы оқыту. Білім алушылардың оқу қызметін белсендіру теориясы (А.К.Маркова, Т.И.Шамова) бұл теория оқу үрдісін білім алушылардың белсенді қатысуымен ұйымдастыруды қолдайды. Оқытуды оңтайландыру теориясы (Ю.К.Бабанский) оқу-тәрбие үдерісін тиімді ұйымдастыруға, ресурстар мен уақытты оңтайлы пайдалануға бағытталған. Танымдық қызығушылықты дамыту теориясы (Г.И.Щукина) білім алушылардың оқу үрдісіне деген қызығушылығын арттыру арқылы білімді терең меңгеруді қамтамасыз етеді. Бағдарламаланған оқыту теориясы (Т.А.Ильина, Б.Скиннер, Н.Ф.Талызина) оқытуды автоматтандыру және құрылымдауға, білім алушылардың өзіндік жұмысына негізделген әдістерді қолдану. Бұл теориялардың барлығы педагогикалық ғылымның әдіснамасын байытып, оқытудың тиімділігін арттыруға және білім алушылардың жеке қабілеттерін дамытуға жаңа мүмкіндіктер ашты.

Жүйелік тәсіл тұрғысынан экологиялық білім беруді дамыту кезеңдерге бөлінуі оның қоғам мен білім беру жүйесіндегі орны мен маңыздылығының өзгеруін көрсетеді. Оларды төмендегідей сипаттауға болады:

XX ғасырға дейінгі кезең: бұл уақытта экологиялық білім табиғат туралы жалпы білімнің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылды. Жаратылыстану ғылымдары аясында экологияға қатысты ұғымдар, табиғат құбылыстары мен үдерістері оқытыла бастады. Бірақ бұл кезеңде экология дербес пән ретінде қалыптасқан жоқ, тек жаратылыстану ғылымдарының бір элементі болды.

XX ғасырдың 80-90 жылдарына дейінгі кезең: бұл уақыт аралығында экологиялық білім беру биология және география пәндерінің құрамдас бөлігі ретінде маңызды орын алды. Экологиялық мәселелердің күрделене түсуіне байланысты, оны оқыту ғылыми және педагогикалық тұрғыдан негізделе бастады. Экологиялық тәрбие жеке тұлғаның табиғатқа деген қарым-қатынасын қалыптастыру құралы ретінде көрініс тапты.

XX ғасырдың 90 жылдары: бұл кезең экологиялық білім берудегі маңызды өзгерістер мен жаңашылдықтарға толы болды. Экологиялық білім берудің жаңа тұжырымдамалары пайда болып, оларды білім беру жүйесінің әртүрлі деңгейлерінде іске асыру басталды. Осы уақыттан бастап экологиялық білім беруге көп салалы және кешенді көзқарас қалыптасты. Әртүрлі бағыттарда, мысалы мектепке дейінгі, мектептегі, жоғары білім беру және өмір бойы оқыту салаларында экологиялық білім беру жүйелі түрде дамыды:

1. Интеграциялық үдерістердің жандануына байланысты экология жеке пән ретінде оқу жоспарларына енгізіліп, оның маңыздылығы артты. Әсіресе, экологиялық білім мен ғылымның халыққа кеңінен таралуы, экологиялық мәдениетті қалыптастыру және адам мен табиғаттың өзара байланысын түсіну сияқты мәселелер басты назарда болды.

2. Экологиялық білім беру тұжырымдамасының қалыптасуы да осы кезеңде маңызды орын алды. Бұл тұжырымдама тұрақты даму концепциясына негізделіп, экологиялық білімнің мәнін, оның мазмұнын және әдіс-тәсілдерін анықтады. Тұрақты даму тұрғысынан экологиялық білім беруді жүйелеу және оның әртүрлі білім беру құрылымдарында берілуін жоспарлау маңызды болды.

3. Саралау үдерісі жалпы білім беру жүйесінде экологиялық білімнің әртүрлі құрылымдарға таралуына ықпал етті. Бұл экологиялық білімнің әртүрлі жастағы және білім деңгейіндегі білім алушыларға бейімделуін қамтамасыз етті. Сонымен қатар, экологиялық білім беру құрылымдарының кеңеюі мен жан-жақты құрылуы, түрлі ғылымдар мен білім салаларында экологияның тереңірек қарастырылуына мүмкіндік берді.

4. Жаңа құрылымдардың пайда болуы, яғни экологиялық білім берудің жаңа бағыттары мен пәндер жүйесінің дамуы, білім беру жүйесінің біртұтас жүйе ретінде қалыптасуына ықпал етті. Бұл жаңа құрылымдар, сонымен қатар экологиялық білім берудің болашақта ғылыми бағыт ретінде дамуына негіз болды.

Қорыта айтқанда, XX ғасырдың 90 жылдары экологиялық білім берудің қарқынды дамыған кезеңі болды. Бұл уақыт экология мәселелерінің жаһандық деңгейде өзектілігін арттырған кезең ретінде ерекшеленеді.

XXI ғасырдың басында Біріккен Ұлттар Ұйымы тұрақты даму мәселелерін шешуде білім берудің рөлін ерекше атап өтті. 2005-2014 жылдары БҰҰ «Білім беру – тұрақты даму жолында» (Education for Sustainable Development, ESD) онжылдығы жарияланды. Бұл бастаманың басты мақсаты – экологиялық, әлеуметтік және экономикалық мәселелерді шешуде білім берудің рөлін арттыру арқылы тұрақты даму қағидаларын қоғамның барлық деңгейінде жүзеге асыру.

Мазмұнның құрылымында тұрақты даму мүддесі үшін экологиялық білім беруді жаңа жүйе құраушы ретінде анықтау маңызды болған. Бұл жүйе жалпы білім берудің барлық мазмұнын түбегейлі қайта қарауды талап етті. Жаңа мақсат – білім беруді тұрақты дамуға бағытталған негізде ұйымдастыру болды. Мұндай көзқарас білім беру жүйесінде экологиялық түсініктер мен дағдыларды енгізуді көздеді, әрі оны қоғамның әртүрлі салаларында қолданысқа енгізу қажет болды.

Тұрақты даму мақсаттарына жету үшін білім беру жүйесінің мазмұнын қайта бағдарлау – бұл тек теориялық емес, практикалық тұрғыдан да маңызды қадам болды.

Сонымен қатар, кейбір зерттеулерде экологиялық білім берудің даму сатысын, адамның экологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың 3 кезеңі деп те қарастырылады, 6-кестеде көрсетілген.

Кесте 6 – Экологиялық құзыреттілікті қалыптастыру кезеңдері

Кезеңдері	Мазмұны
1	2
I кезең – XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың 60-жылдары	адамның жаңа дүниетанымын қалыптастыру және адамның өзін-өзі жетілдіруге саналы көзқарасын тәрбиелеу және қоғам мен табиғатты жақсартуға белсенді қатысу;
II кезең – XX ғасырдың 60-жылдары – 1992 жылға дейін	адам мен табиғаттың бірлігі идеясы (бірлескен эволюция), адамның әлеммен (қоғам, табиғат) үйлесімді өмір сүруге дайындығы, мұғалім адам мен табиғаттың өзара әрекеттесуін үйлестіруге;
III кезең – 1992 жылдан қазіргі уақытқа дейін	қоғам мен білімнің тұрақты дамуы идеясы, педагогтың құзыретті тұлғасын қалыптастыру және қоршаған ортаны қорғау мәселелерін шешуге адамның саналы қатынасын тәрбиелеу. Жаһандану және белгілі бір аймақтың мәселелері басым).

Біздің елімізде экологиялық білім берудің басталуы табиғатты қорғау идеясымен байланысты. Барлық дамыған және дамушы елдердегі білім беру үдерісімен өзара тығыз байланыста бола отырып, XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басындағы Қазақстанда экологиялық білім беру үдерісі де экологиялық білім беруді дамытудың әлемдік стандарттарына сәйкес дамығанын сипаттауға болады.

ЮНЕСКО-ның шешіміне сәйкес, XX ғасырдың 20 жылы «экологиялық білім беру жылы» деп жарияланды. Бұл экологиялық білім беру мәселесінің өзектілігін айқындады.

1972 жылы БҰҰ-ның Стокгольмдегі қоршаған орта жөніндегі конференциясы экологиялық білім берудің дамуына айтарлықтай ықпал етті. Бұл конференция әлемде қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне назар аударуды және экологиялық сананы қалыптастыруды ұсынған маңызды кезең болды. Қазақстанда осы кезеңнен бастап, экологиялық білім берудің теориясы мен әдістемесі дамып, оның мақсаты мен міндеттері анықталды.

Экологиялық білім беру қазіргі уақытта тұлғаның табиғатқа деген дұрыс қатынасын қалыптастыру, экологиялық мәселелерді түсіну, оларды шешу жолдарын іздестіру мақсатында жүзеге асырылады. Бұл білім саласы педагогикалық жүйеде үздіксіз оқу үдерісі ретінде қарастырылады, оның ішінде мектептен бастап, жоғары оқу орындары мен қоғамдық ұйымдарға дейін кеңінен таралады.

Қазақстанда экологиялық білім беру міндеттері төмендегідей түрде сипатталады:

1. Табиғат пен қоршаған ортаны қорғау туралы білім мен дағдыларды қалыптастыру;

2. Экологиялық мәдениетті дамыту, табиғатқа ұқыптылықпен қарау;

3. Табиғаттың экологиялық жүйесін терең түсіну және экологиялық мәселелерге шығармашылықпен қарау.

Бұл сала экологиялық сананы тәрбиелеудің барлық деңгейінде жүзеге асырылады, және оның маңыздылығы Қазақстанның болашақ ұрпағына

тұрақты даму мен табиғат ресурстарын сақтауға деген жауапкершілікті арттыруда үлкен рөл атқарады.

XX ғасырдың 60 жылдарының ортасынан бастап, табиғатты қорғау туралы ғылыми жарияланымдардың саны артқан, ал 70 жылдардың басынан бастап, экологиялық білім өзін педагогикалық қызметтің жаңа бағыты ретінде дами бастады. Дереккөздерді зерттеу 70 жылдардың басында «Табиғатты қорғау туралы білім» жалпы ұғымымен табиғат туралы білімді белсенді насихаттаумен ерекшеленетінін көрсетеді.

Табиғатты қорғау туралы білім пәнаралық болып саналды, экологиялық мәселелер әртүрлі оқу пәндеріне енгізілді. Табиғатты қорғау тәрбиесінде болашақ педагогтардың оқудан тыс іс-әрекетіне үлкен орын берілді, бұл жастарды табиғи орта объектілерін қорғау және қалпына келтіру бойынша практикалық істерге ұйымдастыруға мүмкіндік берді. Бұл фактіде біз экологиялық білім берудің тәрбиелік компонентінің нақты жүзеге асырылуын көреміз.

Экологиялық білім – бұл табиғатты қорғау, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау және экологиялық мәселелерді шешу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған білім саласы. Ол адам мен табиғат арасындағы үйлесімді қарым-қатынасты орнату үшін маңызды. Экологиялық білім беру түрлі деңгейлерде жүзеге асырылады: мектепке дейінгі тәрбие, орта және жоғары білім беру, сондай-ақ, ересектердің экологиялық сауаттылығын арттыру. Экологиялық білім беру әрбір адамды табиғатты құрметтеуге және оны сақтауға үйретіп, жер бетіндегі өмір сапасын жақсартуға бағытталған маңызды үдеріс [147].

1980 жылмен 1990 жылдың ортасына дейін Қазақстанда білім беру саласында экологиялық білім беру жүйесін қалыптастыруға бағытталған бірнеше маңызды қадамдар жасалды. Бұл кезеңде экологиялық мәселелердің маңыздылығы артып, қоғамда экологиялық сананың дамуына көңіл бөлінді.

1989 жылы 28 ақпанда Қазақстанның қоғам қайраткері О.Сүлейменов «Невада-Семей» бүкілхалықтық антиядролық қозғалысын ұйымдастырды. Бұл қозғалысты құрудың мақсаты – бүкіл әлемдегі ядролық сынақтарды тоқтату болды. Бұл қозғалыстардың нәтижесі 1989 жылы Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық жарылыстардың азаюы, кейіннен 1991 жылы осы полигонның жабылуы болды. Осы кезеңдегі Қазақстан халқын экологиялық тәрбиелеу мен ағарту тұрғысынан бұл қозғалыстың маңызды рөлін атап өткен жөн.

Халықаралық Аралды құтқару қоры (ХАҚҚ) – 1993 жылы Орталық Азия мемлекеттері басшыларының бастамасымен құрылған ұйым. Оның негізгі мақсаты – Арал теңізі бассейнінің экологиялық жағдайын жақсарту және аймақ тұрғындарының әлеуметтік-экономикалық деңгейін көтеру.

Арал теңізі – кезінде әлемдегі ең үлкен теңіздердің бірі болған, бірақ қазіргі таңда оның экологиялық апат аймағына айналғаны белгілі. XX ғасырдың ортасында теңіз суының тартылуы және қоршаған ортаға кері әсер етуі үлкен мәселе ретінде көтерілді. Бұл жағдай табиғатқа ғана емес, аймақтағы халықтың өміріне де үлкен өзгерістер әкелді. Арал теңізінің құрғауына ең алдымен адам

әрекеттері әсер етті. Кеңес Одағы кезінде суармалы егіншілікті дамыту мақсатында теңізге құятын негізгі өзендер – Әмудария мен Сырдарияның суы егістік алқаптарын суару үшін бағытталды. Бұл өзендерден келетін судың азаюы теңіздің біртіндеп, тартылуына әкелді. Сонымен қатар, климаттың өзгеруі де судың булануын тездетіп, жағдайды ушықтыра түсті.

Экологиялық зардаптары:

- теңіз түбінің кеуіп, тұзды шөлге айналуы;
- тұзды дауылдардың көбеюі және олардың алыс аймақтарға таралуы;
- өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің жойылуы.

Арал теңізінің тартылуы – адам әрекетінен туындаған экологиялық апат. Кіші Аралды сақтау және аймақтың экологиялық жағдайын жақсарту бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Қордың қызметі аясында «Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау» (САРАТС-1) жобасының бірінші фазасы жүзеге асырылды. Қазіргі уақытта «Өңірлік дамыту және Арал теңізінің солтүстік бөлігін қалпына келтіру» жобасының техника-экономикалық негіздемесін әзірлеу бойынша дайындық жұмыстары жүргізілуде.

2024 жылғы 18 қыркүйекте Астанада ХАҚҚ басқармасының бірінші отырысы өтті. Қазақстан 2026 жылға дейін Қорға төрағалық етеді. Отырыс барысында Орталық Азия елдерінің әлеуметтік-экономикалық әл-ауқатына ықпал ету және өңірлік ынтымақтастықты нығайту мәселелері талқыланды.

ХАҚҚ Атқарушы комитетінің Қазақстандағы филиалы Арал өңірінің экологиялық және әлеуметтік мәселелерін шешуге бағытталған жобалар мен бағдарламаларды үйлестіруде маңызды рөл атқарады.

1990 жылғы 17 тамызда қабылданған ҚазКСР Министрлер кеңесінің №333 қаулысы экологиялық білім мен тәрбиені дамытуға маңызды қадам болды. Осы қаулыға сәйкес, Қазақстанның білім беру жүйесінің барлық деңгейлеріндегі мамандар экологиялық білім беру саласына тартылды. Мектептер, кәсіптік-техникалық училищелер, жоғары оқу орындары және мектепке дейінгі мекемелердің оқытушылары мен тәрбиешілері экологиялық мәселелер туралы білім мен дағдыларды білім алушыларға беру және қоғамның экологиялық мәселелерге деген жауапкершілігін арттыру мақсатында жұмыс істеді. Бұл шаралар экологиялық тәрбиенің ұлттық деңгейде іске асырылуына ықпал етті және экологиялық білім беру жүйесінің дамуына негіз болды. Аталған қаулының қабылдануы қоғамдағы экологиялық сананың қалыптасуына, экологиялық білім мен дағдыларды халық арасында таратуға көмектесті [148].

Осы кезеңнің басында, 90 жылдары отандық мектептерде бірнеше жылға «Экология» пәні енгізіліп, осыған байланысты еліміздің педагогика бағытында оқитын жоғары оқу орындарында экология педагогтарын даярлау бойынша бағдарламалар әзірленді. Жалпы экологиялық білім берудің мақсаты «Жалпы орта экологиялық білім беру тұжырымдамасы (1994)» негізінде анықталады.

Соңғы 30 жылда елімізде жүздеген конференциялар өткізілді, шешімдер, ұсыныстар қабылданды, көптеген оқу және зерттеу бағдарламалары әзірленді


[149] және т.б. мектепке арналған оқулықтар, экология бойынша оқу құралдары жазылды.

Қоршаған ортаны қорғау саласында педагогтарды даярлауды дамыту мектептің қажеттіліктеріне сәйкес жүргізілді. Педагогты оқушылардың экологиялық біліміне дайындау қажеттілігі отандық педагогикалық білім берудің бүкіл даму тарихымен негізделген. Педагогты даярлауда орыс космизмінің біртұтастық туралы идеялары, адамның қоршаған әлем үшін әмбебап жауапкершілігі (В.И.Вернадский, К.Э.Циолковский және т.б.), К.Д.Ушинскийдің білім берудегі табиғатқа ұқсас мінез-құлық пен іс-әрекет туралы идеялары, этнопедагогика идеялары, халықтық дәстүрлер және т.б. негізге алынды.

Айта кету керек, сол жылдардағы «Экология» (негізгі және орта білімге қатысты) курсының мазмұны, әдетте, терең ғылыми биоэкологиялық және геоэкологиялық сипатта болды, гуманитарлық және әлеуметтік компонент жеткіліксіз ұсынылды. Сонымен бірге экологиялық білім берудің әдістемелік базасы жаратылыстану және биологияны оқытудың әдістемелік жүйесінің туындысы болып қала берді.

Қазіргі, яғни 1990 жылдардың аяғы және қазіргі уақытқа дейін кезең модернизация нәтижесінде ерекшеленеді. XXI ғасырдың басында тұрақты даму үшін экологиялық білім берудің мақсаты – қазіргі қоғамда өмір сүруге қажетті дайын білім мен дағдыларды қалыптастырудан білім берудің озық моделіне, яғни білім берудің жаңа парадигмасының өзгеруіне сәйкес айтылады: «жастарды тез өзгермелі ортада әрекет етуге және өмір сүруге, әлеуметтік дамуды жоспарлауға қатысуға, қабылданатын іс-әрекеттердің салдарын, оның ішінде табиғи экожүйелер мен әлеуметтік құрылымдардың тұрақтылығы саласындағы ықтимал салдарларды болжауға үйренуге дайындығын қалыптастыру».

1990 жылы Тбилиси конференциясында H.Hungerford және T.L.Volk экологиялық білім берудің маңызды мақсаттары мен міндеттерін талқылап, экологиялық білім беру жүйесін дамыту үшін келесі бес негізгі мақсатты айқындады (4-сурет).



Сурет 4 – Экологиялық білім берудің мақсаты мен міндеттері (H.Hungerford пен T.L.Volk бойынша)

Алайда, 1991-1995 жылдары әзірленген экологиялық білім беру бағдарламаларының оқу үдерісінде кеңінен қолданылмауының бірқатар себептері болды. Оның ішінде, педагог-экологтардың жеткіліксіздігі, экология бойынша арнайы оқулықтардың болмауы және техникалық оқу құралдарының жетіспеушілігі маңызды мәселелердің қатарында тұрды. Сонымен қатар, экологиялық білім беру жүйесін дамыту және жетілдіру мемлекет тарапынан басым бағыт ретінде қарастырылмады. Бұл факторлар экологиялық білімнің кең таралуына және оның сапасын арттыруға кедергі келтірді.

Қазақстанның мектепке дейінгі мекемелерінің барлық жас топтарының оқу-тәрбие үдерісіне Қазақстан Республикасының Білім министрлігі 1996 жылғы 15 ақпанда бекіткен базистік оқу жоспарымен «қоршаған әлеммен танысу» интеграцияланған пәні енгізілді. Балабақшадағы тәрбие мен оқытудың барлық бағдарламаларында «экологиялық тәрбие» бөлімі қарастырылған. Өкінішке орай, нақты жұмыс тек осы бейіндегі жеке мекемелерде жүзеге асырылады.

Орта мектептегі экологиялық білім беру (экобілім) – үздіксіз экологиялық білім беру жүйесінің екінші кезеңі болып табылады. Қазіргі уақытта 3 млн. астам оқушы оқитын Қазақстан Республикасының мектептерінде «Экология» курсы факультативтік сабақ ретінде жүргізіледі. Жалпы білім беретін

мектептердегі экология мәселелері биология, химия, физика, география, тарих және басқа пәндер бағдарламасына енгізілді.

Жоғары оқу орындарында экологиялық білім беру бірнеше бағытта жүзеге асырылады. Бұл бағыттар экологиялық сананы қалыптастыру және жаратылыстану ғылымдарының экологияландыруын мақсат тұтады:

1. Жаратылыстану циклі бойынша мамандарды дайындауды экологияландыру: Жаратылыстану пәндері, мысалы, биология, химия, физика, география, экология тұрғысынан оқытылады. Бұл пәндерге экологиялық мәселелер мен тұрақты даму принциптерін енгізу арқылы болашақ педагогтардың экологиялық мәселелерге деген көзқарасын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

2. Арнайы экологиялық білім: Экология бойынша арнайы курстарды оқыту, экологиялық заңдар мен нормалар, табиғатты қорғау технологиялары мен әдістері, экологиялық басқару және тұрақты даму тұжырымдамалары болашақ педагогтарға терең теориялық және практикалық білім береді.

3. Конференциялар, семинарлар және басқа да іс-шаралар арқылы педагогикалық ұжымды экологиялық оқыту: Педагогикалық ұжымның экологиялық мәдениетін арттыру мақсатында түрлі ғылыми-практикалық конференциялар, семинарлар мен тренингтер ұйымдастырылып, болашақ педагогтарды экологиялық мәселелер бойынша білімін жаңартып отыруға мүмкіндік береді. Бұл іс-шаралар экологиялық тәрбие мен білімді жоғары оқу орнының педагогикалық қызметіне интеграциялауға жол ашады.

Осы бағыттар арқылы экологиялық білім беру жоғары оқу орындарының студенттері мен оқытушыларының экологиялық сауаттылығын арттыруға көмектеседі [150].

1995 жылдан бастап, жаратылыстану факультеттерінде оқытылатын негізгі жоғары оқу орындарының бағдарламаларына «Экология» және «Тіршілік қауіпсіздігі» міндетті пәндері енгізілді [151].

1996 жылы Қарағанды мемлекеттік университетінің биология факультеті жанынан қоршаған ортаны қорғау және білім беру саласындағы мемлекеттік мекемелерге мамандар даярлау мақсатында «Экология» кафедрасы ашылды.

1998 жылы Қазақстан Республикасының ұзақ мерзімді даму стратегиясы негізінде мемлекеттік деңгейде экологиялық білім беру мен ғылымды дамытуға бағытталған маңызды құжат қабылданды. Бұл құжаттың мақсаты - экологиялық білім беру жүйесін жетілдіру және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану арқылы қоршаған ортаны қорғау.

«Экологиялық білім беру тұжырымдамасын» білім және ғылым министрлігі мен табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі бірлесіп әзірлеген болатын. Тұжырымдама экологиялық маңызы бар жобаларды әзірлеу мен іске асырудағы қызметтің мақсаттары, міндеттері мен негізгі бағыттарын айқындайды. Бұл құжатта экологиялық білім беру саласында жүзеге асырылатын ұлттық жобалар мен бастамалар қарастырылған. Тұжырымдаманың негізгі мақсаттары:

1. Экологиялық білім мен тәрбие – халықтың барлық деңгейінде экологиялық білім мен тәрбие беру, экологиялық мәдениетті қалыптастыру.

2. Табиғат ресурстарын тиімді пайдалану – табиғи ресурстарды ұтымды қолдану, экологиялық апаттарды болдырмау.

3. Қоршаған ортаны қорғау – табиғатты қорғау шараларын жүйелі түрде жүргізу. Сонымен қатар, экологиялық білім беру бағдарламаларын әр түрлі деңгейлерінде, мектептерден бастап, жоғары оқу орындарына дейін кең ауқымды қамту көзделді [152].

Экологиялық білім беруде және жоғары білімді эколог мамандар даярлауда Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің орны ерекше. Соңғы жылдары Республикамыздың ғылыми-зерттеу институттары табиғат биоресурстары бойынша экологиялық іргелі жұмыстар жүргізді.

1998 жылы Алматы біліктілікті арттыру институты мен білім министрлігі «Мектептерде, гимназиялар мен лицейлерде ЭО және тәрбие бойынша әдістемелік жинақ» дайындады, оған 5-11 сыныптар аралығында ЭО оқыту және тәрбиелеу бағдарламалары мен арнайы курстар бағдарламалары енгізілді:

«Бастауыш мектептің бастауыш сыныптарындағы Экология», жалпы білім беретін мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың 9-сынып оқушыларына арналған «Адам экологиясы»;

Орта мектептердің, лицейлердің, гимназиялардың, орта мектептердің 9-11 сынып оқушыларына арналған «Экология және адамзаттың өмір сүру мәселелері»;

Гимназия және лицейдің 10-11 сынып оқушыларына арналған «Экологиялық тәрбие» бағдарламасы.

1999 жылы Білім министрлігі бекіткен «Экологиялық білім бағдарламасы», яғни Алматы, Орал, Семей, Петропавл қалаларында өткізген «Экологиялық білім беруді жақсарту жолдары» атты ғылым – практикалық конференциялардың материалдары негізінде елімізде көпшілікке үздіксіз экологиялық білім беру мен тәрбие берудің ғылыми теориялық негіздерін жасауда мол іс-тәжірибе жинақталды.

1999 жылы Өскеменде голландиялық экобілім беру тәжірибесін енгізу бойынша бірқатар семинарлар өткізілді.

2000 жылы қала мұғалімдеріне арналған экологиялық ресурстық орталық ұйымдастырылды, 2001 жылы Open Space жаңа әдістемесін енгізу бойынша семинар өткізілді, 2002 жылы экологиялық материалдардың қалалық бейне кітапханасы құрылды.

Соңғы жиырма жылдықта мектепте, ЖОО-дағы экологиялық білім беру арқылы экологиялық тәрбие мен экологиялық мәдениетті қалыптастыруға жол ашты. Осы уақыт аралығында бірнеше бағытта диссертациялық зерттеу жұмыстары да жүргізілді. Мысалы, атап өтсек:

- оқушыларға экологиялық білім беру теориясы мен әдістемесі бағытында жүргізілген диссертациялық жұмыстар: Ж.Б.Шілдебаев, Ж.М.Ташенова, Ж.Н.Базарбекова және т.б.
- үздіксіз білім беру үдерісіндегі экологиялық тәрбие сабақтастығын қалыптастыру бағытында жүргізілген диссертациялық жұмыстар: А.Е.Манкеш, А.Ж.Жакупова және т.б.

- болашақ мұғалімдерді экологиялық білім беруге даярлау бағытында жүргізілген диссертациялық жұмыстар: Б.К.Әмірашева, А.Я.Алиева және т.б.

- ЖОО болашақ мұғалімдердің экологиялық білімдерін қалыптастыру бағытында жүргізілген диссертациялық жұмыстар: К.Ш.Бакирова, Г.К.Длимбетова, А.Ш.Шоканова және т.б.

ЮНЕСКО-ның Орталық Азия кеңесі 2001 жылғы 27-28 наурызда Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының базасында «ОА елдерінің ЭО мәселелері» ғылыми-техникалық және экологиялық білім беру бойынша консультациялық кеңес өткізді. ЮНЕСКО-ның тиісті бағдарламасының жобасы әзірленді.

2001 жылы Қазақстанның бірқатар үкіметтік емес ұйымдары норвегиялық табиғатты қорғау қоғамынан «spare» бағдарламасының қызметі шеңберінде оқушыларға арналған энергия және ресурс үнемдеу жөніндегі бағдарламаға қатысуға шақыру алды, оқушылар мен мұғалімдерге арналған әдістемелік құрал дайындалды, онда қолжетімді тілде және қарапайым мысалдармен күнделікті өмірде ресурстарды үнемдеуге қалай қол жеткізуге болатынын көрсетті. 2002 жылы Қарағанды қаласында «Экология және балалар» тақырыбына арналған экологиялық конференция өткізіліп, оған бағдарламаға қатысушылар да қатысты.

2002 жылы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 25 қыркүйектегі № 697 және Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің 24 қыркүйектегі № 229-п бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының экологиялық білім беру Тұжырымдамасы» еліміздің экологиялық білім беру саласында маңызды қадам болды. Бұл тұжырымдама экологиялық білім берудің негізгі қағидаларын, мақсаттары мен міндеттерін айқындап, экологиялық тәрбиені барлық деңгейдегі білім беру жүйесіне енгізуді көздеді. Тұжырымдаманың мақсаты – қоршаған ортаға деген жауапкершілік пен экологиялық мәдениетті қалыптастыру үшін білім мен дағдыларды ұсыну. Тұжырымдаманың негізгі бағыттары педагог жұмысының келесі аспектілерін қамтиды:

1) экологиялық білім беру – қоршаған ортаға әсер ету, оның жай-күйі және қоршаған ортаның өзгеру салдары туралы жүйелі білім алу, қажетті іскерліктер мен дағдыларды дамыту. Бұл үдеріс адамды экологиялық тұрғыдан саналы әрі жауапты түрде ойлануға үйретуді көздейді.

2) экологиялық тәрбие – адамдардың сезімдеріне, олардың санасына, көзқарастары мен түсініктеріне әсер ету жолымен ұйымдастырылған қоршаған ортаға саналы және адамгершілік қатынас деңгейін үздіксіз, жүйелі және мақсатты арттыру үдерісі. Оның басты мақсаты – адамның қоршаған ортаны қорғау саласындағы әлеуметтік мінез-құлық бағытын анықтайтын экологиялық сенімдер жүйесін қалыптастыру.

Мұғалімнің экологиялық-педагогикалық қызметке дайындығы мәселесін терең талдау К.Ш.Бакированың [153], Г.Ш.Сағындықованың [154], еңбектерінде қарастырылған. Ғалымдардың пікірінше, педагогтың экологиялық-педагогикалық қызметке дайындығының құрылымы мотивациялық-құндылық, этикалық, эмоционалды-ерік, гностикалық,

операциялық-белсенді компоненттермен анықталады. Құрылымдық компонент – бұл экологиялық және педагогикалық қызмет мотивтерінің иерархияланған жүйесін, сондай-ақ, мұғалімнің экологиялық және педагогикалық бағдарларын қамтитын мотивациялық-құндылық.

2003-2006 жылдары биоэкология, химиялық экология, табиғатты қорғау, қоршаған ортаны инженерлік қорғау және мониторинг салаларында мамандар даярлау жұмыстары жалғастырылды. Осы уақытта экологиялық әдіскерлердің жетіспеушілігі байқалып, экология саласындағы жоғары оқу орындары мен мектептер арасында оқу практикасының жеткіліксіздігі айқын болды. Бұл кезеңде экология ғылымы мен білім беру жүйесіне қатысты көптеген өзекті мәселелер туындады, оның ішінде студенттердің практикалық дағдыларын дамыту және оқытушылардың біліктілігін арттыру қажеттілігі де маңызды болды [155].

Алғаш рет 2006 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының «Экологиялық Кодексінің» 183-бабында экологиялық білім берудің үздіксіз және кешенді жүйесі туралы нақты айтылған. Бұл жүйе білім беру деңгейлерінің барлық сатысын қамтиды. Сонымен қатар, экологиялық мәселелерді қазіргі заманғы оқу пәндеріне интеграциялау да маңызды аспект болып табылады [156].

Қазақстан Республикасы Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын талдасақ:

2007 жылдан бастап барлық мамандықтардың жалпы білім беретін пәндер блогына «Экология» курсының енгізілуі Қазақстандағы білім беру жүйесінде экологиялық білімнің маңыздылығын арттыруды көздеді. Бұл курс студенттерге экология, табиғат қорғау және қоршаған орта мәселелерін түсіну мен зерттеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, 2005 жылдан бастап, педагогика мамандықтары үшін «Экожүйелер мен қоғамның тұрақты дамуы» пәнінің енгізілуі болашақ педагогтарды экологиялық біліммен қаруландыруды мақсат еткен.

Бұл өзгерістер экологиялық сауаттылықты арттыруға, болашақ ұрпақтың табиғатқа жауапкершілікпен қарауын қалыптастыруға және қоршаған ортаны сақтау мен тұрақты даму принциптерін түсінуге мүмкіндік береді.

2008 жылдан бастап, «Экология» пәнінің көлемі 2 кредитке дейін ұлғайып, оның атауына «тұрақты даму» қосылды. Бұл өзгеріс педагогика бағытында оқитын мамандықтар үшін маңызды болды. Осы пән бірінші семестрде оқытылады, оның ішінде 15 сағат дәріс, 15 сағат практикалық сабақ, 15 сағат оқытушының жетекшілігімен болашақ педагогтардың өзіндік жұмысы және 45 сағат болашақ педагогтардың өз бетінше жұмысы ұйымдастырылған. Бұл шаралар студенттердің экология мен тұрақты даму мәселелерін терең түсінуіне мүмкіндік береді.

Қазақстанда экология мәселелері бойынша мамандар даярлау маңызды бағыттардың бірі. Көптеген жоғары оқу орындарында экология саласындағы кадрларды даярлау үшін арнайы факультеттер мен кафедралар құрылып, табиғат қорғау және ресурстарды тиімді пайдалану бойынша білім беру жүйесі жұмыс істейді. Мысалы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

экологиялық білімді дамыту мақсатында оқу үдерісінде барлық факультеттердің болашақ педагогтарына арналған экология және қоршаған ортаны қорғау бойынша кешенді бағдарламаларды әзірлеп, енгізген. Бұл экологиялық білімді кеңінен таратуға және болашақ мамандарды табиғат қорғау мәселелеріне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде, Қазақ мемлекеттік сәулет-құрылыс академиясы, Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті, Қазақ ұлттық аграрлық университеті және Алматы энергетика және байланыс институты, сондай-ақ, облыстардың барлық жоғары оқу орындарында бірнеше жылдан бері биоэкология, химиялық экология, табиғатты қорғау, қоршаған ортаны инженерлік қорғау және мониторинг саласында мамандандырылған жас мамандарды – бакалаврлар мен магистрлерді даярлау жүзеге асырылып келеді.

Мәдениет және ақпарат министрлігі жүргізетін НҚА мемлекеттік тізімінде тіркелген Қоршаған орта министрлігігің бағалауына сүйене отырып, 2007 жылы Қазақстанның 131 қоғамдық ұйымы қоршаған ортаны қорғау мәселелерімен айналысты. Ең белсенді НҚА қатарына «ЭКО-Форум» (алпысқа жуық НҚА бірлестігі), «Экожүйе», «Экомектеп», «Экобілім беру» және «Табиғат» кіреді.

Қызылорда облысындағы Арал-Сырдария экология департаментінің ақпараты бойынша, «Экотәрбие» ҚБ, «Экосервис» ҚБ, «Арал Агроэкологиясы» ҚБ БАҚ арқылы Қоршаған ортаны қорғау саласындағы қоғамдық пікірге әсер ету бойынша қоғамдық және үкіметтік емес қоғамдық ұйымдармен тығыз өзара іс-шаралар жүргізілді.

2010 жылы 101 іс-шара өткізілді: 15 дәріс оқылды, 9 дөңгелек үстел және 20 кездесу мен кеңес өткізілді, қаланы санкцияланбаған қоқыстардан тазарту, көгалдандыру және көгалдандыру мақсатында 10 акция мен сенбілік өткізілді. Бұқаралық ақпарат құралдарында 47 іс-шара жарияланды, олардың барлығы газеттердегі мақалалар мен жарияланымдар, сондай-ақ теледидардағы сұхбаттарда берілді. Экология департаментінде 2010 жылы ҚОҚ мәселелері бойынша азаматтардан 59 өтініш тіркелді, олардың барлығы қаралды.

Департамент мамандары қоғамдық тыңдауларға қатысты, оларды іске асыру ОЖ мен халықтың денсаулығына әсер етуі мүмкін жобаларды талқылау бойынша, Арал-Сырдария экология департаменті мен Қызылорда облысының үкіметтік емес қоғамдық бірлестіктері арасында өзара іс-қимыл туралы Меморандумға қол қойылды. Өзара іс-қимыл мен серіктестіктің негізгі мақсаты өзара іс-қимыл үшін өзінің әлеуеті мен күш-жігерін біріктіру ретінде айқындалады. Арал-Сырдария экология департаменті «Нұр Отан» ХДП, «Жас Отан», «Ибрайхан и К ЛТД» ЖШС өкілдерімен бірлесіп, отряд ұйымдастырды.

«Жасыл ел» облыстық штабы экологиялық сенбілік ұйымдастырып, табиғатты қорғауға үлес қосып жатыр. Сонымен қатар, департамент «Табиғат тынысы» газетінің редакциясымен бірігіп, «Табиғат дауысы» айдарын жүргізуде. Атқарылған жұмыстар туралы есеп әр бейсенбі сайын ҚР Қоршаған орта министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің веб-сайтына және департаменттің өз сайтына жарияланады [157].

2011 жылы Қызылорда қаласында нарық субъектілерінің табиғатты қорғау заңнамасын сақтауын қамтамасыз етуге жәрдемдесетін, коммуникацияларды орнатуға, интеграциялық байланысты нығайтуға, салада қызмет көрсететін компаниялар арасында сындарлы диалогты ұйымдастыруға көмектесетін «Сыр табиғаты» заңды тұлғалар бірлестігі құрылды. Бұл қоршаған ортаны қорғау, табиғат пайдаланушылар және мемлекеттік экологиялық құрылымдар, түптеп келгенде, Арал өңірінің экологиялық жағдайын жақсартуға ықпал етеді.

Балаларға шығармашылық құзыреттілікті дамыту, үздіксіз білім беру мен тәрбие арқылы кәсіби өзін-өзі анықтау және бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру үшін қосымша білім беру мазмұны келесі бағыттарда жаңартылған: көркемдік-эстетикалық бағыт: өнер, музыка, бейнелеу өнері, қолөнер арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту; ғылыми-техникалық бағыт: инновациялар, робототехника, бағдарламалау және инженерлік жобаларға баулу; экологиялық-биологиялық бағыт: қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау, табиғатты қорғау және экологиялық мәдениетті қалыптастыру; туристік-өлкетану бағыт: тарихи және мәдени мұраны зерттеу, туған жерге сүйіспеншілікті арттыру, табиғи аумақтарды зерттеу; әскери-патриоттық бағыт: патриотизмді тәрбиелеу, әскери дағдылар мен еліміздің қауіпсіздігіне жауапкершілік қалыптастыру; әлеуметтік-педагогикалық бағыт: қарым-қатынас, әлеуметтік жауапкершілік және көшбасшылық қабілеттерін дамыту.

Бұл бағыттар балалардың жеке қабілеттерін ашып, олардың жан-жақты дамуына мүмкіндік береді. Сонымен қатар, қазіргі заманғы еңбек нарығындағы қажетті дағдылар мен құзыреттерді меңгеруге жағдай жасайды.

2013 жылғы 30 мамырда Қазақстан Республикасының Президенті №577 Жарлыққа қол қойып, Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшу тұжырымдамасын бекітті. Оның негізгі бағыттары мыналарды қамтиды: Тиімді ресурстарды пайдалану (су, жер, биологиялық ресурстарды ұтымды қолдану, энергия тиімділігін арттыру); экологиялық таза жаңа технологияларды дамыту (өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығында төмен көміртекті технологияларды пайдалану) жатады; қалдықтарды басқару жүйесін қалыптастыру (қалдықтардың табиғатқа әсерін азайту); халықтың әл-ауқатын арттыру (қоршаған орта жағдайын жақсарту арқылы халық денсаулығын сақтау және өмір сапасын арттыру). Бұл тұжырымдама аясында Қазақстан 2050 жылға қарай экономикасының энергия сыйымдылығын төмендетуді, парниктік газдар шығарындыларын қысқартуды және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануды көздейді. «Жасыл экономика» тұжырымдамасының негізгі мақсаты елімізде халықтың әл-аухатын, өмір сүру сапасын жақсарту және әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына ену, экологиялық жүктемені азайту және табиғи қорларды өндіруді төмендету арқылы жаңа қалыптасқан экономикаға көшу арқылы жүйелі өзгерістерге негіз болу.

2015 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясының 70-сессиясында жаңа құжат қабылданған және оны ресми түрде «2030 жылға дейінгі тұрақты даму саласындағы күн тәртібі» деп атайды. Бұл жаһандық бастама әлемнің барлық

елдері үшін тұрақты даму мақсаттарына (ТДМ) қол жеткізуге бағытталған кешенді жоспар болып табылады. Құжатта 17 негізгі мақсат және 169 міндет қойылған. Олар экономикалық өсімді ынталандыру, әлеуметтік теңдікті қамтамасыз ету және қоршаған ортаны қорғау салаларында үйлесімділік орнатуды көздейді. Мақсаттар кедейлікті жою, теңсіздікті азайту, климаттың өзгеруімен күресу, білім беру мен денсаулық сақтау салаларын жақсарту, тұрақты энергетикаға қол жеткізу сияқты маңызды мәселелерді қамтиды. Бұл күн тәртібі халықаралық қоғамдастық үшін бағыт-бағдар ұсынады және әрбір елдің ұлттық саясаты мен стратегияларына икемделе алады. Қазақстан да осы күн тәртібін қолдай отырып, ТДМ-ды іске асыру үшін түрлі шараларды қабылдап келеді.

2016 жылдан бастап, «Экология және тұрақты даму» пәнінің міндетті компоненттен «таңдау компонентіне» ауыстырылуы студенттерге белгілі бір пәндерді оқу еркіндігін беру мақсатында жасалған.

Таңдау компонентінің құрамына енген пәндер, соның ішінде экология мен тұрақты даму, студенттерге мамандыққа байланысты жеке қызығушылықтары мен қажеттіліктеріне сәйкес білім алу мүмкіндігін ұсынады. Бұл жүйе студенттердің білім алу жолдарын дербестендіруге және олардың жеке даму бағытын анықтауға бағытталған. Осы өзгерістер білім беру бағдарламаларын икемді етуді көздегенімен, экологиялық білім беру сияқты маңызды салалардың назардан тыс қалмауы маңызды. Себебі, экология мен тұрақты даму мәселелері бүгінгі күні жаһандық деңгейде өте өзекті болып табылады [158].

Мұғалімнің экологиялық-педагогикалық дайындығының қалыптасуы мен дамуының қысқаша қорытындысын шығара отырып, біз осы үдерістің үш негізгі кезеңін бөліп көрсетеміз: моно-пәндік (1960 жылдардың аяғы-1970 жж.), жүйелік-пәндік (1980-1990 жылдардың ортасы) және эко - гуманитарлық (1990 жылдардың аяғынан бастап) (қалыптасу кезеңдері мұғалімнің экологиялық мәдениеті).

Қазіргі білім беру жүйесінде мұғалімнің рөлі ерекше маңызға ие. Мұғалімнің экологиялық-педагогикалық мәдениетінің басты компоненттері мыналар: Білім және құзыреттілік (мұғалім экология саласындағы ғылыми білімге ие болуы және оны оқушыларға түсінікті, қызықты түрде жеткізе білуі тиіс); Құндылықтар мен көзқарастар (мұғалімнің жеке экологиялық құндылықтары мен ұстанымдары оқушыларға үлгі бола алады. Ол табиғатқа деген сүйіспеншілік пен құрметті насихаттайды); Практикалық әрекеттер (оқушыларды экологиялық мәселелерді шешуге бағытталған практикалық іс-әрекеттерге тарту, мысалы, ағаш отырғызу, қоқысты сұрыптау, экологиялық жобаларға қатысу); Тәрбие және мотивация (мұғалімдер оқушыларды табиғат қорғау және ресурстарды тиімді пайдалану қажеттілігіне сендіру арқылы олардың экологиялық жауапкершілігін арттырады).

Қазіргі әлеуметтік-мәдени үдерістер мұғалімнің жеке басы мен оның экологиялық-педагогикалық мәдениетінің маңыздылығын ерекше көрсетіп отыр. Мұғалім тек білім беруші ғана емес, сонымен қатар жастарды табиғатқа

ұқыпты қарауға, тұрақты дамуға және экологиялық сананы қалыптастыруға үйретететін тұлға болып табылады.

Экологиялық-педагогикалық мәдениет дегеніміз – мұғалімнің кәсіби қызметінде табиғатқа деген жауапкершілік көзқарасты, қоршаған ортаны қорғау құндылықтарын және экологиялық білімді ұштастыра білетін қабілеті.

Бүгінгі таңда бұл қасиеттер әсіресе, маңызды, себебі қоршаған ортаға қатысты мәселелерді шешу тек жеке адамдардың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ жауапкершілігін қажет етеді. Сондықтан мұғалімнің экологиялық-педагогикалық мәдениеті – болашақ ұрпақтың экологиялық санасын қалыптастырудың негізгі іргетасы.

Тұрақты даму мақсаттарын тиімді жүзеге асыру және күтілетін нәтижелерге қол жеткізу үшін экологиялық білім беру міндетті түрде енгізілуі тиіс. Экологиялық курстар мен пәндер болашақ педагогтар күнделікті кездесетін жергілікті экологиялық мәселелерге бағытталуы қажет және оларды шешуге қажетті нақты дағдыларды дамытуға негізделуі тиіс. Тек жаһандық жылыну мен климаттың өзгеруі сияқты ірі ауқымды мәселелерді талқылаумен шектелу жеткіліксіз. Болашақ педагогтарды табиғатпен тікелей таныстыруды көздейтін практикалық әрекеттер де оқу бағдарламасының тұрақты компонентіне айналуы қажет. Болашақ педагогтардың табиғи ортаға жиі шығуы олардың экологиялық жобаларға белсенді қатысуына және қоршаған ортаны қорғау ісіне нақты үлес қосуына ықпал етеді.

1.3 Экологиялық білімді дамытудың педагогикалық-психологиялық шарттары

Қазіргі таңда экологиялық білім беру – жаһандық экологиялық мәселелерді шешудің негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Қоршаған ортаның ластануы, табиғи ресурстардың сарқылуы, климаттың өзгеруі сияқты факторлар адамдардың экологиялық санасын дамытуды талап етеді. Сондықтан білім беру жүйесінде экологиялық білім мен тәрбие берудің педагогикалық және психологиялық шарттарын айқындау маңызды мәселе болып табылады.

Экологиялық білім беру – жеке тұлғаның экологиялық санасын, табиғатқа жауапкершілікпен қарауын және қоршаған ортаны қорғау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған күрделі педагогикалық және психологиялық үдеріс. Оны тиімді жүзеге асыру үшін белгілі бір педагогикалық және психологиялық шарттарды сақтау қажет.

Шарт дегеніміз қоршаған ортаға, қандай да бір үдеріске немесе бір нәрсені шешуде бір нәрсеге тәуелділікке әсер ететін жағдайлар мен факторлардың жиынтығы. Педагогикалық-психологиялық зерттеулерді талдау тұлғаның дамуы мен қалыптасуын түсіндіретін бірнеше жағдайлардың бар екенін көрсетті. Мысалы, өзін-өзі тәрбиелеу әлеуметтік-философиялық мәселе ретінде адамның болмысының өзекті моделі, оның өмір сүру тәсілі тұрғысынан қарастырылады.

Дегенмен, біз белгілі бір дағдылар мен біліктілік жиынтығын өзін-өзі тәрбиелеу арқылы меңгеру негізгі мәселені толық шешу емес екенін, өзін-өзі

дамыту үдерістерін белсендіретін педагогикалық-психологиялық шарттар экологиялық білімді дайындықты қалыптастыру үдерісін қамтамасыз етуі керек екенін түсінуіміз керек.

Философиялық түсіндірме сөздікте «шарт» біріншіден, онсыз өмір сүру мүмкін емес орта, екіншіден, бір жайт жүргізіліп жатқан жер - деп анықталады. Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігінде «шарт» ұғымына келесідей анықтама берген: «Шарт дегеніміз бұл тәуелді болатын жағдай; өмір сүру барысында іс-әрекеттің белгілі бір саласы бойынша қалыптасқан ережелер; бір іс-әрекеттің жүзеге асырылу жағдайы; маңызды мәліметтер мен талаптар» [159].

«Шарт – тәуелді жағдай, өмірдегі белгілі бір қызмет саласындағы ереже; әрекетті жүзеге асыру шарты, маңызды бөлшектер мен талаптар». «Шарт» – психикалық даму контекстінде психологиялық дамуды анықтайтын, оны жеделдететін немесе тежейтін, даму үрдісіне, динамикасына және нәтижесіне әсер ететін ішкі және сыртқы себептердің жиынтығы арқылы ашылатын психологиялық категория [160]. Педагогикалық категория ретінде шарт – мақсатты құрылған жағдай, онда педагогке оқу-тәрбие жұмысын тиімді іске асыруға көмектесетін педагогикалық-психологиялық факторлардың (қарым-қатынас, құралдар, т.б.) жиынтығы болып табылады [161].

«Шартты» жалпы ғылыми ұғым ретінде педагогикалық ұғымдарда әртүрлі сипаттауға болады:

1) шарт – себептердің, жағдайлардың, объектілердің және т.б. жиынтығы;

2) бұл жинынтық оқуға, тәрбиелеуге, дамытуға ықпал етеді;

3) шарттардың әсері даму, тәрбиелеу және оқу үдерістерін жеделдетеді немесе баяулатады, сонымен қатар оның динамикасы мен нәтижелеріне әсер етеді.


Жоғарыда айтылған ойды қорытындылайтын болсақ, педагогикада шарт – адамның қалыптасуының, оның мінез-құлқының, тәрбиесі мен оқуының, адам дамуының негізгі қозғаушы күштері болып табылатын әлеуметтік, ішкі және сыртқы факторлардың жиынтығы.

Педагогикалық шарттар – экологиялық білім берудің тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін әдістер, тәсілдер мен ұйымдастыру формалары.

Психологиялық шарттар – экологиялық білім берудің психологиялық аспектілері болашақ педагогтардың экологиялық санасын, құндылық бағдарын және мінез-құлқын қалыптастыруға бағытталады.

Белгілі зерттеуші А.Н.Леонтьев тұлғаның дамуын зерттей отырып, іс-әрекет ұғымын енгізіп, «тұлға» психикалық үдерістердің байланысы емес, іс-әрекеттердің иерархиясы екенін нақтылады. Ғалым адамның «тұлға» ретінде алғаш тарихқа енгенде, қоғамдық қатынастардың субъектісіне айналғанда ғана қалыптасатынын анықтады. Жоғары оқу орындарында білім алу кезеңі жасөспірімдік кезеңнің екінші кезеңімен немесе тұлғалық қасиеттердің қалыптасу күрделілігімен сипатталатын ересек адамның бірінші кезеңімен сәйкес келеді, бұл үдерісті ғалымдар Б.Г.Ананьев, В.И.Андреев, Ю.К.Бабанский және т.б. өз еңбектерінде талдаған. Әрбір құбылыстың соңғы нәтижесі тек әсер етуші факторлармен ғана емес, сонымен қатар ішкі және сыртқы жағдайлардың өзара әрекетімен де анықталады.

Отандық ғалым К.О.Қазиев [162], өз зерттеулерінде педагогика теориясы мен практикасында қалыптасқан педагогикалық жағдайлардың мынандай типологиялық классификациясын бөліп көрсетеді (5-сурет):



Сурет 5 – К.О.Қазиевтің педагогика теориясы мен практикасында қалыптасқан педагогикалық жағдайлардың типологиялық классификациясы.

Біріншіден, жүйелік және ұйымдастырушылық жағдайлар (В.А.Беликов, Е.И. Козырева, С.Н. Павлов және т.б.) жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дәстүрлі және заманауи оқу және мектептен тыс қызметтің әртүрлі үлгілерін біріктіруге мүмкіндік береді.

Пәнді оқытуда интернет-ресурстарды және қосымша құралдарды пайдалануға мүмкіндік беретін оқу үдерісін ұйымдастыру, жүзеге асырылатын үдерістің құрылымын ескере отырып педагогикалық жүйенің процессуалдық аспектісін басқаруды қамтиды.

Екіншіден, дидактикалық шарттар (М.В. Рутковская) білім беру үрдісінің ішкі ерекшелігін бақылайтын, оқу үдерісінің мақсаттылығы мен тиімділігін қамтамасыз ететін, оның тұтастығын сақтайтын сыртқы жағдайлардың жиынтығын білдіреді.

Дидактикалық шарттардың негізгі қызметі – білім беру міндеттерін тиімді шешуді қамтамасыз ететін оқу үрдісіндегі педагогикалық өзара әрекеттестіктің мазмұнын, формасын, әдістерін, құралдарын таңдау және жүзеге асыру болып табылады.

Дидактикалық мақсатқа жету үшін келесі шарттар қажет: оқытуды ұйымдастырудың формаларын, әдістері мен тәсілдерін, мазмұнын таңдау, сонымен қатар өз бетінше танымдық әрекетті қамтамасыз ететін әдістер мен жұмыс формаларының жүйесін дайындау, бағалау жүйесінің ашықтығы мен қолжетімділігі, білім мазмұны мен оның нәтижелеріне қол жеткізу талаптарын сақтай отырып, оқу үдерісінде іске асыруға болады.

Үшіншіден, педагогикалық-психологиялық жағдайлар (Н.В.Журавская, А.В.Лысенко, Н.М.Яковлева және т.б.) оқу-тәрбие үдерісінің тиімділігін арттыратын қоршаған ортаның материалдық және кеңістік мүмкіндіктерінің жиынтығы, олар педагогикалық үдерістің субъектілерінің тұлғалық дамуына әсер ететін педагогикалық іс-әрекетті қамтамасыз етеді.

Бұл шаралардың негізгі қызметі жеке тұлғаның дамуының, тәрбиесінің және оқытудың жаңа нақты сипаттамаларын өзгертуді және құруды қамтамасыз ететін педагогикалық өзара әрекеттестік шараларын ұйымдастыру болып табылады.

Педагогикалық жүйе субъектілердің тұлғасын дамытуға бағытталған, яғни педагогикалық жүйенің тұлғалық аспектісіне әсер етеді. Педагогикалық-психологиялық шарттар жиынтығы педагогикалық үдеріс субъектісінің жаңартылған тұлға құрылымына сәйкес таңдалады.

Кәсіби қызметтегі тәжірибені дамыту мәселелерін А.К.Маркова [163] зерттей отырып, келесі педагогикалық шарттарды ұсынады:

1 - оқу пәндерінің кәсіптік бағыттылығы;

2 - оқу материалының мазмұны;

3 – білім алушылардың қажетті теориялық білімдерінің болуы, олардың өз бетінше жұмыс істей алуы;

4 - танымдық белсенділікке қызығушылық;

5 - білім алушылардың оқу-танымдық іс-әрекетінің біртіндеп күрделенуі;

6 - оқу-танымдық іс-әрекетті тұрақты бақылау;

7 - білім алушылардың интеллектуалдық және шығармашылық іс-әрекеттегі тәжірибесін деңгейлік бағалау;

8 - тәрбие жұмысы барысында өзекті мәселелердің болуы;

9 - тәрбие жұмысы барысында кәсіби қызметтің нақты жағдайларына еліктеу;

10 - практикада білім алушылардың интеллектуалдық әлеуетін қалыптастыруға жеке-дара талдау жүргізу.

Отандық ғалым Ж.Қ.Тлешова [164], Қазақстан мен АҚШ-та білім беру мен оқытудың ерекшеліктеріне тоқталып, екі елде де болашақ мамандарды даярлаудың артықшылықтары мен кемшіліктерін ескере отырып, Қазақстандық қоғамда өскелең ұрпақты тәрбиелейтін болашақ мамандардың экологиялық білімі мен кәсіби дағдыларын қалыптастырудың келесі педагогикалық шарттарын ұсынады:

- болашақ педагогтардың экологиялық білімін дамытуда маңызды және қажетті шарттарының бірі – жоғары оқу орындарындағы оқыту үрдісіндегі пәндерде экологиялық білімнің мазмұнын ашып, оны тұрақты даму тұжырымдамасы негізінде ұйымдастыру;

- теориялық білім берудегі «адам – табиғат» қатынасын «субъект – субъект» ретінде ұйымдастыру;

- жоғары оқу орнының оқу жоспарының ерекшеліктеріне қарай теориялық білімдерін практикалық іс-әрекеттермен бекіту;

- педагогтардың балалармен жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін теориялық және практикалық іс-әрекеттерді ұйымдастыруды қарастырады.

Авторлардың пікірінше, педагогикалық-психологиялық шарттардың негізгі қызметі педагогикалық жүйенің тұлғалық аспектісіне әсер ете отырып, жеке тұлғаның дамуының, тәрбиесінің және білім алуының нақты сипаттамаларын қамтамасыз ететін педагогикалық ықпалды ұйымдастыру болып табылады. Педагогикалық-психологиялық шарттардың жиынтығы педагогикалық үдерістің субъектілерінің жеке ерекшеліктерінің құрылымын ескере отырып, таңдалады.

Сонымен, педагогикалық-психологиялық шарттар педагогикалық үрдістің объектілері мен субъектілерінің жеке тұлғаға: педагогтар мен білім алушыларға әсер ететін педагогикалық шараларды қамтамасыз ететінін байқаймыз.

Болашақ педагогтардың экологиялық білімін дамытуда ұстанатын негізгі шартты қағидалар тұрғысынан педагогикалық шарттарды қарастыра отырып, педагогтың экологиялық білімін дамытудың педагогикалық шарттарын анықтауда келесі принциптерді басшылыққа аламыз:

Пәнаралық байланыс арқылы экологиялық білім беру. Әдістемелік негізі «адам-қоғам-табиғат» жүйесінің бірлігінде, педагогикалық-психологиялық, жаратылыстану, қоғамдық, техникалық ғылымдардың өзара байланысында жатыр.

Жоғары оқу орындарында оқытылатын педагогикалық-психологиялық пәндерді біріктіретін біріктіруші идея ретінде қызмет етуі керек. Яғни, педагогикалық-психологиялық пәндерде экологиялық білім беру туралы түсінікті оқыту мен тәрбие үрдісінің бірлігін қамтамасыз ететін тиімді құралға айналдыру қажет.

Экологиялық білім беруде жүйелілік пен сабақтастық принциптерін қолдану. Бұл адам туғаннан өмірінің соңғы сәтіне дейін жалғасуы керек дегенді білдіреді. Экологиялық білім мен тәрбие берудің мазмұнын, тиімді әдістерін, ұйымдастыру формаларын осы жас ерекшелігіне қарай анықтап, жүйелеу керек.

Табиғатты сақтау мен жаңартуға байланысты экологиялық мәселелерді жаһандық, жеке және аймақтық деңгейде түсіну деңгейіне жеткізу және олардың оқу үдерісінде өзара байланысын ашу.

Педагогикалық шарттар:

– болашақ педагогтарды экологиялық тәрбиемен ЖОО кешенді жұмысын ұйымдастыру;

– жоғары оқу орындарында теориялық және практикалық дайындық арқылы болашақ педагогтардың экологиялық білімін қалыптастырудың тұтас жүйесін құру;

– болашақ педагогтардың экологиялық дайындығы мазмұнының аймақтық экологиялық ерекшеліктерімен байланысы;

– экологиялық білім беруді жандандыру және болашақ педагогтарды тәрбиелеу мақсатында білім беру кеңістігін кеңейту негізінде ЖОО-ның ақпараттық білім беру ортасын ұйымдастыру.

Болашақ педагогтарда экологиялық білімді қалыптастыру экологиялық ақпаратты тиімді меңгеруді және тұрақты экологиялық ұстанымдарды қалыптастыруды қамтамасыз ететін педагогикалық-психологиялық шарттарды

жасауды талап етеді. Бұл шарттар экологияның маңыздылығын түсінуді және экологиялық жауапкершілікті тәрбиелеуге бағытталуы тиіс. Экологиялық білімді қалыптастыруға ықпал ететін негізгі педагогикалық-психологиялық шарттарды қарастырайық (6-сурет).



Сурет 6 – Экологиялық білім берудің педагогикалық-психологиялық шарттары

Экологиялық тақырыптарды оқу үдерісіне интеграциялау.

Маңызды шарттардың бірі экологиялық білім беру тақырыптарын әртүрлі педагогикалық және психологиялық пәндерге енгізу болып табылады. Бұл мынандай әрекеттерді қарастырады:

- экологиялық тәрбие мен экология мәселелерін түсіну бағытында арнайы курстарды оқу жоспарларына енгізу;
- экологиялық тақырыпты басқа пәндерге, мысалы, педагогика, психология, даму психологиясы, тұлға психологиясы, тәрбие теориясы мен әдістемесіне интеграциялау;
- экология, тұрақты даму, қоршаған ортаны қорғау мәселелерін зерттеуге бағытталған жобалық және зерттеу жұмыстары;
- Оқу бағдарламасына экологиялық тақырыптарды кіріктіру арқылы болашақ педагогтарды экологиялық біліммен қамтамасыз ету жүзеге асырылуы тиіс. Бұл келесі тәсілдермен іске асырылуы мүмкін:

- балаларды тәрбиелеу, олардың экологиялық санасын қалыптастыру және моральдық құндылықтарын дамыту мәселелерін талқылау;
- экология, тұрақты даму және табиғатты қорғау технологияларын зерттеуге бағытталған тақырыптық дәрістер, семинарлар, практикалық сабақтар мен жобаларды әзірлеу және өткізу.

Осылайша, экологиялық тақырыптар педагогикалық даярлықтың ажырамас бөлігіне айналады.

Экологиялық тәрбиені қолдайтын педагогикалық ортаны қалыптастыру.

Болашақ педагогтарда экологиялық мәдениетті қалыптастыру үшін экологияның тұрақты даму мен табиғатты қорғауға бағытталған педагогикалық орта құру қажет. Бұл келесі әрекеттерді қамтиды:

- қоқыс жинау акциялары, ағаш отырғызу, эко-жобаларға қатысу сияқты экологиялық бағытталған іс-шараларды әзірлеу және өткізу;
- оқу үдерісін ұйымдастыруда экологиялық принциптерді енгізу (мысалы, экологиялық таза материалдарды пайдалану, қалдықтарды азайту);
- адам мен табиғат арасындағы өзара байланыс туралы түсінік қалыптастыруға, эмпатия мен жауапкершілікті дамытуға ықпал ететін қолайлы психологиялық атмосфераны жасау.

Белсенді оқыту әдістерін қолдану.

Педагогикалық әсер болашақ педагогтарда экология саласындағы белсенді танымдық және практикалық іс-әрекеттерді дамытуға арналуы тиіс. Бұл келесі тәсілдер арқылы жүзеге асады:

• Жобалық қызмет, мұнда студенттер табиғатты қорғау, тұрақты даму, экологиялық білім беру тақырыптары бойынша жобалар жасайды.

• Экологиялық практика, табиғатты қорғау іс-әрекеттері бойынша практикалық сабақтарды қамтиды.

• Интерактивті оқыту әдістерін қолдану, мысалы, ойындар, дебаттар, рөлдік ойындар, бұл экологиялық сауаттылық пен белсенді ұстанымды қалыптастыруға ықпал етеді. Белсенді әдістер болашақ педагогтарға тек теориялық білім емес, балалармен және қоғаммен жұмыс істеу үшін қажетті практикалық дағдыларды да үйретеді.

Оқытушылардың рөлі.

Оқытушылардың экология мәселелеріндегі іс-әрекетінің мазмұны болашақ педагогтарда экологиялық сананың қалыптасуына үлкен әсер етеді. Экологиялық жобаларға белсенді қатысып, тұрақты даму принциптерін күнделікті өміріне енгізетін оқытушылар болашақ педагогтарға келесі арқылы ықпал етеді:

- өзінің жеке өмірінде экологиялық жауапты мінез-құлықты көрсету;
- оқу үдерісінде экологиялық таза технологиялар мен материалдарды қолдану;
- табиғатты қорғау акциялары мен жобаларға белсенді қатысу. Осылайша, оқытушылар болашақ педагогтар үшін экологиялық жауапкершіліктің үлгісіне айналады.

Экологияны эмоционалды-бағалық қабылдау.

Тұрақты экологиялық ұстанымдарды қалыптастыру үшін тек рационалды емес, сонымен қатар экологияны эмоционалды қабылдауға да әсер ету қажет. Бұл келесі тәсілдер арқылы жүзеге асырылуы мүмкін:

- Болашақ педагогтарда табиғатқа қатысты ортақтық сезімін қалыптастыру, оның жағдайына жауапкершілік сезімін дамыту;

- Оқу үдерісіне арт-терапия, фототерапия сияқты әдістерді енгізу, олар болашақ педагогтарға экология мәселелерін эмоционалды түрде қабылдауға көмектеседі.

Эмоционалды қатысу экологиялық мәселелерді терең әрі саналы қабылдауға ықпал етеді, бұл студенттер үшін осы білімнің маңыздылығын арттырады.

Экологиялық қызметке мотивацияны дамыту.

Болашақ педагогтарда тұрақты экологиялық білімді қалыптастыру үшін экологиялық қызметке деген ішкі мотивацияны дамыту маңызды. Бұл келесі тәсілдер арқылы жүзеге асырылуы мүмкін:

Экологияның маңыздылығы мен қоршаған ортаны сақтау үшін жеке жауапкершіліктің қажеттілігі туралы психологиялық қолдау көрсету.

Болашақ педагогтардың экологиялық бастамаларға белсенді қатысуына жағдай жасау, мысалы, экологиялық клубтарды, ғылыми конференцияларды ұйымдастыру.

Болашақ педагогтардың экологиялық жобаларын қолдау және ынталандыру, конкурстар мен гранттарға қатысу, бұл экологиялық білім мен әрекеттердің дамуына ынталандыру болады.

Әлеуметтік қатысу және әлеуметтік-мәдени бастамалар.

Болашақ педагогтардың әлеуметтік және экологиялық бастамаларға қатысуы, қоғамдық қозғалыстар мен экологиялық науқандарға қатысу болашақ педагогтарда әлеуметтік жауапкершілік және белсенді азаматтық ұстанымды дамытуға ықпал етеді. Маңызды аспектілерге мыналар жатады:

Экологиялық жағдайды жақсартуға бағытталған волонтерлік бағдарламаларға қатысу.

Экологиялық мәселелерді шешуге арналған жобалар, мысалы, су айдындарын тазарту, экологиялық білім беру материалдарын жасау және тарату.

Болашақ педагогтардың экологиялық форумдар мен әлеуметтік желілердегі белсенді қатысуы, тұрақты даму мәселелерімен айналысу.

Болашақ педагогтарда экологиялық білімді қалыптастыруға арналған педагогикалық-психологиялық шарттар экологиялық тақырыптарды оқу үдерісіне интеграциялауды, экологиялық тәрбиені қолдайтын педагогикалық ортаны қалыптастыруды, болашақ педагогтарды экологиялық қызметке белсенді қатыстыруды, инновациялық оқыту әдістерін қолдануды, экологияны эмоционалды қабылдауды дамыту мен ішкі мотивацияны арттыруды қамтиды. Барлық осы шарттар болашақ педагогтарда тұрақты экологиялық сананың және жауапкершіліктің қалыптасуына ықпал етеді.

Экологиялық білім беруді дамытудың педагогикалық және психологиялық шарттарын ескере отырып, болашақ педагогтардың экологиялық мәдениетін жоғары деңгейге көтеруге болады. Бұл мектептегі экологиялық бағыттағы жобаларды дамытуға, болашақ педагогтардың қоршаған ортаға саналы көзқарасын қалыптастыруға ықпал етеді. Болашақ ұрпақтың табиғатты қорғауға саналы түрде атсалысуы үшін мектеп қабырғасынан бастап, экологиялық білім беру тиімді жүзеге асырылуы қажет.

Сондықтан болашақ ұрпаққа саналы білім беретін болашақ педагогтардың экологиялық білімін дамыту қолға алынып, бүгінгі күннің өзекті мәселелеріне айналуы шарт.

Бірінші бөлім бойынша тұжырым

Қазіргі кезеңде адамзат алдында тұрған басты мәселелердің бірі – қоршаған ортаны сақтау және экологиялық дағдарыстың алдын алу. Осы тұрғыдан алғанда, экологиялық білім мен тәрбие беру – заман талабы. Бұл тарауда Қазақстандағы экологиялық білімнің қалыптасуы мен дамуының тарихи, теориялық және педагогикалық негіздері, тұрақты даму мақсаттарына сай экологиялық білім беру мәселелері қарастырылды.

Педагогикалық-психологиялық әдебиеттерді талдау негізінде «экология», «экологиялық білім», «экологиялық сана» ұғымдарының мазмұнына талдау жасалып, экологиялық білімді дамытудың алғышарттары анықталды. Экологиялық білім – бұл адамның табиғатпен, оның заңдылықтарымен және экосистемалармен өзара байланысын түсінудің маңызды құралы. Ол табиғат ресурстарын тиімді пайдалануды, экологиялық тепе-теңдікті сақтауды және табиғатқа қамқорлықпен қарауды үйретеді. Мұндай білім адамдардың экологиялық жауапкершілігін арттырып, табиғаттың тұрақтылығын қамтамасыз етуге ықпал етеді. Экологиялық білім беру – табиғатты қорғаудың, оны сақтап қалудың және оның ресурстарын ұтымды пайдаланудың маңыздылығын түсіндіру тұжырымдалды.

Экологиялық білімнің пайда болуының алғышарттары мен тарихи даму кезеңдері талданды. Табиғат пен қоғам арасындағы өзара байланысты ұғыну ертедегі философиялық көзқарастардан бастау алып, ғылым мен техника дамыған сайын нақты экологиялық түсініктермен толықты. XX ғасырдың екінші жартысынан бастап, әсіресе, қоршаған ортаға антропогендік әсер күшейген тұста, экологиялық білім беру қажеттілігі күн тәртібіне шықты.

Экологиялық білім беруді дамытудың алғышарттары ретінде:

Экологиялық тақырыптарды оқу үдерісіне интеграциялау, экологиялық тәрбиені қолдайтын педагогикалық ортаны қалыптастыру, белсенді оқыту әдістерін қолдану, оқытушылардың рөлі, экологияны эмоционалды-бағалық қабылдау, экологиялық қызметке мотивацияны дамыту, әлеуметтік қатысу және әлеуметтік-мәдени бастамалар.

Классикалық және жүйелік тәсілдер негізінде экологиялық білім берудің даму тарихына талдау жасалды.

Қазақстанда тұрақты даму тұжырымдамасы аясында экологиялық білімнің даму үдерісі сипатталды. Тәуелсіздік жылдарынан бастап, елімізде экологиялық саясат қалыптасып, білім беру жүйесіне экологиялық тәрбие мен білім беру бағыттары енгізілді. Мемлекеттік бағдарламалар, оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер жаңартылып, білім алушылардың экологиялық мәдениетін арттыруға бағытталған жүйелі жұмыс жүргізіліп келеді.

Классикалық тәсіл негізінде Қазақстанда экологиялық білім беруді дамытудың үш кезеңі анықталып, сипатталды.

I – Революцияға дейінгі кезең (XVIII ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басы): Одақтас елдерде, соның ішінде Қазақстанда, жалпы алғанда, жаратылыстану білімінің қалыптасу уақытымен сипатталды;

II – кеңестік кезең (1920 жылдан – 1970 жылға дейінгі аралық). Ол жаратылыстану білімінде экологиялық компоненттің бөлінуімен сипатталады. Бұл кезең үш кезеңге бөліп қарастырылды;

III – заманауи (1990 жылдардың аяғынан қазіргі уақытқа дейін) – бұл кезең отандық білім беру жүйесінің жаңғыруымен және оның халықаралық білім беру кеңістігіне интеграциялануымен ерекшеленеді. Бұл уақыт аралығы тұрақты даму тұжырымдамаларын енгізу, заманауи технологияларды қолдану, білім беру мазмұнын жаңарту және жаһандық үдерістерге сәйкес реформаларды жүзеге асырумен сипатталады.

Жүйелік тәсіл негізінде экологиялық білім беруді дамытудың төрт кезеңі анықталды және сипатталды, атап айтқанда:

XX ғасырға дейінгі кезең: экологиялық білім жаратылыстану ғылымдарының құрамдас бөлігі ретінде қарастырылды, бұл кезеңде экологиялық білім беру ғылымның дамуымен бірге пайда болды, бірақ оның мазмұны жекелеген пәндерге бөлінбеген, табиғатты түсінудің жалпы бөлігі ретінде қалыптасты;

XX ғасырдың 80-90 жылдарына дейінгі кезең: экологиялық білім биология мен география пәндерінің мазмұндық элементі ретінде дамыды, бұл кезеңде табиғат пен қоршаған ортаны зерттеу негізінде болашақ педагогтардың экологиялық санасын қалыптастыру басталды. Алайда, экологиялық білім беру өз алдына дербес жүйе ретінде қарастырылған жоқ;

XX ғасырдың 90 жылдарында: экология саласы маңызды өзгерістерді бастан өткерді. Бұл кезеңде экология ғылыми және білім беру саласы ретінде өзекті болып қалыптасты, әрі экологиялық білім беру тұжырымдамалары жаңарып, жаңа құрылымдар мен функцияларға ие болды.

1. Интеграциялық үдерістердің жандануы (1990 жылдары экологияның жеке пән ретінде қалыптасуы, ғылымдар арасындағы интеграцияның күшеюіне ықпал етті. Экологияның өмір сүру және даму үдерісіндегі рөлі анықталып, тұрақты даму мен қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне ерекше назар аударылды).

2. Экологияның дербес пән ретінде енгізілуі (XX ғасырдың соңында экология тек табиғаттың зерттеу пәні ғана емес, ол әлеуметтік, экономикалық және мәдени тұрғыдан да маңызды бола бастады. Экологияның мектептер мен жоғары оқу орындарында жеке пән ретінде енгізілуі, экологиялық білім мен тәрбиенің негізін қалауға мүмкіндік берді).

3. Экологиялық білім беру тұжырымдамаларының жаңаруы (экологиялық білім беру саласындағы жаңалықтар, оның құрылымы мен мазмұнының өзгеруіне әкелді. Бұл кезеңде экологиялық білім әртүрлі деңгейдегі оқыту бағдарламаларында қарастырылып, экологиялық дағдылар мен көзқарастарды қалыптастыру үшін жаңа әдістер мен құралдар пайда болды).

4. Саралау (Жалпы білім беру жүйесінде экологиялық білім әртүрлі құрылымдар арқылы жүзеге асырыла бастады. Әрбір білім беру мекемесінің өз

мүмкіндіктеріне және талаптарына сәйкес экологиялық білім беру мазмұны сараланып, қолданыла бастады). Осы кезең экологияның өзіндік білім беру саласы ретінде дамуына және экологиялық дағдыларды қоғамда қалыптастыруға бағытталған маңызды кезең болып саналады;

XXI ғасыр, БҰҰ «Тұрақты даму үшін білім беру онжылдығы» (2005-2014): экологиялық-педагогикалық дайындықты қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінді. Бұл кезеңде экологиялық мәдениетті дамыту үш негізгі кезеңде жүзеге асырылды: моно-пәндік кезең (1960 жылдардың аяғы – 1970 жж.) экологиялық білім жекелеген пәндердің мазмұнында қарастырылды, жүйелік-пәндік кезең (1980-1990 жж.) болашақ педагогтардың экологиялық мәдениетін жүйелі түрде қалыптастыру басталды және эко-гуманитарлық кезең (1990 жылдардың аяғынан бастап) экологиялық білім гуманитарлық құндылықтарға негізделіп, интеграцияланған және кешенді сипатқа ие болды. Бұл кезеңдер экологиялық білім берудің дамуының тарихи және ғылыми негізін қалыптастырады. Олар білім беру жүйесінде экологиялық мәдениеттің дамуы мен тұрақты дамуға ықпал ететін кешенді тәсілдердің қажеттілігін көрсетеді.

Жалпы адамзаттық, ұлттық этникалық және кәсіби педагогика бағытында зерделенетін құндылықтар мен дәстүрлерді интеграциялау идеясына сүйене отырып, болашақ педагогтарға экологиялық білім беруді қалыптастырудың педагогикалық шарттары: болашақ педагогтарға экологиялық білім беру бойынша университеттің кешенді жұмысын ұйымдастыру; ЖОО-да теориялық және практикалық дайындық арқылы болашақ педагогтарға экологиялық білім беруді қалыптастырудың тұтас жүйесін құру болып табылады; болашақ педагогтардың экологиялық білімін қалыптастыру дайындық мазмұнының аймақтық экологиялық ерекшеліктермен байланысы; экологиялық білім беруді жандандыру және болашақ педагогтарды тәрбиелеу мақсатында экологиялық білім беру кеңістігін кеңейту негізінде ЖОО-ның экологиялық білім беру ортасын ұйымдастыру.

Экологиялық сананың қалыптасуы – ұзақ әрі кешенді үрдіс, ол білім алушының жас ерекшелігіне, тұлғалық қасиеттеріне және танымдық қабілеттеріне байланысты. Сондықтан білім беру барысында оқытудың белсенді әдістерін қолдану, экологиялық мазмұндағы тапсырмалар беру, жобалық және зерттеу жұмыстарына тарту маңызды болып табылады.

Жалпы алғанда, Қазақстанда экологиялық білім беру жүйесі біртіндеп қалыптасып, заман талабына сай дамып келеді. Бұл үдеріс тарихи тәжірибеге, тұрақты даму қағидаттарына және педагогикалық-психологиялық ерекшеліктерге сүйене отырып жүзеге асуда. Алдағы уақытта экологиялық білімнің мазмұны мен әдістерін жетілдіру – білім беру саласының басты міндеттерінің бірі болып қала бермек.

2 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ – ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

2.1 Экологиялық білімді дамытудың шетелдік тәжірибесі

Экологиялық білім беру мәселесі дүниежүзі бойынша өзекті. Экологиялық білім беру – қазіргі таңда жаһандық маңызы бар сала. Ол адам мен табиғат арасындағы үйлесімді қарым-қатынасты қалыптастыруға бағытталған және білім беру жүйесінің ажырамас бөлігі ретінде қарастырылады.

Әлемнің дамыған елдерінде экологиялық білім беру стратегиялары ұлттық білім беру жүйесінің маңызды компонентіне айналған.

Салыстырмалы зерттеулердің мазмұны зерттеу нысаны мен мақсаттарына тәуелді. Осыған байланысты, зерттеу жұмысында шетелдік тәжірибені салыстырмалы тұрғыдан қарастыруды жөн көрдік. Салыстырмалы педагогикада халықаралық тәжірибені зерттеу арқылы жан-жақты қарастырылады. XXI ғасырда экологиялық қауіпсіздік пен тұрақты даму мәселелері жаһандық деңгейде өзекті болып отыр. Климаттың өзгеруі, табиғи ресурстардың сарқылуы, қоршаған ортаның ластануы – бұл адамзат қоғамының болашағына тікелей әсер ететін факторлар. Осы жағдайларда әлемнің дамыған және дамушы елдері экологиялық білімді дамыту мен экологиялық мәдениетті қалыптастыруды ұлттық басымдық ретінде қарастырып келеді. Бұл зерттеулердің негізгі функциясы – экологиялық білім берудің мазмұны мен әдістерін, олардың тиімділігін болжау және болашақ даму мүмкіндіктерін пайымдау. Шетелдік экологиялық білім беру тәжірибесін зерттеу отандық экологиялық білім беру жүйесін жетілдіру үшін қажетті. Мұнда, салыстырмалы педагогика ғылымы халықаралық экологиялық білім беру тәжірибесін зерттеуге негізделген. Отандық салыстырмалы педагогиканың міндеті – шетелдердегі экологиялық білім беру жүйесінің тәжірибесін зерттеу арқылы Қазақстандық білім беру жүйесінің экологиялық бағыттағы дамуын жетілдірудің жолдарын анықтау, олардың оң және теріс қырларын сараптау болып табылады. Салыстырмалы педагогикада экологиялық білім беру мәселесі түрлі елдердің білім беру жүйелеріндегі орны мен мазмұнын салыстырмалы түрде зерттеуді қамтиды.

Салыстырмалы педагогика саласында экологиялық білім беру мәселесі де маңызды орын алады. Бұл ұғым алғаш рет 1817 жылы француз ғалымы М.А.Жюльен енгізген болатын. Ол салыстырмалы педагогиканы екі қырынан анықтаған: білім мен тәрбие түрлерін салыстырмалы зерттеу тәжірибесі және педагогикалық теорияны түрлі елдердегі тәжірибемен салыстыру. Қазіргі таңда салыстырмалы педагогика экологиялық білім беру саласындағы басымдықтарды дұрыс анықтап, олардың дамуын бағыттауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, білім беру жүйесіне сыни көзқарас қалыптастырып, экологиялық мәдениетті дамытуға жағдай жасайды [165].

XX ғасырда салыстырмалы педагогиканың дамуына әлеуметтік ғылымдар ықпал етті. Әлеуметтік, экономикалық және мәдени факторлардың әсерін есепке ала отырып, шетелдік экологиялық білім беру жетістіктерін ұтымды игеру отандық білім беру жүйесінің дамуына үлес қосатыны анықталды. Конвергенция теориясы да экологиялық білім беру тәжірибелерін өзара ұштастырудың маңыздылығын көрсетті. Ғалымдар орталықтандырылған және орталықтандырылмаған экологиялық білім беру жүйелерін салыстырып, болашақта олардың жақындасуы заңды құбылыс деген қорытынды жасады.

Салыстырмалы педагогика саласында білім беру мәселесін зерттеген халықаралық және отандық ғалымдардың еңбектері маңызды рөл атқарады. Атап айтқанда, Б.Л.Вульфсон, А.Н.Джуринский, Н.Д.Никандров (Ресей), Ф.Альтбах, М.Эскштейн (АҚШ), Ю.Шрайвер (Германия), С.Сузуки (Жапония), Гу Мингуан (Қытай) және басқа ғалымдар экологиялық білім беру мәселесіне де назар аударған. Қазақстанда бұл мәселені зерттеуге А.Құсайынов, Г.К.Нұрғалиева, Қ.С.Мусин және басқа ғалымдардың еңбектері маңызға ие болды.

Ағылшын тілді елдерде «салыстырмалы педагогика» ұғымымен қатар «салыстырмалы білім» және «салыстырмалы экологиялық білім» ұғымдары да қолданылады. Қазақстанда «салыстырмалы педагогика» ұғымы кеңінен танылған, ол халықаралық педагогикалық тәжірибені, оның ішінде экологиялық білім берудегі үздік жетістіктерді зерттеп, оларды қолдану мүмкіндіктерін қарастырады.

Қазақстанның даму стратегиясы – әлемнің 50 бәсекеге қабілетті елінің қатарына қосылу. Бәсекеге қабілеттілік индексінің маңызды көрсеткіштері – білім беру жүйесінің сапасы мен деңгейі ғана емес, сонымен қатар оның экологиялық білім беру мазмұны мен тәрбие бағыты. Осыған байланысты экологиялық білім беру саласында шетелдік тәжірибені зерттеу және оны ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып бейімдеу – еліміздің маңызды міндеттерінің бірі болып саналады. Мұны бүгінгі күні өзекті мәселе болып отырған тұрақты даму мақсаттары (ТДМ/ЦУР) айқындап отыр.

Қазақстандық ғалымдар халықаралық ғылыми қауымдастықтардың конгрестері мен конференцияларына белсенді қатысып келеді. Отандық салыстырмалы педагогика да экологиялық білім беру тәжірибесін үздіксіз қадағалап, шетелдік озық үлгілерді бейімдеу және қолдану бағытында дамып келеді.

Бұл бағыттағы жұмыстың маңыздылығы бірнеше факторлармен анықталады:

Қазақстанның халықаралық қауымдастықтағы рөліне байланысты экологиялық білім беру тәжірибесіне қызығушылықтың артуы;

әлемдік экологиялық білім беру тәжірибесінде ортақ, интернационалдық үрдістердің қалыптасуы;

жаһандану жағдайында полимәдениеттілік пен экологиялық жауапкершілікке сай білім беру қажеттілігінің өсуі.

Ал, **Финляндияда** экологиялық білім берудің іргетасы мектепке дейінгі кезеңнен бастап қаланады. Елдің білім беру стандарттарында экологиялық

компонент барлық пәндерге кіріктірілген. Мектептерде «қоршаған ортамен танысу», «табиғаттану» секілді пәндер арқылы балалар табиғи құбылыстарды бақылауды, тіршілік иелеріне құрметпен қарауды үйренеді [166].

Германияда экологиялық тәрбие «Білім беру үшін тұрақты даму» (BNE – Bildung für nachhaltige Entwicklung) тұжырымдамасымен тығыз байланысты.

Жапония мен Оңтүстік Кореяда табиғатқа құрмет пен оны қорғау мәдениеті ұлттық дәстүрлермен ұштастырыла дамытылған.

Салыстырмалы педагогика экологиялық білім берудің осы халықаралық тәжірибесін саралай отырып, әр елдің мәдени, әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктерін ескереді. Мұндай салыстырмалы зерттеу нәтижесінде экологиялық білім берудің тиімді әдістері мен мазмұнын анықтап, оларды отандық білім беру жүйесіне бейімдеу жолдары қарастырылады.

Қазақстанда экологиялық білім берудің дамуында да халықаралық тәжірибе елеулі рөл атқарады. Соңғы жылдары елімізде экологиялық білім беру «Тұрақты даму» және «Жасыл экономика» тұжырымдамаларымен үндесіп келеді. Бұл – салыстырмалы педагогика тұрғысынан экологиялық білім берудің халықаралық тәжірибесін меңгеру, Қазақстандық білім беру жүйесіне бейімдеу және дамыту қажеттілігін көрсетеді.

Салыстырмалы педагогика экологиялық білім беру саласындағы үздік халықаралық тәжірибені зерттеп, оны ұлттық ерекшеліктерге сай бейімдеуге мүмкіндік береді. Бұл білім беру жүйесінің тұрақты дамуына және жастардың экологиялық мәдениетін арттыруға ықпал етеді.

Қазіргі кезеңде әлемдік қауымдастық алдында тұрған ең маңызды міндеттердің бірі – экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және табиғатты қорғауға бағытталған тиімді білім беру жүйесін қалыптастыру. Экологиялық дағдарыс пен климаттың өзгеруі жағдайында әрбір мемлекеттің тұрақты даму саясатының маңызды құрамдас бөлігі – экологиялық білім мен тәрбие беру болып табылады. Бұл тұрғыда дамыған елдердің тәжірибесі Қазақстан үшін де өзекті әрі пайдалы.

Экологиялық білім – бұл тек табиғат туралы ғылымдар жиынтығы ғана емес, ол жеке тұлғаның табиғатқа деген қарым-қатынасын, экологиялық жауапкершілігін қалыптастыруға бағытталған кешенді жүйе. Бұл салада шетелдердегі тәжірибе Қазақстан үшін аса құнды болып табылады. Төменде әртүрлі елдердің экологиялық білім берудегі жетістіктері мен ерекшеліктері қарастырылады.

Финляндияда экологиялық білім беру жалпы білім беру жүйесіне толық ендірілген. Мектептерде экологиялық мәдениет пен тұрақты даму ұстанымдары оқу бағдарламалары арқылы жүзеге асады.

Ерекше атап өтетін жайт – Финляндияда «жасыл жалауша» (Green Flag) бағдарламасы кеңінен таралған. Бұл бағдарламаға қатысатын мектептер қоршаған ортаны қорғау шараларын іске асырып, экологиялық стандарттарға сәйкес өмір сүруге бейімделеді. Оқушылар қалдықтарды сұрыптау, қайта өңдеу, мектеп ауласын көгалдандыру, таза энергияны пайдалану секілді іс-шараларға белсенді араласады.

Финляндияның білім беру жүйесінде тәжірибелік жұмыстарға ерекше мән беріледі. Балалар орманда өтілетін сабақтарға қатысып, шынайы табиғи ортада зерттеу жүргізеді. Бұл олардың экологиялық сауатын арттырып қана қоймай, табиғатқа деген эмоциялық байланысын қалыптастырады [167].

Германияда экологиялық білім беру мемлекеттік саясат деңгейінде қолдау табады. Елде әр аймақтың (жердің) өзіндік экологиялық бағдарламалары бар. Мектептермен жоғары оқу орындарында экологияны оқыту міндетті пәндер қатарына енгізілген. Сонымен қатар, экологиялық клубтар, ғылыми жобалар, зертханалық тәжірибелер арқылы оқушылардың практикалық дағдылары дамытылады. Германияда экологиялық білім тек білім беру жүйесінде ғана емес, бұқаралық ақпарат құралдарымен қоғамдық ұйымдар арқылы да кеңінен таратылады.

Германия – экологиялық білімді дамытудың ұзақ мерзімді стратегиясын жасаған елдердің бірі. Елде экология мәселелері тек білім беру мекемелерінде ғана емес, тұтас қоғамда талқыланады. Федералды және аймақтық деңгейде қабылданған экологиялық бағдарламалар мектептер мен жоғары оқу орындарына нақты бағыт береді [168].

Мектеп бағдарламаларында экология пәні жаратылыстану ғылымдарына біріктіріліп, сонымен қатар, жекелеген курстар ретінде ұсынылады. Балалармен жастар экологиялық мәселелерді зерттеу жобаларына қатысады, қалалық және ауылдық жерлерде экологиялық мониторинг жүргізеді [169].

Германияда жоғары оқу орындарында экологиялық білім беру педагогикалық даярлықтың маңызды бағытына айналған. Мұғалімдер экологиялық құзыреттілікті дамыту мақсатында арнайы курстардан өтеді. Сонымен қатар, экологиялық ауылдар, табиғатты зерттеу орталықтары сияқты ұйымдар білім беру жүйесінің бөлігі ретінде жұмыс істейді.

Жапония экологиялық апаттардың алдын алу мен қоршаған ортаны қорғауға бағытталған кешенді білім беру саясатын ұстанады. Бұл елде экологиялық санамен жауапкершілік мектеп бағдарламасына арнайы кіріктірілген. Оқушылар қайта өңдеу, табиғатты сақтау, энергияны үнемдеу сияқты іс-әрекеттерді күнделікті өмірде қолдануға үйренеді. Үйрету үдерісі, оқытудың интерактивті әдістері: рөлдік ойындар, симуляциялар, жобалық жұмыстар т.б. кеңінен қолдану арқылы жүзеге асырылады. Жапонияда экологиялық білім беруде мектеп, отбасы және қоғам арасында тығыз байланыс орнатылған.

Жапония – табиғи ресурстары шектеулі ел болғандықтан, халық табиғатты ұқыпты пайдалануға бейімделген. Елдің білім беру жүйесінде экологиялық тәрбие басты орын алады. Мектеп оқушыларына қоршаған ортаны ластамау, суды үнемді пайдалану, қайта өңдеу секілді дағдылар кішкентай кезінен үйретіледі. Бұл арнайы бағдарламамар негізінде іске асып келеді, айталық, Жапония мектептерінде «Эко мектеп» бағдарламасы енгізілген. Оның шеңберінде оқушылар әртүрлі экологиялық жобаларға қатысып, өз мектептерінде энергияны үнемдеу, қалдықтарды бөлу, мектеп аумағын тазалау жұмыстарына белсенді атсалысады. Оқытушылар мен оқушылар экология

мәселелерін талқылау үшін түрлі семинарлар мен көрмелер ұйымдастырады [170].

Сондай-ақ, Жапонияның білім беру тәжірибесінде оқыту мен тәрбиені интеграциялау қағидасы кеңінен қолданылады. Мысалы, тарих, әдебиет және көркем өнер пәндері арқылы табиғатқа сүйіспеншілік пен адамгершілік тәрбие беріледі.

АҚШ-та экологиялық білім беру 1970 жылдан бастап, қарқынды дамыды. Экологиялық тәрбие мектептерде жаратылыстану пәндерімен қатар, азаматтық білім, география және экономикамен ұштастырылып беріледі. Экологияға қатысты арнайы курстар мен бағдарламалар жасалған. «National Environmental Education Foundation» сияқты үкіметтік емес ұйымдар экологиялық ақпараттарды таратуда және мұғалімдерді даярлауда белсенді жұмыс атқарады. Сонымен қатар, экологиялық білімді университеттер деңгейінде дамытуға баса назар аударылған.

АҚШ-та экологиялық білім беру 1970 жылдары қарқын алды. Бұл елде экологиялық қозғалыстар мен үкіметтік емес ұйымдар (ҮЕҰ) үлкен рөл атқарады. National Environmental Education Foundation (NEEF), Environmental Protection Agency (EPA) секілді ұйымдар мектептерге оқу-әдістемелік материалдар ұсынумен қатар, мұғалімдерді даярлау және қайта даярлау курстарын өткізеді.

Мектеп бағдарламаларында экологиялық білім «пәнаралық интеграция» қағидасы негізінде жүзеге асырылады. Мәселен, математика сабағында – суды үнемдеу статистикасы, әдебиетте – табиғат туралы шығармалар, жаратылыстану пәнінде – экожүйелерді зерттеу жүргізіледі. Сонымен қатар, мектептерде экологиялық апталықтар, ағаш отырғызу акциялары, табиғатты қорғау жобалары ұйымдастырылады.

АҚШ университеттерінде экологиялық бағыттағы мамандықтармен зерттеу орталықтары кеңінен таралған. Бұл ғылыми-зерттеу жұмыстарымен қоғамдық білім беруді ұштастыруға мүмкіндік береді.

Швецияда экологиялық білім беру тұрақты даму тұжырымдамасына негізделген. Елдің білім беру министрлігі мектеп бағдарламаларын экологиялық сана қалыптастыруға бағыттайды. Оқу үдерісінде климаттың өзгеруі, биологиялық әртүрлілік, энергия ресурстарын тиімді пайдалану секілді тақырыптар басты назарда болады.

Швеция мектептері экологиялық жобаларды орындау арқылы оқушылардың жауапкершілігін, шығармашылығын және ғылыми зерттеу қабілеттерін дамытады. Мысалы, «Энергияны үнемде», «Қоқысты қайта өңде», «Жасыл көлік» секілді оқушылар жобалары нақты нәтижеге қол жеткізуге бағытталған.

Швецияда экологиялық білім беру ғылыми жаратылыстану және гуманитарлық пәндермен тығыз байланыста жүзеге асырылады. Жаратылыстану пәндеріне биология, физика, химия және технология, ал гуманитарлық пәндерге география, тарих, дінтану және құқық жатады. Экологиялық білім беру көбіне элективтік курстар түрінде ұсынылады және аптасына 6–7 сағаттық оқу жүктемесін құрайды. Далалық зерттеулермен

практикалық зертханалық жұмыстар экологиялық білім берудің тиімді және кең таралған формалары ретінде қарастырылады. Көптеген білім беру мекемелерінде экологиялық білім беруге арналған арнайы кабинеттер және «воркшоп» түріндегі шеберлік сабақтарын жүргізетін мамандар қызмет атқарады. Бұл білім беру түрі жоғары деңгейде ұйымдастырылған және әртүрлі жастағы оқушылармен әртүрлі мекемелермен бірлестіктердің өзара іс-қимылы арқылы жүзеге асады.

Швецияда бейресми білім беру жүйесі де ерекше маңызға ие. Бұл білім беру формасының элементтері ұлттық салт-дәстүрлермен оқушылардың күнделікті іс-әрекеттерінен көрініс табады. Мысалы, «әрбір адамның құқығы» (Allemansrätten) деп аталатын қағидаға сәйкес, азаматтардың мемлекет меншігіне немесе жеке меншікке жататын жерлерге, көлдер мен ормандарға кедергісіз кіру, демалу және спортпен шұғылдану құқықтары қамтамасыз етілген. Бұл құқық ежелгі дәуірден, б.з.д. VI–VII ғасырлардағы швед патшаларының заңдарында бекітілген. Сонымен қатар, бұл құқық табиғатқа ұқыпты қарау жауапкершілігін де қамтиды: мысалы, ағаш-бұталарды сындыруға, құс жұмыртқаларын алуға, қоқыс тастауға тыйым салынады.

Экологиялық білім берудің тағы бір мысалы ретінде «Studiefrämjandet» деп аталатын оқу үйірмелерінің қызметін атап өтуге болады. Бұл 5–20 адамнан тұратын бейресми оқу топтары, олар тұрақты түрде жиналып, түрлі мәселелерді талқылайды. Үйірмелер мәдени жобалармен қатар экологиялық тақырыптағы семинарлар ұйымдастыруға жауапты болып табылады. Бұл – Швецияда ғасырлық тарихы бар дәстүрлі әрі тиімді оқыту нысаны.

Швецияда табиғатты қорғау жеке оқу пәні ретінде алғаш рет 1919 жылы енгізілді. 1988 жылы бұл пәннің мазмұнымен әдістемесі қайта қаралып, жетілдірілді. 1970 жылы Еуропалық қоршаған орта жылына байланысты Швецияда жаңа тоғыз жылдық жалпыға міндетті білім беру бағдарламасы аясында экологиялық мазмұн ендірілді. Сол кезеңде Ұлттық экологиялық жоба қабылданып, жүзеге асырылды. Экологиялық білім беру Скандинавия елдерінің мемлекет аралық ынтымақтастығы аясында маңызды бағыттардың бірі ретінде танылды. Швецияның Қоршаған ортаны қорғау қоғамы (ERA) Ұлттық білім беру агенттігімен бірлесе отырып, экологиялық білім беру бойынша бүкіл елді қамтитын ақпараттық желі құрды.

Швециядағы экологиялық білім беру жүйесінің тағы бір ерекшелігі – орман мектептерінің болуы. Бұл мектептер 40 жылдан астам уақыт бойы жұмыс жасап келеді және олардың басты мақсаты – балалардың табиғатпен тікелей қарым-қатынасын қамтамасыз ету, физикалық және психикалық денсаулықтарын нығайту болып табылады. Орман мектептерінде балалар табиғи ортада түрлі тәжірибелер жасап, экологиялық ойындар ойнайды, табиғатты зерттейді және оған деген эмоционалдық сезімін дамытады.

Орман мектептері үш сатылы құрылымнан тұрады:

Бірінші саты – 1,5–4 жас аралығындағы «Қызыл қоңыздар» деп аталатын топтар, олар үшін табиғат әлемі жаңа әрі әсерлі болып табылады.

Екінші саты – 4–7 жас аралығындағы балалар үшін арналған Мулле мектебі, мұнда оқушылар қоршаған ортаны белсенді түрде зерттейді.

Үшінші саты – 7–10 жастағы «орман туристері», олар орманда серуендей жүріп, табиғи құбылыстарға қатысты «неге?» және «қалай?» сұрақтарына жауап іздейді.

Сонымен қатар, Швецияда дәстүрлі балабақшалармен қатар ашық балабақшаларда кеңінен таралған. Бұл мекемелерде балалардың көп уақыты ашық аспан астында өтеді: олар бау-бақшамен айналысады, өсімдіктер отырғызады, спортпен шұғылданады. Спорттық іс-әрекеттермен салауатты өмір салтын қалыптастыру – Швециядағы экологиялық мәдениеттің негізгі элементтерінің бірі. Гимнастика және шаңғы тебу сабақтары мектепке дейінгі және мектеп бағдарламаларына міндетті түрде енгізілген.

Бастауыш сыныптан бастап, оқушылар тұрмыстық қалдықтарды сұрыптау дағдыларына үйретіледі. Аптасына бір рет өтетін арнайы сабақтарда оқушылар қалдықтардың түрлерін, олардың қауіпсіздігімен қайта өңдеу жолдарын үйренеді. Табиғатқа қамқор көзқарас бала кезден, үлкендердің үлгісімен бұқаралық ақпарат құралдарының тәрбиелік әсері арқылы қалыптасады. Швецияның мемлекеттік теледидары экологиялық тақырыптарға арналған бағдарламаларды кеңінен таратады.

Экологиялық мәдениетті қалыптастыруда отбасының, білім беру ұйымдарының, мемлекеттік және қоғамдық құрылымдардың, мәдениет пен ғылым мекемелерінің, БАҚ пен діни ұйымдардың үйлесімді әрекеттестігі маңызды рөл атқарады. Бұл жүйеге қоғамның барлық әлеуметтік топтары қатысады.

Скандинавия елдерінен басқа, Ұлыбритания, Германия, АҚШ және Канада сынды мемлекеттердің экологиялық білім беру тәжірибесіде кең әрі жан-жақты. Аталған елдердегі басты ерекшелік – экологиялық білім берудің ашық аспан астындағы практикалық қызметке бағытталуы, экологиялық жобалармен ойындарды дамыту, табиғатты эмоционалды түрде қабылдау негізінде білім беру үдерісін ұйымдастыру. Мысалы, Англия мен Данияның бастауыш мектептерінде жаратылыстану пәні, Норвегияда өлкетану пәні оқытылады және олардың барлығы экологиялық тәрбие мазмұнын қамтиды. Орта мектептерде биология, география және қоғамтану пәндері арқылы оқушылардың экологиялық көзқарасымен танымы дамытылады.

Аталған елдерде экологиялық мәселелер жаратылыстану пәндерімен қатар тарих, экономика, әлеуметтану, мәдениеттану, құқық т.б. курстары аясында да оқытылады. Оқу уақытының едәуір бөлігі экологиялық мәселелерді қарастыруға бөлінеді. Оқушылар жергілікті табиғат жағдайларын, қалпына келмейтін ресурстарды қорғау, урбанизация мәселелері, «Ауа және су», «Байланыс», «Біздің қажеттіліктер» сияқты тақырыптарды зерттейді. Жоғары сынып оқушылары үшін «Қалалық орта» немесе «Бағбандық» секілді тақырыптар таңдау курсы ретінде ұсынылады.

Ұлыбританияда экологиялық білім беруге арналған ұлттық мандат болмаса да, бұл салада мұғалімдерге қолдау көрсететін бір қатар бастамалар мен саясаттар бар. Мысалы, экологиялық мәселелерге арналған пәнаралық байланыстар, мемлекеттік қолдау тапқан жаһандық оқыту, халықаралық «Эко-мектептер» бағдарламасы, сондай-ақ орман мектептері секілді ашық ауада

өткізілетін оқыту формалары кең таралған. Бұл бастамалар экологиялық және тұрақты даму саласындағы білім беруді кеңейтуге, жастардың әлеуметтік, тұлғалық және техникалық дағдыларын дамытуға, тұрақты болашақты қалыптастыруға бағытталған.

Экологиялық білімді дамытуда педагогтарды даярлаудың шетелдік тәжірибесіне тоқталар болсақ. Қазіргі заманғы білім беру жүйесі қоғамның экологиялық мәдениетін қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Бұл ретте педагог кадрлардың біліктілігімен экологиялық құзыреттілігі маңызды орын алады. Экологиялық білім беру тиімді болуы үшін алдымен мұғалімдердің кәсіби даярлығы, олардың табиғатқа жауапкершілікпен қарауы және заманауи экологиялық мәселелерді түсінуі қажет. Дамыған елдердің педагогтарды экологиялық білім беру саласына дайындаудағы тәжірибесі Қазақстан үшін үлгі бола алады.

Финляндияда мұғалімдерді даярлау жоғары оқу орындарындағы педагогикалық факультеттерде жүзеге асады және экологиялық компоненттер әрбір бағдарламаның маңызды бөлігі ретінде қарастырылады. Мұғалімдер табиғатты қорғау, тұрақты даму қағидалары және қоршаған ортаны сақтау тақырыптарында арнайы курстардан өтеді. Оқу үдерісінде студенттер экологиялық жобалармен айналысып, орман мектептерімен табиғат зертханаларында тәжірибеден өтеді.

Финпедагогикалық университеттері экологиялық білімді пәнаралық тәсілмен ұсына отырып, болашақ педагогтарды теориямен практиканы үйлестіруге үйретеді. Мұғалімдер білім берумен қатар, экологиялық мәдениетті таратушы ретінде қарастырылады.

Экологиялық құзыреттілікке бағытталған педагогикалық білім беруде Германияда педагогтарды даярлауда «біліктілік стандарттары» нақты белгіленген. Жоғары оқу орындарында экология пәндері тек жаратылыстану бағытындағы педагогтарға ғана емес, гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар бойынша оқып жатқан студенттерге де ұсынылады.

Германияда болашақ педагогтар экологиялық-этикалық мәселелерді шешуге, оқушылардың экологиялық сана-сезімін қалыптастыруға бағытталған әдістемелерді үйренеді. Экологиялық білім беру бойынша семинарлар, далалық зерттеулер, тәжірибелік жұмыстар – олардың кәсіби даярлығының ажырамас бөлігі.

Бұған қоса, мұғалімдерді даярлау бағдарламаларында жергілікті экологиялық мәселелерге бейімделген мазмұн беріледі. Әр өңірдің табиғи ерекшелігі ескеріліп, оқу үдерісіне жергілікті экожүйелерге қатысты жобалар ендіріледі.

Әлеуметтік жауапкершілікпен табиғатпен үндестікте Жапонияда педагогикалық жоғары оқу орындарында экологиялық тәрбие беру маңызды бағыт ретінде оқытылады. Оқу бағдарламаларына «экологиялық этика», «қоршаған ортаны қорғау негіздері», «табиғатпен үйлесімді өмір сүру» секілді пәндер кіреді.

Мұғалімдер экологиялық жобалық оқыту әдістерін меңгереді және сабақ барысында интерактивті әдістер мен экологиялық ойындарды кеңінен

қолдануға машықтанады. Студенттерді даярлау барысында Жапониядағы табиғи апаттардан сабақ алу тәжірибесі де ескеріледі. Болашақ педагогтарға экологиялық қауіпсіздік, алдын алу шаралары, төтенше жағдайларда тәртіп сақтау мәселелері үйретіледі.

Жапондық тәсілдің бір ерекшелігі – мектеп, отбасы және қоғам арасындағы ынтымақтастықтың орнауы, педагогтарды даярлау үдерісінде бұл байланысты тиімді пайдалану жолдары оқытылады.

АҚШ-та педагогтарды экологиялық білім беру саласына даярлау екі деңгейде жүргізіледі: базалық университеттік білім және үзіліссіз кәсіби даму курстары арқылы. Университеттер экологиялық білімге арналған арнайы пәндермен сертификаттық бағдарламаларды ұсынады.

Сонымен қатар, National Environmental Education Foundation (NEEF) және North American Association for Environmental Education (NAAEE) секілді ұйымдар мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағытында кең көлемде жұмыс атқарады. Олар тренингтер, вебинарлар, оқу құралдары мен онлайн платформалар әзірлеп, педагогтарға нақты қолдау көрсетеді.

АҚШ тәжірибесінде педагогтың экологиялық құзыреттілігі — тек экологиялық білім беру емес, сонымен қатар оқушыларды экологиялық шешім қабылдауға бағыттау мүмкіндігін қамтиды. Мұғалімдерге сыни ойлау, жобалық және зерттеушілік әдістерді қолдану арқылы оқушылардың экологиялық мәселелерді талдау қабілеттерін дамыту жолдары үйретіледі.

Австралия мен Канадада педагогты даярлау бағдарламаларына тұрақты даму мақсаттары (SDGs) кеңінен қарастырылған. Болашақ педагогтар экологиялық әділеттілік, жергілікті қауымдастықтардың рөлі, табиғатпен үйлесімділік мәселелерін жан-жақты зерделейді [171].

Бұл елдерде педагогтар экологиялық көшбасшы ретінде қарастырылады. Университеттік курстарда студенттер өз қауымдастығы үшін экологиялық шешімдер ұсынып, оларды іске асыру тәжірибесіне қатысады. Мектептен тыс білім беру мекемелерімен, экологиялық қорлармен серіктестік арқылы тәжірибелік сабақтар өтеді.

Шетелдегі тәжірибелер педагогтарды экологиялық білім беру саласына даярлау үдерісі кешенді, жүйелі әрі практикалық бағытта жүргізілуі тиіс екенін көрсетеді. Жалпы алғанда келесі ортақ қағидалар байқалады:

Экологиялық білім мұғалім даярлау бағдарламаларына міндетті түрде енгізіледі;

Практикалық сабақтар мен далалық зерттеулер негізгі құрал ретінде пайдаланылады;

Үкіметтік емес ұйымдар мен қоғамдық қорлар белсенді түрде қатысады;

Тұрақты даму мен экологиялық жауапкершілікке басымдық беріледі;

Шетелдік тәжірибеде болашақ педагогтарға экологиялық көшбасшылық, жобалық қорытынды жасау педагогтарды экологиялық білім беру саласына даярлау үдерісі кешенді, жүйелі әрі практикалық бағытта жүргізілуі тиіс екенін көрсетті. Экологиялық мазмұн барлық оқу бағдарламаларына енгізіліп, тәжірибелік әдістер арқылы жүзеге асады. Қазақстан үшін бұл тәжірибелерді

бейімдеп енгізу – экологиялық саналы ұрпақ қалыптастырудың негізі бола алады (7-кесте).

Кесте 7 – Педагогтарды экологиялық білімге даярлау бойынша шетелдік тәжірибенің салыстырмалы талдауы

Ел	Оқу мазмұны	Практикалық жұмыс	ҮЕҰ және серіктестік	Тұрақты даму қағидалары	Ерекшеліктер
Финляндия	Экология, табиғатты қорғау	Орман мектептері	Мектеп және билік	Иә	Табиғи ортада оқыту
Германия	Экология, этика	Далалық зерттеу	Аймақтық орталықтар	Иә	Жергілікті мазмұн
Жапония	Экологиялық этика	Қоғамдық жобалар	Қауымдастық	Ішінара	Табиғи апаттарға дайындық
АҚШ	Пәнаралық мазмұн	Экологиялық апталықтар	NEEF, NAAEE	Иә	Онлайн қолдау
Канада	SDG мақсаттары	Қауым жобалары	Қоғамдық қорлар	Иә	Экологиялық көшбасшы
Қазақстан	Шектеулі пәндік мазмұн	Шектеулі	Қоғамдық қорлар аз	Ішінара	Әдістеменің нақты жүйеленбеуі

Жоғарыда аталған шетелдік тәжірибелерден мынандай маңызды қағидалар мен бағыттар шығады:

Экологиялық білім беру мектепке дейінгі кезеңнен басталуы тиіс;

Жүйелі және кешенді тәсіл қажет: мектеп, отбасы, қоғам ынтымақтастығы;

Пәнаралық байланыстар мен практикалық әрекеттерге негізделген оқыту тиімді;

Экологиялық жобалар мен интерактивті әдістер оқушылардың қызығушылығын арттырады;

Мемлекеттік саясат пен үкіметтік емес сектордың ынтымағы ерекше рөл атқарады.

Бұл тәжірибелер Қазақстанда экологиялық білім беру жүйесін жетілдіруге, экологиялық мәдениетті дамытып, жас ұрпақтың табиғатқа жанашырлықпен қарауына жол ашады. Сондықтан халықаралық тәжірибелерді зерделей отырып, отандық білім беру жүйесіне тиімді бейімдеу қажет.

Қазақстанда экологиялық білім беруді дамыту мақсатында БҰҰ Даму бағдарламасы (БҰҰДБ) мен Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі (қазіргі Оқу-ағарту министрлігі) бірлесіп, ауқымды жоба іске қосты. Бұл бастама 2020 жылы Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күні қарсаңында жарияланды және экологиялық мәдениетті қалыптастыру мен тұрақты даму қағидаттарын білім беру жүйесіне енгізуге бағытталған [172].

Жобаның негізгі мақсаттары мен міндеттері:

6 000-нан астам мұғалімді даярлау: экологиялық және экономикалық

қауіпсіздік, табиғатты қорғау салаларында оқу-әдістемелік құралдар әзірлеу арқылы мұғалімдердің біліктілігін арттыру.

17 білім беру ұйымын ресурстарды үнемдейтін жасыл технологиялармен жабдықтау: бұл мектепке дейінгі мекемелерден бастап, әртүрлі деңгейдегі оқу орындарын қамтиды.

Мектепке дейінгі білім беру үшін экологиялық мәдениетке арналған әдістемелік материалдар дайындау.

1-4 сынып оқушыларына арналған «Дүниетану» пәні бойынша тақырыптық үстел ойындарымен интерактивті бейнесабақтар әзірлеу [173].

Экологиялық білім беруді заңнамалық деңгейде бекіту: білім беру жүйесіне экологиялық білімді енгізуге құқықтық негіз жасау арқылы қоғамда табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға қажетті экологиялық жауапкершілікті қалыптастыру [174].

Жобаның кең ауқымды контексті.

Бұл бастама БҰҰДБ-ның Қазақстандағы орман экожүйелерін сақтау және биоалуантүрлілікті қорғау жобасының құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. 2018–2024 жылдар аралығында жүзеге асырылған бұл жоба 14 ерекше қорғалатын табиғи аумақты, 8 орман шаруашылығын, 12 ауданмен 4 ауылды қамтыды.

Білім беру жүйесіне тұрақтылықты енгізу үшін «Жасыл балабақша – Жасыл мектеп – Жасыл колледж – Жасыл университет» тұжырымдамасын енгізу қарастырылды. Бұл бастама білім беру мекемелерінің барлық деңгейінде экологиялық мәдениетті қалыптастыруға, табиғатқа ұқыпты қарауға тәрбиелеуге және ресурстарды тиімді пайдалануға негізделеді.

Аталған тұжырымдама шеңберінде еліміздің бірқатар жоғары оқу орындары экологиялық жауапкершілікті арттыру мақсатында нақты жобаларды қолға алды. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде осы бағытта жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Университет қабырғасында студенттердің экологиялық сауаттылығын арттыру, олардың қоршаған ортаға деген жанашырлық көзқарасын қалыптастыру мақсатында бірнеше әлеуметтік-экологиялық жобалар жүзеге асырылып келеді.

Мысалы, «Айналаңды нұрландыр» жобасы ЖОО-да маңызды тәрбие құралдарының бірі ретінде танылып отыр. Бұл жоба аясында студент жастар табиғатты аялау, тазалық сақтау, көгалдандыру жұмыстарына белсене қатысып, экологиялық мәдениетті өмір салтына айналдыруға бағытталған іс-шараларға жұмылдырылуда. Сонымен қатар, бұл бастама университеттің «жасыл» орта құруға және орнықты даму идеяларын насихаттауға қосқан үлесін көрсетеді.

Бұдан бөлек, университетте экологиялық сағаттар**,** ағаш отырғызу акциялары**,** қалдықтарды сұрыптау жобалары, сондай-ақ «Жасыл кеңсе» бастамалары жүзеге асырылып келеді. Мұндай жобалар студенттердің күнделікті өмір салтында табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға, экологиялық ойлауды дамытуға ықпал етеді.

Жалпы алғанда, «Жасыл университет» моделін жүзеге асыру арқылы жоғары оқу орындары білім алушылардың бойында табиғат пен қоғам алдындағы жауапкершілік сезімін нығайтып, экологиялық тұрақтылыққа

негізделген заманауи білім беру кеңістігін қалыптастырады. Бұл бағыттағы жұмыстар еліміздің тұрақты даму стратегиясының маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырылуы қажет.

«Жасыл мектеп» немесе экологиялық мектеп ұғымы – оқушылардың экологиялық сауаттылығы мен мәдениетін қалыптастыру ортасы ретінде – жаһандану және қоршаған ортаның нашарлау жағдайында ерекше маңызға ие болуда. Еуропа мен Қазақстан мектептері мен колледждерінде экологиялық білім беруді енгізудің тиімділігі зерттелуде, сонымен қатар оқу үдерісіндегі психологиялық аспектілерді ескеру қажеттігі атап өтіледі. Дүниежүзіндегі көптеген оқу орындары «жасыл мектеп» болуға ұмтылады, алайда, экологиялық білім мен психологияны кіріктіру қажеттігі сияқты қиындықтарға тап болады. Экологиялық білім беру үдерісіне психологиялық әдістерді енгізудің тиімділігін бағалау үшін тестілеу алдындағы және кейінгі өлшемдер жүргізілді [175].

Қоршаған орта дағдарысының ушығуы мен экожүйелердің үдемелі түрде тозуы қазіргі таңда кешенді экологиялық білім берудің маңыздылығын ерекше айқындайды.

Алайда эмпирикалық бақылаулар көрсеткендей, экологиялық білім беру жиі тек теориялық мазмұнмен шектеліп, оқушылардың мінез-құлқы мен күнделікті әрекеттеріне нақты ықпал етпейді (Geiger, Keller, 2018). Осындай жағдайларда экологиялық педагогикаға психологиялық әдістерді енгізу аса маңызды. Мұндай интеграция оқушыларда орнықты экологиялық дүниетаным қалыптастыруға және олардың белсенді қоғамдық рөлін нығайтуға септігін тигізеді.

Экологиялық білім беру үдерісіне психологиялық тәсілдерді енгізудің оқушылардың экологиялық іс-әрекетке тартылу деңгейіне және олардың жалпы экологиялық сана-сезіміне әсерін зерттеуге бағытталған. Біз педагогикадағы психологиялық стратегияларды қолдану «жасыл мектеп» рухын қалыптастыруда шешуші фактор деп санаймыз, бұл оқушылардың экологиялық мәдениетін үздіксіз дамытуға ықпал етеді.

Бұл тұжырымдаманы енгізу теориялық экологиялық білім мен практикалық экологиялық әрекеттің арасындағы алшақтықты жоюға мүмкіндік береді. Психологиялық қағидаларды кіріктіру арқылы бұл жұмыс білім беру мекемелерінің экологиялық жауапты азаматтарды тек оқытып қана қоймай, оларды белсенді қалыптастыра алатынын көрсетеді. Мұндай тәсіл білім беру саясаты мен оқу бағдарламаларын әзірлеуде де, ғылыми-зерттеу жұмыстарында да үлкен маңызға ие. Ол экологиялық білім беруге деген көзқарасты түбегейлі өзгертіп, мектептерді, колледждер мен университеттерді экологиялық өзгерістер мен тұрақтылықтың белсенді қозғаушы күшіне айналдырады.

Тұжырымдамада білім алушылардың бойында келесі дағдыларды қалыптастыруға болады:

Дағды 1: Қалдықтарды сұрыптау және қайта өңдеу дағдысы;

Дағды 2: Күнделікті өмірде су мен электр қуатын үнемдеу қабілеті;

Дағды 3: Жеке автокөлік орнына қоғамдық көлік немесе велосипед қолдану.

Бұл зерттеу «жасыл мектеп – жасыл колледж» тұжырымдамасы аясында үздіксіз экологиялық білім берудің маңыздылығын негіздейді. Жинақталған деректер экологиялық білім беру мен психологиялық тәсілдерді ықпалдастырудың оқушылардың экологиялық белсенді ұстанымын қалыптастыруда жоғары тиімділікке ие екенін көрсетті.

Зерттеу нәтижелері оқушылардың экологиялық хабардарлығы мен жобаларға қатысу белсенділігінің оң серпінмен дамып келе жатқанын көрсетті. Бұл тек теориялық білім ғана емес, сол білімнің практикада қолданылу маңызын да айқындайды.

Экологиялық іс-шараларға қызығушылықтың артуы оқушылар арасында экологияға деген оң көзқарастың қалыптасқанын және экологиялық мәселелерді шешуде жеке жауапкершілікті сезіне бастағанын білдіреді. Алайда, экологиялық жобаларға қатысу мен оларды бастау белсенділігіндегі айырмашылықтар экологиялық білім беру жүйесінде жекелендірілген тәсілдің қажеттілігін көрсетеді.

Жалпы, бұл зерттеу нәтижелері экологиялық сана-сезімі жоғары және белсенді жастарды тәрбиелеу үшін мектеп бағдарламасына «жасыл мектеп» қағидаттарын енгізу мен үздіксіз экологиялық білімді одан әрі жетілдіру қажеттілігін дәлелдейді.

2.2 Экологиялық білімді қалыптастыруда педагогикалық-психологиялық диагностикалаудың ерекшеліктері

Қазіргі кезеңде Қазақстан Республикасында экологиялық мәселелерге ерекше назар аударылуда. Бұл болашақ педагогтардың қоршаған табиғи ортаға деген көзқарасын, оның байлықтарын қалай пайдалануға тырысатынын, оларды қаншалықты үнемді пайдаланып жатқанын, дала, көлдер және ата-бабаларынан мұраға қалған басқа да табиғи байлықтарды қалай бағалай білетінін, сонымен қатар оларды қаншалықты ұқыптылықпен қорғайтынын түсінуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, бұл олардың экологиялық мінез-құлқын болжауға, экологиялық тәрбие мен білім беру бойынша қалыптастырушы және түзету шараларының кешенін әзірлеуге мүмкіндік береді.

Экономикалық дағдарыс пен қазіргі экологиялық жағдай кезінде еліміз ресурстарды ұтымды пайдалану, географиялық орналасуының жаңа артықшылықтарын іздеу, түрлі экологиялық бағдарламаларды енгізу және оларды психологиялық қолдауды қажет ететін сатыда тұр. Сол бағдарламалардың бірі – жаңа атом электр станциясының құрылысы. Ол қоршаған ортаны ластамайды десе де болады және еліміз үшін тиімді ресурс болып табылады. Сонымен қатар, Арал теңізінің тартылысы, Байқоңыр ғарыш айлағының мәселелері және т.б. мәселелер халыққа тиісті психологиялық қолдау бағдарламасын қажет етеді деп ойлаймыз.

Бұл салада ғылыми зерттеулер өте сирек жүргізілетінін ерекше айта кету керек. Дегенмен, экологиялық мәселелер әртүрлі бағдарламалар мен жобаларда қарастырылады. Ал, ТМД елдерінде керісінше, бұл бағыт белсенді дамуда. Мысалы, Украинада экопсихологияға деген қызығушылықтың пайда болуына

Чернобыль атом станциясындағы апат әсер етті. Онда экологиялық психология мәселелеріне ерекше назар аударылады: конференциялар өткізіледі, экологиялық сананы қалыптастыру бойынша тренинг бағдарламалары әзірленуде, халықпен іс-шаралар жүргізіледі.

Психологиядағы экологиялық әдіс, ең алдымен К.Левиннің (топтық өзара әрекеттестіктің социо және психодинамикасы) және Дж.Гибсонның (көрнекі қабылдауға экологиялық көзқарас) есімдерімен байланыстырылады. Бұл бағытқа адамдағы психикалық үдерістерді, күйлері мен санасын табиғи (зертханалық емес) жағдайда және өз табиғи болмысына сәйкес (психолог-зерттеушінің араласуынсыз) зерттеу тән [176]. Экологиялық дағдарыстың әртүрлі көріністері мен жергілікті апаттардан зардап шеккен адамдарға психологиялық көмек көрсету мәселелері зерттелуде (О.Гарнец, В.И. Панченко, В.В. Рыбалка, Ю.М. Швалб және т.б.), заттық-кеңістіктік фактордың адамның психологиясына әсері және адамның қоршаған микроортаға әсер ету ерекшеліктері (А.М.Левочкина, Е.В.Рудомино-Дусятская және т.б.) қарастырылуда, экопсихологияның жалпы теориялық және әдіснамалық негіздері жасалуда (С.Г.Москвичёв, В.А.Скребец және т.б.), экологиялық сананы қалыптастыру ерекшеліктері (И.В.Кряж, О.С.Мамешина және т.б.), сондай-ақ, экологиялық психология мен мәдениеттің өзара байланысы, қоғамдағы экологиялық мәдениеттің жеке көріністері (В.С.Крисаченко, О.И.Салтовский және т.б.) зерттелуде. Осы тақырыпқа арналған психодиагностикалық әдістемелердің тұтас пакеті әзірленіп, балалар мен жасөспірімдерге табиғи ортаны бұзбайтын мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Бұл бағыт аясында әртүрлі ғылыми салаларда көптеген ғалымдар жұмыс істеуде. Еуропада да осындай зерттеулерге деген қызығушылық тұрақты түрде жоғары деңгейде сақталып келеді. Өткен ғасырдың 60-жылдарында-ақ еуропалық ғалымдар сол кезеңде басым болған зертханалық психология адамның шынайы әлемдегі мінез-құлқы туралы толық түсінік бере алмайды деген қорытындыға жиі келді, өйткені зертханалық жағдайда адамның психикасына әсер ететін барлық қоршаған орта факторларын ескеру мүмкін емес.

80 жылдардың басында адамның қоршаған ортамен өзара әрекеттесудің психологиялық аспектілерін зерттеудің әртүрлі бағыттары біріктіріліп, «Қоршаған орта психологиясы» (Environmental Psychology) деп аталатын бағыт пайда болды. Бұл мәселеге қатысты алғашқы халықаралық бағдарлама 1982 жылы Эдинбургте қабылданды. Ағылшын тілді әдебиетте бұл бағыт (экологиялық психология) Green-mindedness немесе Green Psychology атауымен, ал қоршаған орта психологиясы – Environmental Psychology деп аталды. Сол уақыттан бері көптеген конференциялар, семинарлар өткізіліп, осы бағытта жұмыс істейтін мамандар дайындалып келеді. Шетелде экологиялық психологияға деген қызығушылық артуда.

Психологияда адамның психикасына әсер ететін көптеген факторлардың, оның ішінде адамның өмір сүріп отырған мәдени ортасының ерекшеліктерінің әсер ететіні дәлелденген факт болып табылады. Бұл, өз кезегінде, адамның

қоршаған шындықпен қандай қатынастар орнататынына, яғни оның ортаға (соның ішінде табиғи ортаға) қалай әсер ететініне ықпал етеді. Зерттеу әдістері ретінде «Натурафил», «Құндылықтық бағдарлар» (М.Рокич) әдістемелері және математикалық статистика әдістері (тәуелсіз таңдаулар үшін Манн-Уитни көрсеткіштері) қолданылды.

90 жылдардың ортасында В.Н.Мясищевтің тұлғааралық қатынастар тұжырымдамасына негізделе отырып, экологиялық психологияда табиғатқа субъективті қатынастың арнайы психологиялық мазмұнын анықтайтын параметрлер жүйесі жасалды, сонымен қатар субъективті қатынастың типологиясы құрылды.

Ең жалпы мағынасында, психологияда субъективті қатынас-адамның қажеттіліктерінің объектілермен және әлемдегі құбылыстармен өзара байланысын субъективті түрде бейнелейтін, адамның мінез-құлқын анықтайтын фактор болып табылады. Осылайша, әлемдегі объектілер мен құбылыстарға деген субъективті қатынас, оларда қандай қажеттіліктердің және қандай дәрежеде «бейнеленгендігі» мен анықталады. Қажеттіліктер мен объектілердің, құбылыстардың арасындағы байланыстың бейнеленуі әртүрлі формада жүзеге асырылғандықтан, психологияда Б.Ф.Ломовтың [177] пікірінше, «субъективті қатынас» түсінігіне қатысты бірқатар ұғымдар бар. Мысалы, «жеке мағына» субъективтілікті мағыналық аспектіде, қоғамда қалыптасқан мәндермен байланыста ашады; «мағыналық бағдар» – мотивациялық аспектіде; «сезімдер» – аффективті аспектіде; «құндылық бағдарлар» – тұлғаның жалпы бағыттылығы аспектісінде; «тұлға қатынастары» (В.Н.Мясищев бойынша) – тұлғаның қоршаған шындыққа деген субъективті позициясы ретінде қарастырылады.

Әртүрлі авторларда табиғатқа деген қатынастардың көптеген түрлі классификациялары кездеседі. Табиғатқа деген субъективті қатынас бірнеше параметр арқылы сипатталуы мүмкін, өйткені шын мәнінде, табиғатқа жалпы бірдей қатынас жоқ, әртүрлі табиғи объектілерге қатысты субъективті қатынастар жүйесі қалыптасады. Субъективті қатынастың психологиялық типологиясы модальділік және интенсивтілік (қарқындылық) сияқты параметрлер негізінде құрылады.

Біз біраз уақыттан бері жоғары оқу орындарындағы болашақ педагогтар арасында экологиялық білімді, мәдениетті қалыптастыру мәселесін зерттеумен айналысып келеміз. Әрине, біздің зерттеуіміз экологиялық білімділік, мәдениет ұғымының барлық құрамдас бөліктерін және олардың педагогика бағытында оқитын мамандықтың әртүрлі білім беру бағдарламасы (ББББ) бойынша оқитын болашақ педагогтардың тұлғасына әсерін қарастыру мүмкіндігінің шектеулеріне ие. Дегенмен, біздің жұмысымызды экологиялық біліммен айналысатын ғалымдардың материалдарымен толықтыруға болады. Мысалы, D.C.Engleson экологиялық мәдениетті қалыптастыру үшін сегіз кезеңді әдісті әзірлеген [178]; D.L.Bainer, D.Cantrell және P.Barron жоғары оқу орнында экологиялық білім беруді жүзеге асыру барысында кешенді тәсілді қолдануды ұсынған, оған интердисциплинарлық, трансдисциплинарлық және мультидисциплинарлық компоненттер кіреді [179].

Экологиялық психология мен педагогика теориясын қалыптастыру барысында С.Д.Дерябо мен В.А.Ясвин субъектінің табиғатқа деген субъективті қатынасын түзетуге бағытталған модель әзірледі. Бұл модельге сәйкес, қоршаған әлеуметтік табиғи ортаның құрамдас бөліктерін қабылдауды өзгерту үшін, олардың қатынасын объективті жағдайдан субъективті жағдайға «субъективтілік» беру арқылы ауыстыру қажет.

Осы мақсатта табиғи объект адамның жеке динамикасын сезінуін қалыптастыруға ықпал етуі тиіс.

Соған сәйкес, субъектификацияға ұшыраған қоршаған табиғи ортадағы объект болашақ педагогтардың этикалық нормаларының әрекет ету саласына енеді, бұл оның осы объектімен «оң» өзара әрекеттесу мүмкіндігінің пайда болуына ықпал етеді. Нәтижесінде, болашақ педагогтардың дүниетанымы мен өмір салтында өзгерістер орын алып, бұл табиғаттың педагогикалық әлеуетінің оның тұлғасына әсер ету үдерісі ретінде қарастырылуы мүмкін.

Сонымен қатар, болашақ педагогтардың қоршаған ортаға деген қатынасын қалыптастыруда маңызды аспектілерді қарастырады. Бұл үш негізгі бағытқа ерекше назар аударады: эмоциялық бағыт (табиғатқа деген эмоционалды сезімді дамыту. Бұл бағытта табиғатқа құрметпен және сүйіспеншілікпен қарау дағдылары қалыптасады), танымдық бағыт (табиғаттың заңдылықтары мен ерекшеліктерін терең зерттеу, қоршаған орта туралы білімді арттыру), практикалық бағыт (табиғатпен қарым-қатынасты тәжірибе жүзінде ұйымдастыру, яғни табиғи және әлеуметтік әлемнің бірлігі аясында өзара әрекеттесу). С.А.Мудрак, А.В.Гагарин және В.В.Глебовтың көзқарастары бойынша, табиғатты субъективизациялау, яғни адам санасында табиғат объектілерін жеке қабылдау, табиғи және әлеуметтік ортаның үйлесімділігін түсінуге негізделуі керек. Бұл үдеріс адамның өмір салтына әсер ете отырып, оның экологиялық жауапкершілігін арттыруға және саналы қарым-қатынастар орнатуға ықпал етеді. Мұндай тәсілдер педагогтарды табиғатты қорғауға және жас ұрпаққа экологиялық мәдениетті сіңіруге даярлау үшін аса маңызды [180].

Болашақ педагогтардың қоршаған ортаға субъективті қатынасын диагностикалау үшін В.И.Пановтың жетекшілігімен РАО психология институтының экологиялық даму зертханасында әзірленген «экологиялық санасындағы» диагностикалық кешені қолданылды [181].

Бұл кешен қоршаған әлеуметтік-табиғи ортаға субъективті көзқарасқа негізделген экологиялық сананың экоцентрлік және антропоцентрлік түрлерін ажыратуға мүмкіндік береді.

Табиғатқа деген көзқарастың қарқындылығын дамыту педагогикалық үдерісте болашақ педагогтардың сезімдер саласындағы табиғат әлеміне (перцептивті-аффективті компонент); танымдық салада (когнитивті компонент); оның практикалық іс-әрекеттерінде (практикалық компонент) және іс-әрекеттерінде (қарқындылықтың іс-қимыл компоненті) өзінің көзқарасын көрсету мүмкіндіктерін бағыттайтындығына және кеңейтетіндігіне негізделген.

Табиғатқа деген көзқарастың **перцептивті-аффективті** компонентін дамытудың жоғары деңгейіне қол жеткізу үшін келтірілген бағдарлар табиғатты эстетикалық және эмоционалдық тұрғыдан қабылдауды тереңдетуге

бағытталған. Бұл бағдарлар адамның табиғатпен өзара әрекеттесу үдерісінде оның сұлулығын түсінуге, эмоционалды байланыс орнатуға және шығармашылық қабілеттерін дамытуға септігін тигізеді. Әрбір бағдарды талдайық:

1) Табиғат объектілерінің эстетикалық құндылығын анықтау. Бұл бағдар табиғаттағы объектілер мен құбылыстардың эстетикалық ерекшеліктерін байқауға, олардың сұлулығын терең түсінуге және бағалауға бағытталған. Мұндай көзқарас табиғатқа деген құрмет пен сүйіспеншілікті оятады, оның әртүрлілігі мен ерекше мәнін түсінуге көмектеседі.

2) Табиғи және әлеуметтік релиздер қызметін өзектендіру. Табиғатты қабылдаудың психологиялық аспектілерін ескеру, яғни адамның сезім мүшелері арқылы табиғаттың әртүрлі әсерлерін қабылдап, оны эстетикалық және этикалық тұрғыдан бағалауы. Бұл үдеріс табиғатқа байланысты когнитивті және эмоционалдық тәжірибені байытады.

3) Эмоционалды және белсенді жауап беру қабілетін дамыту. Табиғи объектілермен немесе олардың бейнелерімен өзара әрекеттесу барысында адам сезімін, қиялын және шығармашылық қабілеттерін іске қосуы тиіс. Бұл бағыт тек табиғаттың сұлулығын көру ғана емес, оған эмоционалды түрде жауап беру, шығармашылық әрекеттер арқылы табиғатты бейнелеу және қайта ойлау мүмкіндігін дамытуға ықпал етеді.

Бұл бағдарлар экологиялық және білім беру қызметінің негізінде табиғатқа деген сезімталдықты арттырып, жеке тұлғаның табиғатпен үйлесімді қарым-қатынас орнатуына мүмкіндік береді.

Табиғатқа қарқындылықтың **когнитивті** компонентінің дамуының жоғары деңгейіне қол жеткізу қамтамасыз етіледі:

1) Болашақ педагогтардың экологиялық ақпаратты өз бетінше іздеудегі белсенділігін өзектендіру. Болашақ педагогтарда табиғат әлемі туралы ақпаратқа жоғары сезімталдықты дамытып, бұл ақпаратты қалай алуға болатындығын көрсеткен жөн;

2) Болашақ педагогтарды дербес натуралистік және экологиялық бақылаулардың тәсілдері мен ережелеріне үйрету. «Табиғат құпиялары» туралы дербес «ашық» түрде ақпарат алу жеке маңызды болып табылады, болашақ педагогтардың одан әрі танымдық белсенділігін ынталандырады, олардың табиғат әлеміне деген қызығушылығының дамуын қамтамасыз етеді.

Бұл шаралар болашақ педагогтардың табиғатты тану қабілетін, сондай-ақ табиғатқа деген сүйіспеншілігі мен жауапкершілігін дамытуды қамтамасыз етеді.

Табиғатқа деген қарқындылықтың **практикалық** компонентін дамытудың жоғары деңгейіне қол жеткізуде, экологиялық білім беру үдерісін қамтамасыз ету:

1) болашақ педагогтардың табиғи тіршілік иелерімен прагматикалық емес практикалық өзара іс-қимылға, қарым-қатынасқа, яғни олармен субъект - субъектілік өзара іс-қимылға деген ұмтылысын ынталандыру;

2) табиғи объектілердің өмірлік көріністеріне, олармен өзара іс-қимыл үдерісінде олардың жауаптарына жоғары сезімталдықты дамыту.

Бұл практикалық компоненттің жоғары деңгейі, ең алдымен, табиғатқа жоғары дамыған субъективті көзқарасы бар болашақ педагогтарды қалыптастырады.

Табиғатқа деген көзқарас қарқындылығының **мінез-құлық** (іс-әрекет) компонентінің дамуының жоғары деңгейіне қол жеткізу қамтамасыз етіледі:

1) болашақ педагогтардың белсенді көмекке мұқтаж жағдайларға сезімталдығын дамыту;

2) болашақ педагогтардың белгілі бір құрбандықтарға баруға, табиғи объектілердің әл-ауқаты үшін қандай да бір қауіп-қатерге төтеп беруге дайындығын көтермелеу арқылы жүзеге асырылады.

Қатынастың іс-қимыл компоненті табиғатты қорғау үдерісінде толығымен дамиды. Айта кету керек, оның экологиялық орындылығы адамның табиғат әлеміне және барабар экологиялық идеялар жүйесіне қатынасын үйлестіру арқылы қамтамасыз етіледі.

Табиғат әлеміне субъективті көзқарас туралы бастауыш мектеп жасында педагогикалық тұрғыдан хабардарлықты дамыту орынды. Табиғатқа деген көзқарастың хабардарлығы оның экологиялық мінез-құлқын ерікті түрде түзетудің шарты болып табылатын рефлексивті талдау мүмкіндігін анықтайды.

Экологиялық және ағартушылық қызмет үдерісі, табиғат әлеміне деген субъективті-этикалық қатынасты қалыптастыру мен дамытуды көздей отырып, ұзақ мерзімді және жүйелі түрде жүзеге асырылуы тиіс. Бұл қызметтің тұрақтылығы мен тиімділігі тек бір реттік акциялармен шектелмей, үздіксіз және кешенді түрде жүргізілуі керек. Мысалы, экологиялық білім беру мен тәрбиені күнделікті сабақтарға, сыныптан тыс іс-шараларға, табиғатпен тікелей қарым-қатынаста болуға, сондай-ақ, табиғатқа деген сүйіспеншілік пен жауапкершілік сезімін қалыптастыруға негіздеу маңызды. Бұл жағдайда, оқушылар экологиялық мәдениетке терең енеді, табиғатқа деген көзқарасы мен қатынасы тұрақты түрде дамиды. Экологиялық тәрбиенің ұзақ мерзімді жобалары мен іс-шаралары оқушылардың табиғатқа деген қатынасын жаңа деңгейге көтеруге ықпал етеді.

Сонымен қатар, жасөспірімдердің психологиялық ерекшеліктерін және «табиғаттың табиғи күнтізбесін» ескеру маңызды, жасөспірімдердің жан-жақты экологиялық белсенділігін жоспарлау қажет.

Күзгі кезең: жемістер мен тұқымдарды жинау (жануарлардың қыста азықтануына көмектесу үшін орманда немесе саябақта жемістер мен тұқымдарды жинау); құс пен жануарларды азықтандыруға дайындалу (ағаштан немесе басқа материалдардан жемсауыт (құс қорабы) жасау); табиғаттағы өзгерістерді бақылау (жапырақтардың түсуі, күннің суытуы, жануарлардың қысқа дайындығын талдау);

Қысқы кезең: жануарлар мен құстарды азықтандыру (құстарға арналған жемсауыттарды орнатып, оларға жем салу. Азық ретінде дәндер, нан қиқымдары, жемістерді қолдануға болады); қарда қалған іздерді зерттеу (балалармен қарда қалған жануарлардың іздерін анықтап, олардың қай жануарға тиесілі екенін анықтау), қысқы табиғатты бақылау (аязды күндерде табиғаттың тынысын сезіну құстардың, ағаштардың жағдайы);

Көктемгі кезең: жасанды ұяларды ілу (құстар үшін арнайы ұялар дайындап, ағаштарға орналастыру), ағаш отырғызу (саябақтарда немесе орман маңында ағаш көшеттерін отырғызу шараларын ұйымдастыру), табиғаттың оянуын бақылау (құстардың қайтуы, алғашқы гүлдердің шығуы сияқты құбылыстарды байқау);

Жазғы кезең: өсімдіктер мен жәндіктерді зерттеу (табиғатқа экскурсия ұйымдастырып, өсімдіктер мен жәндіктердің түрлерін анықтау, олардың ерекшеліктерін талдау), су көздерін қорғау (өзен-көлдерді тазалау және олардың экожүйесін сақтау жөнінде акциялар өткізу), табиғатпен шығармашылық (табиғи материалдардан қолөнер жасау, табиғатты бейнелейтін суреттер салу) және тағы басқа да осындай іс-әрекеттермен шараларды ұйымдасырып, жоспарлау қажет.

Оқушылардың табиғат әлеміне деген көзқарасының тұрақтылық деңгейін экологиялық психодиагностика әдістерінің көмегімен тест арқылы бақылауға болады. Мұндай экологиялық-психологиялық мониторинг сонымен қатар, оқушылардың табиғатпен қарым-қатынасының жеке ерекшеліктерін анықтауға, осы қатынастың әртүрлі параметрлерік деңгейінің динамикасын бақылауға мүмкіндік береді. Тест жылына екі рет – оқу жылының басында және соңында өткізген жөн. Тест нәтижелері түзету үдерісінің жалпы тиімділігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Оқушылардың табиғат әлемімен қарым-қатынасын жалпылау деңгейін арттыру экологиялық-ағартушылық қызмет үрдісінде маңызды педагогикалық бағдар болып табылады. Жеке тұлғаның жеке «сүйкімді» табиғи объектілерге ғана емес, жалпы табиғат әлеміне де оң көзқарасының қалыптасуы маңызды, яғни, ол табиғатқа деген көзқарасын жалпылаудың жоғары деңгейімен сипатталады.

Қарым-қатынастың жалпылануы стереотиптеу механизмі арқылы да, жеке тұлғаның экологиялық идеялар жүйесін кеңейту және тереңдету арқылы да қалыптасады.

Жалпылау деңгейін арттырудың маңызды шарты – табиғат әлеміне деген көзқарастың кеңдігін дамыту.

Айта кету керек, қарым-қатынастың жалпылануы жекелеген табиғи объектілерге деген оң көзқарас негізінде ғана емес, сонымен қатар теріс қатынастар негізінде де қалыптасуы мүмкін. Кейбір адамдар стереотиптеу арқылы масаларға, шыбындарға және қоңыздарға деген теріс көзқарастарын тек барлық жәндіктерге ғана емес, кейде тіпті бүкіл табиғат әлеміне жеткізеді.

Әрине, табиғат әлеміне субъективті көзқарасы жоғары адамдарда ең маңызды, супердоминантты болуы міндетті емес. Табиғат әлеміне үстемдіктің орташа деңгейі педагогикалық тұрғыдан өте қолайлы. Бұл қатынастардың үстемдігінің жоғары көрсеткіштері әуесқой натуралистерге, кәсіби биологтарға (қорық қызметкерлері, хайуанаттар бағы), жасыл қозғалыс белсенділеріне және т.б. тән.

Табиғат әлеміне деген көзқарастың басқа қатынастардың (адамдар, өздері, еңбектері және т.б.) маңыздылығынан абсолютті асып кетуі осы тұлғаның әлеуметтік-бейімделу мәселелерін көрсетуі мүмкін екенін атап өткен

жөн.

Сонымен бірге, табиғат әлеміне деген көзқарастың үстемдігінің төмен деңгейі экологиялық мәселелерді елемеуді, тұлғаның экологиялық мәдениетінің қалыптаспауын көрсетеді.

Осылайша, педагогикалық тұрғыдан қажет нәрсе – табиғат әлеміне қатысты доминанттылық параметрінің орташа деңгейі. Бұл жағдайда табиғатқа деген көзқарас адамның қарым-қатынас жүйесіне органикалық түрде еніп, өзінің лайықты орнын алады, сонымен бірге маңызды әлеуметтік қатынастар тобына «заңды» позициялардан бас тартады.

Педагогикалық тұрғыдан алғанда, ең маңыздысы – ендік пен қарқындылық сияқты параметрлердің когеренттілігін дамыту.

Ендік бойынша когеренттілік тұлғаның әртүрлі табиғи объектілерге субъективті қатынастарының қаншалықты үйлесімді екенін көрсетеді.

Мектеп оқушыларында жануарларды жақсы көретін және өсімдіктерге мүлдем немқұрайлы қарайтын немесе құстарға жанашырлықпен қарайтын жағдайлар жиі кездеседі. Табиғатқа деген көзқарасының кеңдігі бойынша когеренттіліктің жоғары деңгейіне ие адам үшін барлық табиғи объектілер тең болатыны анық.

Білім беру үдерісіндегі маңызды аспектілердің бірі – оқушылардың табиғатқа деген қатынасын жан-жақты дамытуға назар аудару. Педагогикалық міндет ретінде табиғи объектілерге деген көзқарасты түзету ұсынылады, бұл мысалы, эмоцияларды интеллектуализациялау механизмі арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

Сонымен қатар, қарқындылық когеренттілігі адамның табиғат әлеміне деген қатынасының эмоционалдық, танымдық және практикалық салаларда үйлесімді түрде көрінуін сипаттайды. Бірақ іс-жүзінде, оқу үдерісінде бұл қатынастың көбіне танымдық саладағы көрінісіне ғана мән беріледі, ал табиғаттың эстетикалық және рухани аспектілері, сондай-ақ, табиғи объектілермен өзара әрекеттесудің практикалық технологиялары ескерілмей қалады. Экологиялық ойындар мен практикалық сабақтар көбінесе танымдық сипатта болатыны, мектеп оқушыларының экологиялық эрудициясын кеңейтетіні айқын.

Экологиялық және ағартушылық іс-әрекет үрдісінде табиғат әлеміне деген қарым-қатынастың когеренттілігінің жоғары деңгейіне оқушылардың танымдық белсенділігін ғана емес, сонымен бірге олардың табиғатпен қарым-қатынасының аффективті көріністерін, сондай-ақ, табиғи объектілермен практикалық өзара әрекеттесуді кешенді педагогикалық актуализациялау арқылы қол жеткізіледі.

Студенттердің экологиялық мәселелерге көзқарасы мен олардың табиғатты қорғау іс-шараларына қатысу дайындығының арасындағы қайшылық сипатталады. Әлеуметтанулық сауалнамалар кезінде респонденттер көбіне әлеуметтік қажеттілікті қанағаттандыруға тырысатыны, яғни қоғамда қабылданған жауаптарды беруге бейім келеді. Бірақ шынайы мінез-құлық тұрғысынан олардың әрекеттері көбіне табиғатты қорғау туралы уәделеріне сай келмейді.

Бұл жағдайдың негізгі себебі ретінде олардың экологиялық мәселелерге қатынасының шынайы деңгейінің төмендігі көрсетіледі. Студенттер эксперименттік немесе сауалнама жағдайындағы сыртқы қысымға сәйкес жауап бергенімен, күнделікті өмірде табиғатқа деген нақты іс-әрекеттерінде төмен принциптілік пен бей-жайлық байқалады. Мұндай қайшылықтың алдын алу үшін экологиялық білім мен тәрбие беру үдерісіне көбірек көңіл бөліп, болашақ педагогтардың табиғатқа деген ішкі құндылықтарын дамыту маңызды.

Табиғатқа деген көзқарастың принциптілігін дамыту мектеп оқушылары өздерінің экологиялық сенімдерін қорғауды үйренетін осындай педагогикалық жағдайларды құру арқылы жүзеге асырылады.

Дәстүр бойынша, педагогикалық әдебиетте адамның табиғатқа деген көзқарасының саналылығына ерекше назар аударылады. Табиғатқа жауапкершілікпен қарау қазіргі уақытта адамзаттың негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Бұл ұғым тек табиғатты қорғау немесе оны сақтау ғана емес, сонымен қатар, экологиялық тепе-теңдікті қамтамасыз етуге бағытталған белсенді әрекеттерді де қамтиды.

Егер оқушы экологиялық мәселелердің жаһандық деңгейдегі әсерін түсініп, өздерінің жеке үлестерінің маңыздылығын сезінсе, бұл оларды жауапты шешімдер қабылдауға ынталандырады.

Экологиялық сана мен **саналы көзқарас** мына бағыттарды қамтиды: табиғат ресурстарын үнемді пайдалану, қалдықтарды азайту және қайта өңдеу, энергияны үнемдеу, экологиялық нормалар мен заңдарға сәйкес өмір сүру, қоршаған ортаны жақсартуға үлес қосу, мысалы, ағаш отырғызу немесе экологиялық шараларға қатысу.

Осындай әрекеттер арқылы оқушылар тек жеке пайда емес, қоғам мен табиғатқа ұзақ мерзімді оң әсер ететінін түсінеді. Бұл – болашақта экологиялық мәдениеті жоғары қоғам құрудың негізі болмақ.

Осыған орай, экологиялық білім берудегі педагогикалық-психологиялық диагностиканың ерекшеліктері бірнеше маңызды аспектілермен сипатталады:

1. Табиғатпен байланыс. Диагностика экологиялық білім беру үдерісінде болашақ педагогтардың табиғатқа, қоршаған ортаға деген қатынасын анықтау үшін жүргізіледі. Бұл олардың экологиялық сана-сезімін, табиғатқа жауапкершілікпен қарауын бағалауға мүмкіндік береді.

2. Мотивация мен қызығушылық. Болашақ педагогтардың экология тақырыбына деген қызығушылығын, мотивациясын және өзіндік білім алу қабілетін зерттеу маңызды. Бұл факторлар экологиялық білім берудің тиімділігін анықтайды.

3. Когнитивтік даму. Экологиялық білім беруде болашақ педагогтардың когнитивтік қабілеттерін, яғни, ақпаратты қабылдау, түсіну және қолдану деңгейін диагностикалау керек. Бұл экологиялық білімнің тереңдігі мен сапасын көрсетеді.

4. Эмоционалдық компонент. Болашақ педагогтардың экологиялық мәселелерге эмоционалды реакцияларын зерттеу, олардың табиғатқа деген сүйіспеншілігі мен қамқорлығын анықтау маңызды.

5. Әлеуметтік-мәдени контекст. Экологиялық тәрбиенің маңызды аспектілерінің бірі болып табылады. Болашақ педагогтардың экологиялық тәрбиесін қалыптастыруда әлеуметтік және мәдени орта маңызды рөл атқарады. Әлеуметтік орта-бұл білім беру, отбасы, қоғам мен мәдениет сияқты элементтерді қамтитын кең ауқымды жүйе. Мәдени контекст болашақ педагогтардың экологиялық тәрбие үдерісінде ұлттық және аймақтық ерекшеліктерді, дәстүрлерді, тұрмыс салтын ескеру қажеттілігін білдіреді.

6. Кросс-дисциплинарлық тәсіл. Экологиялық білім беру саласында маңызды рөл атқарады, өйткені, бұл сала табиғаттану, социология, психология және этика сияқты бірнеше ғылымдардың тоғысуы барысында дамиды. Мұндай тәсіл білім беру үдерісіне бірнеше ғылыми аспектілерді интеграциялап, экологиялық мәселелерді көпжақты түрде қарауға мүмкіндік береді.

7. Жеке және топтық диагностика. Болашақ педагогтарды жеке және топтық деңгейде бағалау экологиялық білім беру үдерісінің тиімділігін арттырады, топтық динамика мен өзара әрекетті зерттеуге мүмкіндік береді. Осы аспектілерді ескере отырып, экологиялық білім берудегі педагогикалық-психологиялық диагностика болашақ педагогтардың экологиялық тәрбиесін және білімін жетілдіруге бағытталған тиімді құрал болып табылады.

Сонымен қатар, экологиялық білім берудегі **педагогикалық-психологиялық диагностика** – бұл болашақ педагогтардың экологиялық білім мен дағдыларын қалыптастыру үдерісіндегі маңызды құрал. Диагностика экологиялық тәрбие мен білім берудің тиімділігін арттыруға, болашақ педагогтардың экологиялық сауаттылығын бағалауға және олардың табиғатқа деген жауапкершілігін дамытуға бағытталған.

1. Экологиялық білім берудің мәні. Экологиялық білім беру – бұл табиғатпен үйлесімді өмір сүруге, экологиялық мәселелерді шешуге және қоршаған ортаны қорғауға бағытталған білім беру үдерісі. Болашақ педагогтардың экологиялық ақпараттарды жеткізу, олардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру, табиғатқа деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу – бұл білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі.

2. Педагогикалық диагностика. Педагогикалық диагностика – бұл болашақ педагогтардың білім, білік және дағдыларын анықтау, бағалау үдерісі. Экологиялық білім беру саласындағы педагогикалық диагностика болашақ педагогтардың экологиялық сауаттылығын, дүниетанымын, табиғатқа деген қарым-қатынасын зерттейді. Диагностика әдістері ретінде сауалнамалар, тесттер, бақылау, жобалық жұмыстарды қолдануға болады.

3. Психологиялық диагностика. Психологиялық диагностика экологиялық білім берудің тағы бір маңызды аспектісі болып табылады. Болашақ педагогтардың экологиялық мәселелерге деген көзқарасын, олардың эмоционалдық жағдайын, мотивациясын, қоршаған ортаға деген жауапкершілігін бағалау психологиялық диагностика арқылы жүзеге асырылады. Диагностика болашақ педагогтардың экологиялық білімін ғана емес, олардың тұлғалық қасиеттерін, соның ішінде шығармашылық, әлеуметтік белсенділік, командада жұмыс істей алу қабілетін де бағалауға мүмкіндік береді.

4. Диагностиканың ерекшеліктері. Экологиялық білім берудегі педагогикалық-психологиялық диагностиканың бірнеше ерекшеліктері бар:

- **Кешенділік**: диагностика тек білім деңгейін ғана емес, сонымен қатар болашақ педагогтардың эмоциялық және мотивациялық аспектілерін де ескереді.
- **Адаптивтілік**: диагностика әдістері болашақ педагогтардың ерекшеліктеріне, жас ерекшеліктеріне және оқу контекстіне сәйкес бейімделуі тиіс.
- **Үздіксіздік**: диагностика тек бір кезеңде емес, оқу үдерісінің барлық кезеңдерінде жүргізілуі қажет.
- **Интерактивтілік**: болашақ педагогтардың белсенді қатысуы, пікір алмасу, жобалық жұмыстар арқылы диагностика жүргізу олардың экологиялық сауаттылығын арттыруға ықпал етеді.

Экологиялық білім берудегі педагогикалық-психологиялық диагностика болашақ педагогтардың экологиялық мәдениетін, сауаттылығын, табиғатқа деген жауапкершілігін дамытуға мүмкіндік береді. Бұл тек білім беру үдерісін тиімді жүргізуге ғана емес, сонымен қатар болашақ педагогтардың экологиялық санасын қалыптастыруға да ықпал етеді.

Осылайша, табиғатқа субъективті қатынасты дамыту саласындағы педагогикалық-психологиялық үдерістің мазмұны осы қатынасты сипаттайтын параметрлер кешені негізінде жүйелі түрде ұсынылуы керек. Бұл тәсіл психологиялық шындықты көрсететін әдіснамалық құрылымға сәйкес педагогикалық үдерісті талдауға және жобалауға мүмкіндік береді. Бұл ретте, экологиялық психодиагностика әдістемелерінің көмегімен жүргізілуі мүмкін экологиялық-ағартушылық қызметтің әртүрлі жүйелерінің тиімділігін кешенді педагогикалық-психологиялық сараптау үшін мүмкіндіктер ашылады.

2.3 Болашақ педагогтардың экологиялық білімін педагогикалық-психологиялық пәндерді оқыту үрдісінде дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі

Жоғарғы оқу орындарының қазіргі кездегі білім беру үдерісінің басым бағыты экологиялық білімді қалыптастыру және оны іске асыру үшін барынша қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған қызмет болуға тиіс. Іске асыру жолдары төменде көрсетілген:

- жоғары білімнің негізгі білім беру бағдарламасына вариативтік және интеграцияланған экологиялық-педагогикалық тақырыптарды енгізу арқылы;
- оқытудың интерактивті әдістерін және экологиялық белсенділікті дамыту нысандарын пайдалану арқылы;
- болашақ педагогтарды кәсіби даярлау жолдарын іздестіру, зерттеу және жобалау әдістерін енгізу арқылы;
- өзін-өзі тәрбиелеу элементтерін пайдалану, адам мен табиғат коэволюциясы мәселелерін зерделеу арқылы;

- болашақ педагогтардың экологиялық білім беру және табиғатты ұтымды пайдалану саласындағы жобаларға, бағдарламаларға, конкурстар мен гранттарға қатысуы арқылы;
- жоғарғы оқу орындарында үздіксіз экологиялық білім беру жүйесін қамтамасыз ету үшін инфрақұрылым құру арқылы.

Бұл модель – болашақ педагогтардың экологиялық білімін педагогикалық-психологиялық пәндерді оқыту үдерісінде мақсатты түрде қалыптастыру мен жетілдіруге бағытталған құрылымдық-мазмұндық жүйе. Ол болашақ педагогтардың экологиялық құндылықтары мен практикалық дағдыларын кешенді дамытуға мүмкіндік береді.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің болашақ педагогтарына арналған экологиялық білім беру бағдарламасы әзірленіп, білім беру жүйесіне енгізілген. Бұл университетте магистратура бойынша биология, химия, экология мамандықтары бойынша 2 жылдық магистрлік курстар ашылды. Магистранттар мен докоранттардың ғылыми зерттеу жұмыстарын орындау үшін биология, химия, экология мамандықтары бойынша жаңа құралдармен жабдықталған зертханалар ашылды.

Бұл іс-шаралар тұлғаның экологиялық білімін қалыптастыруға бағытталған. Мұндай іс-шаралар экологиялық білім беру және экологиялық тәрбие беру саласында болашақ педагогтардың экологиялық білімін қалыптастыруда маңызы зор болып есептеледі.

6В01101 – Педагогика және психология, 6В01405 – Дене шынықтыру және спорт (Мектептегі дене шынықтыру мұғалімі), 6В01517 – Биология, 6В01516 – Химия-Биология мамандықтары үшін біз экологиялық білімді сипаттайтын білім, білік және дағдылар бағдарламасын жасадық. Болашақ педагогтардың экологиялық білім компоненттері мен көрсеткіштерін қалыптастыру бойынша жұмыс ЖОО-да болашақ педагогтары меңгеруі тиіс білім, білік және дағдылар бағдарламасы (8-кесте) мақсатты түрде қалыптастырылады:

Кесте 8 – Болашақ педагогтардың экологиялық білімдері (ЭС-экологиялық сауаттылық, ЭТ-экологиялық тәрбие, ЭСн - экологиялық сана, ЭҚ - экологиялық қызмет)

Бағдарлама	Білімі	Компонент
1	2	3
Білу	Экологиялық білім беру мен тәрбиелеудің теориялық негіздері, мақсаттары мен міндеттері.	ЭС
	Экологиялық білім беру үдерістерінің құрылымы мен мәні және тәрбиесі.	ЭС
	Мектеп жасындағы балаларды тәрбиелеу және экологиялық білім берудің құндылық бағдарлары	ЭС
	мектеп жасындағы балалардың психологиялық ерекшеліктері және оларда табиғатты қорғауға, жауапкершілікке, мейірімділікке, табиғатқа деген сүйіспеншілікке деген мотивацияны дамыту.	ЭСн, ЭТ
	Педагогтың экологиялық білім беру және тәрбие үдерісінің	ЭТ

8-кестенің жалғасы

1	2	3
	субъектілерімен өзара іс-қимыл жасау тәсілдері.	
	Білім беру саласындағы экологиялық қызметтің құндылық негіздері.	ЭҚ
	Мектепте экологиялық қызметті жүзеге асырудың құқықтық нормалары.	ЭҚ
Икемді болу	Экологиялық білім беру мен тәрбиелеу үдерісі жүретін әртүрлі контексттерді (әлеуметтік, мәдени, ұлттық) ескеру.	ЭС
	Экологиялық білім беру мен тәрбиелеудің әдістемесін, технологиясы мен әдістемесін интеграциялау.	ЭС
	Экологиялық білім беру және экологиялық тәрбие беру үдерісінде білім алушылардың әртүрлі ерекшеліктерін ескеру.	ЭС
	Заманауи технологияларды пайдалана отырып, экологиялық білім беру және экологиялық тәрбие беру үдерісін жобалау.	ЭС
	Экологиялық білім беру және экологиялық тәрбиелеу үдерісін әр түрлі жас топтары мен оқу орындарының әр түрлі типтері бойынша жүзеге асыру.	ЭС
	Білім алушыларды оқыту және тәрбиелеу үшін дидактикалық материалдар жасау.	ЭС
	Әр түрлі қажет ететін тіршілік салалары туралы мәселелерді қою және талқылау.	ЭСн
	Шығармашылықпен байланысты экологиялық бағыттағы білім алушылардың танымдық қабілеттерін дамыту.	ЭС
	Болашақ педагогтардың экологиялық бағдарлануға деген сабақтағы іс-шаралар және сабақтан тыс уақыттағы жұмыстарға ынтасын арттыру.	ЭСн
	Құндылық бағдарларын, табиғатты қорғауға деген сенімділікті дамытуды қамтамасыз ететін әдістерді меңгеру.	ЭСн
	Білім алушылардың жас ерекшеліктеріне және жеке ерекшеліктеріне сәйкес оқудан тыс экологиялық бағдарланған қызметті ұйымдастыру.	ЭҚ
	Рефлексия, мақсат қою, диагностиканы жүзеге асыра отырып, экологиялық-педагогикалық қызметті модельдеу.	ЭҚ
	Мектеп жасындағы балалардың жеке қасиеттерін дамыту: жауапкершілік, мейірімділік, табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімі.	ЭТ
Дағды	Экологиялық білім беру мен тәрбиелеудің маңыздылығын білім беру мекемелерінде насихаттау маңызды, өйткені бұл қоғамның табиғатты сақтап, қоршаған ортаны қорғауға деген жауапкершілігін арттырады. Экологиялық білім мен тәрбие жастардың өмірінде тұрақты даму принциптерін қабылдауына әсер етеді.	ЭС
	Кәсіби ақпарат көздерінде бағдарлау тәсілдері - бұл ақпаратты іздеу, өңдеу және пайдалану кезінде тиімділікті арттыруға арналған әдістер мен стратегиялар.	ЭСн
	Педагогикалық-психологиялық қолдау мен сүйемелдеуді жүзеге асыру тәсілдері оқушылардың, студенттердің немесе кез келген адамның психологиялық және әлеуметтік дамуына көмек көрсету мақсатында қолданылатын түрлі әдістер мен тәсілдерді қамтиды.	ЭСн
	Білім берудегі жобалық және инновациялық қызмет	ЭС

8-кестенің жалғасы

	тәсілдерімен.	
	Экологиялық қызметтегі әртүрлі байланыс құралдары.	ЭҚ
	Білім беру мекемесінің, өңірдің, облыстың, елдің ақпараттық ортасының мүмкіндіктерін пайдалану арқылы экологиялық білім мен дағдыларды жетілдіру.	ЭС

Қазіргі мұғалімдер жүйелі сыни ойлауды және үнемі өзін-өзі оқыту дағдыларын, білімді қайта өңдеу, жаңа шешімдер, технологиялар мен инновацияларды тудыру қабілеттерін меңгеруі керек. Ол үшін болашақ педагогтардың экологиялық – педагогикалық және әлеуметтік қызметін жандандыратын және оларға тиісті базалық дағдыларды игеретін жоғары оқу орындарында оқытудың жаңа әдістемелері, жаңа нысандары қажет.

ЖОО болашақ педагогтарын экологиялық даярлау – бұл қоғамдық-саяси педагогикалық-психологиялық (жазғы экологиялық үйірмеде, экскурсияларда және т.б., болашақ педагогтардың практикалық қызметі) бірлік, сабақтастық және өзара іс-қимыл, арнайы дайындық (әдіскер-эколог) нәтижесінде болашақ педагогтың бірыңғай тұлғасын қалыптастыруды және оның экологиялық біліммен оқушыларды тәрбиелеуге кәсіби дайындығын қамтамасыз етеді.

Болашақ педагогтарды экологиялық даярлау кезінде педагогикалық ойлау мен кәсіби рефлексияны дамыта отырып, философиялық, педагогикалық-психологиялық, экологиялық және пәндік-әдістемелік білімді білім алушының санасына жүйелі түрде біріктіруге мүмкіндік беретін экологиялық білім мен тәрбие мазмұнындағы әдіснамалық құрамдас бөліктің рөлін арттыру қажет. Егер экологиялық-педагогикалық даярлықтың мазмұны мен үдерісінде әдіснамалық тәсілдер дұрыс анықталса, (жүйелік-экологиялық дайындық жүйесінің барлық элементтерін қамту үшін; жеке-белсенділік-болашақ кәсіпқойдың жеке басы іс-әрекетте қалыптасады және кәсіби қызмет педагогикалық үдерістің басқа қатысушыларымен байланыста, өзара әрекеттесуде жүзеге асырылады; мәдениеттану – жалпы, кәсіби және экологиялық құзыреттілікке қатынасты экологиялық қызметтегі іс-қимыл стратегиясын анықтайтын қажетті кәсіби бөлім ретінде анықтайтын, құзыреттілік оқу-тәрбие үдерісінің экологиялық құзыреттілікті қалыптастыруға мақсатты бағытын анықтайтын, қоршаған орта-аймақтың, елдің білім беру және тәрбие рөлін анықтайтын), содан кейін болашақты дайындауда іргелі жетістіктерге жеткізуге мұғалімдер біріге отырып, қол жеткізуге болады.

Болашақ педагогтарды даярлау оқу жоспарының барлық бөлімдерін осы дайындықты қамтамасыз етуге енгізу арқылы оларды ЖОО-да оқытудың қолданыстағы жүйесінің кең пәнаралық және құрылым аралық өзара іс-қимыл негізінде жүзеге асырылуы керек екендігін көрсетеді. Бұл оқу жоспарының барлық циклдарының мазмұнын қайта құрылымдауды және дамытуды, оларды болашақ педагогтарды экологиялық даярлау міндеттерін кешенді шешуге бағыттауды қамтиды.

Шетелдік ғалымдардың J.Zhang [182] және B.T.Karazsia [183] зерттеу

жұмыстарына сүйене отырып, біз болашақ педагогтардың экологиялық білімін қалыптастыру бойынша жұмыстың негізгі бағыттарын төмендегідей бөлдік:

– ақпараттық-білім кеңістігін ұйымдастыру (ақпараттық байланыстар, ақпараттық дәрістер, дәріс диспуттар, тренингтер, көрсетілімдік презентациялар, кинолекториялар және т.б., оның барысында барлық болашақ педагогтарды ақпаратты талқылау және қабылдау үдерісіне белсенді тарту, болашақ педагогтардың танымдық белсенділігін арттыру);

– жұмыстың қызметтік-технологиялық бағытын ұйымдастыру (қызметтің негізгі міндеттері, функциялары мен бағыттарының мазмұны, технологиялылығы, семинар сабақтарын ұйымдастыру және өткізу, мектепте экологиялық бағдарланған қызметті әзірлеу және модельдеу, теориялық білімді бекітуге шығармашылық тапсырмалар және т.б.);

– іс-шаралардың аксиологиялық бағыты (кәсіби қызметті жүзеге асыру үшін қажетті адамның қабілеттері мен қасиеттері, мектептегі педагогикалық практика кезінде, экологиялық олимпиадалар, конференциялар өткізу кезінде болашақ педагогтардың жұмысы, акциялар, жазғы экологиялық лагерьдегі жұмыс және т.б.).

Болашақ педагогтар оқушыларды экологиялық тәрбиелеуге дайындаудағы ғылым принципі ғылым мен оқу пәнінің мазмұны арасындағы табиғи байланысқа сүйенуді көздейді және болашақ педагогтарды педагогика ғылымының негізгі бөлімдеріндегі объективті ғылыми фактілермен, ұғымдармен, заңдармен, теориялармен таныстыруды талап етеді. Кәсіби және экологиялық дайындықта жүзеге асыру болашақ педагогтарды педагогикалық ғылым әдістерімен таныстыруға, оларды зерттеу қызметін үйретуге, әдеби дерек көздерді талдау, педагогикалық құбылыстар мен әрекеттерді бақылау арқылы білімді толықтыру үшін ақпаратты өз бетінше табуға бағытталған. Үздіксіздік пен сабақтастық принципі оны құрайтын элементтердің функционалдық тәуелділігін болжайды. Осы қағидаттың белгілерінің бірі болашақ педагогтарды кәсіптік даярлаудың басқа бағыттармен (жалпы мәдени, арнайы) барлық функциялары мен байланыстарын интеграциялауға даярлау, болашақ педагогтарды даярлаудың бүкіл жүйесінің және оның жекелеген буындарының мақсаты мен міндеттерінің бірлігіне қол жеткізу болып табылады.

Тұтастық принципі – теорияның практикамен байланысы арқылы көрінеді, қазіргі дидактиканың негізгі принциптерінің бірі. Болашақ педагогтарды даярлау теория мен практика негіздерін білу және меңгеру үдерісін білдіреді. Бұл үдерісті ұйымдастырудың әдіснамалық негізі-біртұтас таным үдерісінің кезеңдері ретінде теория мен практиканың бірлігі туралы философиялық ереже. Теория практикалық қызметте одан әрі дамиды. Білім мұғалімнің практикалық қызметінде ғана нығаяды, бұл теория мен практиканың ажырамас бірлігін дәлелдейді.

Болашақ педагогтарды экологиялық білім беруге және оқушыларды тәрбиелеуге дайындау үдерісінде университеттің жұмысы тығыз бірлікте жүзеге асырылады. Шығармашылық көзқарас ұстанымдары адамның белсенділігі оның дамуының жетекші шарттарының бірі болып

табылатындығына негізделген. Болашақ педагогтарды даярлау үдерісінің нәтижелілігі мен табысы болашақ педагогтардың белсенді танымдық іс-әрекетіне негізделеді. Оның негізі-зейін, байқау, жан-жақты білім және ақыл-ой жұмысымен байланысты шығармашылық қиял.

Зерттеу материалына сүйене отырып және идеяларды нақтылай отырып, біз болашақ педагогтардың экологиялық білімін қалыптастыру моделін жасадық.

«Модель» ұғымы ғылымда өте кең таралған және әртүрлі тұрғыдан қарастырылады. Бір жағынан, модель – бұл нақты құбылыстарды немесе жүйелерді түсіну үшін қолданылатын абстракция, яғни белгілі бір үдерістерді немесе құрылымдарды қарапайым түрде көрсету. Модельдер теориялық тұрғыдан дамытылып, нақты деректерге немесе тәжірибеге негізделеді. Екінші жағынан, модель практикада жұмыс істейтін құрал ретінде қарастырылады. Бұл жағдайда модель белгілі бір мәселелерді шешу үшін қолданылатын үлгі немесе нұсқаулық ретінде қызмет етеді. Мысалы, ғылыми модельдер табиғи немесе әлеуметтік құбылыстарды зерттеу үшін қолданылады, ал инженерлік модельдер нақты құрылымдардың немесе жүйелердің жұмысын көрсету үшін пайдаланылады. Модельдің екі жақты сипаты теориялық және практикалық - оның қолданылу саласын кеңейтеді, өйткені, модельдер тек түсіндірмелерді немесе болжауларды жасай отырып, нақты әлемде белгілі бір үдерістерді басқаруға немесе оңтайландыруға мүмкіндік береді [184]. Яғни, жобаланған нысанға қысқаша шолу жасайды. Болашақ педагогтардың экологиялық білімін, оның қасиеттерін, құрылымын, элементтердің өзара байланысы мен қатынастарын қалыптастыруды көздейді.

Зерттеуде болашақ педагогтардың экологиялық білімін қалыптастыру моделі әзірленді, онда төрт компоненттен тұратын экологиялық білімді қалыптастырудың процедуралық схемасы жүйелі түрде ұсынылған: мақсаттық, құрылымдық-мазмұндық, технологиялық, бағалау – критериалды – нәтижелі.

Бұл компоненттер бірін-бірі толықтырып, экологиялық білім мен тәрбиені жүйелі түрде дамытуға мүмкіндік береді. Осы компоненттердің әрқайсысы экологиялық білімді қалыптастырудың маңызды кезеңдеріне назар аударады:

Мақсаттық компонент – болашақ педагогтардың экологиялық білімін дамыту мақсатымен анықталады.

Құрылымдық- мазмұндық компонент үш қосалқы бөліктен тұрады:

– «әдіснамалық тұғырларды» қамтиды: жүйелік, тұлғалық-бағдарлы, құндылықтық, іс-әрекеттік, интеграциялық және экологиялық. Болашақ педагогтардың экологиялық білімін қалыптастырудағы осы тұғырлардың рөлі;

– «ұстанымдары» кіші бөлімі ғылыми, сабақтастық, тұтастық, жеке тұлғаға кешенді әсер ету мәселелерін, шығармашылық көзқарас мәселесін (болашақ педагогтардың экологиялық білімін қалыптастырудағы осы мәселелердің толық сипаттамасы) қамтиды;

– Педагогикалық шарт бағыты:

1. Болашақ педагогтарға экологиялық тәрбие беру бойынша университеттің кешенді жұмысын ұйымдастыру;

2. ЖОО-да теориялық және практикалық дайындық арқылы болашақ педагогтардың экологиялық білімін дамытудың тұтас жүйесін құру;

3. Болашақ педагогтардың экологиялық дайындық мазмұнының аймақтық экологиялық ерекшеліктерін айқындау;

4. Болашақ педагогтарға экологиялық білім беру мен экологиялық тәрбиелеуді жандандыру мақсатында ЖОО-ның ақпараттық-білім беру ортасын ұйымдастыру.

Модельдің технологиялық компоненті болашақ педагогтардың экологиялық білімін қалыптастыру әдістерін, формалары мен нысандарын қамтиды.

Бағалау критериалды және нәтижелік компоненттер: экологиялық сауаттылық, экологиялық тәрбие, экологиялық сана және экологиялық қызметті қамтиды. Сонымен қатар, экологиялық білімді қалыптастыру өлшемдік сипаттамалары, көрсеткіштері және болашақ педагогтардың экологиялық білім деңгейлері (төмен, орташа, жоғары) анықталады (7-сурет).

Болашақ педагогтардың жалпы экологиялық білімін дамыту деңгейінде, біздің ойымызша, зияткерлік-танымдық және эмоционалды-еріктілік өлшемдік сипаттамалары жалпы кәсіби құзыреттермен сәйкестендіреміз. Біздің ойымызша, жалпы және кәсіби құзыреттілікті дамыту болашақ педагогтардың сауаттылығы мен әдептілігінің қалыптасуына ықпал етеді, бұл олардың педагогикалық қызметінде тиімді әрі жауапты болуына негіз болады. Мұндай қалыптасу болашақ педагогтардың жеке қасиеттері мен құндылықтарына байланысты маңызды рөл атқарады.

Бұл жастардың экологиялық сауаттылығын дамыту арқылы жүзеге асады, ол өз кезегінде болашақ педагогтардың экологиялық тәрбиесін және білімін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Осылайша, болашақ педагогтардың экологиялық білімдерін қалыптастыру олардың әлеуметтік және кәсіби міндеттерін орындауда маңызды қадам болып табылады. Экологиялық тәрбиенің педагогикалық үдерістерге енуі, экологиялық мәдениет пен жауапкершілікті арттыруда маңызы зор.



Сурет 7 – Болашақ педагогтардың экологиялық білімдерін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі.

Жоғарыда келтірілген өлшемдер мен көрсеткіштер негізінде болашақ педагогтардың экологиялық білімінің даму деңгейі үш сатыға – төмен, орта және жоғары деңгейлерге жіктелді. Болашақ педагогтарының экологиялық білімін дамыту деңгейлері:

Жоғары деңгей – экологиялық білімі терең, кәсіби құзыреттілік мазмұнын жете меңгерген; экологиялық білім, білік және дағдыларын педагогикалық іс-әрекеттерді тиімді ұйымдастыруда жоғары деңгейде қолдана алады; мемлекеттік және әлемдік деңгейдегі экологиялық мәселелер мен ақпараттарды жан-жақты меңгерген; табиғи ортаны қорғау бағытындағы іс-шараларға белсенді қатысып, табиғи жүйелердегі мәселелерді анықтауға, олардың туындау себептерін талдауға және алдын алу шараларын жоспарлауға ықпал етеді, экологиялық сауаттылығы жоғары, қоршаған ортаны танып-білуге деген тұрақты қызығушылық танытады.

Орташа деңгей – экологиялық білімі мен кәсіби құзыреттілік туралы түсінігі жеткілікті деңгейде қалыптасқан; экологиялық білім, білік және дағдыларды педагогикалық іс-әрекетті ұйымдастыруда қолдана алады, алайда, бұл үдерісте тәжірибелі мамандардың кеңесі мен нұсқауына сүйенуі қажет; мемлекеттік және халықаралық деңгейдегі экологиялық ақпараттармен ішінара таныс, табиғи ортаны қорғауға бағытталған іс-шараларға қатысуға ықыласты болып, өз үлесін қоса алады; экологиялық сауаттылық туралы жалпы түсінігі бар, танып-білуге деген ынтасы болғанымен саналы түрде меңгеруде қабілетсіз.

Төменгі деңгей – экологиялық білімі, кәсіби құзыреттілік туралы түсінігі төмен; экологиялық білім, білік, дағдысын педагогикалық іс-әрекеттерді ұйымдастыруда ұштастыра алмайды; мемлекетіміздегі және әлемдік экологиялық ақпараттардан хабары жоқ; табиғи ортаны қорғау іс-шараларына тек басшылықтың айтуымен ғана атсалысады; экологиялық сауаттылық туралы көзқарасы нақты емес, танып-білуге деген қызығушылығы жеткіліксіз.

Сонымен қатар, экологиялық білімнің қалыптасуын көрсететін *эмоциалды-еріктіктілік*, оны адамгершілік мінез-құлықтың қалыптасуымен корреляциялайтын экологиялық білімнің екінші өлшемдік сипаттамалары ретінде анықтадық.

Экологиялық білімнің *құндылық-семантикалық көрсеткіштерін* қалыптастыру болашақ педагогтардың тұлғалық қасиетінің тірегі болғандықтан маңызды бағыт болып табылады.

Біз *рефлексиялық-белсенділік* өлшемдік сипаттамаларын педагогикалық-психологиялық қолдау саласындағы кәсіби құзыреттілікке сәйкестендірдік. Өзінің кәсіби іс-әрекетіне рефлексия жасай алатын болашақ педагогтардың қоршаған ортаны қорғау іс-әрекеті туралы рефлексия жасауға және қызмет түрлерін тұрақты таңдауға толық қабілетті болады.

Білім беру кеңістігін құру болашақ педагогтардың көзқарасында қалыптасатын экологиялық ортаның тұтас бейнесі ретінде қарастырылады. ЖОО-да оқу үдерісінде экологиялық білімді қалыптастыру міндеттерін шешуге тәрбие жұмысының ұжымдық, топтық және жеке нысандарын қолдану ықпал етеді.

Жеке тұлғаны тәрбиелеудегі әлеуметтік және жеке аспектілердің өзара

байланысы туралы пайымдауды ескере отырып, болашақ педагогтардың экологиялық білімін қалыптастыру негізінде экологиялық акциялар, дөңгелек үстелдер, экологиялық қозғалыс, көрнекті адамдармен кездесулер, жас эколог мектебі, фестивальдар, құру сияқты формалар арқылы жүзеге асырылатын тәрбиенің рефлексивті, құндылық және проективті әдістері негізге алынуы керек мастер-класстар, қызығушылықтары бойынша студенттік клубтардың қызметіне қосу, марапаттау, экологиялық курс, институт жиналыстарында, студенттік және муниципалдық БАҚ бетінде, іскерлік, рөлдік және ұйымдастырушылық белсенді ойындар және т.б. жариялау.

«*Тұғыр*» ұғымын оның әдіснамалық мағынасында зерттеуші әрекетінің ғылыми негізделген тәсілі ретінде, әрі «әдістер, тәсілдер жиынтығы (біреуге, бір нәрсеге әсер ету, бір нәрсені үйрену, істі жүргізу)» ретінде анықталады. *Әдіснамалық тұғырлар* – қайсыбір педагогикалық мәселені зерттеудегі қолданылатын ұстанымдар, әдістер, тәсілдер жиынтығы.

Отандық ғалым Ш.Т.Таубаеваның өз зерттеуінде [185] «Әдіснамалық тұғыр» бұл ғылыми зерттеу үдерісінде қолданылатын әдіснамалық қағидаттардың жиынтығы деген. Ол зерттеу объектісіне қатысты зерттеушінің көзқарасын анықтап, ғылыми зерттеудің әдіснамалық бағыттарын анықтайды. Осы тұрғыда, әдіснамалық тұғырдың бағыттары мен зерттеу нысаны қалай қарастырылатынын анықтайтын ұғым немесе мәселені зерттеу стратегиясының өзегін құрайды.

Әдіснамалық тұғырлар әртүрлі болып келеді және олар ғылыми жұмыстың табиғатына, зерттеу мақсатына және қолданыла отырып зерттелетін нысанының ерекшеліктеріне байланысты өзгереді. Зерттеу барысында қолданылатын әдіснамалық бағыттар әрқашан ғылыми тұғырлардың негізінде жатқан мәселелерді назарға алып, өзара байланысты болуы тиіс.

Белгілі ғалым Н.С.Әлқожаеваның [186] зерттеулерінде зерттеу объектісіне ықпал ететін факторлар, жағдайлар мен құралдардың алуан түрлілігін ескере отырып, маңызды аспектілерді қамту үшін көптұғырлы тәсілді қолданудың тиімділігі көрсетілген.

Осы зерттеу әдіснамалық тұғырлар: жүйелік, тұлғалық-бағдарлы, құндылықтық, іс-әрекеттік, интеграциялық және экологиялық тұғырларды құрайды.

Біз болашақ педагогтарды экологиялық даярлау жүйесінің барлық элементтерін қамтуға мүмкіндік беретін болашақ педагогтардың экологиялық білімін қалыптастыру мәселесін зерттеуге жүйелі тұғырларды таңдадық.

Ежелгі дәуірде пайда болған *«жүйе»* сөзі грек тілінен аударғанда «құрастыру» дегенді білдіреді. *Жүйелік тұғырды* педагогикалық жүйенің барлық элементтерін, қоғамның тарихи дамуы мен ғылыми-техникалық прогрестің талаптарына, олардың кем дегенде біреуін жетілдіруге, сондай-ақ жүйенің жұмыс істеуінің көптеген сыртқы және ішкі факторлары мен жағдайларының әсерін есепке алуға байланысты тұтастай немесе компоненттік жүйенің өзгеруін есепке алу ретінде анықтады [187].

Біздің ойымызша, *жүйелік тұғыр* зерттеушінің ойлау құрылымын көрсетеді. Бұл өз кезегінде зерттеу мәселесін оның барлық өзара байланысты

компоненттерінде зерттеуге бағыттайды және көмектеседі.

Жүйелік көзқарас көптеген теориялық және қолданбалы мәселелерді шешу үшін ғылымда кеңінен қолданылады. Жүйелілік тұғыр негізінде қарастырып отырған педагогикалық құбылыс пен оның арасындағы байланыстың элементтерін анықталды. Жүйелілік тұғырдың көрнекті өкілдері В.В.Краевский, Э.Г.Юдин, Б.Г.Ананьев және т.б. педагогикалық жүйені өзара байланысты құрамдас бөлшектердің жиынтығы ретінде қарастырады.

Көрнекті ғалым Е.И.Полянскаяның [188] зерттеуінде *жүйелік тұғырды* қолдану үшін келесі әдіснамалық талаптарды атап өтті: зерттелетін бүтін элементтерді дербес формациялар ретінде оқшаулау; элементтер арасындағы өзара әрекеттесуден туындайтын тұрақты байланыстардың құрылымын зерттеу; белгілі бір құбылыстар мен үдерістерді зерттеу үшін алгоритм ретінде арнайы құрылымды пайдалану.

Ғалымдардың еңбектерін зерделей келе, білім берудің мақсаты, экологиялық білімді дамытудағы педагогикалық үдеріс субъектілері (оқытушы мен білім алушы), экологиялық білім беру мазмұны (білім,білік, дағды, зияткерлік) іс-әрекет тәжірибесі (қызметі) мен қатынас тәжірибесі (эмоционалдық көңіл-күйі, мәдениеті), жоғары оқу орнындағы педагогикалық үдерісті ұйымдастыру әдістері мен түрлерін, құралдарын анықталды. Аталған тұғыр берілетін білімнің жүйелілігін, реттілігін, кезеңділігін сақтауды талап етеді.

Болашақ педагогтардың экологиялық білімін дамытуда жүйелілік тұғыр берілетін жаңа білімнің бір-бірімен байланысын ретке келтіріп, ортақ мақсатқа бағыттап, зерттеу мәселесін нәтижелі шешуге ықпал етеді. Жүйелі тұғырдың негізгі ұстанымдары: дидактикалық тұтастық, яғни жүйе біртұтас ретінде қарастырылады және сонымен бірге жоғары деңгейлі жүйе үшін ішкі жүйе (элемент) ретінде қарастырылады.

Жүйелік тұғырдың негізгі әдіснамалық талабы – объектіні қарастырудың тұтастығына қойылатын талап. Зерттелетін жүйенің тұтастығы идеясы кез-келген жүйелік зерттеудің бастапқы нүктесі болып табылады. Тұтастық ұстанымы объектіні екі позициядан қарастыруды қамтиды:

- объектінің жүйелік тұтастық ретінде қоршаған ортамен, сыртқы ортамен ара қатынасын;
- жүйенің элементтерін, қасиеттерін, функцияларын және олардың тұтас шеңберіндегі орнын бөліп көрсете отырып, ішкі бөліну.

Біздің ойымызша, жүйелік тұғырдың дидактикалық тұтастық ұстанымы «экологиялық білім» ұғымының анықтамасында байқалады.

Тұлғалық-бағдарлы тұғыр болашақ педагогтың тұлғасы, оның «экологиялық тәрбие», «экологиялық сауаттылық» және «экологиялық сана» ретіндегі қасиеттері экологиялық іс-әрекет мотивацияға, саналы мақсаттарды іске асыруға бағытталған педагогикалық үдерістің басқа қатысушыларымен байланыста, өзара әрекеттесуде жүзеге асырылатын қызметте қалыптасады деп айтуға мүмкіндік береді.

Тұлғалық-бағдарлы тұғыр – білім беруде білім алушының тұлғасын, жеке

ерекшелігін, қабілеттерін, қажеттіліктері мен мүдделерін басты құндылық ретінде қарастыратын педагогикалық көзқарас. Бұл бағыт XX ғасырдың екінші жартысынан бастап кеңінен дамыды. Тұлғалық-бағдарлы тұғыры ғылымының дамуына К.Роджерс, А.Маслоу, Ж.Пиаже, Л.Колберг, Дж.Дьюи, Ш.Таубаева, Ә.Меңжанова, Қ.Құдайбергенова, Н.С.Әлқожаева және басқа да ғалымдар зор үлес қосқан.

Тұлғалық-бағдарлы тұғыр – болашақ педагогтың жеке мүмкіндіктері мен қызығушылықтарын ескеріп, белсенді әрекетке ынталандырады. Экологиялық білімді әр оқушының өмірлік тәжірибесімен байланыстыра отырып, меңгертуге мүмкіндік береді. Мысалы: Экологиялық жобаларды оқушылардың қызығушылығына сай дайындау. Тұлғалық-бағдарлы тұғыр білім алушыны педагогикалық қызмет үдерісінде дамитын субъектінің жеке және жеке сипаттамасы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді – деп санайды [189].

Университеттің оқу-тәрбие үдерісінде оқытушы мен болашақ педагогтардың өзара әрекеттесуінде оқытушының білім алушыға жеке тұлға ретінде қатынасы үлкен мәнге ие. Бұл тұғырда оқытушы болашақ педагогтың жеке-шығармашылық қызметін дамытуға болашақ педагогтардың өзін-өзі жүзеге асыруына жағдай жасайды, бұл болашақ педагогтардың шығармашылық қызметін дамытудағы басты бағыт болып табылады.

Белгілі зерттеуші Н.Н.Марфениннің [190] жазғанындай «Жеке тұлға іс-әрекетте қалыптасады. Ал жеке тұлғаның табысты қызметі жеке тұлғаның өзгеруіне, даралықтың дамуына әкеледі, өйткені, қазіргі білім беру парадигмасы оқытудың сабақтан тыс жұмыстармен қатар адамның маңызды күштерін дамытудың құралы бар екенін көрсетеді» деп, өз тұжырымын жазған екен.

Болашақ педагогтардың экологиялық білімін қалыптастыру қоршаған ортаны сақтау және жақсарту бойынша практикалық іс-шараларда тәжірибе жинақтау арқылы оларды экологиялық қызметке біртіндеп енгізудің үздіксіз үдерісі болып табылады.

Зерттеу шеңберінде тұлғалық-бағдарлы тұғыр экологиялық бағдарланған қызметтің қалыптасуы мен дамуын, оның кәсіби және экологиялық білім шеңберінде экологиялық мәселелер мен міндеттерді шешуге қабілетті тұлғаның қалыптасуындағы рөлін зерттеуге мүмкіндік берді.

Құндылықтық (аксиологиялық) тұғыр – экологиялық мәдениет пен тұлғалық құндылықтарды қалыптастыруға бағытталады. Табиғатқа адамгершілікпен қарау, қоршаған ортаға қамқорлық таныту сияқты құндылықтарды дамытады. Мысалы: «Табиғатты сүй!» тәрбие сағаттары, эссе, экологиялық өлеңдер мен әдеби шығармалар арқылы құндылықтарды ұғындыру.

«Аксиология» ұғымы грек тілінен аударғанда *axio* – құндылық және *logos* – ілім деген мағынаны білдіреді. *Аксиологиялық тұғыр* құндылықтың табиғатын, оның шынайы өмірдегі орнын, құндылықтар әлемінің ұйымдастырылуы мен тұлға құрылымындағы көрінісін, сондай-ақ, табиғатпен, қоғаммен, мәдениетпен, тұлғамен және құндылықтармен өзара байланысын зерттейді.

Демек, аксиология – жеке тұлғаның қажеттіліктері мен мүдделерін қанағаттандыра алатын құбылыстардың, процестер мен нәрселердің сапалық қасиеттерін анықтайтын әрі зерттейтін құндылықтар теориясы болып табылады.

Аксиологиялық тұғыр – қоршаған ортадағы әлеуметтік объектілердің адам мен қоғам тіршілігіне қатысты құндылықтық маңызын пайымдайтын ұстаным. Аксиология ғылымының дамуына И. Кант, Р.Г. Лотце, В. Виндельбандт, Г. Риккерт және басқа да ғалымдар зор үлес қосқан. Құндылық туралы алғашқы философиялық тұжырымдарды Р. Лотце мен Г.Коген ұсынған. И. Кант алғаш рет құндылықты адам тұлғасына, оның ерік бостандығына бағытталған талап ретінде қарастырды.

Педагогикалық аксиология саласында А.А. Коростылева, В.А. Сластенин, В.И. Гинецинский, Г.И. Чижакова, Дж. Хазард, Е.Н. Шиянов, И.Ф. Исаева, Н.Д.Хмель және т.б. ғалымдар зерттеу жүргізген. Олар педагогтің кәсіби құндылықтары ұғымының мәнін ашып, оны кәсіби құзыреттілік ұғымымен салыстыра отырып, педагогикалық теорияны меңгеру және оны практикада қолдану іскерлігі мен дағдысының қалыптасу деңгейі ретінде сипаттайды. Бұл – педагогтің кәсіби қызметін атқаруға мүмкіндік беретін білім, білік, дағды және тәжірибенің жиынтығынан тұратын іскерлік және тұлғалық сапаларының сипаттамасы. Кәсіби құндылықтар – тұлғаның кәсіби іс-әрекетін саналы түрде таңдауға, меңгеруге және жүзеге асыруға мүмкіндік беретін негізгі бағдарлар. Кең мағынада кәсіби құндылықтар – тұлғалық және әлеуметтік қажеттіліктерді қанағаттандыратын маңызды құбылыстар. Олар кәсіби қызметтің мақсаты мен міндеттерін айқындап, оның мазмұнын мағыналық жағынан толықтыра отырып, осы салада тұлғалық дамудың векторы және кәсіби өзін-өзі анықтаудың іргелі негізі болып табылады [191].

Іс-әрекеттік тұғыр – болашақ педагогтардың практикалық іс-әрекеті арқылы экологиялық білім мен білік қалыптастыруға бағытталады. Жобалық жұмыс, экологиялық акциялар, тәжірибе жасау, бақылау сияқты белсенді әдістерді қолдайды. Мысалы: Аула тазалығы, ағаш отырғызу, қоқысты сұрыптау жобаларына қатысу.

Іс-әрекет арқылы оқыту тұжырымдамасын алғаш ұсынған – американдық ғалым Д.Дьюи. Ол іс-әрекеттік тұғырдың негізгі ұстанымдарына білім алушының мүддесін ескеруді, ойлау мен әрекетке үйрету негізінде оқытуды, таным мен білімді қиындықтарды жеңу арқылы игеруді, шығармашылық пен ынтымақтастыққа негізделген жұмысты жатқызды.

Осы тұғырды дамытқан Л.И.Панарин маманның құзыреттілігін – кәсіби білімді тәжірибеде қолдануға дайындық және коммуникативтік, ұйымдастырушылық, құрылымдық дағдыларды меңгеру деп анықтайды. В.И.Бондарь іс-әрекеттік көзқарас шеңберінде маманның білімі мен дағдыларының, сондай-ақ ұйымдастырушылық функцияларды орындауға дайындығының жиынтығы ретінде сипаттайды. Ал В.Р.Веснин маманның кәсіби функцияларды қалыпты және төтенше жағдайларда сапалы, қатесіз орындау қабілетін негізгі белгі ретінде қарастырады.

Аталған тұғырды басшылыққа ала отырып, болашақ педагогтарының экологиялық білімін дамытуда табиғатпен үйлесімділік ұстанымына сай, олардың экологиялық-инвероменталды зияткерлігін, сыни ойлауын, танымдық қызығушылығын, құндылық бағдарын, натуралистік қабілеттерін және кәсіби ұстанымдарын қалыптастыруға мүмкіндік туады. Мұндай жағдайда болашақ педагогтың негізгі ықпал ету құралы – жеке, топтық және ұжымдық іс-әрекетті тиімді ұйымдастыру және ынталандыру болып табылады [192]. Іс-әрекетті дұрыс ұйымдастырудың нәтижесінде тәрбие жұмысының сапасы мен тиімділігі артады.

Интеграциялық тұғыр – экологиялық білімді түрлі пәндермен (география, биология, химия, әдебиет, тарих т.б.) байланыстыра оқыту. Пәнаралық байланысты күшейтіп, экологиялық мәселелерді жан-жақты түсінуге мүмкіндік береді. Мысалы: Экологиялық тақырыптағы квест-сабақтар, STEAM жобалар.

Бұл әдіс педагогикалық тәжірибеде табиғатпен байланысын нығайту, оның құндылығын түсіндіру және табиғатты қорғаудың маңыздылығын сезінуді дамыту үшін қолданылады. Мұғалімдер мен тәрбиешілер балалар мен жастарға табиғи объектілердің жай-күйіне деген қамқорлық пен жауапкершілікті қалыптастыра отырып, экологиялық мінез-құлықты тәрбиелейді.

Экологиялық эмпатия әдісі тірі жанашырлықтың көрінісін өзектендіретін сұрақтарды қолдануды қамтиды: «Ол қазір не сезінеді?», «Қазір оның көңіл-күйі қандай?», «Ол ұйықтағысы келе ме? Мүмкін ол жай ғана қайғылы шығар?» және тағы басқада сұрақтарды қолдануды қамтиды.

Экологиялық рефлексия әдісі экологиялық тәрбие мен табиғатқа жауапкершілікпен қарауды дамытуға бағытталған маңызды тәсілдердің бірі болып табылады. Ол адамның экологиялық тұрғыдан жауапкершілікті болуын, яғни, қоршаған ортаға қатысты іс-әрекеттерін тек экологиялық тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар моральдық және этикалық тұрғыдан да бағалауды көздейді.

Бұл әдіс адамның табиғатқа деген қарым-қатынасын терең түсініп, оның іс-әрекеттерінің экологиялық тиімділігін ойлануға мүмкіндік береді. Экологиялық рефлексия адамның табиғи ортаға әсер етуі және табиғатпен байланысы тұрғысынан өзін-өзі бағалау үдерісін қамтиды. Сонымен қатар, бұл әдіс адамның экологиялық сана-сезімін арттыру, экологиялық мінез-құлықты қалыптастыру үшін өте маңызды. Әдістің негізгі мақсаты - адамның өз іс-әрекеттері мен мінез-құлқын табиғи ортаны қорғауға және сақтауға бағыттауға ынталандыру. Экологиялық рефлексия табиғи объектілерді субъективтендіру принципіне сүйене отырып, адамды осы объектілермен өзара әрекеттесу кезінде мінез-құлқы мен шешімдерін қайта бағалауға шақырады.

Экологиялық коактивтілік принципі

Экологиялық коактивтілік принципі (лат.жәрдемдесу) табиғат әлеміне бағытталған қызметті жүзеге асыру үдерісінде табиғи объектілерге субъективті-этикалық қатынасты қалыптастыруға, сондай-ақ, осы қызметтің экологиялық орынды стратегиялары мен технологияларын игеруге ықпал ететін әдістерді пайдалануды шарттайды.

Бұл қағида табиғат әлеміне көмектесу стратегиясын ынталандыруды және адамға табиғаттың өзінде болып жатқан үдерістерге қатысуға мүмкіндік беретін тиісті технологияларды игеруді көздейді. Бұл кептіру шалшығында қалған шабақтарды күту және құстарға жем беру және ағаш кесуге ағаш отырғызу.

Бұл ретте оқушылардың экологиялық қызметін ұйымдастыруға және үйлестіруге бағытталған әдістерді, сондай-ақ, олардың жеке экологиялық құзыреттілігін арттыруды ынталандыратын әдістерді қолдану маңызды.

Экологиялық экспекция әдісі (ағылш.күту) – адамның табиғат әлемімен болашақ байланыстарының эмоционалды бай үміттерін педагогикалық тұрғыдан жаңарту үдерісі.

Бұл әдіс табиғи объектілердің олармен тікелей әрекеттесуіне дейін субъективтілігін ынталандыруға мүмкіндік береді. Мысалы, орманға барар алдында мұғалім мектеп оқушыларын «орманға бару» керек деп санайды. Шынында да, олар құрметті қонаққа барғанда, олар сәйкесінше киінуге тырысады. Егер сіз саңырауқұлақтарды жинауыңыз керек болса, онда олар үшін алдын ала осындай себетті дайындау керек, сонда саңырауқұлақтарды жинау оқушыларға ыңғайлы болады, онда олар, әсіресе, әдемі көрінеді және оларды полиэтилен пакетке салмайды, онда олар тайғақ қоспаға айналады.

Экологиялық қызметті рәсімдеу әдісі – бұл табиғат пен қоршаған ортаға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру мен жүзеге асыру үдерісі. Мұнда негізгі мақсат – экологиялық білім мен тәрбие беру, табиғатпен үйлесімді өмір сүру мәдениетін қалыптастыру. Педагогикалық ұйымдарда экологиялық қызметті рәсімдеу әдісі қоршаған ортаны қорғау және сақтау бойынша түрлі шараларды жоспарлау, өткізу, оның ішінде табиғатқа қамқорлық танытуды үйрету, экологиялық жобаларды жүзеге асыруды ұйымдастыруды қамтиды. Бұл әдіс оқу үрдісінде экологиялық мәселелерді қарастыруға және студенттер мен оқушыларды қоршаған ортаны қорғау мен сақтау бағытында іс-әрекеттер жасауға ынталандыруға мүмкіндік береді. Экологиялық қызметті рәсімдеу барысында тәрбие, білім және тәжірибе алмасу үдерістері негізгі рөл атқарады.

Бұл әдіс табиғат әлеміне деген оқушылардың субъективті қатынасын нығайтуға бағытталған, сондай-ақ, олардың экологиялық белсенділігін арттыру мен табиғатты қорғауға ынталандыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, экологиялық қызметтің стратегияларын реттеу және осы қызметтің технологияларын жетілдіруге ықпал етеді.

Экоцентрлік идеология бұл контексте адамның табиғатпен үйлесімділігін қалыптастырады және адамның осы әлеммен өзара әрекеттесуін реттейді. Бұл әдіс экология мәселелерін түсініп, жеке қатысушының өз технологияларын қолдана отырып, экологиялық тиімді қызмет етуіне мүмкіндік береді.

Мұндай тәсілдер оқушылардың экологиялық санасын қалыптастырып, олардың табиғатқа деген жауапкершілік сезімін арттыру үшін маңызды болып табылады.

Бұл әдіс, мысалы экологиялық клубтарды, отрядтарды, қозғалыстарды және тағы басқада ұйымдастыру арқылы оқушылардың іс-әрекетін ынталандыруға және құрылымдауға мүмкіндік береді.

Экологиялық қамқорлық әдісі – адамның табиғи ортаны қорғауға және оған көмек көрсетуге бағытталған белсенді әрекеттерін педагогикалық тұрғыда ұйымдастыру. Мұндай әдіс экологиялық білім мен тәрбие беру, адамдарды табиғатқа деген жауапкершілікпен қарауға үйрету мақсатында қолданылады. Экологиялық қамқорлықты дамыту үшін әртүрлі педагогикалық тәсілдер мен әдістер қолданылуы мүмкін, мысалы экологиялық жобалар, табиғатқа саяхаттар, табиғатты қорғау акциялары және басқалары. Осы әдіс экологиялық білім берудің және экологиялық жауапкершілікті қалыптастырудың маңызды құралы болып табылады.

Сонымен қатар, табиғат әлеміне қамқорлық жасау аясында болашақ педагогтар өздерінің экологиялық құзыреттілігін арттыруға – қажетті білімді, дағдыларды игеруге ынталандырылады: кез-келген табиғи объектіге тиімді көмек көрсету үшін не істеу керектігін білу және оны қалай жасау керектігін білу қажет.

Табиғатқа субъективті қатынасты педагогикалық-психологиялық түзетудің қарастырылған принциптерін экологиялық білім беру үдерісінде, сондай-ақ, болашақ педагогтардың табиғат әлемі туралы идеяларын дамытуда және олардың экологиялық іс-әрекеттің стратегиялары мен технологияларын игеруінде, яғни олардың экологиялық санасын дамыту үдерісінде қолдануға болады.

3.2 Болашақ педагогтардың экологиялық білімін дамытудағы тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың мазмұны және нәтижесі

Экология саласындағы мәселелерді шешудің бірден-бір жолы – білім беру жүйесінде экологиялық білімді дамыту және жас ұрпаққа қоршаған ортаға деген сүйіспеншілік пен қамқорлықты үйрету. Осы тұрғыда, болашақ педагогтардың экологиялық білімін қалыптастыру маңызды рөл атқарады. Себебі, олар ертеңгі күні оқушыларға экология туралы түсінік беріп, олардың бойында табиғатты қорғауға деген ұмтылысты қалыптастырады.

Экологиялық білімі жоғары болашақ педагогтар өсіп келе жатқан ұрпаққа қоршаған ортаны қадірлеуді, табиғатқа ұқыпты қарауды үйретіп, экология мәдениетін қалыптастыруға үлкен ықпал етеді.

Педагогикалық эксперимент – бұл педагогика саласындағы зерттеулердің әдісі. Оның мақсаты – жаңа білімдер алу үшін зерттелетін қатынастар мен факторларда себеп-салдарлық байланыстарды зерттеу. Бұл әдіс бір немесе бірнеше айнымалыларды (факторларды) жүйелі түрде манипуляциялау арқылы жүзеге асырылады. Нәтижесінде, зерттелетін объектінің немесе жүйенің мінез-құлқындағы өзгерістер тіркеледі.

Педагогикалық эксперименттің мақсаты – теориялық тұжырымдамаларды тексеру, оқыту мен тәрбиелеудің тиімді әдістерін анықтау, педагогикалық үдерістерді жетілдіру және нақты педагогикалық жағдайлардағы өзгерістерді бақылау. Мұндай эксперименттерді жүргізу арқылы педагогика саласында жаңа әдіс-тәсілдер, технологиялар мен стратегиялар анықталып, білім беру жүйесін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Эксперименттің ерекшеліктері:

1) айнымалыларды манипуляциялау (экспериментте бір немесе бірнеше факторды өзгерту арқылы олардың әсерін бақылау);

2) себеп-салдарлық байланыс (эксперимент барысында факторлар арасындағы себеп-салдар байланыстары анықталады);

3) қолданбалы нәтижелер (педагогикалық эксперимент практикалық жағдайларда білім беру үдерісінің тиімділігін арттыруға бағытталған). Бұл әдіс педагогикадағы жаңа теориялар мен әдістемелерді тексеру және дамыту үшін маңызды құрал болып табылады.

Педагогикалық эксперименттерді ұйымдастыру мен жүргізуде Ж.Б.Шілдебаевтың, А.Е.Манкештің, К.Ш.Бакированың зерттеу жұмыстары негізге алынды және зерттеудің теориялық бөлімін талдауға және оны жүзеге асыру кезеңдерін анықтауға мүмкіндік берді: зерттеліп жатқан тақырыптың өзектілігін растау үшін Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде болашақ педагогтардың экологиялық білім деңгейінің жай-күйін талдау; болашақ педагогтардың экологиялық білім деңгейін талдау; эксперименттің мақсаты мен міндетін ескере отырып, эксперименттік топтардың респонденттерінің қажетті санын анықтау.

Педагогикалық эксперименттің жалпы мақсаты белгілі бір уақыт аралығында сапалы және сандық сипатталған нәтижеге қол жеткізу болып табылады. Оны екі бағытта қарастыруға болады: тәжірибелік-іздестіру және тәжірибелік-эксперименттік жұмыс. Тәжірибелік-іздестіру бағыты зерттелетін тақырыпты, ақпарат көздерін және алынған оң нәтижелерді ескере отырып, педагогикалық үдерістерге өзгерістер енгізу қажеттілігін анықтайды. Оның қорытындылары бойынша келесі тұжырымдар жасалады: педагогикалық үдерістерге өзгерістер енгізу қажет пе, яғни, бұл өзгерістер тиімді бола ма? Lee, Shu-Shing [207], Lowan-Trudeau, Gregory [208] өз зерттеулерінде көрсеткендей, «тәжірибелік-іздестіру жұмыстарының нәтижелері көбінесе сапалық көрсеткіштер бойынша бағаланады; бұл жағдайда жетістікті келесідей 3 деңгейге бөлуге болады, яғни төмен, орташа, жоғары болады. Бұл ретте эксперименттік және бақылау топтарын қалыптастыруға жол берілетінін, алынған нәтижелерді салыстыру деңгейінде, әдетте, пайызбен тиісті өлшеулер мен оларды математикалық өңдеу жүргізілетінін атап өткен жөн» (10-кесте).

Кесте 10 – Болашақ педагогтардың экологиялық білімін дамыту деңгейлері

Деңгейлері	Сипаттамасы
Төменгі деңгей	- Зерттеушілік және шығармашылық тұрғыда экологиялық білімді меңгеруге деген жауапкершілігі төмен. - Сабақ барысында және сабақтан тыс уақытта меңгерген экологиялық білім, білік және дағдыларын нақты өмірлік жағдаяттармен байланыстырып қолдана алмайды. - Мінез-құлқында экологиялық сана мен мәдениетке сай келмейтін жағымсыз әрекеттер байқалады. - Қоғамдағы экологиялық дағдарыс құбылыстарын танып, ғылыми тұрғыда сипаттау қабілеті жеткіліксіз.

10-кестенің жалғасы

Орташа деңгей	- Экологиялық білімге деген қызығушылығы бар болғанымен, оны терең әрі саналы түрде меңгеру қабілеті жеткіліксіз. - Зерттеушілік және шығармашылық тұрғыда экологиялық мәселелерге қызығушылық танытады. - Сабақ пен сабақтан тыс уақытта алған экологиялық білім, білік және дағдыларын өмірлік жағдаяттармен байланыстыра алады. - Мінез-құлқында экологиялық жағымды әрекеттер кездескенімен, олар тұрақты емес және белгілі бір жағдайларға ғана байланысты көрініс табады. - Қоғамдағы экологиялық дағдарыс құбылыстарын танып, сипаттай алады.
Жоғары деңгей	- Зерттеушілік, шығармашылық тұрғыдан экологиялық білімді меңгеруге мотивациялық деңгейі жоғары, материалдардан өзіндік әсер ала алады. - Сабақта, сабақтан тыс алған экологиялық білім, білік, дағдыларын өмірмен байланыстыра отырып, олардың қоғамға пайда келтіретінін толықтай түсінеді. - Қоғамдағы экологиялық дағдарысты танып, сипаттай біледі, қоршаған ортаны қорғауда шешім шығара алады. - Бала бойындағы, жалпы адамдар бойындағы экологиялық білім деңгейін талдап, адамның табиғатқа тигізетін әсерін бағалай алады.

Тәжірибелік-эксперименттік бағыт педагогика саласындағы зерттеу жұмыстарының маңызды бөліктерінің бірі болып табылады. Мұндай бағыттағы зерттеу үдерісінің мақсаты – білім беру үдерісіне қажетті өзгерістер енгізу арқылы оның тиімділігін арттыру. Бұл жұмыс гипотеза құралы ретінде қызмет атқарып, теориялық және практикалық тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді.

Белгілі ғалымның O.Perfilova [209] пайымдауынша, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың басты мақсаты – сенімді білім алу. Бұл бағыттағы зерттеу жұмыстарының нәтижелері педагогикалық үдерісті жақсарту үшін өзгерістер енгізуге бағытталатыны көрсетілген.

Шетелдік зерттеушілер A.Karem [210] мен Kim, Eun-Ji Amy [211] бұл жұмысты педагогикалық мәселелерді шешудің жаңа және тиімді жолдарын іздеу мақсатында жүргізілетін тәжірибе ретінде қарастырады, бұл білім беру мен тәрбие саласындағы ғылыми ізденістердің маңыздылығын көрсетеді.

Көрнекті ғалымдардың еңбектерінде Albert Zeyer [212], Richardson, George [213] эксперименттік жұмыс деп құбылыстар мен үдерістер бақыланатын және басқарылатын жағдайларда зерттелетін зерттеудің жалпы эмпирикалық әдісін түсіндіреді. Зерттеу жұмысымызда біз эксперименттің екі түрін де қолдандық.

Бірінші кезеңде (2015-2016 жж) зерттеудің мазмұны жасалды, Қызылорда қаласында Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетіндегі болашақ педагогтардың экологиялық білім деңгейін анықтау бойынша педагогикалық эксперименттің әдістері мен формалары талқыланды, экологиялық білім болашақ педагогтарға қажеттілігі мен осы сұраныста қамтамасыз ететін біз анықтаған қайшылықты растау мақсатында жүргізілді.

Бұдан әрі Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Жаратылыстану институты және Педагогика және дәстүрлі өнер институтының болашақ педагогтарынан сауалнама алу ұйымдастырылды. Яғни, болашақ

педагогтардың экологиялық білімін қалыптастыру қажеттілігі мен осы бағыттағы жұмыстардың мазмұны мен әдістерін жеткіліксіз әзірлеу арасындағы қайшылықты растау үшін білім алушы жастардың экологиялық білім деңгейін анықтау жұмысы жүргізілді. Бұл жұмыс болашақ педагогтарды экологиялық мәселелер мен түсініктерді үйретудің өзекті екендігін көрсетеді. Зерттеу экологиялық білім беру жүйесіндегі бірқатар мәселелерді анықтауға және болашақ педагогтардың экологиялық білім деңгейін жақсартуға бағытталған. Сонымен қатар, экологиялық білім беру мазмұны мен әдістерін жетілдіру қажеттілігі анықталады.

Қалыптастырушы эксперименттің алдында өткізілген анықтаушы эксперименті зерттеу мақсатында өте маңызды кезең болып табылады. Ол зерттеу барысында жеке тұлғаның экологиялық білім деңгейінің нақты жағдайын бағалауға және зерттеудің келесі кезеңдерінде қолданылатын бастапқы деректерді анықтауға бағытталған. Бұл эксперименттің нәтижелері зерттеушіге бастапқы жағдайды түсініп, экологиялық білімнің даму деңгейін, күшті және әлсіз жақтарын анықтауға мүмкіндік береді.

Анықтаушы экспериментті ұйымдастыру және жүргізу міндеті Қызылорда қаласы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті оқу орнындағы Жаратылыстану институты мен Педагогика және дәстүрлі өнер институты болашақ педагогтардың жастарына (салыстырмалы талдау), яғни болашақ педагогтарға экологиялық білім деңгейін анықтау болды.

Жоғарыда атап өткеніміздей, эксперименттің 1 кезеңі 2015-2016 жылдар аралығында сауалнама әдісін ұйымдастырумен жүзеге асырылды, оған 6В01517 – Биология, 6В01516 – Химия-Биология, 6В01101 – Педагогика және психология, 6В01405 – Дене шынықтыру және спорт (Мектептегі дене шынықтыру мұғалімі) мамандықтарының барлық курстарының 262 респондент белсенділік танытты, олардың ішінде 132-сі бақылау тобын, 130-ы эксперимент тобын құрады.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетіне мектептердің үздік түлектері, «Алтын белгі» иегерлері, халықаралық және республикалық олимпиадалардың жүлдегерлері оқуға түсуге тырысатын Қазақстанның жетекші жоғары оқу орындарының бірі болып табылады. Университеттің білім беру – тәрбие үдерісі заманауи инновациялық тәсілдер мен қоғамның сұранысына сәйкес құрылған. Қазақстан мен шетелдің жетекші ғалымдары дәріс оқиды. Бірақ, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің орналасқан аймақтың экологиялық жағдайы нашарлау.

Атап айтсақ, онда негізгі экологиялық мәселелердің бірі Арал теңізінің экологиялық жағдайы, жердің шөлейттенуімен және тозуымен, Байқоңыр әскери-ғарыш кешенінің қызметімен және т.б. болып табылады. Бұл жоғары оқу орны қолайсыз экологиялық ахуалы бар өңірде орналасқан, сондықтан жеке тұлғаның экологиялық білімін қалыптастыру өңір халқының стратегиялық мүдделері және оның экологиялық тұрғыдан орынды іс-қимыл жасау қабілеті тұрғысынан маңызды. Жоғары оқу орнына (ҰБТ, КТ) түсу емтихандарының нәтижелері бойынша бұл университетке негізінен орта немесе төмен білім деңгейі бар мектеп түлектері түсетінін атап өтуге де болады.

Анықтаушы экспериментті ұйымдастырған кезде біз төмендегі сұраққа қызығушылық таныттық: осы университеттегі болашақ педагогтардың экологиялық білім деңгейі қандай? Біз экологиялық білім компоненттерінің мазмұнын ашатын жеке қасиеттердің қалыптасу деңгейін анықтау мақсатында болашақ педагогтарға сауалнама жүргіздік: экологиялық сауаттылық, экологиялық тәрбие, экологиялық сана және экологиялық қызмет. 11-кестеде әртүрлі мамандықтар бойынша респонденттердің сандық көрсеткіштері келтірілген.

Кесте 11 – Болашақ педагогтардың экологиялық білімін анықтау бойынша бақылау тобы мен тәжірибелік тобының көрсеткіштері (%), бақылау тобында – 132 респондент, эксперимент тобында – 130 респондент.

Барлығы		Бақылау тобы		Тәжірибелік тобы			
		6В01517 – Биология, 6В01516–Химия-Биология)		6В01405-Дене шынықтыру және спорт (Мектептегі дене шынықтыру мұғалімі)		6В01101-Педагогика және психология	
262	100%	132	50%	65	25%	65	25%

Үлгіде әр мамандықтың жалпы санына қатысты барлық пропорциялар сақталады. Біздің ойымызша үлгіде, бізді қызықтыратын қасиеттерді барынша көрсете алатын өкілдер болып саналады.

Сауалнама жалпы 50 сұрақтан құралған. Соған байланысты болашақ педагогтарға экологиялық білімнің қалыптасу деңгейін сипаттайтын жеке қасиеттерді, өзін-өзі бағалаудың 6 балдық шкаласы бойынша бағалану құрастырылған. Жауаптарды сараптау біз бөлген деңгейлер бойынша жүргізіледі, яғни төмен, орташа, жоғары деген.

Сауалнаманы жалпы барлық курс болашақ педагогтарынан алу көзделді, және сол міндет бойынша жүргізілді. Болашақ педагогтардың экологиялық білімдерінің қалыптасу деңгейін анықтауда сауалнамаға қатысқан барлық курстар мен мамандықтар бойынша мәліметтер келтірілген.

Анықтаушы экспериментте біз Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің болашақ педагогтарының экологиялық білім деңгейін анықтау міндетін қойдық, 12-кестеде келтірілген есептеулер барлық курстардың абсолютті деректері бойынша жүргізілді.


Кесте 12 - Болашақ педагогтардың экологиялық білімдерінің қалыптасу деңгейі (анықтаушы эксперимент)

Деңгейі	Жалпы үлесі	6В01405-Дене шынықтыру және спорт (Мектептегі дене шынықтыру мұғалімі)				Жалпы үлесі	6В01517 – Биология, 6В01516 – Химия-Биология				Жалпы үлесі	6В01101 – Педагогика және психология			
		1 курс	2 курс	3 курс	4 курс		1 курс	2 курс	3 курс	4 курс		1 курс	2 курс	3 курс	4 курс
Экологиялық сауаттылық															
Төмен	11,4	27,3	-	6,7	17,2	2,2	9,4	-	-	-	9,3	-	-	-	33,3
Орташа	72,8	72,7	87,9	80,0	48,3	49,1	50,9	64,4	42,7	34,5	45,3	63,6	35,3	40,0	38,1
Жоғары	15,8	-	12,1	13,3	34,5	48,7	39,6	35,6	57,3	65,5	45,3	36,4	64,7	60,0	28,6
Экологиялық тәрбие															
Төмен	95,6	87,5	100,0	92,9	100,0	60,4	75,5	74,6	55,1	20,7	62,7	54,5	52,9	60,0	81,0
Орташа	4,4	12,5	-	7,1	-	37,0	24,5	20,3	41,6	79,3	34,7	40,9	47,1	33,3	19,0
Жоғары	-	-	-	-	-	2,6	-	5,1	3,4	-	2,6	4,5	-	6,7	-
Экологиялық сана															
Төмен	4,4	13,6	-	6,7	-	1,3	-	5,1	-	-	6,7	-	5,9	-	19,0
Орташа	69,3	72,7	63,6	73,3	69,0	42,2	45,3	28,8	46,1	51,7	36,0	36,4	41,2	20,0	42,9
Жоғары	26,3	13,6	36,4	20,0	31,0	56,5	54,7	66,1	53,9	48,3	57,3	63,6	52,9	80,0	38,1
Экологиялық қызмет															
Төмен	7,0	4,5	-	6,7	17,2	14,3	15,1	15,3	12,4	17,2	13,3	13,6	11,8	-	23,8
Орташа	77,2	90,9	90,9	63,3	65,5	63,0	64,2	64,4	60,7	65,5	50,7	63,6	52,9	33,3	47,6
Жоғары	15,8	4,5	9,1	30,0	17,2	22,6	20,8	20,3	27,0	17,2	36,0	22,7	35,3	66,7	28,6

Бірінші «Экологиялық сауаттылық» бөлімін қарастырайық. 12-кестеге сүйенер болсақ, экологиялық сауаттылық деңгейі бойынша 6В01517 – Биология, 6В01516 – Химия-Биология мамандықтарының болашақ педагогтары басқа мамандықтардан алда тұр (48,7%), оларда 1 курс болашақ педагогтарының тек 9,4%-ның сауаттылық деңгейі төмен. 6В01405 – Дене шынықтыру және спорт (Мектептегі дене шынықтыру мұғалімі) мамандығының 1,3,4 курс болашақ педагогтарының экологиялық сауаттылық деңгейі төмен екенін көрсетеді. 6В01101 – Педагогика және психология мамандығының көрсеткіштері тек 4 курс болашақ педагогтарының экологиялық сауаттылық деңгейі төмен екенін көрсетеді – 33,3%.

Сондай-ақ, кестеде көрініп тұрғандай, 6В01405 – Дене шынықтыру және спорт (Мектептегі дене шынықтыру мұғалімі) мамандығының болашақ педагогтары экологиялық сауаттылықтың деңгейі басқа мамандықтармен салыстырғанда орташа деңгейіне ие, бірақ басқа мамандықтардың болашақ педагогтарының білімінің жоғары көрсеткіштері рейтингінде орын алады (11-


сурет).



Сурет 11 – Жоғары оқу орнында болашақ педагогтардың экологиялық сауаттылығын қалыптастыру деңгейі

11-суреттен көріп отырғанымыздай, 6В01517 – Биология, 6В01516 – Химия-Биология болашақ педагогтарының экологиялық сауаттылық деңгейі 6В01405 – Дене шынықтыру және спорт (Мектептегі дене шынықтыру мұғалімі) болашақ педагогтарына қарағанда жоғары. Маңыздылығы бойынша оған 6В01101– Педагогика және психология болашақ педагогтары сауаттылық деңгейі жақын. Диаграмма нәтижелері бойынша 6В01405 – Дене шынықтыру және спорт (Мектептегі дене шынықтыру мұғалімі) болашақ педагогтарының экологиялық сауаттылық деңгейі орташа екені анықталды.

Келесі экологиялық тәрбие бөлімі бойынша сауалнама нәтижелерін қарастырамыз (12-сурет).



Сурет 12 – Жоғары оқу орнындағы болашақ педагогтардың экологиялық

тәрбиесінің даму деңгейі


12-сурет бойынша 6В01405–Дене шынықтыру және спорт (Мектептегі дене шынықтыру мұғалімі) болашақ педагогтары экологиялық тәрбие бағыты бойынша ең жоғарғы көрсеткішті көрсетіп тұр, яғни-95,6%.

6В01517–Биология, 6В01516–Химия-Биология және 6В01101–Педагогика және психология болашақ педагогтары экологиялық тәрбие бағыты бойынша бірдей көрсеткіш, яғни төмен көреткішті көрсетіп тұр. Пайызға шаққанда Биология, Химия-Биология–60,4%, Педагогика және психология–62,7%, орташа-тиісінше 37% және 34,7, жоғары-тиісінше 2,6% және 2,7% (12-кесте, 12-сурет).

Мамандықтар бойынша деректерді талдай отырып, біз өзгерісті көреміз. 6В01517–Биология, 6В01516–Химия-Биология мамандықтары бойынша ерекше назар аудартқан деректер: сауаттылық деңгейінің жоғары (48,7%) болуы және саналылығы (56,5%) болашақ педагогтардың экологиялық тұрғыдан тәрбиесі дұрыс қалыптаспауы (2,6%) және экологиялық қызметке қызығушылық танытпауы мүмкін (22,6%).


Мүмкін болашақ педагогтар теориялық тұрғыдан дайындалған, экологиялық сауаттылық пен сананың орташа деңгейіне ие, бірақ практикалық іс-әрекетте олар бұл білімді нақты өмірде мақсатына сай қолданбайды.

12-кестені зерделей отырып, Дене шынықтыру және спорт (Мектептегі дене шынықтыру мұғалімі) мамандығының 2 курс болашақ педагогтары 63,6% көрсеткішімен экологиялық санаға ие деген қорытынды жасауға болады. Орта деңгейде Дене шынықтыру және спорт (Мектептегі дене шынықтыру мұғалімі) мамандығының болашақ педагогтары құрайды. Биология, Химия-Биология мамандығының болашақ педагогтарын зерттеу барысында белгілі бір тұрақтылықты байқадық: сауаттылық деңгейінің сана деңгейіне сәйкестігі (13-сурет).



Сурет 13 – Жоғары оқу орнындағы болашақ педагогтардың экологиялық санасының қалыптасу деңгейі

Болашақ педагогтардың экологиялық қызметі бойынша сауалнама нәтижелері экологиялық бағдарланған қызметке қатысуға жеке қызығушылығында олқылықтар бар екенін көрсетеді (14-сурет). Барлық үш мамандықтарда орташа көрсеткіштер басым.



Сурет 14 – Жоғары оқу орнында болашақ педагогтардың экологиялық қызметінің қалыптасу деңгейі

Кестеге сәйкес, болашақ педагогтарда экологиялық сана деңгейінің бар екені, бірақ олардың экологиялық сауаттылық пен экологиялық бағдарланған іс-әрекетке қатысты қабілеттерінің әлі де жеткіліксіз екендігі туралы қорытынды жасалған. Себебі экологиялық білім мен дағдылар тек теориялық түрде қалыптасқанымен, оларды нақты өмірде қолдануға, сондай-ақ, экологиялық мәселелерді шешуде белсенді әрекет етуге қажетті дағдыларды дамыту маңызды. Әсіресе, болашақ педагогтар үшін экологиялық сауаттылықтың жоғары деңгейі мен экологиялық бағдарланған іс-әрекетке қабілетті болу өте маңызды. Осы тұрғыда, педагогикалық білім беру бағдарламаларын экологиялық мәселелерді енгізу, практикалық жұмыс тәжірибелерін өткізу және оқушыларды экологиялық әрекеттерге бағыттау арқылы болашақ педагогтардың экологиялық сана мен дағдыларын дамыту керек.

Анықтау экспериментінің деректерін талдау нәтижелері бойынша біз бақылау (6В01517–Биология, 6В01516–Химия-Биология) және эксперименттік топтың (6В01101–Педагогика және психология және 6В01405–Дене шынықтыру және спорт (Мектептегі дене шынықтыру мұғалімі)), яғни, осы мамандықтар бойынша Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде оқитын болашақ педагогтардан құралды.

Бақылау және эксперименттік топтардағы болашақ педагогтар саны университеттегі болашақ педагогтардың жалпы санына пропорционалды (13-кесте).

Кесте 13 – Экспериментке қатысатын бақылау және эксперименттік топ болашақ педагогтардың саны

№	Мамандық атауы	Курс	Құрамдас бөлігі	
			Бақылаушы топ	Эксперименттік топ
1	6В01101–Педагогика және психология, 6В01405–Дене шынықтыру және спорт (Мектептегі дене шынықтыру мұғалімі)	1-4	-	130
2	6В01517–Биология, 6В01516–Химия-Биология	1-4	132	-

Осылайша, сауалнама нәтижелері зерттеу тақырыбының өзектілігін және болашақ педагогтардың экологиялық білім деңгейін арттыру үшін ЖОО-да оқыту мен тәрбиелеу үдерісін ұйымдастырудың жаңа әдістемесін әзірлеу қажеттілігін растады.

Болашақ педагогтардың экологиялық білімін қалыптастыру бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмыс 2016 жылдан 2025 жылға дейін Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде жүйелі түрде жүзеге асырылды. Педагогикалық эксперименттің қалыптастырушы кезеңінің міндеті болашақ педагогтардың экологиялық білімін дамыту әдістемесін жүзеге асыру болды.

Болашақ педагогтардың экологиялық білімдерін қалыптастыру әдістемесі (Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті бойынша) мазмұнын қамтиды (ЖОО-да оқыту және тәрбиелеу үдерісінде өткізілетін, болашақ педагогтың экологиялық сауаттылық, экологиялық тәрбие, экологиялық сана, экологиялық құндылықтарын көрсететін экологиялық білім беру және тәрбиелеу субъектісі болуына бағытталған оқу пәндерінің, іс-шараларының кешені) қамтиды. Сонымен қатар, факторларды ескере отырып, болашақ педагогтардың кәсіптік оқыту мен тәрбиелеудің нысандары мен әдістері және экологиялық қауіпсіздігіне, аймақтық ерекшеліктеріне, сондай-ақ, осы үдерістің дамуын бақылауды қамтамасыз ететін диагностикалық құралдарды да қарастырады. ЖОО-да оқу үдерісінде экологиялық білімді қалыптастыру міндеттерін шешуге оқу-тәрбие жұмысының ұжымдық, топтық және жеке нысандарын және педагогикалық практика үдерісін қолдану ықпал етеді. Жеке тұлғаны тәрбиелеудегі әлеуметтік және жеке аспектілердің өзара байланысы туралы пайымдауды ескере отырып, болашақ педагогтардың экологиялық білімдерін қалыптастыру негізіне экологиялық акциялар, дөңгелек үстелдер, экологиялық қозғалыс, «қызықты адамдармен кездесулер», жас эколог мектебі сияқты педагогикалық жұмыстың нысандары арқылы жүзеге асырылатын тәрбиенің рефлексивті, құндылық және проективті әдістері негізделуі керек, жасыл мектеп, фестивальдар, әлеуметтік маңызы бар экологиялық мазмұндағы іс-шараларды ұйымдастыру, шеберлік-сыныптар, қызығушылықтары бойынша студенттік клубтардың қызметінде қосудың маңызы зор. Марапаттау әдісін қолдану маңызды (марапаттау, алғыс жариялау және т.б.), оқу курсының, институттардың жиналыстарында, іскерлік, рөлдік және ұйымдастырушылық-белсенді ойындар өткізу және т.б.

Болашақ педагогтардың экологиялық білімдерін қалыптастырудың нәтижесі адамгершілік, азаматтық-патриоттық, экологиялық тәрбие міндеттерін келесі: ғылыми, сабақтастық, тұтастық, жеке тұлғаға кешенді әсер ету, шығармашылық көзқараспен қарау қағидаттары негізінде кешенді шешумен қамтамасыз етіледі.

Жоғарыда аталған қағидаттар негізінде болашақ педагогтың экологиялық білімдерін 4 кезеңнен тұратын үш деңгейлі өлшемдік көрсеткішпен (төмен, орта, жоғары) қалыптастыру жұмысы ұйымдастырылды. Кезеңдер болашақ педагогтар оқыған оқу курстарына сәйкес белгіленді (10-кесте).

Қалыптастырушы эксперименттің ***бірінші*** және ***екінші кезеңдерінде*** (ЖОО-да оқытудың 1-2 курсы) болашақ педагогтар экологиялық және кәсіби білімді игеруге бағытталған жалпы білім беру және базалық пәндерді ***кіріктіре оқыту технологиясына сәйкес*** оқыту іске асырылды. Жалпы білім беретін және базалық пәндер бойынша жұмыс бағдарламалары («Оқушылардың физиологиялық дамуы», «Психология», «Педагогика», «Экология және тұрақты даму») экологиялық білімді қалыптастыруға бейімделді (14-кесте).

Кесте 14 – Болашақ педагогтардың экологиялық білімін қалыптастыру кезеңдері

ББББ	1 кезең 1 курс	2 кезең 2 курс	2 кезең 3 курс	4 кезең 4 курс
1	2	3	4	5
6В01101–Педагогика және психология	Оқушылардың физиологиялық дамуы	Экология және тұрақты даму	Педагогика бағытында оқитын-психологиялық практика, «Жасыл бақ-таза қала», «Жасыл желек», «Саябақтар тазалығы», «Сырдарияның жағалауы таза»	Дипломдық жұмыс жазу, «Жасыл ел», «Менің әдемі өлкем», «Саябақтар шеруі», «Экологиялық тур», «Біздің өлкеміздің экологиясы»
	Психология	Педагогика		
6В01405–Дене шынықтыру және спорт (Мектептегі дене шынықтыру мұғалімі)	Оқушылардың физиологиялық дамуы	Экология және тұрақты даму	Педагогика бағытында оқитын - психологиялық практика, «Жасыл бақ-таза қала», «Жасыл желек», «Саябақтар тазалығы», «Сырдарияның жағалауы таза»	Дипломдық жұмыс жазу, «Жасыл ел», «Менің әдемі өлкем», «Саябақтар шеруі», «Экологиялық тур», «Біздің өлкеміздің экологиясы»
	Психология	Педагогика		

Болашақ педагогтардың, яғни 6В01101–Педагогика және психология және 6В01405–Дене шынықтыру және спорт (Мектептегі дене шынықтыру мұғалімі) мамандықтарының болашақ педагогтарының экологиялық білімдерін дамыту үшін экологиялық сауаттылықтың, экологиялық тәрбиенің, экологиялық сананың және экологиялық қызметтің қалыптасуын сипаттайтын

төмендегі кестеде экологиялық білімдерді, дағдыларды игеруді қамтиды (15–кесте).

Кесте 15 – Болашақ педагогтардың экологиялық білімдер көрсеткіші

1	2
Білу керек	Экологиялық білім мен тәрбиенің теориялық негізі, мақсаты мен міндеті.
	Экологиялық білім беру және тәрбие үдерістерінің құрылымы мен мәні.
	Оқушыларды тәрбиелеу және экологиялық білім берудің құндылық бағдарлары.
	Оқушылардың психологиялық ерекшеліктері және оларда табиғатты қорғауға, жауапкершілікке, мейірімділікке, табиғатқа деген сүйіспеншілікке деген мотивацияны дамыту.
	Педагогтің экологиялық білім беру және тәрбие үдерісінің субъектілерімен өзара іс-қимыл жасау тәсілдері.
	Білім беру саласындағы экологиялық қызметтің құндылық негіздері.
	Мектепте экологиялық қызметті жүзеге асырудың құқықтық нормалары.
Қолдана алуы	Экологиялық білім беру мен тәрбиелеу үдерісі жүретін әртүрлі контексттерді (әлеуметтік, мәдени, ұлттық) ескеру.
	Экологиялық білім мен экологиялық тәрбие элементтерін біріктіру, олардың әрқайсысының жеке маңыздылығын ескере отырып, біртұтас жүйе құру.
	Экологиялық білім мен тәрбие беру үдерісінде оқушылардың әртүрлі ерекшеліктерін ескеру.
	Заманауи технологияларды пайдалана отырып, экологиялық білім беру және тәрбие үдерісін жобалау.
	Әр түрлі жастағы топтарда және білім беру мекемелерінің әртүрлі түрлерінде экологиялық білім беру және тәрбиелеу үдерістерін жүзеге асыру.
	Оқушыларды оқыту және тәрбиелеу үшін дидактикалық ақпарат құру.
	Өмірдің әртүрлі салаларына шығуды талап ететін мәселелерді қою және талқылау.
	Оқушылардың шығармашылықпен байланысты экологиялық бағыттағы танымдық қабілеттерін дамыту.
	Болашақ педагогтардың сабақта және сабақтан тыс уақытта экологиялық бағдарланған қызметке деген ынтасын арттыру.
	Құндылық бағдарларын, табиғатты қорғауға деген сенімділікті дамытуды қамтамасыз ететін әдістерді меңгеру.
	Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқудан тыс экологиялық бағдарланған қызметті ұйымдастыру.
	Рефлексия, мақсат қою, диагностиканы жүзеге асыру.
	Оқушылардың жеке қасиеттерін дамыту: жауапкершілік, мейірімділік, табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімі.
Игеруі керек	Білім беру мекемелерінде экологиялық білім беру мен тәрбиелеудің маңыздылығын насихаттау тәсілдерін игеру.
	Кәсіби ақпарат көздерінде бағдарлау тәсілдерін игеру.
	Психологиялық-педагогика бағытында оқитын қолдау мен сүйемелдеуді жүзеге асыру тәсілдерін білу.
	Экологиялық тәрбие берудегі жобалық және инновациялық қызмет тәсілдерін меңгеру.
	Экологиялық қызметтегі әртүрлі байланыс құралдарын пайдалана алу.
	Білім беру мекемесінің, өңірдің, облыстың, елдің ақпараттық ортасының мүмкіндіктерін пайдалану арқылы экологиялық білім мен тәрбиені жетілдіру тәсілдерімен танысу.

Болашақ педагогтардың экологиялық білім беру теориясын меңгеруіне негізделген «Педагогика» білім беру бағдарламасының мазмұны ұғымдар жүйесімен толықтырылып, экологиялық білім мен экологиялық тәрбие тақырыптарын қамтиды (Қосымша Ә).

Пәннің ұстанымдары: ғылыми, сабақтастық, тұтастық, шығармашылық көзқарас және шығармашыл маман тәрбиелеу.

Қалыптастырушы эксперименттің *үшінші* және *төртінші кезеңдері* болашақ педагогтарды тікелей экологиялық мазмұндағы іс-шараларға қатыстырумен байланысты болды.

Үшінші кезеңнің 3 курсында 6В01101–Педагогика және психология және 6В01405–Дене шынықтыру және спорт (Мектептегі дене шынықтыру мұғалімі) мамандықтарының болашақ педагогтарды экологиялық білімдерін педагогикалық практикада жүзеге асырды.


Педагогикалық практиканың ерекшелігі білім алушы, яғни экологиялық білім мен педагогикалық қызметті ұйымдастыратын, экологиялық құндылықтар мен идеалардың тасымалдаушысы ретінде жеке басын даярлауға бағыттайтын экологиялық білімді меңгерген педагогты даярлау болып табылады:

– болашақ педагогтардың кәсіби және экологиялық тәрбиесін қалыптастыру;
– экологиялық дағдыларын, іскерлігін және танымдық белсенділігін арттыру;
– ЖОО-да педагогикалық практика барысында экологиялық құндылықтарды ұйымдастыру;
– экологиялық білім бағдарларын, мотивациясын және экологиялық қызметті түсінуін қамтамасыз ету.

6В01101–Педагогика және психология және 6В01405–Дене шынықтыру және спорт (Мектептегі дене шынықтыру мұғалімі) мамандықтарының болашақ педагогтары педагогикалық практикада экологиялық іс-шараларды, экологиялық тәрбие сағаттарды, экологиялық конкурстарды, экологиялық ғылыми конференцияларды, олимпиадаларды және т.б. ұйымдастырды. Мысалы: «Табиғат – алтын бесік», «Табиғат және біз», «Экология-табиғат жүрегі», «Әлем елдері таңдаған – Жасыл экономика», «Экология және жердің болашағы» және т.б., жүзеге асырды.

Сонымен қатар, болашақ педагогтар педагогикалық практикада экология және қоршаған ортаны қорғау жүйесі бойынша экология бағытында іс-шараларды жүргізді, бұл оқушылардың тапсырмаларды орындауға деген қызығушылығы мен жауапкершілігін арттырды (16-кесте).

Кесте 16 – Болашақ педагогтардың педагогикалық практикада экологиялық іс-шараларының жүйесі

№	Іс шаралардың атауы	Жүргізілген іс-шара	Мазмұны
1	2	3	4
1	Табиғат – алтын бесік	Іс-шарамен танысу. Табиғатты қорғау және экологиялық қажеттілігінің сенімін қалыптастыру. 	**Мақсаты:** Оқушыларды табиғатты аялауға, қоршаған ортаны қорғауға тәрбиелеу, экологиялық білімді дамыту, табиғаттың адам өміріндегі маңызын түсіндіру. **Міндеттері:** Табиғаттың адам өміріндегі рөлін түсіндіру; Қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауға баулу; Экологиялық сананы, экологиялық қажеттілік пен сенімді қалыптастыру; Табиғатты қорғау дағдыларын дамыту.
2	Табиғат және біз	Іс-шарамен танысу. Оқушылардың экологиялық шығармашылық қабілеттерін дамыту. 	**Мақсаты:** Оқушылардың экологиялық білімін дамыту, шығармашылық қабілеттерін дамыту, табиғатты сүюге, қорғауға баулу. **Міндеттері:** Экологиялық тақырыпта шығармашылық жұмыстар жасауға ынталандыру; Табиғатқа деген жауапкершілік сезімін тәрбиелеу; Табиғатты қорғау жөніндегі идеяларын бейнелеу арқылы білдіруге үйрету.
3	Экология-табиғат жүрегі	Іс-шарамен танысу. Оқушылардың экологиялық білімдері мен дағдыларын нығайту. 	**Мақсаты:** Оқушылардың экологиялық білімдерін тереңдету, табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру, қоршаған ортаны қорғауға деген жауапкершілік пен экологиялық мәдениетті дамыту. **Міндеттері:** Оқушыларды қоршаған ортаның маңыздылығын түсінуге үйрету; Экологиялық мәселелерге бейжай қарамауға тәрбиелеу; Экологиялық ойлау, зерттеу және шығармашылық қабілеттерін дамыту.
4	Әлем елдері таңдаған-Жасыл экономика	Іс-шарамен танысу. Табиғи материалдан, қайталама шикізаттан композициялар жасау 	**Мақсаты:** Оқушылардың «жасыл экономика» туралы түсініктерін қалыптастыру, қайта өңделетін және табиғи материалдарды тиімді пайдалануға баулу арқылы экологиялық білімін арттыру. **Міндеттері:** Оқушыларды экологиялық жауапкершілікке тәрбиелеу; Шығармашылық қабілеттерін дамыту; Топпен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.

16-кестенің жалғасы

1	2	3	4
5	Экология және жердің болашағы	Іс-шарамен танысу. Экологиялық мәдениетті қалыптастыру. 	**Мақсаты:** Оқушылардың экологиялық білімін дамыту, жер тағдырына бейжай қарамайтын, табиғатты аялауға ынталы тұлғаны тәрбиелеу. **Міндеттері:** Экология мен жердің болашағы арасындағы байланысты түсіндіру; Экологиялық проблемалар туралы ақпарат беру; Оқушылардың табиғатқа жанашырлық, жауапкершілік сезімдерін дамыту; Шығармашылық жұмыстар арқылы экологиялық көзқарастарын білдіруге мүмкіндік жасау.
6	Жасыл желек	Іс-шарамен танысу. Салауатты өмір салтын насихаттау. 	**Мақсаты:** Оқушылардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру, экологиялық сана мен мәдениетті қалыптастыру, сондай-ақ салауатты өмір салтын насихаттау арқылы олардың денсаулығын нығайтуға ықпал ету. **Міндеттері:** Қатысушыларды табиғат аясында белсенді демалуға тарту; Дене белсенділігі мен дұрыс тамақтанудың мәнін түсіндіру; Жасыл аймақтарды сақтау мен көбейтудің маңызын ұғындыру.
7	Саябақтар тазалығы	Іс-шарамен танысу. Еңбек дағдыларын игеру. 	**Мақсаты:** Қоғамдық орындарды күтіп ұстауға, тазалықты сақтауға деген жауапкершілікті арттыру және еңбекке баулу арқылы оқушылардың экологиялық білімі мен еңбек дағдыларын қалыптастыру. **Міндеттері:** Еңбекке баулу, ұқыптылық пен тазалыққа үйрету; Қоршаған ортаға жанашырлық сезімін тәрбиелеу; Топпен жұмыс істеу арқылы ұйымшылдықты дамыту; Қоғамдық орындардың маңызын түсіндіру.

Жүргізілген іс-шаралар экологиялық білімді тереңірек және мағыналы зерттеуге, практикалық тұрғыдан өздеріне зерттеу дағдыларын қалыптастыруға, шығармашылық ойлауды дамытуға, теориялық білім мен практикалық іс-әрекет арасындағы байланыстарды орнатуға және әр оқушының шығармашылық белсенділігін дамытуға ықпал етеді.

Жоғары оқу орнының экологиялық мәдениетін дамыту және болашақ педагогтардың экологиялық білімдерін қалыптастыру жөніндегі іс-шаралар жоспары негізінде «2013 жылы экологиялық мәдениет және қоршаған ортаны қорғау жылы деп жариялау туралы» шешімінің ұсыныстарын ескере отырып, Қызылорда қаласындағы Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің 6В01101 – Педагогика және психология және 6В01405 – Дене шынықтыру және спорт (Мектептегі дене шынықтыру мұғалімі) мамандықтарының болашақ

педагогтарымен экологиялық білім беру, оны дамыту мақсатында іс шаралар ұйымдастырды, яғни дөңгелек үстелдер, ғылыми жобалар, конкурстар ұйымдастырылды. Атап өтсек, «Жасыл бақ – таза қала» университет ішілік іс-шарасында белсенділік танытты; «Жасыл желек» – аудандар мен басқа да елді мекендерде жасыл желектерді отырғызу бойынша Қызылорда қаласының болашақ педагогтары белсенділік көрсетті, «Саябақтар тазалығы», «Сырдариянының жағалауы таза», университет ақындарының айтысы, сондай-ақ дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күніне арналған велосипед фестиваліне де қатысты.

Төртінші кезең 4 курста 6В01101 – Педагогика және психология және 6В01405 – Дене шынықтыру және спорт (Мектептегі дене шынықтыру мұғалімі) мамандықтарының болашақ педагогтарының экологиялық білімдерін қалыптастыру бойынша дипломдық жұмыстың экологиялық бағдарланған тақырыбын таңдауынан, университеттің экологиялық мәдениетті дамыту және болашақ педагогтардың экологиялық тәрбиесін қалыптастыру жөніндегі іс-шаралар жоспары орындалды.

Экологиялық білімді кезең-кезеңімен қалыптастыру жүйесін іске асыру барысында педагогикалық практикада әртүрлі нысандары мен әдістері пайдаланылды. Бұл іс-шара өз кезегінде болашақ педагогтардың жеке және ұжымдық жұмыс формаларының қолайлы үйлесіміне қол жеткізуге, топтардың шығармашылық және өзіндік жұмысына көбірек көңіл бөлуге, экологиялық бағдарланған қызметте жаңа білім, білік пен дағдыларды іздеуге, табуға және алуға көмектесті.

Жазғы демалыс кезінде 6В01101 – Педагогика және психология және 6В01405 – Дене шынықтыру және спорт (Мектептегі дене шынықтыру мұғалімі) мамандықтарының болашақ педагогтары «Жасыл ел» студенттік топтарының жұмысына белсене қатысты. Университет және Қызылорда қаласы әкімдігінің ішкі саясат бөлімімен бірлесіп, «Жасыл ел» студенттік жасақтарында жұмыс істейтін белсенді болашақ педагогтармен бірге бір апталық көшпелі экскурсия – «Менің әдемі өлкем» сайысы ұйымдастырылды, ол болашақ педагогтардың дүниетанымына, олардың экологиялық санасына және қоршаған ортаның құндылығын түсінуіне оң әсер еткені сөзсіз. «Менің әдемі өлкем» экскурсиясының мақсаты экологиялық сананы, табиғатқа құндылық қатынасты, эстетикалық тәрбиені қалыптастыру ғана емес, сонымен бірге болашақ педагогтардың табиғат аясында рухани демалысы, онымен бірігу болды.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің (Тәрбие жұмысының басым бағыттары: экологиялық және еңбек тәрбиесі) экологиялық тәрбие шеңберіндегі міндеттері: ғылыми дүниетанымды, жаратылыстану және гуманитарлық мәдениеттердің бірлігін түсінуге дайындықты, теориялық және қолданбалы сипаттағы қызметке дайындықты қалыптастыру; ұжымшылдықты, ұтқырлықты, бәсекеге қабілеттілікті, құндылық бағдарларын, шығармашылық белсенділікті дамыту болып табылады; болашақ мамандықтың мәні мен әлеуметтік маңыздылығы, өзін-өзі тәрбиелеуге дайындығы туралы түсініктерді қалыптастыру; тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларды жақсартуға, қалалық

қоғамдық еңбек және экологиялық іс-шараларға қатысу үдерісінде еңбек дағдылары қалыптастыру болды. Тәрбие жұмысының тұжырымдамасына сәйкес университеттің тәрбие жұмысының жоспары әзірленді, оған экологиялық бағдарланған іс-шаралар да кіреді.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеттің 2016-2021 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспарында «Тәрбие және әлеуметтік жұмыс» ЖОО-дағы тәрбие жұмысын жүзеге асыру пункттерінің бірі–дәрістер оқу, акциялар, конференциялар, экологиялық олимпиадалар өткізу арқылы жастардың экологиялық мәдениетінің деңгейін арттыру болды. Жоғарыда айтылғандарды іске асыра отырып, университет экологиялық бағдарланған қызметке белсенді қатысқан болашақ педагогтарға аймақтық ғана емес, сонымен қатар республикалық акцияларға да белсенді қатысуына мүмкіндік берілді. Мысалы, «Саябақтар шеруі», «Жасыл ел» және т.б. шаралар.

«Саябақтар шеруі» бағдарламасы 1996 жылдан бастау алды. Бұл ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға қолдау көрсету, қоғамның назарын олардың мәселелеріне аудару, оларға нақты практикалық көмек көрсету, біздің табиғи және мәдени игілігімізге деген мақтаныш сезімін ояту мақсатында ұйымдастырылған акция болды.

«Жасыл ел» – барлық өңірде жүргізілетін бағдарлама, оның мақсаты көгалдандыру және ұстау болды. Осы бастаманы іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 25 маусымдағы №632 Қаулысымен «Жасыл ел» бағдарламасы бекітіліп, кеңінен өрістетілді. Осы бағдарлама шеңберінде Қазақстанның 16 өңірінде инфрақұрылымы бар «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтарының республикалық штабы құрылды [160,161].

Қазақстан – кең-байтақ жері, әсем табиғаты және сан алуан экожүйесі бар мемлекет. Біз үшін туған жеріміздің тазалығы мен экологиялық жағдайы үлкен маңызға ие. «Таза Қазақстан» ұғымы тек қана қоршаған ортаны қорғау емес, сонымен қатар, еліміздің келешегі үшін жасалып жатқан маңызды қадамдардың бірі болып табылады.

«Таза Қазақстан» экологиялық жобасы – қоршаған ортаны қорғау, табиғатты сақтау және тұрмыстық қалдықтарды азайтуға бағытталған маңызды бастамалардың бірі. Бұл жоба аясында ел аумағында сенбіліктер өткізіліп, ормандар мен саябақтар тазартылып, қоқыстар сұрыпталып, қайта өңдеу жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар, мектептерде, жоғары оқу орындарында экологиялық тәрбиені насихаттау мақсатында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылады.

Әрбір азамат өз үлесін қоса отырып, еліміздің табиғатын сақтауға көмектесе алады. Мысалы, қоқысты арнайы орындарға тастау, оны қайта өңдеуге жіберу, ағаш отырғызу, суды үнемдеу және энергияны тиімді пайдалану – табиғатты қорғаудың қарапайым, бірақ өте маңызды қадамдары. Егер әрбір адам осындай жауапкершілікті сезінсе, онда Қазақстанның экологиялық жағдайы әлдеқайда жақсарады.

Таза қоршаған орта – бұл ұрпақтарымызға қалдырар ең үлкен мұрамыз. Сол себепті, әрқайсымыз табиғатты аялауға, экологиялық мәдениетті қалыптастыруға, «Таза Қазақстан» қозғалысына өз үлесімізді қосуға

міндеттіміз. Тек осылай ғана біз елімізді таза, әдемі және гүлденген мекенге айналдыра аламыз.

6В01101 – Педагогика және психология және 6В01405 – Дене шынықтыру және спорт (Мектептегі дене шынықтыру мұғалімі) мамандықтарының болашақ педагогтары арасында нәтижелі-креативті экологиялық іс-шаралар мен экологиялық үйірмелер жүзеге асырылды және болашақ педагогтармен аудиториядан тыс уақытта экологиялық тәрбиенің негізгі нысаны «экологиялық туризм» ұйымдастырылды.

Соңғы онжылдықта туризм түрлері «Жасыл туризм», «Ландшафттық туризм», «Экотуризм» саласы қалыптасуда.

Экологиялық туризм экологиялық білім мен экологиялық құндылықтармен тығыз байланысады. Бұл туристік саланың ерекше түрі, яғни қоршаған ортамен тікелей қарым-қатынасты орнатуға, табиғи құбылыстарды тануға, табиғат аясында сауығып-демалуға, табиғат ананы аялауға, қамқорлық жасауға және табиғи ресурстарды ұқыпты пайдалануға бағыттайды. Болашақ педагогтар үшін экотуризмнің ең маңызды қағидасы: «Табиғатты және оның табиғи құндылықтарын бұзбай демалумен қатар қорғау, яғни экологиялық білім заңдарын сақтауға тырысыңыз!».

6В01101 – Педагогика және психология және 6В01405 – Дене шынықтыру және спорт (Мектептегі дене шынықтыру мұғалімі) мамандықтарының болашақ педагогтарымен біз туризмнің дәстүрлі түрін – аудиториядан тыс уақытта экологиялық турларды ұйымдастырып қолдандық.

Экологиялық турдың ең басты белгілері мен көрсеткіштері:

- табиғатты қорғау, аялау, қоқыстарды жинау және экологиялық өңдеу;
- турдың барлық элементтерін қатаң оқшаулау: аялдамалар, көшелер, т.б.
- экологиялық жолдар, табиғи ескерткіштер, мұражайлар, көрмелер, т.б.
- экологиялық таза өнімдері бар тағам рационының тұрақтылығы;
- аймақтың, яғни тұрғындарының мекендейтін жерінің мәдени салт-дәстүрлерін құрметтеу;
- туристердің жергілікті аймақта экологиялық мәселелерді шешуге қатысуы;
- дене шынықтырудың әртүрлі нысандарын белсенді жүзеге асыру, сонымен қатар, спортпен шұғылданып, сауықтыру рәсімдері мен физикалық рекреацияны пайдалану.

Педагогика және психология мамандығының болашақ педагогтары мен дене шынықтыру және спорт (Мектептегі дене шынықтыру мұғалімі) мамандығының болашақ педагогтарына турлар үдерісін жүзеге асыру кезінде экология бағытындағы компоненттерді дамытатын қарапайым рекреациялық сабақтардың келесі түрлері ұйымдастырылды:

а) жаяу серуендеу (өзен жағалауларында, мәдени-тарихи көрікті жерлерге серуендеу);

б) өзен жағалауында балық аулау (жидектер, дәрілік өсімдіктер жинау);

в) суда белсенді демалу (жүзу, жүзу жаттығуларын қолданып демалу);

г) шаңғы тебу (қыста шаңғы тебу);

д) велосипедпен жүру;

е) экскурсиялық (табиғи құнды жерлермен және обьектілермен танысу);

ж) емдеу-сауықтыру (кемпинг моншасы, күн ванналары);

з) белсенді-сауықтыру (әуесқой спортпен шұғылдану, экологиялық жарыстар, волейбол, баскетбол және т.б.);

Болашақ педагогтардың 6В01101 – Педагогика және психология және 6В01405 – Дене шынықтыру және спорт (Мектептегі дене шынықтыру мұғалімі) мамандықтарының болашақ педагогтарының экологиялық білімдерін қалыптастыру үшін экологиялық туризмде үш маңызды компонент болуы керек:

– танымдық (ақпараттық);

– эмоционалдық-эстетикалық (табиғат сұлулығы, табиғи әсерлер, эмоциялар және т.б.);

– спорттық-сауықтыру (белсенді демалыс, физикалық рекереация және т.б.).

Болашақ педагогтар осы компоненттерді сақтау арқылы табиғатпен оңтайлы қарым-қатынас байланысып, экологиялық шығармашылық қызмет дамиды, яғни экологиялық білім мен экологиялық сананы қалпына келтіруді жүзеге асырады.

Эксперименттің қорытынды кезеңінің міндеттері:

- бақылау және эксперименттік топтарда экологиялық білімнің әрбір компоненттінің қалыптасу деңгейін анықтау;
- оның компоненттері арқылы экологиялық білімнің қалыптасу көрсеткіштерінің өзгеру динамикасын анықтау;
- жүргізілген эксперименттік жұмыстың нәтижелілігін негіздеу.


Эксперименттік жұмыстың нәтижелері бойынша, эксперименттік топтарда болашақ педагогтардың экологиялық білімдерінің қалыптасу деңгейі айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізгені анықталды (17-кесте).

Кесте 17 – Болашақ педагогтардың экологиялық білімдерін қалыптастыру бойынша эксперименттік жұмыстың нәтижесінің көрсеткіші

ББББ	Кезеңі	Экологиялық сауаттылық		Экологиялық тәрбие		Экологиялық сана		Экологиялық қызмет	
		Дейін	Кейін	Дейін	Кейін	Дейін	Кейін	Дейін	Кейін
6В01405–Дене шынықтыру және спорт (Мектептегі дене шынықтыру мұғалімі) мамандығы	Төмен	11,4	3,2	95,6	56,9	4,4	0,5	7,0	4,2
	Орташа	72,8	68,6	4,4	31,2	69,3	40,9	77,2	59,5
	Жоғары	15,8	28,2	-	11,9	26,3	58,6	15,8	36,3
6В01101 – Педагогика және психология мамандығы	Төмен	9,3	9,8	62,7	59,4	6,7	3,5	13,3	12,6
	Орташа	45,3	44,7	34,7	37,5	36,0	37,5	50,7	50
	Жоғары	45,3	45,5	2,6	3,1	57,3	59	36,0	37,4

Экспериментке қатысқан респонденттердің жалпы саны 262 адамды құрады, олардың 130-ы эксперименттік топтарға кірді (6В01405–Дене шынықтыру және спорт (Мектептегі дене шынықтыру мұғалімі), 6В01101–Педагогика және психология), ал 132-бақылау топтарына (6В01517–Биология, 6В01516–Химия-Биология). Педагогикалық эксперименттің қорытынды кезеңіндегі топтардағы болашақ педагогтар саны олардың анықтаушы эксперименттегі құрамына ұқсас.

Болашақ педагогтардың экологиялық білімнің әр компоненттерінде қалыптасу көрсеткіштері бойынша педагогикалық эксперименттің деректері 15-16 суреттерде келтірілген.



Төмен	11,4	3,2	9,3	9.8
Орташа	72,8	68,6	45,3	44,7
Жоғары	15,8	28,2	45,3	45,5


Сурет 15 – Болашақ педагогтардың экологиялық сауаттылығын қалыптастыру бойынша эксперименттік жұмыстың нәтижелері

15-суреттің мәліметтері бойынша экологиялық сауаттылықтың қалыптасу деңгейіндегі өзгеріс байқалады. Эксперименттік топтағы өзгеріс өте маңызды: төмен деңгей 11,4%-дан 3,2%-ға дейін өзгерді. 8,2% айырмашылықпен төмен деңгей пайызының төмендеуі байқалады. Орташа деңгей 4,2% айырмашылықпен төмендеуге өзгереді. Жоғары деңгейдегі көрсеткіштер 15,8%-дан 28,2%-ға дейін өсті. Бақылау тобында көрсеткіштер іс жүзінде өзгермейді.

Мысалы, педагогикалық эксперименттің анықтаушы және қорытынды кезеңдеріндегі эксперименттік және бақылау топтарының респонденттерінің «Тұлғаның дамуы қоғам мен табиғаттың үйлесімді өзара іс-қимылының болашағына қаншалықты байланысты?» Эксперименттің анықтаушы және қорытынды кезеңдеріндегі респонденттердің жауаптарын салыстырмалы талдау жоғары деңгейі 21,9%-дан 35,1%-ға, ал төмен деңгейі 7%-дан 0,9%-ға дейін өзгерген эксперименттік топ болашақ педагогтарда экологиялық сауаттылықтың қалыптасқанын көрсетті. Бақылау тобында төмен деңгей 8%-дан 6,7%-ға дейін төмендеді, орташа деңгей 40%-дан 45,3%-ға дейін өсті, ал жоғары деңгей 52%-дан 48%-ға дейін төмендеді.

Келесі диаграммада эксперименттік және бақылау топтары болашақ

педагогтардың экологиялық білім деңгейінің қорытынды салыстырмалы деректері келтірілген (16-сурет).




	Дейін	Кейін	Дейін	Кейін
Төмен деңгей	95,6	56,9	62,7	59,4
Орташа деңгей	4,4	31,2	34,7	37,5
Жоғары деңгей	0	11,9	2,7	3,1

Сурет 16 – Болашақ педагогтардың экологиялық тәрбиесін қалыптастыру бойынша эксперименттік жұмыстың нәтижелері

16-сурет бойынша көрсеткіштердің өзгеруінің оң динамикасы байқалады. Әсіресе, «0»-ден жоғары деңгей көрсеткіші 11,9%-ға көтерілген эксперименттік топта өзгерістер байқалады, орташа деңгей көрсеткішті анықтаушы эксперимент көрсеткішінен 26,8%-ға алшақтықпен 31,2%-ға көтерді.

Мысалы, «Жер бетінен құстардың жоғалуы сізді алаңдатады ма?» эксперименттік топ болашақ педагогтарының жауаптары мынандай динамиканы көрсетті: төмен деңгей 29,8%-дан 12,3%-ға дейін төмендеді, орташа және жоғары деңгейлер өз көрсеткіштерін 24,6%-дан 33,3%-ға дейін және 45,6%-дан 54,4%-ға дейін көтерді. Педагогикалық эксперименттің соңғы кезеңінде берілген жауаптар эксперименттік топтың респонденттері орман алқаптарының эстетикалық жағының маңыздылығын ғана емес, сонымен бірге олардың адамзат өмірі үшін өмірлік маңыздылығын түсінетіндігін көрсетеді. Бақылау тобында өзгеріс тек төмен және орта деңгейде байқалады. Көрсеткіштердің өсу шегі 2,7%.

Әрі қарай, болашақ педагогтардың экологиялық санасын қалыптастыру бойынша эксперимент нәтижелерін қарастырыңыз (17-сурет).




	Дейін	Кейін	Дейін	Кейін
Төмен	4,4	0,5	6,7	3,5
Орташа	69,3	40,9	36	37,5
Жоғары	26,3	58,6	57,3	59

Сурет 17 – Болашақ педагогтардың экологиялық санасын қалыптастыру бойынша эксперименттік жұмыстың нәтижелері

17-суретте көрсетілгендей, біз эксперименттік топтың көрсеткіштерінің өзгеруін көреміз: төмен деңгей пайызының 3,9%-ға төмендеуі және жоғары деңгей көрсеткішінің 32,3%-ға артуы. Педагогикалық эксперименттің қорытынды кезеңінің нәтижелері эксперименттік топтың респонденттерінде экологиялық сананың қалыптасуын көрсетеді. Бақылау тобында экологиялық сананың қалыптасу деңгейін арттыру бағытында 1,5-тен 1,7%-ға дейінгі ауытқу шегі бар тұрақтылық байқалады.

«Экологиялық қызмет» жүйесінің нәтижелері барлық деңгейлердегі және бақылау және эксперименттік топтардағы өзгерістерді көрсетеді (18-сурет).



	Дейін	Кейін	Дейін	Кейін
Төмен	7	4,2	13,6	12,6
Орташа	77,2	59,5	63,6	50
Жоғары	15,8	36,3	22,7	37,4

Сурет 18 – Болашақ педагогтардың экологиялық қызметін қалыптастыру бойынша эксперименттік жұмыстың нәтижелері

Эксперименттік топта «төмен» көрсеткіштің 3,8%-ға, ал бақылау тобында-1%-ға төмендеуі байқалады.

Эксперименттік топтағы орташа деңгей өз көрсеткішін 17,7%-ға төмендетті, бірақ «жоғары деңгей» көрсеткішін 20,5%-ға арттырды. Бақылау тобында «орта деңгейдің» 13,6%-ға төмендеуі және «жоғары деңгейдің» 14,7%-ға өсуі байқалады. Мысалы, «Сіз қаншалықты жиі экологиялық іс-шаралардың бастамашысысыз?» эксперименттік топ болашақ педагогтарының жауаптарының пайыздық көрсеткіші болашақ педагогтардың экологиялық бағдарланған қызметтегі белсенділігінің көрінісін көрсетті. Төмен деңгей 9,6%-дан 1,7%-ға дейін төмендеді, ал жоғары деңгей 21,9%-дан 36%-ға дейін өсті. Бақылау тобында төмен деңгей 3,7%-дан 24%-ға дейін төмендеді, орташа деңгей 58,7%-дан 64%-ға дейін, ал жоғары деңгей 10,7%-дан 12%-ға дейін өсті.

Эксперименттік жұмыстың нәтижелері эксперименттік топ респонденттерінің жауаптарына әсер етті. 6В01101 – Педагогика және психология және 6В01405–Дене шынықтыру және спорт (Мектептегі дене шынықтыру мұғалімі) мамандықтарының болашақ педагогтарының ұйымдастыруы бойынша «Біздің өлкеміздің экологиясы» дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстел жұмысына болашақ педагогтардың өздері белсенді қатысты, жаһандық және өңірлік экологиялық мәселелер бойынша презентациялар дайындады, өңірдің экологиялық мәселелерін, тікелей Қызылорда қаласын талқылады, экологиялық мәселелерді шешудің әлемдік тәжірибесін қарастырды және өңірдің экологиялық мәселелерін шешудің өз жолдарын ұсынды.

Осылайша, кестелер мен суреттерде келтірілген деректері болашақ педагогтардың экологиялық білімін қалыптастырудың ұсынылған әдістемесінің тиімділігін және эксперименттік топтардағы экологиялық сауаттылық, экологиялық тәрбие, экологиялық сана және экологиялық қызмет деңгейлерін арттыруды көрсетеді.

Әдістеменің нәтижелілігін эксперименттік топ болашақ педагогтарының кураторлары, осы болашақ педагогтармен тікелей жұмыс істейтін эдвайзер, кафедра меңгерушілері, педагогика бағытында оқитын практикаға жауапты және институт директорлары сөз сөйлеген сарапшылар қарастырады. Сараптамалық парақтардың жиынтық талдауларына сәйкес болашақ педагогтардың: оқуға тұрақты мотивация қалыптасқанын; танымдық белсенділіктің артқанын; олардың қызметі мен мінез-құлқы үшін жауапкершілік деңгейінің жоғарылағанын байқауға болады; экологиялық бағдарланған іс-шараларға, табиғатқа, қоршаған ортаға, адамға деген сүйіспеншілікті білдіретін экологиялық іс-шараларға саналы түрде қатысу және белсенділік пайда болды; экологиялық білім мен дағдылардың бірлігі; құндылық бағдарлары мен көзқарастарының қалыптасуы, табиғатқа ұқыпты қарауға деген сенімділік; оның алдында тұрған міндеттерді шешуге шығармашылық көзқарас; мұғалімдермен және достармен оқиғалар туралы сөйлесуді еркін қолдайды, талдау және бағалау.

Экологиялық білімді қалыптастыру бойынша эксперименттік жұмыстың барлық 4 кезеңінің аяқталу қорытындысы бойынша біз 4 курс білім алушы-


түлектерінің қызметіне талдау жасадық. Тұрақты танымдық белсенділігі бар бірқатар болашақ педагогтар анықталды, олар қорытынды жұмыс үшін «әлемді тануды» оқыту теориясы мен әдістемесіне, сыныптан тыс жұмыста сынып оқушыларының экологиялық мәдениетін қалыптастыруға және т.б. байланысты тақырыптарды таңдады. Алынған мәліметтер біз ұсынған педагогика бағытында оқитын болашақ педагогтардың экологиялық білімін қалыптастыру моделі және университеттің жүйелі жұмысы жеткілікті болды деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Алынған нәтижелер біз ұсынған болжамды растайды.

3.3 Болашақ педагогтардың экологиялық білімінің даму перспективасы

Экологиялық білім беру бағдарламалары білім беру реформасы мен тұрақты даму салаларында нақты жетістіктерге қол жеткізу үшін бірнеше маңызды факторларды біріктіреді. Әлемдік деңгейде білім сапасын арттыру қажеттілігі мен қоршаған ортаның тозуы экологиялық білім беру бағдарламаларына екі салада бірдей оң әсер ету мүмкіндігін тудырды. Жергілікті орта мен таныс қауымдастықтарға бағытталған бағдарламалар болашақ педагогтардың сенімділігін арттырып, келешекте күрделі әлеуметтік және экологиялық мәселелерді шешуге негіз болады. Тиісті құрылымдық негізге сүйенетін бағдарламалар болашақ педагогтар үшін өмірге қажетті дағдыларды меңгеруге мүмкіндік беретін тиімді оқу ортасын қалыптастырады. Сонымен қатар, болашақ педагогтардың дамуына және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға уақыт бөлу олардың экологиялық мәселелерді түсініп, зерделеп, шешуіне жол ашады. Алайда, саяси ахуалдағы өзгерістер немесе дәстүрлі жүйелер білім беру үдерісіне тікелей немесе жанама әсер етуі мүмкін және оларды ескеру қажет. Тұрақты даму мақсаттарының толық іске асырылуы үшін әлем азаматтары болашақтағы сын-тегеуріндерге төтеп беруге қажетті білім мен дағдылармен қамтамасыз етілуі тиіс. Қоршаған ортаны білім берудің біріктіруші тақырыбы ретінде пайдалану – азаматтардың осы дағдыларды меңгеруіне ықпал ететін тиімді стратегия құра білу керек. Экологиялық білім беру аясында қоршаған ортаны қорғау білім берудің барлық сатысында маңызды мақсат ретінде қарастырылады. Бұл жағдай бірнеше факторлармен түсіндіріледі: адамдардың экологияға қатысты жеке жауапкершілігінің төмендігі, сондай-ақ, экологиялық мәселелерді шешуге қажетті дағдылардың жетіспеушілігі. Бұл – өз кезегінде экологиялық курстар мен саясаттардың мазмұндық және құрылымдық тұрғыдан әлсіздігінен туындаған мәселе. Мұндай тосқауылдарды еңсеру үшін мектептер мен жоғары оқу орындарындағы экологиялық пәндерді қайта қарап, қайта құру қажет, педагогтардың білімін дамыту керек.

Болашақ педагогтардың экологиялық білімі – олардың кәсіби дамуының маңызды бөлігі. Бұл педагогтардың оқушыларға экологиялық сананы, тұрақтылықты және жауапкершілікті сіңіруіне мүмкіндік береді. Ғаламдық экологиялық мәселелердің ушығуына байланысты экологиялық саналы ұрпақ тәрбиелеуде педагогтардың рөлі барған сайын артып келеді. Төменде болашақ

педагогтардың экологиялық білімін жетілдірудің негізгі бағыттары көрсетілуі керек. Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде экологиялық білім беру маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Болашақ педагогтардың экологиялық мәселелерге жауапкершілікпен қарауға, табиғатты қорғауға және болашақ педагогтарға экологиялық сананы қалыптастыруға үйрету – қоғамның тұрақты дамуы үшін қажетті шарттардың бірі. Осыған байланысты экологиялық білім беруді жетілдірудің бірнеше негізгі перспективалары бар.



Сурет – 19 Болашақ педагогтардың экологиялық білім беруді жетілдірудің негізгі перспективалары

Олар біріншіден педагогтарды даярлау бағдарламасына экологиялық білімді енгізу:

Педагогикалық жоғары оқу орындарында экологиялық пәндердің рөлін күшейту.

Экологиялық білімді педагогика, психология және этика сияқты пәндермен интеграциялайтын пәнаралық тәсілдерді пайдалану.

Тұрақты даму тақырыбына бағытталған зерттеулер мен жобалық оқытуды жүзеге асыру.

«Экопедагогика» пәнін енгізу.

Ұсынылған бағдарламаларды іске асыру барысында инновациялық оқыту әдістерін енгізу қажеттігі де туындайды олар:

Тәжірибелік оқыту: Дала зерттеулері, экологиялық жобалар және табиғат аясында білім алу.

Цифрлық құралдар: Виртуалды шындық (VR), толықтырылған шындық (AR) және онлайн платформаларды пайдалану арқылы экологиялық үдерістер мен мәселелерді модельдеу.

Проблемалық оқыту (PBL): Студенттерді нақты экологиялық мәселелерді шешуге тарту арқылы олардың сыни ойлауы және мәселелерді шешу дағдыларын дамыту.

Бағдарламарды іске асыруда экологиялық бастамаларға белсенді қатысуды ынталандыру

Болашақ педагогтардың экологиялық волонтерлікке, экологиялық науқандарға және «жасыл мектеп», «жасыл колледж», «жасыл университет» бағдарламаларына қатысуға шақыру.

Университеттерде студенттер басқаратын экологиялық клубтар мен ұйымдарды құру.

Экологиялық үкіметтік емес ұйымдармен (ҮЕҰ), ғылыми-зерттеу институттарымен және мемлекеттік мекемелермен практикалық оқыту мен тағылымдамалар ұйымдастыру.

Экологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерді дамыту.

Болашақ педагогтарды тұрақты даму мәселелерін әртүрлі пәндердегі сабақ жоспарларына енгізуге үйрету.

Білім беру мекемелерінде қалдықтарды басқару, энергия үнемдеу және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану сияқты экологиялық тәжірибелерді қолдану дағдыларын қалыптастыру.

Экологиялық мәселелер бойынша сыни ойлауды және этикалық шешімдер қабылдауды ынталандыру.

Білім беру саясаты мен оқу бағдарламаларын реформалау.

Мұғалімдерге экологиялық білім беруді міндетті компонент ретінде енгізу үшін ұлттық білім беру саясатын жаңарту.

Мұғалімдер үшін экологиялық сауаттылықтың бірыңғай стандарттарын жасау.

Экологиялық білім беру саласындағы зерттеулер мен бастамаларды қаржыландыруды ұлғайту.

Халықаралық ынтымақтастық және алмасу бағдарламалары.

Экологиялық білім беру саласына маманданған университеттер мен мекемелермен алмасу бағдарламаларын ұйымдастыру.

Ортақ ресурстар, оқу бағдарламаларын әзірлеу және бірлескен зерттеу жобалары бойынша жаһандық серіктестікті дамыту.

Болашақ педагогтардың халықаралық экологиялық білім беру конференциялары мен семинарларына қатысуын қолдау.

Біз өз зерттеуіміздің нәтижесі бойынша «Экопедагогика» электрондық оқу құралын болашақ педагогтарды даярлау білім беру бағдарламаларына енгізу бойынша ұсыныс білдіреміз https://books.korkyt-nb.kz/Eco-pedagogy. Экопедагогика электрондық оқу құралда қазіргі таңда экологиялық мәселерді болашақ ұрпаққа жеткізудің жолдарын көрсетілген.

Экопедагогика пәні — қазіргі заманғы білім беру жүйесіндегі маңызды бағыттардың бірі. Бұл пәннің негізгі мақсаты – оқушылар мен студенттерде табиғатқа саналы, жауапты және құндылыққа негізделген көзқарас қалыптастыру. Экопедагогика экология, педагогика, психология, философия және мәдениеттану ғылымдарының тоғысында пайда болған интегративті пән ретінде қарастырылады.

Экопедагогиканың негізгі ұстанымдарына:

- табиғат пен адам арасындағы үйлесімді қарым-қатынас;

- экологиялық сана мен мәдениетті дамыту;
- тұрақты даму принциптеріне негізделген тәрбие;
- экологиялық құндылықтар мен этиканы қалыптастыру жатады.

Экопедагогика тек қана білім беру мазмұнын экологияландыру меншектелмейді. Ол оқытушы мен болашақ педагогтарының табиғатпен байланысын, адамның ішкі дүниесі мен қоршаған орта арасындағы тепе-теңдікті сақтауға бағытталған тәрбие үрдісін қамтиды.

Экопедагогика пәнінің міндеттері:

Қоршаған ортаны қорғауға бағытталған білім мен тәжірибе беру;

Болашақ педагогтарда экологиялық мәдениет пен сананы қалыптастыру;

Табиғи ресурстарды ұтымды пайдаланудың маңыздылығын түсіндіру;

Экологиялық дағдарыстардың алдын алуға белсенді қатысушы тұлға тәрбиелеу.

Экопедагогика пәнінің құрылымы:


Пәннің мазмұны әдетте келесі бөлімдерді қамтиды:

- Экопедагогиканың теориялық негіздері;
- Экологиялық тәрбиенің мазмұны мен әдістері;
- Табиғатты қорғау бағытындағы педагогикалық технологиялар;
- Білім беру үдерісіндегі экологиялық жобалар мен зерттеулер;
- Болашақ педагогтардың экологиялық әрекетін ұйымдастыру жолдары.

Болашақ педагогтардың экологиялық білімін дамыту тұрақты даму қағидаттарын педагогикалық даярлау бағдарламаларына кешенді енгізуге, инновациялық оқыту әдістерін қолдануға және нақты экологиялық мәселелерге белсенді қатысуға негізделеді. Педагогтардың қажетті білім мен дағдылармен қамтамасыз ету арқылы біз болашақ ұрпақтың экологиялық жауапкершілігін арттырып, тұрақты әлем құруға үлес қоса аламыз. Экологиялық мәселелерді шешу үшін болашақ педагогтарға сапалы білім мен тиімді әдістемелер ұсынылуы керек. Осы бағытта кешенді шаралар жүзеге асырылған жағдайда, экологиялық санасы жоғары, табиғатты аялауға бейім ұрпақ тәрбиелеуге мүмкіндік туады.

Қорытындылай келе, **«Ғаламдық мәселелерді ойлап, әрекет ет»** қағидаты – экологиялық білім беру арқылы тұрақты даму мақсаттарын табысты іске асырудың негізі болуы тиіс.

Экологиялық білім беруді дамыту біріншіден, оқу-танымдық үдерісте, яғни инновациялық оқыту әдістерін, технологияларын қолдану арқылы жүзеге асырылады. Екіншіден, әдістемелік-қамтамасыз ету және практикалық дағдыларды дамыту барысында қалыптасады. Экологиялық білім, тәрбие алдына қойған міндеттерді жүзеге асыру қажет, атап айтқанда: оқыту, тәрбиелеу, дамыту. Мұнда біздің тұжырымдауымызша бұл міндеттер өз кезегінде экологиялық мәдениетті қалыптастырады. Жоғарыдағы пікірлерге сай біз экологиялық білім негізінде қалыптасатын экологиялық мәдениеттің компоненттерін ұсынамыз: сурет-20.



Сурет – 20 Экологиялық мәдениеттің компоненттері

Экологиялық білім берудегі тиімді әдістер арқылы экологиялық сауатты, мәдениетті, білімді тұлға қалыптастыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, бұл ағарту, тәрбие, білім экологиялық білімнің триадасы ретінде қарастырылады және белгілі кезеңдерден өтеді. Атап айтқанда: дайындық кезеңі, экологиялық дүниетанымның негіздері; экологиялық білімді қалыптастыру кезеңі-арнайы пәндер негізінде мамандардың экологиялық білімін дамыту, мәдениетін қалыптастыру. Қорытынды кезең – теориялық білімдерін тәжірибеде қолдану.

Үшінші бөлім бойынша тұжырым

Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, болашақ педагогтардың экологиялық білімін қалыптастыру мен дамыту үдерісі олардың табиғатқа деген субъективті қарым-қатынасын, тәжірибелік-эксперименттік іс-әрекет арқылы қалыптасқан білім, білік, дағдыларын және кәсіби қызметінің болашақтағы перспективаларын ескере отырып жүзеге асырылуы тиіс деген тұжырым жасауға болады.

Біріншіден, болашақ педагогтардың табиғатқа субъективті қарым-қатынасы олардың экологиялық сана-сезімі мен дүниетанымының көрсеткіші болып табылады. Бұл қарым-қатынас тұлғаның экологиялық мәдениетінің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады және оның экологиялық білім беру үдерісіндегі белсенділігі мен жауапкершілік деңгейін анықтайды.

Екіншіден, тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында алынған нәтижелер болашақ педагогтардың экологиялық білімін жүйелі түрде қалыптастыруда практикалық әрекеттердің маңыздылығын дәлелдеді. Эксперимент қорытындылары болашақ педагогтардың экологиялық сауаттылық деңгейінің артуын, олардың табиғатты қорғауға бағытталған іс-әрекеттерге қызығушылық танытқанын, сонымен қатар кәсіби даярлықта экологиялық компоненттердің қажеттілігі мен өзектілігін көрсетті.

Үшіншіден, болашақ педагогтардың экологиялық білімінің даму перспективалары олардың кәсіби құзыреттілігін арттыруға бағытталған инновациялық әдіс-тәсілдерді, мазмұнды бағдарламаларды және интерактивті оқыту технологияларын енгізумен тығыз байланысты. Сонымен қатар, экологиялық тәрбие мен білім беруді интеграциялау үдерісі үздіксіз кәсіби

даму, экологиялық жобалар мен іс-шараларға қатысу, цифрлық ресурстарды пайдалану арқылы жүзеге асырылуы қажет.

Болашақ педагогтардың экологиялық білімінің маңызы мен экологиялық тәрбие, мәдениеттер, экологиялық сана және экологиялық қызметке қатысты маңызды тұжырымдар анықталған. Экологиялық білім болашақ педагогтардың табиғатқа, қоғамға және өзіне деген жауапкершілік пен сүйіспеншілік сезімдерін қалыптастырады. Осылайша, экологиялық сауаттылық, экологиялық тәрбие мен мәдениет арқылы олар экологиялық маңызды іс-шараларға қатысып, қоғамның тұрақтылығына және экологиялық жағдайының жақсаруына ықпал етеді.

Мұнда экологиялық білім мен тәрбие әрбір тұлғаның, оның ішінде болашақ педагогтардың экологиялық жауапкершілігін күшейтуге бағытталған. Мұғалімдер экологиялық сана мен мәдениетті дамыту, экологиялық қызметке белсене қатысу арқылы өздерінің және оқушылардың табиғатқа деген қатынасын қалыптастырады. Экологиялық қызмет – бұл табиғатқа деген мейірім мен сүйіспеншілікті дамытатын маңызды әлеуметтік әрекет, ол жеке тұлғаның өмірлік ұстанымына айналуы тиіс.

Бұл экологиялық білім мен тәрбие жүйесі адамдардың табиғатпен үйлесімді өмір сүруін, қоғамға және қоршаған ортаға деген құрметпен қарауын қамтамасыз етуге арналған.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың негізгі кезеңдері: анықтаушы (6В01517–Биология, 6В01516–Химия-Биология, 6В01101–Педагогика және психология, 6В01405–Дене шынықтыру және спорт (Мектептегі дене шынықтыру мұғалімі)), қалыптастырушы (6В01101–Педагогика және психология, 6В01405–Дене шынықтыру және спорт (Мектептегі дене шынықтыру мұғалімі)), қорытынды (Бақылау және эксперименттік топтардағы экологиялық білімнің әрбір компонентінің қалыптасу деңгейін анықтау; оның компоненттері арқылы болашақ педагогтардың экологиялық білімінің қалыптасу көрсеткіштерінің өзгеру динамикасын анықтау; жүргізілген эксперименттік жұмыстың нәтижелілігін негіздеу).

Жалпы алғанда, болашақ педагогтардың экологиялық білімін дамыту олардың кәсіби даярлығының маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырылып, тұрақты даму идеяларын жүзеге асырудың тиімді жолдарының бірі болып табылады. Бұл бағытта жүйелі теориялық негіздеме мен практикалық іс-әрекетті ұштастыру арқылы жоғары нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік бар.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазіргі қоғамда, білім беру жүйесі қоғамның нақты қажеттіліктеріне байланысты. Болашақ педагогтарды даярлау үдерісінде экологиялық білімді дамыту білім беру жүйесінің стратегиялық міндеттерінің бірі ретінде қарастырылуы тиіс. Бұл мақсатта экологиялық білім беру болашақ педагогтарға табиғат пен қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауды, табиғатты қорғау мен оның тұрақты дамуын насихаттауды үйретуге бағытталған.

Адамзат мәдениетінің құндылықтарын тарату мәселесі де осы тұрғыдан маңызды. Болашақ педагогтар экологиялық білімді қалыптастыра отырып, жас ұрпаққа адамзаттың табиғатпен үйлесімді қарым-қатынасын, қоршаған ортаға деген құрметті және жауапкершілікті түсіндіреді. Бұл білім, өз кезегінде, болашақ педагогтар экологиялық көзқарасын қалыптастыруға және олардың қоршаған ортаға деген құрметін арттыруға ықпал етеді.

Педагогика мен экологияның сабақтастығы болашақ ұрпақтың саналы түрде табиғатты сақтауға және оның ресурстарын тиімді пайдалануға бағытталған білім алуына жағдай жасайды. Мұндай қарқынды жаңғырту кезеңінде экологиялық білімнің маңыздылығы арта түседі және бұл бағытта педагогикалық әдістемелер мен стратегияларды жетілдіру қажет.

Қазіргі уақытта қоғамдағы экологиялық білім кәсіби құзыреттіліктің негізгі құрамдас бөлігі болып саналып тұр. Экологиялық сауаттылық, экологиялық тәрбие, экологиялық сана және экологиялық қызмет болашақ педагогтың жалпыланған кәсіби дағдылардың бөлігі болуы керек.

Сондай-ақ, зерттеу көрсеткендей, болашақ педагогтар экологиялық білім беру мен бала тәрбиесінде қиындықтарға тап болады. ЖОО-да білім беруді ұйымдастыру себептеріне келетін болсақ, дайындық кезеңінде экологиялық білім беруді дамыту мақсатында болашақ педагогтардың жұмысының жүйелілігі қарастырылады. Мұндай міндеттерді шешу үшін университеттің білім беру үдерісінде болашақ педагогтарға экологиялық білім беруді қалыптастырудың арнайы жүйесін құру қажет.

XIX ғасырдың ортасынан бастап, экологиялық тәрбиенің дамуын және тұлғаның экологиялық білімін қалыптастыруды талдау және оның дамуының үш негізгі кезеңін анықтауға мүмкіндік берді: I кезең революцияға дейінгі кезең XVIII ғасырдың аяғы-XX ғасырдың басы, II кезең – кеңестік кезең 1920 жылдан – 1970 жылға дейінгі аралық, III кезең – заманауи 1990 жылдардың аяғынан бүгінгі күнге дейін, негізгі мақсаты экологиялық бағдарланған тұлғаны тәрбиелеу арқылы «адам – табиғат» жүйесіндегі қарым-қатынастыққа алып келтіру болып саналатын маңызды экологиялық бағдарланған іс-шараларға негізделген.

Алайда, білім беру жүйесіндегі экологиялық білім беру мен тәрбиенің қалыптасуындағы орындалып жатқан прогресстер мен өзгерістер жалпы орта білім беретін мектептердің талаптарына толық сәйкес келмейді.

Диссертациялық жұмысты зерттеу міндеттері бойынша экологиялық білім беру мен экологиялық сана ұғымдарының мағынасын ашуға арналған тұжырымдамамыз өте маңызды. Бұл мәселелерді ашу үшін экологиялық

білімнің құрамдас бөліктерін талдау маңызды болып табылады, өйткені олар болашақ педагогтардың экологиялық білім деңгейін қалыптастыруда үлкен рөл атқарады.

Экологиялық білімнің құрылымы мен пәндік мазмұны туралы түсінік бағыттарды, сондай-ақ экологиялық білімді қалыптастыру көрсеткіштерін анықтауға мүмкіндік берді.

Бірінші бағыт: экологиялық сауаттылық – бұл адам мен табиғат арасындағы үйлесімділікті сақтап, қоршаған ортаға теріс әсерді азайтуға бағытталған білім, дағдылар мен мінез-құлықтың жиынтығы. Ол экологиялық мәселелерді түсіну мен шешуге, табиғат ресурстарын үнемдеуге, энергияны тиімді пайдалануға, қалдықтарды дұрыс басқаруға, экологиялық таза өнімдерді тұтынуға және жалпы табиғатты қорғауға бағытталған іс-әрекеттерді қамтиды.

Екінші бағыт: экологиялық тәрбие – бұл адамдардың табиғатпен, қоршаған ортамен үйлесімді өмір сүруін қамтамасыз ету мақсатында экологиялық білім мен дағдыларды қалыптастыру үдерісі. Экологиялық тәрбие адамның табиғатқа деген дұрыс көзқарасын, табиғат ресурстарын тиімді пайдалануды, қоршаған ортаны қорғауға деген жауапкершілікті арттыруды көздейді.

Үшінші бағыт: экологиялық сана – бұл адамның табиғат пен қоршаған ортаға деген жауапкершілігін сезінуі, табиғаттың маңызды компоненттерін түсінуі және оны қорғау, сақтау мақсатында белсенді әрекеттер жасауы. Бұл сана адамның қоршаған ортаға әсерін аңғарып, экологиялық тепе-теңдікті сақтауға, табиғи ресурстарды тиімді пайдалануға, экологиялық қауіптер мен дағдарыстарды болдырмауға бағытталған.

Төртінші бағыт: экологиялық қызмет – бұл қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану және экологиялық тепе-теңдікті сақтау мақсатында жүргізілетін іс-шаралар жүйесі. Бұл қызмет табиғат пен қоғам арасындағы өзара байланысты реттеу және табиғи экожүйелерді сақтау арқылы адамдардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған. Экологиялық қызметті жүзеге асыру арқылы табиғи ресурстардың сарқылуын алдын алып, экологиялық апаттардың болу қаупін азайтуға болады.

Болашақ педагогтардың экологиялық білімін қалыптастырудың табыстылығы мынандай қағидаттар негізінде адамгершілік, азаматтық-патриоттық, экологиялық тәрбие міндеттерін кешенді шешумен қамтамасыз етіледі: олардың негізінде болашақ педагогтың экологиялық білімін 4 кезеңді үш деңгейлі (төмен, орта, жоғары) қалыптастыру ұйымдастырылған ғылыми, сабақтастық, тұтастық, тұлғаға кешенді әсер ету, шығармашылық көзқарас.

Педагогикалық эксперименттің негізгі кезеңдері: анықтаушы (міндеті: 6В01517–Биология, 6В01516–Химия-Биология, 6В01101–Педагогика және психология, 6В01405–Дене шынықтыру және спорт (Мектептегі дене шынықтыру мұғалімі) мамандықтарының болашақ педагогтарының экологиялық білім деңгейін анықтау, қалыптастырушы (Педагогика және психология және 6В01405–Дене шынықтыру және спорт (Мектептегі дене шынықтыру мұғалімі)) міндеті:

- болашақ педагогтардың экологиялық білімін қалыптастыру,

қорытынды міндеттері: бақылау және эксперименттік топтарда экологиялық білімнің әрбір бағыттарының қалыптасу деңгейін анықтау;

• оның бағыттары арқылы экологиялық білімнің қалыптасу көрсеткіштерінің өзгеру динамикасын анықтау; жүргізілген эксперименттік жұмыстың нәтижелілігін негіздеу.

Қазақстандағы экологиялық жағдай, әсіресе, жердің шөлейттенуі, Арал теңізінің кебуі, Байқоңыр ғарыш кешенінің қызметі және өнеркәсіптік қалдықтар мен ластану мәселелері, шын мәнінде, елдің экологиялық жүйесіне айтарлықтай әсер етуде. Бұл жағдайлар болашақ педагогтар үшін экологиялық мәдениетті қалыптастыру мен білім беру мәселелерін маңызды етеді. Экологиялық білім мен тәрбие бағдарламалары арқылы, жастарды табиғатты қорғауға және экологиялық тұрақтылыққа жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу мақсатында мемлекеттік жарлықтар мен заңдар қабылдануы қажет.

Бұл жағдайлар экологиялық білімнің жоғары деңгейін қалыптастыруға, сондай-ақ, азаматтық жауапкершілікті арттыруға ықпал етеді. Болашақ педагогтар экологиялық білім мен тәрбие беру бағдарламаларын іске асыру арқылы қоғамда экологиялық сауаттылықты жоғарылатып, жас ұрпақты табиғи ресурстарды қорғау мәселелеріне тартуы тиіс.

Болашақ педагогтардың экологиялық білімін қалыптастырудың табыстылығы мынандай қағидаттар негізінде адамгершілік, азаматтық-патриоттық, экологиялық тәрбие міндеттерін кешенді шешумен қамтамасыз етіледі: ғылыми және сабақтастық, тұтастық, тұлғаға кешенді әсер ету, шығармашылық тәсіл негізінде болашақтың экологиялық білімін 4 кезеңді үш деңгейлі (төмен, орта, жоғары) қалыптастыру.

Экологиялық білімді қалыптастыру жүйелік, тұлғалық-бағдарлы, құндылықтық, іс-әрекеттік, интеграциялық және экологиялық әдіснамалық тұғырларға негізделген.

Жоғары оқу орындарында болашақ педагогтардың экологиялық білімін жүйелі және кешенді түрде қалыптастыруға бағытталған модель әзірледік. Оның құрылымы анық және нақты бағыттарға бөлінген, бұл оны практикалық қолдану үшін ыңғайлы етеді. Модельдің негізгі компоненттері:

1. Мақсаттық компонент (мақсат) – бұл бағыт болашақ педагогтардың экологиялық білімін қалыптастырудың жалпы мақсатына негізделеді. Ол экологиялық мәдениеттің дамуы, табиғатқа деген жауапкершілік және экологиялық сауаттылықты қамтиды.

2. Мазмұндық-құрылымдық компонент (әдіснамалық тұғырлар, ұстанымдар, педагогикалық шарттар) – білім беру үдерісін ұйымдастыруда жүйелілік, дәйектілік, пәнаралық байланыс және практикаға бағыттылық қағидаттары негізге алынады. Бұл бағыт оқытудың әдістемелік аспектілеріне, сондай-ақ экологияның негізгі ұғымдары мен мәселелеріне, оларды шешудің жолдарына назар аударады.

3. Технологиялық компонент (әдістер, формалар, нысандар) – оқыту әдістері мен құралдарының тиімділігін арттыруға бағытталған. Әдістерге интерактивті оқыту, жобалау, зертханалық және далалық жұмыстар, ойын

технологиялары жатады. Нысандар мен құралдар ретінде мультимедиа, оқулықтар, цифрлық платформалар пайдаланылады.

4. Бағалау-критерийлік және нәтижелік компонент (бағыттар, өлшемдік сипаттамалар, көрсеткіштер) – болашақ педагогтардың экологиялық білім деңгейін үш деңгейде бағалау ұсынылады: төмен, орташа және жоғары. Бұл деңгейлер білім алушылардың экологиялық ұғымдарды түсінуі, практикалық дағдылары және экологиялық санасының қалыптасуымен анықталады. Бұл модель экологиялық білім беру үдерісін тиімді ұйымдастыруға, оның мазмұнын нақтылауға және оқу нәтижелерін жүйелі бағалауға мүмкіндік береді.

Болашақ педагогтардың экологиялық білімін қалыптастыру, сондай-ақ, білім беру тәрбие үдерісі теориялық және практикалық оқыту жүйесі арқылы ұйымдастырылса, тиімді болады.

Жалпы адамзаттық, ұлттық-этникалық және кәсіптік – педагогикалық құндылықтар мен дәстүрлерді интеграциялау идеясына сүйене отырып, болашақ педагогтарға экологиялық білім беруді қалыптастырудың педагогикалық шарттары:

- болашақ педагогтарға экологиялық тәрбие беру үшін университеттің кешенді жұмысын ұйымдастыру;
- ЖОО-да теориялық және практикалық дайындық арқылы болашақ педагогтардың экологиялық білімді қалыптастырудың тұтас жүйесін құру;
- болашақ педагогтарды экологиялық даярлау мазмұнының өңірлік экологиялық ерекшеліктермен өзара байланысы;
- болашақ педагогтарды тәрбиелеуді жандандыру мақсатында экологиялық білім беру кеңістігін кеңейту негізінде ЖОО-ның ақпараттық-білім беру ортасын ұйымдастыру.

Эксперименттік жұмыстың нәтижелері болашақ педагогтардың экологиялық білім компоненттерінің қалыптасуын көрсетті.

Зерттеуге қойылған барлық міндеттер іске асырылды, зерттеу мақсатына қол жеткізілді. Әрі көптеген зерттеулердің болашағы мен мұғалімдердің экологиялық білімнің жекелеген компоненттерін педагогикада ықпал ететін құралдарын және де болашақ педагогтардың кәсіби қалыптасу ерекшеліктерін қолдана отырып, болашақ педагогтардың әлеуметтік-мәдени жағдайларының, сонымен қатар кәсіби қалыптасу үдерісін анықтайтын заманауи сияқты ерекшеліктерін ескере отырып тереңірек дамытудан көрініс табады.

«Болашақ педагогтардың экологиялық білімін педагогикалық-психологиялық пәндерді оқыту үрдісінде дамыту» мақсат, міндеттерін шешудің нәтижесінде келесідей ұсыныстар беріледі:

- Болашақ педагогтардың экологиялық білімдерін қалыптастыру үдерісін әрі қарай жетілдіру;
- ЖОО оқыту үдерісінде экологиялық білімді үйлесімді қолдану;
- Болашақ педагогтардың экологиялық білімін педагогикалық-психологиялық пәндерді оқыту үрдісінде дамыту бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу, ғылыми жобалар жасау.

Зерттеу нәтижелері болашақ педагогтардың экологиялық білімдерін дамыту мәселесін қарауға бағытталған жұмыстарды жетілдіру үшін негіз болып

табылады. Зерттеу тақырыбы ауқымды және күрделі, сондықтан оны толыққанды қарастыру үшін көптеген аспектілер мен факторларды ескеру қажет. Сонымен қатар, зерттеудің мәселесі толығымен шешілді деп айтуға болмайды, сондықтан жиналған теориялық және практикалық материалдардың мазмұнын үнемі дамыту мен нақтылаудың қажеттілігін талап етеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Үкіметтің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзі. Қол жеткізген режимі: https://www.akorda.kz/kz/speeches/internal_political_affairs/in_speeches_and_addresses/memleket-basshysy-kasym-zhomart - tokaevtyn - ukimettin - keneitilgen-otyrysynda-soilegen-sozi-1, (қаралған күні 17.03.2025)

2 Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың жаһандық дөңгелек үстел отырысында сөйлеген сөзі. Қол жеткізген режимі: https://sn.kz/sn-sayasat/80650-kazakstan-2060-zhylga-karai-komirteginen-taza-el-boluga-kol-zhetkizuge-nietti-tokaev, (қаралған күні 07.02.2025)

3 Марфенин Н.Н. Чему и как учить для устойчивого развития // Экология и жизнь. – 2011. - № 8(117).– С. 9-17.

4 Қазақстан Республикасының «Қазақстан-2050» стратегиялық бағдарламасы. Қол жеткізген режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1200002050 Жарияланған күні: «Егемен Қазақстан» 2012 жылғы 14 желтоқсандағы № 828-831 (27902), (қаралған күні 19.05.2025)

5 Қазақстан Республикасы. ҚР Заңы. Қоршаған ортаны қорғау туралы: 1997 жылы 15 шілдеде қабылданды. Қол жеткізген режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000205 Жарияланған күні: «Егемен Қазақстан» 2001 жылғы 8 маусым N 114-115, (қаралған күні 28.02.2025)

6 Қазақстан Республикасының экологиялық білім беру тұжырымдамасы. Қолжеткізген режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P030001167_ Жарияланған күні: 21.11.2003ж., (қаралған күні 28.01.2025)

7 Қазақстан Республикасының экологиялық білім беру концепциясы. Қол жеткізген режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345_ Жарияланған күні: Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 21.11.2002 ж., N 17, 154-құжат, (қаралған күні 15.03.2025)

8 Қазақстан Республикасының экологиялық қауіпсіздік концепциясы. Қол жеткізген режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P030000772_, (қаралған күні 25.04.2025)

9 Экологический кодекс Республики Казахстан: утв. 2 января 2021 года, №400-VI. Қол жеткізген режимі: https://adilet.zan.kz/rus/docs/K2100000400 Жарияланған күні: «Егемен Қазақстан» 05.01.2021 ж., № 2 (29981), (қаралған күні 13.02.2025)

10 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауы. Қол жеткізген режимі: https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-adiletti-kazakstan-zan-men-tartip-ekonomikalyk-osim-kogamdyk-optimizm-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy-285659 Жарияланған күні: 02.09.2024 ж. (Қаралған күні: 09.04.2025)

11 Риклефс, Р. Э., Релея, Р. А. Экология: экономика природы. – 8-е изд. – Нью-Йорк: W.H. Freeman and Company, 2020. – 656 с.

12 Жайлыбай К.Н., Райымқұлова С.Қ. Экология терминдерінің түсіндірме сөздігі: оқу құралы. - Алматы: Зверо, 2015. – 84 б.

13 Макарова Е.А. Формирование экологической компетентности в профессиональной подготовке учителей через обучение в соотрудничестве. - Самара, 2012. - 155 с.

14 Дерябо С.Д. Личность и экология: новые горизонты // Теория и практика формирования экологического мировоззрения. – 2011. – №2. – С. 15–22.

15 Ясвин В.А. Эколого-космическое образование как философско-педагогическая парадигма русской международной школы // Социально-политические исследования. – 2022. – № 3(16). – С. 109–121.

16 Сарыбеков М.Н. Болашақ мұғалімдердің экологиялық құзыреттілігін қалыптастыру // Педагогика және психология. – 2020. – №3. – Б. 21–25.

17 Бейсенова Ә.С., Мәмбетқазиев Е. Қазақстан экологиясы және экологиялық білім. – Алматы: Рауан, 2018. – 256 б.

18 Рахимжанова М.М. Формирование экологического стиля жизни у студентов // Материалы научно-практической конференции, посвященной науке в информационном обществе. - Челябинск, 2018. - С. 24-30.

19 Чилдебаев Д.Б., Усенова Г.А., Байкеева Л.Т., Экологизация образования как средство формирования экологической культуры обучающихся // Педагогическое образование и наука. - 2017.- №5.– С.11-15

20 Dlimbetova, G., Bulatbayeva, K., Abenova, S., Fahrutdinova, G, Khuziakhmetov, A. Management of Ecologization of Professional Education. Ekoloji 27(106), 2018.

21 Бакирова К.Ш. Теоретико-методологические основы формирования экологической культуры студентов педагогического вуза. - Алматы: Издательство «Ұлағат» КазНПУ Абая, 2012. – 355 с.

22 Хамзина Ш.Ш. Исследование функциональной экологической грамотности и компетент ности будущих учителей. Вестник Евразийского гуманитарного института. Научный журнал. №1, 2017. – С. 30-36.

23 Каупенова С.М. Қазақстанда экологиялық мәдениеттің қалыптасуы мен дамуының үдерістері мен негізгі бағыттары: филос. док. (PhD) дис. – Алматы, 2014. – 138 б.

24 Жакупова А.Ж. Болашақ мектепке дейінгі мамандарға экологиялық білім берудің ерекшелігі // Хабаршы. «Педагогика ғылымдары» сериясы. - 2019. -№1(61). – Б. 257-263.

25 Шавалиева З.Ш. Бастауыш сынып оқушыларына экологиялық білім берудің дамуы: пед. ғыл. канд дис. – Павлодар, 2010. – 150 б.

26 Молдалиев М.С. Болашақ заңгерлердің экологиялық-құқықтық мәдениетін оқу-тәрбие үдерісінде қалыптастыру: пед.ғыл.канд дис. – Түркістан, 2010. - 143 б.

27 Базарбаева Т.А., Бөрібай Э.С., Мұқанова Г.А.; Экологиялық мониторинг: оқу құралы / ҚР Білім және ғылым м-гі, Әл-Фараби атын. ҚазҰУ. –Алматы: Дарын баспасы, 2022. –287 б.

28 Сартаева Р.С. Философский анализ формирования экологии человека: дис канд. филол. наук. – Астана, 2010. – 131 с.

29 Есалиев А.А. Мигрант оралмандардың ОҚО аумағында экологиялық- гигиеналық тұрғыда бейімделуін қалыптастыруды қамтамасыз етуге бағытталған шаралардың ғылыми негізі: мед. ғыл. док. ... дис. – Астана, 2010. - 204 б.

30 Байкүшікова Г.С. Қазақстан халықаралық қатынастарындағы экологиялық қауіпсіздікпен қамтамасыз ету мәселелері: Еуропа елдерінің Орталық Азияға тәжірибесі: док. филос. (PhD) ... дис. – Астана, 2011. – 150 б.

31 Стукаленко Н.М. Системный подход к экологической подготовке учителей в условиях непрерывного педагогического образования: автореф. ... д.п. н.: 13.00.08. – Астана: Изд-во ЕНУ им.Л.Гумилева, 2010. – 38 с.

32 Каримова Б.Ж. Ақпараттық кеңістіктегі экологиялық мәдениет қалыптастыру жолдары: шетелдік тәжірибе және ұлттық үлгісі: док. филос. (PhD) ... дис. – Алматы, 2019. – 144 б.

33 Алиева А.Я. Формирование экологической компетентности у будущих специалистов в современной высшей школе [Текст] : дис. ... учен. степ. д-ра философии (PhD) / А.Я. Алиева; Евразийский нац. ун-т им. Л.Н. Гумилева ; науч. конс.: Г.К. Длимбетова, Ярослав Култан. – Астана, 2016. – 141 с. – Библиогр.: с.131-141

34 Абенова С.У. Психолого-педагогические условия развития экологического волонтерства будущих специалистов [Текст]: дис. ... д-ра филос. (PhD) (Педагогика и психология) / С.У. Абенова; Евразийский нац. ун-т им. Л.Н. Гумилева; науч. конс. Г.К. Длимбетова; заруб. науч. конс. Г.Ж. Фахрутдинова. – Нур-Султан, 2020. – 221 с. – Библиогр.: С. 157-168

35 Barnwell, G., Stroud, L., Watson, M. (2020). Critical reflections from South Africa: Using the Power Threat Meaning Framework to place climate-related distress in its socio-political context. Clinical Psychology Forum. 332: 7-15.

36 Clayton, S., Karazsia, B.T. (2020). Development and validation of a measure of climate change anxiety. Journal of Environmental Psychology, 69, 101434.

37 Cuadrado, E., Tabernero, C., García, R., Luque, B. (2017). The interactive effect of pro-environmental disciplinary concentration under cooperation versus competition contexts. Environmental Education Research. 23: 797-811.

38 Huang H., Xie H., Wang P. Ecological risk assessment of land use change in the Poyang Lake eco-economic zone, China // International journal of environmental research and public health. – 2013. - №1. – P. 328-346.

39 Hall C., Hobbs R., Higgs E.S. Novel Ecosystems: Intervening in the New Ecological World Order. – N.-Y.: Wiley-Blackwell, 2013. – 380 p.

40 Sauvé, L. (2020). Environmental education and eco-citizenship: Philosophical foundations and practical perspectives. Canadian Journal of Environmental Education, 25(1), 5–22.

41 Dillon, J., & Wals, A. E. J. (2021). Reimagining environmental education for a sustainable future. Sustainability, 13(8), 4563.

42 Wals, A. E. J., & Peters, M. A. (2020). Education and sustainability: Reorienting curricula and pedagogy. Sustainability, 12(4), 1376.

43 Lotz-Sisitka, H., Wals, A., Kronlid, D., & McGarry, D. (2020). Transformative, transgressive social learning: Rethinking higher education pedagogy in times of systemic global dysfunction. Current Opinion in Environmental Sustainability, 16(3), 73–80.

44 Юсупов М.М. Экологическое сознание как компонент мировоззрения современной молодежи // Психология и право. – 2021. – №3. – С. 110–117.

45 Сабрекова М.С. Образовательные ситуации как средство формирования ценностного отношения младших подростков к природе : автореф. ... кан. пед наук. – М., 2025. – 25 с.

46 Столяренко Л.Д. Психология экологического сознания: Учебное пособие. – Ростов н/Д: Феникс, 2021. – 240 с.

47 Прикот Е.Ю. Экотревожность как новое направление в экологической психологии // Современные научные исследования и инновации. – 2022. – №7.

48 Беляева И.Л. Эмоциональное восприятие природной среды в условиях урбанизации // Вестник Томского государственного университета. Психология. – 2022. – №60. – С. 96–109.

49 Айгубов Л.С., Хаджиалиев К.И. Волонтерская деятельность как средство формирования социально-экологической культуры студента. // Юг России: экология, развитие, 2016 - 11(4). – С.175-182.

50 Алинов М.Ш. Основы зеленой экономики: учебное пособие. – Алматы, 2016. – 277с.

51 Васильева Н.Н. Психология экологических ценностей у подростков // Психологическая наука и образование. – 2021. – Т. 26. – №4. – С. 28–36.

52 Савельева Е.А. Психологические условия формирования экологически ориентированного поведения у детей дошкольного возраста // Вопросы психологии. – 2020. – №5. – С. 113–124.

